

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
АТЫРАУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
Х.ДОСМУХАМЕДОВА

Ардагер ұстаз, ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор
БАРСАЙ БАҚЫТ ТЕЛЖАНҚЫЗЫНЫҢ
мерейлі 70 жасқа толуына арналған
«БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ:
ҚҰЗЫРЕТТІЛІК, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ
12 сәуір 2019 ж.

МАТЕРИАЛЫ
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПОДГОТОВКА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ: КОМПЕТЕНТНОСТЬ, ТЕХНОЛОГИЯ И
ИННОВАЦИЯ», посвященной 70 летию педагога, ученого, доктора
педагогических наук, профессора
БАРСАЙ БАҚЫТ ТЕЛЖАНОВНЫ
12 апреля 2019 г.

II ТОМ

Атырау, 2019

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
Б 94

«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау: құзыреттілік, технология және инновация» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдар жинағы. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2019 ж. – 284 бет

ISBN 978-601-262-320-8

Ұйымдастыру алқасы:

Талтенов А.А. – төраға, х.ғ.д., профессор, Х. Досмұхамедов атындағы АтМУ ректоры;
Идрисов С.Н. - төрағаның орынбасары, ғылым жөніндегі проректоры, пед.ғ.к., профессор

Ұйымдастыру алқасының мүшелері:

Таубаева Ш.Т. - пед.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры (Алматы қ.);
Майгельдиева Ш.М. - пед.ғ.д., Қорқыт атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры (Қызылорда қ.);
Джарасова Г.С. - пед.ғ.к., Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ оқу ісі жөніндегі проректоры;
Койшыгулова Л.Е. - пед.ғ.к., Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректоры;
Каражигитова Т.А. - пед.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ профессоры;
Мұхамбетжанова Ә.М. - пед.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ профессоры;
Кенжегулов Б.З. - тех.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ профессоры;
Мухамбетжанов С.Т. - ф.-м.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ профессоры;
Габдрахманова Ш.Т. - пед.ғ.к., М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры (Орал қ.);
Бахтиярова Г.Р. - пед.ғ.к., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры (Ақтөбе қ.);
Галымжанова М.Ә. - п.ғ.к., «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының АҚ филиалы, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры;
Коцанова Г.Р.- пед.ғ.к., Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры (Ақтау қ.);
Тыныбаева Б.К.- пед.ғ.к., Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ профессоры;
Мусаева А.А. – э.ғ.к., Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ ғылым департаментінің директоры;
Шаждекеева Н.К. – ф.-м.ғ.к., Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ қауымд. профессоры;
Билялова Ж.Т.- пед.ғ.к., қауым. профессоры;
Мырзашева А.Н. - тех.ғ.к., қауымд. профессоры;
Утеулиева К.Н. – ф.-м.ғ.к., қауымд. профессоры;
Тұржігітова Ғ.Ж. - пед.ғ.к., қауым. профессоры;
Баймахан А.Р. - PhD, қауымд. профессор м.а.;
Айгабыл М. - аға оқытушы, магистр;
Джанканова Г.М. – аға оқытушы, магистр (хатшы).

Жарияланған мақалалар заман талабына сай білім беру үдерісінде жаңа технологияларды, инновациялық әдістерді қолдана отырып, болашақ мұғалімдерді кәсіби құзыреттілікке даярлау және олардың шығармашылық, зияткерлік әлеуетін, функционалдық және рухани сауаттылығын арттыруға негізделген.

ISBN 978-601-262-320-8

© Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2019

3 СЕКЦИЯ.

Б.Т.БАРСАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУЫҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

СЕКЦИЯ 3. ВКЛАД В МЕТОДИКУ ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ И ПОДГОТОВКУ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В НАУЧНЫХ ТРУДАХ И ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОФЕССОРА Б.Т.БАРСАЙ

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ: СТРАТЕГИЯЛАР, ПАРАДИГМАЛАР, ҚҰЗЫРЕТТЕР

Ш.Т. Таубаева

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры
Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: shtaubayeva@yandex.ru*

Ключевые слова: инноватика, инновация, инновационная культура, стратегии, парадигмы, компетенции.

XX соңы мен XXI ғасырдың басы қазақстандық білім беру жүйесіндегі қарқынды реформалар кезеңі болды. 2006 жылы Санкт-Петербург қаласында өткен «Сегіздіктен құрылған топ» саммитінің «XXI ғасырдағы инновациялық қоғамға арналған білім» атты қорытынды құжатында «білім беру адамзат дамуының негізі ретінде инновацияны қажетсінеді», - деп көрсеткен. Қазақстандық білім беру жүйесіндегі өзгерістер енгізудің қажеттілігі нормативті-құқықтық құжаттарда да көрініс тапқан. Инновациялық іс-әрекеттегі көптеген шектеулерге жол бермей, оны өзгертуге деген қажеттіліктің туындауы білім беру жүйесінде кең ауқымды инновациялық қозғалысты тудырды.

Қазақстанның болашағы білім сапасына байланысты анықталады. Осыған орай «Білім туралы заң» (2007 жыл) және «Ғылым туралы заң»-да (2011 жыл) «Жоғары оқу орны жүзеге асыратын қызметтің негізгі түрі білім берумен қатар: ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет, оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықты іске асыру, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырушылық жұмыстарды жүргізу болып табылады» деп айқындалған.

Болон үдерісі аясында ұлттық білім беру жүйелері әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануда. Қазақстандық педагогикалық ғылым мен тәжірибе білім беру мазмұнын өзгерту арқылы интеграциялық үдерісті ескере отырып мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету жағдайы мен мүмкіндіктерін іздестіру үстінде. Оқытушы тұлғасы, оның кәсіби біліктілігі, рухани байлығы ЖОО-дағы оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етудің кепілі болып табылады. Оқытушының тұлғалық және кәсіби маңызды сапасын қалыптастыру мәселесі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде үздіксіз қарастырылуда.

Барлық деңгейдегі педагогтардың инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру стратегиясын *тұлғаны дамыту және өзін-өзі дамыту тұжырымдамасы анықтайды*. Қазіргі таңда педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы *әлемдік педагогикалық мәдениеттің гуманистік құндылықтары мен дәстүрлеріне бағытталу* қажеттілігі айқын көрініс табуда. «**Инноватика**» қоғамдағы инновациялық үдерістердің өсу қарқынын сезінуге қабілетті заманауи ғылыми ойлардың маңызды бағыты ретінде айқындалады, сәйкесінше

инновациялық үдерісті – жаңашылдықты құру, тарату және меңгеру арқылы білім беруді дамыту үдерісі ретінде түсіну қажет. Замануи оқытушылар үшін кәсіби әрекет **педагогикалық үдеріске инновациялық технологияларды ендіру** бағыттылығымен анықталады.

Инновациялар, инновациялық іс-әрекет **инновациялық ойлауды** қалыптастыруды талап ететіні сөзсіз. Инновациялық ойлау төрт диалектикалық өзара байланысқан кезеңдерден тұрады:

1. **когнитивті** – ойлау жүйесіне жаңа білім мазмұнын тану мен инновацияны генерациялау арқылы өтетін педагогтың субъективті шындығындағы инновацияның пайда болу үдерісі;

2. **жобалау** – пәнаралық, интеграциялық тұғыр негізінде субъектінің танымы, ең алдымен түрлі философиялық құрылымдар, таным теориясы, психология, педагогика;

3. **инструменталды** – педагог-инноватордың тәжірибедегі технологиялық инновацияларды тудыру кезеңі;

4. **түзетушілік**, онда педагог-инноватор педагогикалық тәжірибені жетілдіру мақсатында оған жаңаны ендіруді түзетіп, ыңғайластырады.

Зерттеу университеттеріндегі инновациялық іс-әрекеттің мәні мен маңызы ереше. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегідей – зерттеу университетін құру. Бұл тұрғыда шетелдік тәжірибе жоғары маңыздылыққа ие, әсіресе АҚШ тәжірибесі, ондағы ғылыми-техникалық даму, инновациялық экономиканың қалыптасуы, **бизнестің, жұмыс орнын берушілердің, ғылым мен білім интеграциясы.** Америкалық зерттеу университеттері – бұл, ең алдымен, мемлекет пен ұйымдық қаржыландыру қолдап отыратын озат іргелі зерттеулер жүргізілетін орталықтар, оқытушылар мен студенттері белсенді жұмылдырған университет қабырғасындағы шынайы ғылым мен білім [5; 14]. **Сонымен қатар, зерттеу университеттері - аймақтық экономикалық дамуға әсер етуші, технопарктерді қалыптастырушы, кәсіпкерлік инкубаторларды қолдау мен кіші бизнесті қолдауға сентігін тигізетін орталықтар.** Және де, бұл елдің қоғамдық дамуында маңызды рөл атқаруға міндетті **ұлттық элитаны қалыптастырушы орын.** Сол себепті Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 1754 жылы құрылған Колумбия университетімен тығыз қарым-қатынаста. Зерттеу университеттеріндегі инновациялық іс-әрекеттің мақсаты аймақтағы кәсіпкерлік белсенділіктің дамуына ықпал ету, өндіріс пен бизнестің байланысын нығайту, жаңа компанияларды құруға қатысу арқылы нарықта озық технологиялық өндемелерді шығару болып табылады. Кей жағдайда компаниялар университет тарапынан патенттелген және лицензияланған озық технологиялар базасында құрылады. Зерттеу университеттері жаңадан құрылған компаниялардың капиталына қатысады, қызығушылықтан туындаған кикілжіңдерді реттейді, себебі университет мәртебесі бойынша – бұл қоғам қамы үшін қызмет ететін және білім өндіретін, пайда алатын корпорация болып табылады [14].

Жоғары оқу орындарындағы өзгерістер **басшылық** құрылымында, міндеттерде, технологияларда, адам факторында жүріп жатқан өзгерістер. Инновация жаңа қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекет, оның негізінде жаңа білімді жаңа технологияға, ноу-хауға, жаңа комбинацияларға айналдыру жатыр. Өзгерістен сезілетін қауіп шынайы немесе қиял, тікелей немесе жанама, маңызды немесе маңызды емес болуы мүмкін. Өзгеру табиғатына қарамастан қызметкерлер оның нәтижесінен қорғануға тырысады, арызданады, енжар қарсылық көрсетеді, сол арқылы еңбек қарқындылығы төмендеп, іріткіге алып келеді. Өзгеріске қарсылық ретінде кез-келген қызметкерлердің (ректорлар, декандар, кафедра меңгерушілері, оқытушылар, оқу-көмекші қызметкерлер) еңбек үдерісіндегі өзгерісті жүзеге асыруға қарсылық немесе тосқауыл қою, сенімсіздендіруге бағытталған әрекеті түсіндіріледі. Қарсылық себептері қызметкерлердің қауіпсіздікке, әлеуметтік өзара қатынасқа, статуска, біліктілікке немесе өзін-өзі сыйлауға деген қажеттіліктеріне төнген қауіп болуы мүмкін.

Өзгерістер әр оқытушыға әсер етеді және оған қатынасына қарай түрлі реакциялар туындайды. Басқарушылар мен қызметкерлердің санасы мен мінез-құлқында жаңашылдықты

сәйкес қабылдауға кедергі келтіретін стереотиптердің тегіс бір жинағы пайда болады. Бұл таптаурындар өзгеру үдерісінің қарқынын кемітіп, жоспарланғаннан да көп шығын жұмсауға, ұйым ішіндегі өзгерістерге қасақылық жасауға алып келеді. Осылайша, қабылдау таптаурындары «Иә, бірақ...» тақырыбында бірнеше нұсқаларды қамтиды. Бұл нұсқаларды **А.И. Пригожин** талдаған. Олар:

«бұл бізде бар»: мысалы, ұсынылған өзгеріске ұқсас бейнелердің болуы. Ұсынған тарап өз ұсынысы мен сол ұйымда бар ұқсас бейне арасындағы айырмашылықты дәлелдеуге міндетті.

«бұл бізде жүзеге аспайды»: өзге істің салдарынан оң нәтиже алуға мүмкіндік бермейтін көптеген айғақтарды айтады;

«бұл біздің басты мәселелерімізді шеше алмайды»: себебі, басты мәселе ретінде әрқайсысының көзқарасы әр түрлі, ал бұл өзгеріс ұйымның маңызды мәселесіне барабар емес;

«мұны әлі де жетілдіру керек»: өзгеріс «шикі» деп бағаланып, одан бас тартылады;

«мұнда барлығы бірдей емес» - ескі және тексерілген қақпайласу әдісінің бірі, онда ойластырылған өзгерістен кейбір маңызды тұстарын бөліп қарайды, соның нәтижесінде ол өз мәнінен айырылады;

«басқа да ұсыныстар бар»: ұсынған тарап басқа да бастамашылармен тиімсіз бәсекелестікке келеді және қатынастарын айқындап алуға мәжбүр [11].

Қарсылық көрсетудің тиімді жақтарын да айтып өту керек: белгілі бір жағдайларда басқарушы ұсынылған жоспарды асықпай талдап, осы жағдайда шынайы жүзеге асу деңгейін бағалауға алып келеді; нақты проблемалық аймақтарды анықтауға мүмкіндік береді, басшыға кейбір мәселелер бойынша қызметкерлерінің мақсаттары туралы ақпарат бере алады, ал қызмекерлерге - өз эмоцияларын шығарып, өзгерістің мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Ұйымдастырушылық өзгерістер – бұл ЖОО әрекетінің жаңа үлгісін немесе жаңа идеяларды меңгеруі, ішкі және сыртқы талаптарға байланысты жаңаны ендіру қажеттігіне үнемі жауап қату. Өзгеріс үдерісін басқару ректордың, декандардың, кафедра меңгерушілерінің және бүкіл ұжымның бағытталған, ұзақ уақытты назарын талап етеді.

Күрделі жүйенің көпдеңгейлі құрылымы болады. Инновациялық жүйенің бірлігі жаңаны ендіру болып табылады - білім беру жүйесін жаңаны ендіру және қандай да бір жаңалықты пайдалану арқылы мақсатқа бағыттала отырып өзгерту. Инновациялық жүйеде бір уақытта бірнеше жаңаны ендіруге болады.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық үдеріс түсінігі және мәні. Әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы түбірлі өзгерістер, ғылым мен мәдениеттегі прогресс, педагогикалық қызмет саласындағы жаңа талаптар білім жүйесіндегі қайта құруға әкеліп соқтырды. Бұл салаларды әрі қарай жетілдірудің бірден-бір мүмкін жолы – инновация, яғни педагогикалық жаңалықтарды игеру мен қолдануды басқаратын үрдістер. Бұл білім беру мазмұнына, білім беру және тәрбиелеу әдістеріне, білім беру мекемелерін ұйымдастыру және басқару жұмыстарына байланысты.

Инновация деген не? «Инновация» ағылшын тілінен аударғанда (Innovation) «новацияға кіріспе» дегенді білдіреді. Бұл термин мәдени антропологияда пайда болды. Ол бір мәдениет жетістіктерін сауда, товар алмасу үрдістеріне пайдалану, аудару дегенді білдіреді. «Инновация» термині антропологиядан экономикаға, сонан соң педагогикаға көшіп, оқыту мен тәрбие жүйесіндегі, оқыту әдістемесіндегі білім беру мекемелерінің практикалық немесе ғылыми әрекетінде туындаған түрлі өзгерістерді зерттеді.

50-ші жылдардың аяғында Германияда, АҚШ-та және тағы басқа елдерде педагогикалық жаңалықтарды оқу және қорыту орталығы пайда болып, білім беру саласының жаңалықтарына байланысты арнайы басылымдар шыға бастады. (мысалы, «information at innovation en education Educational innovation in the United States» және басқалар). Біздің елімізде дәл осындай үрдістер жүріп жатты. Алайда олар басқаша аталды. Әңгіме педагогикалық тәжірибенің таратылуы туралы, білім қызметкерлерінің оны пайдалануға

дайындығы туралы және ұсынылған жаңалықтардың жаңалығы, оларды бағалау тәсілдері туралы болды.

Әдетте инновация дәстүрлі мәселелерді жаңаша шешу нәтижесінде, фактілерді ұғыну және жинақтау үрдісінің ұзақтығы нәтижесінде пайда болды. Қазіргі кездегі инновацияның көбі тарихи тәжірибемен тығыз байланысты және оның өткен уақытта белгісі, ұқсасы бар. Бұл инновациялық үдерістің белгілі тұжырымдарға сәйкес келетін және белгілі бір жағдайларға өзекті және бейімделген, белгілі бір мақсатқа бағытталған және қазіргі заманғы идеяның құрылу, орнығу, қолдану және жойылу үрдісі екенін түсінуге мүмкіндік береді. Ол жаңалықтар кіретін жүйенің сапалы жақсаруына бағытталған, оған қатысушыларды ынталандырады және олардың көзқарастарын жаңалықтар тұрғысынан өзгертеді.

Инновациялық білім беру үдерісінің негізінде педагогиканың екі басты мәселесі жатыр: педагогикалық тәжірибені зерттеу; психология мен педагогика ғылымының жетістіктерін тәжірибеге жеткізу.

Білім берудегі инновациялық үдерістің нәтижесі теориялық және тәжірибелік жағынан жаңалықтарды қолдану болып табылады. Білім беру жүйесінде инновация білім беру мақсатына жаңалықтар енгізу, жаңа мазмұнды жаңа тәсілдер мен тәжірибелер және білім беру формаларын қайта жасауды, жаңа педагогикалық жүйені енгізу және таратуды, мектепті басқарудың жаңа технологияларын жасау және дамытуды және мектеп жаңа білім беру бағытын ұстанғанда, оның мақсаты, мазмұны, әдісі жаңа талаптарға сай болуын жобалайды [1].

Олардың дамуын екі факторға бөліп қарастырылады:

- Объективті факторлар – инновациялық әрекеттің қарқынды дамуына жағдай жасау және оның нәтижелерін қабылдауды қамтамасыз ету.

- Субъективті факторлар – инновациялық үдеріс субъектісімен тығыз байланысты. Инновациялық үдеріс субъектілеріне ғалым-педагогтар, мұғалімдер және білім беру саласында инновацияға бағытталған әрекеттің басқа да қызметкерлері жатады.

Университетті жаңарту, білім беру тиімділігін арттыру жолдарын іздестіру көптеген бағыттар бойынша жүзеге асырылуда:

- дамыта оқыту педагогикалық жүйесі ендірілуде;

- жеке пәндерді көптеген нұсқалардың ішінен таңдау арқылы тереңдетіп оқыту жүргізілуде;

- саралап және жекелеп оқыту негізінде көп деңгейлі оқыту жүзеге асырылуда;

Республикамыздағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-інің стратегиясына жұмыс сапасын үздіксіз жетілдіруге енгізілген «Кайдзен» жүйесі де зор ықпал жасап отыр. Оған университеттің барлық оқытушылары, қызметкерлері және студенттер толық тартылған. Университет ұжымының жаңару мен жаңғыру жолында еңбектері өзінің алғашқы жемістерін беруде. Quacquarelli Symonds (QS, Ұлыбритания) агенттігінің зерттеулеріне сәйкес 2018 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үздік секіріс жасады. Дүниежүзі деңгейіндегі университеттер көрсеткіші бойынша бір жыл ішінде әлемдік топ-университеттер рейтингінде жоғарылап, 220-орынға орналасты. Бұл ретте әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдік үздік университеттердің ортаңғы бөлігіне жақындаған Орталық Азиядағы тұңғыш университет болып табылады.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдарының өзінде-ақ Жапонияда жай сапа мен өнімділіктен де кең ұғымды қамтитын “кайдзен” тұжырымдамасы жасалған болатын. “Кайдзен” ұғымы өзіне тауарлық өндірістің басқа да, мысалға, сапаға жаппай бақылау сияқты элементтерін, жаңашылдық ұсыныстар жүйесін, сапа үйірмелерін, кем-кетіксіздікті және т.б. қамтиды. Жапон менеджментінің ерекшелігі – жетістікке қол жеткізудегі айқындаушылардың бірі ретіндегі нәтижесіне қарамастан, үдеріске барлық қызметкерлердің қатысуы болып табылады. «Кайдзен» стратегиясы мәні тәртіптеме және үдерістер нәтижелілігін, ұсынылатын қызметтер сапасын арттыруға, еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған ұжым мүшелерінің идеяларын іске асыруда жатыр.

«Кайдзен» стратегиясы әрбір жеке қызметкер деңгейінде идея ұсынуды және оны әзірлеуді ұйғарады, бұл оның нәтижелілігін, тиімділігін және нәтижелер сапасын жақсарту мақсатында қандай-да бір үдерісті немесе тәртіптемені жаңғыртуға немесе оңтайландыруға бағытталады [9].

Қазіргі кезде әрбір оқытушының алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Мұндай жағдайда қоғамның әр мүшесінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру қажеттілігі айтарлықтай артады. Сонымен қатар, инновациялық үдерістер, басқару мәселесі педагогикалық инноватиканың құрылымында негізгі түйін болып табылады. Аталмыш мәселе көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектерінде зерттелген:

Педагогикалық инноватиканың ғылым ретінде дамуына К.Ангеловски, М.С. Бургин, В.И.Загвязинский, В.П. Кваша, М.В. Кларин, Н.В. Конопина, А.В. Лоренсов, В.Я. Ляудис, Л.С. Подымова, М.М. Поташник, В.А. Слостенин, О.Г. Хомерики, Н.Р. Юсуфбекова және т.б. педагог ғалымдардың еңбектері маңызды үлес қосты.

Республикамызда педагогикалық инноватиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеген К. Ажибеков, Б.Р. Айтмамбетова, А.К. Мыңбаева, Т.А. Линчевская және тағы басқа қазақстандық педагогтардың еңбектерін ерекше атап өту керек.

Оқытушының инновациялық мәдениетін қалыптастыру бойынша бірнеше ғылыми бағыттар бар. Олар:

➤ Оқытушының жалпы педагогикалық біліктілігі мен кәсіби сапаларын қалыптастыру;

➤ Педагогтың психологиялық-педагогикалық даярлығын жетілдіру;

Оқытушыларының шығармашылық ізденісін ұйымдастырып, ғылымды тәжірибеге енгізу;

➤ Оқытушылардың ғылыми-әдістемелік дайындығын жетілдіру;

➤ Педагогикалық инновацияны меңгеруге дайындау;

➤ Оқытушыларды ақпараттық-педагогикалық технологияны қолдана білуге дайындау;

➤ Оқытушылардың инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру;

➤ Болашақ оқытушыны жоғары білімнен кейінгі білім беру үдерісінде инновациялық технологияны оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға дайындау.

Инновациялық іс-әрекеттің түрлі аспектілерін, білім берудің мазмұнын дамыту, жаңалықты енгізу мәселелерін Ю.К. Бабанский, В.А. Слостенин, А.В. Лоренсов, В.П. Кваша, В.Я. Ляудис, С.Н. Лактионова және т.б. қарастырған.

Инновациялық іс-әрекет – педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру үдерісі. Педагогтың инновациялық іс-әрекетінің қалыптасуы: өзінің жеке қасиеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, қабылдау қабілетімен; жаңа ғылыми идеялар мен басқалардың тәжірибесімен хабардар бола отырып, өз жұмысының нәтижесін ұғыну қажеттілігімен; жаңа ғылыми зерттеулер, олардың әдістемелік жүзеге асуын үздіксіз тәжірибеге енгізумен; педагогикалық инновацияның жаңа әдістері мен тәсілдерін өз бетінше жасаумен; педагогикалық кертартпалықпен, артта қалушылықпен белсенді күресумен сипатталады.

Инновациялық іс-әрекет мәселесін түрлі тұғырлардан қарастыру 80-жылдардың соңында жүзеге асты. Ең алдымен оның мәні, өлшемдері және тәжірибесі қарастырылды (В.И. Бондарь, В.А. Кан-Калик, Т.В. Кудрявцев, Ю.Н. Кулюткин, В.П. Пархоменко, Н.В. Кухарев, Я.С. Турбовской, Ф.Ш. Терегулов, Л.М. Фридман және т.б.). Оның түрлері анықталды:

1. **рационализаторлық тәжірибе** (білім алушылармен жұмыс істеудің формалары мен әдістерін біріктіру және толықтыру);

2. **жаңашылдық тәжірибе** (педагогикалық еңбектің тиімділігін айтарлықтай

арттыратын жаңа жұмыс түрлері мен әдістерін құру);

3. **инновациялық тәжірибе** ғылымдағы жаңа идеялар, жаңа мазмұн, жаңа формалар мен әдістердің байланысын жүзеге асыру.

Айтылғандарды ескергенде, педагогтың өнімді инновациялық іс-әрекетінің көрсеткіштері ретінде төмендегілерді атауымызға болады:

❖ педагогикалық еңбектің тиімділігі. Нәтижеге жетуде педагогтың уақыты мен еңбек күшін айтарлықтай аз жұмсауы, білім алушылардың өз белсенділіктерін айтарлықтай жоғары дәрежеде арттыру, ЖОО мен ата-аналар, жұртшылық пен ЖОО-ң ынтымақтастығын қамтамасыз ету;

❖ оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың бәрінің педагогикалық талаптары мен бағыттарының бірлігі;

❖ студенттердің жұмыс қабілетінің шабыт, тұрақты ықылас, құмарлық, жаңаны іздеуге деген сүйіспеншілік, өзінің мүмкіндіктері мен қабілетіне жол ашу есебінен тиімді дамуы;

❖ педагогтың беделінің өсуі, студенттер тарапынан оған деген қызығушылық пен сүйіспеншіліктің көрінуі, достастыққа деген дайындық;


❖ студенттердің істі талдау тәсіліне, диалектикалық ойлауға үйренгендігі, яғни бәрінен де бұрын шығармашылық ойлауының дамуы;

❖ оқыту мен тәрбиелеудегі зерттеу тәсілінің педагогикалық қызмет үлгісіндегі жаңалық ашу үдерісіне қатысуы.

Әр оқытушының кәсіби тәжірибесі, интуициясы, практикалық педагогикалық ойлауы, шығармашылығы – маңызды қозғаушы күш. Бұнда жаңалықты ойлап шығару, құрастыру, тапқырлық көмектеседі. Бірақ, бұл міндетті түрде, ғылыми кеңес, әдебиеттерді зерттеу, ойша эксперимент жүргізу, ойлау, ұйымдастыру іс-әрекеті, рефлексі-рөлдік және т.б. инновациялық ойындар арқылы жаңа идея, құрылым, алгоритмдер, дамыту бағдарламалары арқылы туады[6].

Инновациялық іс-әрекет – қазіргі жоғары мектептің даму жолының бір аспектісі.

Инновациялық іс-әрекет жаңалықтарды ойлап шығару, зерттеу, қолданысқа дайындау, іс жүзінде пайдалану сияқты үдерістермен сипатталады.



1 – сурет. Инновациялық іс-әрекет логикасы

Болашақ оқытушының инновациялық даярлығын қалыптастыруды әр магистрантқа қатысты дербес бағдарламамен жүзеге асыру қажет. Нақты мұғалімге, шығармашылықпен жұмыс істейтін инноватор мұғалімге жасаған дербес жеке бағдарламадан көпшілікке, педагогикалық ұжымға арналған бағдарламаны жасауға көшуге болады, яғни жалқыдан жалпыға өту принципін басшылыққа алған жөн.

Инновациялық іс-әрекеттің стилдерін анықтап зерттеуге үлесін қосқан ғалымдар Е.А. Климов, А.Н. Маркова, В.А. Слостенин, В.Д. Шадриков, Л.С.Подымова, О.А. Ермакова еңбектерінде оқытушының инновациялық әрекетінің стилдік ерешелігін анықтау былайша сипатталған:

- әрекет стилі субъектінің тұлғалық дара ерекшеліктері мен әрекет ерешеліктерін біріктіретін интегративті сипатта болады;

- инновациялық әрекет құрылымы мотивациялық, креативті, операциялық және рефлексивті құрамдас бөліктерден тұрады;

- іс-әрекеттің жеке стилінің құрылымы мазмұндық, динамикалық және нәтижелік сипаттардан құрылады;

- инновациялық стиль – бұл тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін ашуға және оның әрекетті жүзеге асырудың жеке тәсіліне айналуын қамтамасыз ететін педагогикалық іс-әрекеттің пәнділігі;

- инновациялық әрекет стилі субъектінің тек жаңаны ойлап табу қабілетін ғана сипаттамайды, сонымен бірге дайын «жаңалықтың» қайта құрылуын, модификациясы мен жүзеге асуын сипаттайды;

- инновациялық әрекет стилі адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесу тәсілін таңдау негізінде қалыптасады, көп жағдайда өз мүмкіндіктерін ашуды қамтамасыз етуге бағытталған: қаншалықты күш салғаны тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру стратегиясымен анықталады.

Инновациялық іс-әрекеттің эмпирикалық әдістеріне жататындар: әдебиеттерді зерделеу; бақылау әдісі; сауалнама және бағалау әдісі. Инновациялық іс-әрекеттің кешенді әдістері; педагогикалық эксперимент; педагогикалық тәжірибені зерттеу мен жалпылау әдісі; дидактикалық жаңаны ендірудің ғылыми негізін құру әдісі; инновациялық басқару әдістері.

Жоғары мектептегі инновациялық іс-әрекет инновациялық жүйе ретінде белгілі бір қызмет атқарады. Инновациялық жүйенің теориялық үлгісінде олардың саны бесеу:

1. Педагогикалық жүйені өзгертудің қажеттігін анықтау;
2. Педагогикалық жүйенің даму мүмкіндіктерін анықтау;
3. Жаңашылдықты өңдеу;
4. Өзгерістерді жобалау және жоспарлау;
5. Жаңаны ендіру және институционализация.

Инновациялық жүйесі дамыған жоғары мектеп өз міндеттерін салыстырмалы түрде жақсы атқарады, себебі: мәселені анықтауға қабілетті; университеттің педагогикалық жүйесінің дамуы үшін ондағы мүмкіндіктерді анықтауға қабілетті; қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне байланысты өзінің болашағына біртұтас және нақты жобалар құруға қабілетті; өзгерістерді іске асыруға байланысты жоспарларды құруға және тиімді жүзеге асыруға қабілетті.

Кез-келген іс-әрекет субъектісі болады, ол топтық немесе жеке болуы мүмкін. Субъект мақсат қояды, жоспарлайды, ұйымдастырады және оған жету жолын бақылайды. Басқаша айтқанда, субъект іс-әрекет мазмұны мен формасын анықтайды. Жоғары мектепте инновациялық іс-әрекетті басшылық жүзеге асырады, ол инновациялық іс-әрекет субъектісі болуы шарт. Педагогтар бұл міндеті шешуге атсалысу арқылы іс-әрекет субъектісі бола алады. Инновациялық іс-әрекет иерархиялық құрылымнан тұрады. Ол білім беру жүйесі деңгейінде, білім беру жүйесінің кіші жүйе деңгейінде және педагогтардың жеке іс-әрекет деңгейінде жүзеге асуы мүмкін. Әр оқытушы бұл деңгейлерде инновациялық үдерістерді басқаруға әсер ете алады. Педагог инновациялық іс-әрекет субъектісі ретінде

«субъектіліктің» үш деңгейін жүзеге асыра алады. Жеке субъект түсінігі инновациялық іс-әрекетте ұжымдық субъект түсінігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Оқытушының инновациялық іс-әрекетке даярлығын құрайтындар:

- сол іс-әрекетке қатысу түрткісінің болуы;
- білім берудің инновациялық үлгілері, технологиялары, ЖОО–дағы білім беру нәтижесінің қазіргі уақыттағы талаптары туралы білімдер кешені;
- педогогикалық инноватика аймағындағы біліктілік.

ЖОО оқытушысының инновациялық іс-әрекетке даярлығы педагогтың өз іс-әрекеті мен ЖОО-дағы ұжым іс-әрекетін дамытуға бағыттығын анықтайтын қасиеттері мен сапаларының бірлігі, сонымен қатар студенттерге білім берудің өзекті мәселелерін анықтап, оны тиімді шешу жолын тауып, жүзеге асыра білу қабілеттері деп түсіндіріледі.

Қазіргі жағдайда инновациялық іс-әрекетке даярлық – кәсіби педагогтың маңызды қасиеті, онсыз педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейіне жету мүмкін емес.

Жоғары мектеп оқытушысының инновациялық іс әрекетке даярлығы – оқытушының меңгерген инновациялық педагогикалық технологияны өз іс тәжірибесінде қолдануға даяр болуы.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы қазқстандық білім беру жүйесіндегі қарқынды өзгерістер кезеңі болып табылады. Бұл білім сапасына қойылатын талаптардың өзгеруіне байланысты сыртқы факторлардың әсерінен туындап қана қойған жоқ, сонымен қатар даму тенденциясын тудыратын ішкі қарама-қайшылықтардан туындап отыр.

Білім беру жүйесі қоғамдық жүйенің бір бөлігі болып табылады, сондықтан ол басқа да бөліктердің өзгеру ықпалында болады. Әр университет көптеген тармақтары бойынша оны қоршаған әлеммен байланысты, сондықтан сыртқы жағдайлардағы өзгерістер оның өміріне әсер етпей қоймайды. Кейбір өзгерістер тез арада реакция беруді талап етсе, басқа өзгерістер университеттің түп тамырымен мақсаттары мен оған жету жолдарына өзгеріс енгізуді талап етеді. Соңғы онжылдық көрсетіп отырғандай, ықпал ету факторлары күннен күнге білім беруге әсер ету күшін арттыруда, кейін бұл ықпал азаяды деп күтудің қажеті жоқ».



2 - сурет – Жоғары оқу орнының инновациялық ортасы

Жоғары оқу орындарының инновациялық жүйесінің концептуалдық шешімін жобалаудың әртүрлі нұсқаларын құру және оның ішінен ең дұрысын таңдауда 2-сурет мүмкіндік береді.

Университетті жаңарту, білім беру тиімділігін арттыру жолдарын іздестіру көптеген бағыттар бойынша жүзеге асырылуда:

- дамыта оқыту педагогикалық жүйесі ендірілуде;
- жеке пәндерді көптеген нұсқалардың ішінен таңдау арқылы тереңдетіп оқыту жүргізілуде;
- саралап және жекелеп оқыту негізінде көп деңгейлі оқыту жүзеге асырылуда;
- оқыту үдерісінде модульдік жүйе іске асырылуда және т.б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім мен ғылымды ұштастыра жүргізу шараларын іске асыру мақсатында ғылыми-зерттеу институттарымен келісімшарттарға қол қойылды. Зерттеу жүргізу бағыттары айқындалып, оқытушы-профессорлар құрамын, магистранттар мен докторанттарды жұмылдырудың бағдарламалары жасалынды. ҚазҰУ-дың классикалық үлгідегі оқу орнынан ұлттық зерттеу университетіне айналдырудың бағдарламасының өмірге әкелуі әлемдік топ-университеттердің орташа тобына ерудің алғашқы қадамы. Жаңа үлгідегі университетке айналуың бірінші ұстанымы, ол – инновацияға негізделген білім. Сонымен қатар, мұнда 24 ғылыми-зерттеу институтын шоғырландырған ғылыми инфра-құрылым бар[14].

Ұлттық зерттеу университеті статусын иемдену үшін студент жастардың зерттеу әрекетін дамыту қажет, өз ғылыми ойларын қаржыландыруға дейін жеткізгісі келетін шығармашыл білім алушылардан құралған бизнес-инкубатордың жұмысын белсендіру керек. СҒЗЖ және МҒЗЖ аясында жасалған кез-келген зерттеу мен гранттарды ғылыми ұжым қаржылық өнімді құру мүмкіндігі ретінде қарастыру қажет және өз интеллектуалды әлеуетін қолдана отырып нарықта кіріс таба бастау керек. Егер дипломдық жұмыс пен магистрлік диссертация бойынша жұмыстарды қарастырса, онда университетте жоғары технологиялық қаржыландырылатын жобалар саны тез өсу мүмкіндігі арта түседі [12; 14].

ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ



3- сурет. Студенттік бизнес-инкубатордың жұмыс жасау тізбегі

Университеттегі инновациялық қызметті дамыту және қамтамасыз ету үшін Инновациялық қызмет жөніндегі бөлім әрекет етеді. Бөлімнің негізгі міндеттері факультеттерде, ғылыми-зерттеу институттарында, ғылыми орталықтарда және университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелерінде жүргізілетін инновациялық жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру, ғылымды бюджеттік және бюджеттен тыс қаржыландыруды белсенді қарастыру, Университеттің барлық бөлімшелеріне маркетинг концепцияларын енгізу болып табылады.

Қазақстандағы инновациялық жүйені қалыптастыру үшін инновациялық типтегі мамандарды даярлау талап етіледі. Магистрлік білім берудің ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке бағытталғандығына байланысты инновациялық іс-әрекетке даярлығы қалыптасқан әлеуметтік педагогты дайындау магистратура білім беру деңгейінде жүзеге асырылуы әбден мүмкін, сондықтан магистрлерді инновациялық іс-әрекетке даярлаудың үлгісін құру және оны жүзеге асырудың дидактикалық жағдайы өзекті болып табылады.

Қазақстан университеттері үшін инновация – бұл ерекше сипатқа ие жаңаны ендіру. Бұл инновациялық әрекетке жұмылдырылған және оның әсерінде жүрген оқытушылар; жаңаны ендіруге түрлі көзқарастағы оқытушы; оның әрқайсысының мықты және осал тұстары бар, оларда қорқыныш пен күмән да болуы мүмкін. Ғалымдардың пікірінше, оқытушы қоғамда оқыту құралына қатысты оның мақсатын анықтайтын төреші емес, сарапшы ретінде қарастырылады. Егер қандай да университеттің оқытушысы білім мазмұнын, оқыту әдістерін анықтауда басты рөл атқаратын болса, онда мәдени мұра түсінігін толық түсінбеу, оның құндылықтық бағдарының субъективизмі сол университеттің оқыту үдерісіне кері әсерін тигізу қаупі туындайды. Оқыту мақсатын және мазмұнын анықтауға байланысты маңызды мәселелерді қоғаммен бірге шешу керек, ол оқытушының жеке құзырына берілетін нәрсе емес. Келесі мәселе оқытушының оқу материалдарын даярлауда, курстарды өңдеуде туындайтын шеберлігінің жеткіліксіздігі.

XXI ғасыр – қазақстандық инноватор оқытушының инновациялық іс-әрекет уақыты. Кез-келген әрекеттің субъектісі бар, ол мақсат қойып оған жету әдістерін анықтайды. Инновациялық әрекетте субъект көп жағдайда басшылық болып табылады да, оқытушы біреудің құрастырған мақсаты мен жоспарын орындаушы ғана болып келеді.

Кәсіби іс-әрекетке даярлық компоненттерінің сипатына, инновациялық ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-педагогикалық іс-әрекет ерекшеліктеріне, әлеуметтік педагог магистрлерінің біліктілігіне қойылатын талаптарға, бәсекеге қабілетті маманға деген әлеуметтік тапсырысқа сүйене отырып, біз инновациялық іс-әрекетке бағытталған әлеуметтік педагог магистрінің даярлық компоненттерінің мазмұнын қарастырдық. (1-кесте)

ЖОО оқытушысының инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру үлгісін құру үшін білім берудің жаңа парадигмасы мен білімберудегі инновациялық үдерістердің тенденциясын ескеру қажет. Білім беру ұйымының даму қалпын өзгертуде маңызды тұлғалар - оқытушы мен студент.

1-кесте Әлеуметтік педагог магистранттарының инновациялық іс-әрекетке даярлық компоненттерінің мазмұны

Дайындықтың құрамдас бөліктері	Құрамдас бөліктердің мазмұны
<i>Мотивациялық</i>	Ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттің мәнін түсінуге ұмтылыс; Тиімді кәсіби іс-әрекетке қажетті алған білім, білік, дағдылардың маңыздылығын түсінуге қызығуы; Инновациялық, ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте шығармашылық жұмысқа қанағаттануы; Ғылыми семинарлар мен конференцияларға қатысуға, ҒЗЖ нәтижелерін жариялауға деген ынтасы;

	Тиімді кәсіби іс-әрекетке қажетті үздіксіз өзіне-өзі білім беру және өзін-өзі дамытудың қажеттілігін түсіну..
Шығармашылық	ЖОО оқытушысы білуі қажет: Ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдіснамасын; Ғылыми-педагогикалық шығармашылық әдіснамасын; Ғылыми өңдемелер, безендірулер және жобалар бойынша көрсетілімдер арқылы ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет негізін; Жүйелік кәсіби іс-әрекет үдерісінде қолданылатын жұмыс ұстанымдарын, сипаттамаларды, олардың құрастырылу ерекшеліктерін; Педагогика, психология, пәндерінің оқыту құралдарын, әдістерін, теорияларын, білім берудегі инновация негіздерін.
Операциялық	ЖОО оқытушысы: Сәйкес бағытта кең білімді қажетсінетін ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттің өз бетіндік дағдыларын меңгеруі; Терең кәсіби білімді талап ететін ғылыми-зерттеушілік және педагогикалық іс-әрекет барысында туындайтын мәселелерді шешу тәсілдерін игеруі; Педагогикалық және тәрбие жұмыстарының дағдыларын меңгеруі; Ғылыми сайыстар мен гранттарға қатысу барысында ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша материалдарды безендіру мен жеткізу дағдыларын меңгеруі; Зерттеудің нәтижелерін өңдеп, тәжірибеге енгізуге жеткізу дағдыларын игеруі.
Эмоционалды-еріктік	Сезімі: ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-педагогикалық іс-әрекет нәтижесіне жауапкершілік; Ғылыми зерттеу мақсатына жету жетістігіне сенімділік. Зерттеу және педагогикалық міндеттерді шешуде ішкі және сыртқы кедергілердің алдын алу: Тыңдаушылардың кері қатынасы, мекеме басшыларының инерциялық ойлауы; Сәтсіздіктен, тыңдаушылардың түсінбеуінен, сыннан қорқу. Табандылық: ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-педагогикалық міндеттерді шешуде күш-жігерін мобилизациялау; Зерттеушілік және оқытушылық іс-әрекет үдерісінде өзін-өзі басқару.
Ақпараттық	ЖОО оқытушысының даярлығы: Библиографиялық жұмыс пен патентті ізденіс, қазіргі ақпараттық технологияларды қолдана отырып инновациялық жобалар туралы ақпарат жинақтау; Алынған зерттеу нәтижелерін қорытындылау үшін бағдарламалаық өнімдерді құру мен қолдану, зерттеу тақырыбы бойынша математикалық тәжірибе жүргізу; Жасалынған жұмыстың нәтижесін өңдеу және баспадан шығарудың қазіргі құралдарын қолдана отырып, талаптарға сәйкес безендіре отырып, мақала, реферат, есеп беру түрінде жариялау;

	Зерттеу мәселесі бойынша қазіргі ақпараттық технологиялар мен интернет жүйесін қоладна отырып түрлі ЖОО-дағы және шет елдегі әріптестермен тиімді қарым-қатынаста болу; Оқытушылық іс-әрекет үдерісінде техникалық пәндерді оқытудың құралдары мен электронды өнімдерін өңдеу және қолдану, сонымен қатар білім алушылардың білімін бақылау және бағалау [1; 2; 3; 4; 13].
--	---

Инновациялық қабілеттілік оқытушыға өз педагогикалық іс-әрекетін зерттеу үшін және білім алушыға өзінің оқу іс-әрекетін жетілдіру үшін қажет.

Оқытушы іс-әрекетін тиімді жүзеге асыруға бағытталған барлық инновациялық қабілеттерді келесідей топтарға бөліп қарастырдық:

1) **операциялық** инновациялық қабілет (ғылыми таным әдістерін қолдану, болжам жасау, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтау, алынған нәтижеден қорытынды шығару);

2) **ұйымдастырушылық** инновациялық қабілет (инновациялық жұмыста өзін-өзі ұйымдастыру тәсілдерін қолдану, ҒЗЖ ұйымдастыру, өзіндік талдау, өзіндік бақылау жүргізу, жұмыс барысында өз іс-әрекетін реттеп отыру);

3) **тәжірибелік-инновациялық қабілет** (әдебиеттермен жұмыс жасау, тәжірибелік зерттеулер жүргізу, айғақтар мен құбылыстарды бақылау, мәліметтерді жинақтау және өңдеу, алынған нәтижені іс жүзінде қолдану және т.б.);

4) **коммуникативті инновациялық қабілет** (инновациялық әрекет үдерісінде әріптестік тәсілдерін қолдану, тапсырманы және ұжымдық инновациялық іс-әрекетте міндеттерді бөлу мәселесін талқылауға қатысу, өзара көмек және өзара бақылау жүргізу, нәтижесімен бөлісіп отыру).

Инновациялық іс-әрекеттің құрылымдық бөліктерін өңдеген ғалымдардың пікірінше – білім, білік тар мағынада, тұлға дағдылары мен қасиеттері әр түрлі деңгейде қалыптасады. Осыған байланысты құрастырылған өлшемдердің негізінде (дұрыстық, байланыс, жаңа жағдайға көшу, рационалдылық, мақсатқа жұмылдырылу, өз бетіншелік, қиындық, дағдылардың даму деңгейлері) оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің бес деңгейі анықталды: I – төмен, кәсіби деңгейге дейінгі, II – ортадан төмен; қабілеттердің алғашқы қалыптасу деңгейі; III – орта, қабілеттердің бір бөлігінің қалыптасуы; IV - ортадан жоғары, қабілеттердің жеткілікті түрде қалыптасуы; V – жоғары, инновациялық қабілеттерді тиімді меңгеруі [7; 10; 14].

Инновациялық ЖОО-дар жаңа білім беру үлгілерін құрып, жаңа технологияларды өңдеу арқылы жаңа педагогикалық жүйеде әлі пайда болмаған мәдени білімді қалыптастыра бастайды.

Оқытушының инновациялық мәдениетін арттыру жағдайына ғылым-әдістемелік жұмыс жатады (кафедрадағы, зерттеу топтары және т.б.), озық педагогикалық тәжірибе мен педагогикалық инновацияның ғылыми талдауы, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін кешенді түрде ендіру; психологиялық-педагогикалық түрлі теориялардың өзара әрекетін жүзеге асыру, мына сызба бойынша: «теория – тәжірибе – теория», педагогикалық инновациялық қимыл, зерттеу жұмыстары. [14]

Құрастырылған үлгінің оқу үдерісінде жүзеге асыру тетіктері магистрлерді инновациялық іс-әрекетке даярлау тиімділігін арттырудың дидактикалық жағдайларымен анықталады (4-сурет).

Оқытушының инновациялық іс-әрекетке даярлығын диагностикалау тәжірибелік педагогикалық жұмысты бастамас бұрын және аяқталған соң анықталып отырды. Инновациялық іс-әрекетке даярлығын анықтау өлшемдері ретінде келесі көрсеткіштерді анықтадық:

- ЖОО-ның тәжірибелік жұмысына жаңаны ендіру бойынша шығармашылық іс-әрекетке даярлығы;

- инновацияны ендіруге бағытталған әрекетінің жемісі болатынына сенімділік;

- жеке мақсаттары мен инновациялық іс-әрекет мақсаттарының сәйкестігі;

ЖОО білім беру жүйесінде инновациялық типтегі маманды даярлаудың әлеуметтік сұранысы



Оқытушының инновациялық әрекетке дайындығы

- шығармашылық сәтсіздіктерді жеңуге дайындығы;
- инновациялық іс-әрекеттің кәсіби және жеке тұлғалық мәдениетте негізделуі;
- инновациялық іс-әрекетті орындауға технологиялық дайындық деңгейі;
- өткен тәжірибесін инновациялық іс-әрекетте қолдану;
- инновациялық іс-әрекеттің кәсіби дербестілігіне әсері;
- кәсіби рефлексияға қабілеттілік [8; 12; 13].

Осы қисынға сәйкес біз оқытушының инновациялық іс-әрекетке даярлығының кезеңдерін құрастырдық.

Бірінші кезең – оқытушының жеке шығармашылығының дамуы, оның бойында педагогикалық тапсырмаларды анықтап, өңдеп, талдап және шешуге қабілеттерінің қалыптасуы, сонымен бірге шығармашылық ізденістің жалпы қисынының дамуы: бұрын меңгерілген білім мен біліктерді жаңа жағдайларға өз бетінше ауыстыра білу, таныс жағдаяттағы мәселені көре білу, объектінің құрылымын анықтау, шешімнің және оның әдістерінің баламасын көре білу, шығармашылық ойлаудың дамуы. Алғашқы оқыту кезеңінде біз педагогикалық технологиялардың негізін меңгеру барысында кәсіби өзін-өзі тану жүйесін құруға талпыныс жасалады.

Екінші кезең – ғылыми таным әдіснамасының негіздерін, педагогикалық инноватикаға кіріспені меңгеру. Оқытушылар жалпы және педагогикалық инноватиканың пайда болуының әлеуметтік және ғылыми алғышарттарымен, оның негізгі түсініктерімен танысады, түрлі дидактикалық жаңалықтарды зерттейді, жаңа оқыту технологияларын жинақтайды, түрлі зерттеу және инновациялық ЖОО-дардың негізгі қайнаркөздерін зерттейді, түрлі инновациялармен танысады, педагогикалық зерттеу әдістерін меңгереді. Бұл кезеңде педагогикалық инноватика туралы жалпы түсінік қалыптасады, ақпараттық, инновациялық орталық қалыптасады, дидактикалық мәселелер мен қажеттіліктер өзектендіріледі, жоғары мектептегі инновациялар мақсаты мен идеялары қалыптасады.

Үшінші кезең - инновациялық іс-әрекет технологияларын меңгеру. Оқытушылар авторлық бағдарламаларды құру әдістемесімен, ЖОО-дағы тәжірибелік жұмыс кезеңдерімен танысады, авторлық бағдарламаларды құруға қатысады (ұжымдық және жеке), жаңашылдықтың ары қарай дамуын, оны ендірудегі қиындықтарды талдап, болжам жасайды, жеке пәндерді оқытуда ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жобалайды.

Төртінші кезең – педагогикалық үдеріске жаңаны ендіру бойынша тәжірибелік аймақта практикалық жұмыс жүргізу, түзету жұмыстарын, тәжірибелік жұмыстардың нәтижелерін бақылау, кәсіби іс-әрекетке өзіндік талдау жұмыстарын жүргізу. Бұл кезеңде оқытушының инновациялық ұстанымы қалыптасады[6; 14].

Аталған кезеңдерді нақтылау міндеттерді шешу оқытушының инновациялық мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бордовская Н.В. Диалектика педагогического исследования: монография/Н.В. Бордовская. – Москва: КНОРУС, 2018.- 512 с.

2. Василюк Ф.Е., Зинченко В.П., Мещеряков Б.Г., Петровский В.А., Пружинин Б.И., Щедрина Т.Г. Методология психологии: проблемы и перспективы. Учебное пособие /Общ.ред. В.П. Зинченко, науч.ред. Т.Г. Щедриной. – М.; СПб.: Центр гуманитарных инициатив, 2017. -528 с.

3. Егорычев А.М., Сизикова В.В. Отечественная социальная педагогика: теоретико-методологические основания научной школы профессора Л.В. Мардахаева// Педагогическое образование и наука. -2018. - № 5. – С. 86-93. /

4. Егорычев А.М. Отечественная философия как базис развития социальной педагогики//Педагогическое образование и наука. -2018. - № 5. – С. 94-100.

5. Исследовательские университеты США: механизм интеграции науки и образования / под ред. Проф. В.Б. Супяна. –М.: Магистр, 2009. 399 с.

6. Киселева Л.С. Инноватика в научно-педагогической деятельности: учебное пособие. – М.: Проспект, 2018. – 144 с.

7. Леонтович А.В., Савичев А.С. Исследовательская и проектная работа школьников. 5-11 классы. – М.: ВАКО, 2018. – 160 с.

8. Мардахаев Л.В. Магистерская диссертация: подготовка и защита: учебно-методическое пособие.- М.: Квант Медиа, 2018. – 106 с.

9. Медведев В.П. Инновации как средство обеспечения конкурентоспособности организации. – М.: Магистр, 2009. -159 с.

10. Методология педагогики: монография /Е.А. Александрова, Р.М. Асадуллин, Е.В. Бережнова, [и др.]; под общ.ред. В.Г. Рындак. – М.: ИНФРА-М, 2018. – 296 с.

11. Пригожин А.И. Нововведения: стимулы и препятствия (социальные проблемы инноватики). – М.: Политиздат, 1989. – 271 с .

12. Сериков В.В. Педагогическая реальность и педагогическое знание. Опыт методологической рефлексии: монография/В.В. Сериков. – М.: Редакционно-издательский дом Российского нового университета, 2018. – 292 с.

13. Серкин В. Современная психология: теория и методология/ - М.: Издательство АСТ, 2018. – 310 с.

14. Таубаева Ш.Т., Болатбаева А.А., Жетпісова А.Е. Зерттеу университеттеріндегі оқытушы мен кафедра ұжымының инновациялық іс-әрекетке даярлығы. Әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2013. 51 бет. №№№№№№№№№№№№№№№№

15. Турбовской Я.С. Вторгаясь в жизнь: позиция педагога (2005-2015). М.; СПб, 2015. – 320 с.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ҒЫЛЫМИ - ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ РӨЛІ

Б.Т.Барсай

п.э.д., профессор

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: bbt.49@mail.ru

Түйіндеме

Еліміздегі жаңа білім беру реформасы шығармашылық пен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, «жалпыға арналған білімнен» - «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді мақсат етеді. Қазіргі замандағы мұғалімнің міндеті - ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан заманда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін - өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзіретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндетті кәсіби құзіретті ұстаздар ғана атқара алады. Болашақ мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін дамытудың жолдарының бірі - оларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу.

Мақалада жоғары оқу орындарында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мәселелері, жоғары оқу орнында болашақ педагогты кәсіби құзіреттілік тұрғысынан дайындауда жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүйесін ұйымдастыру және дамытудың негізгі мақсаттары қарастырылып, ғылыми зерттеудің болашақ мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін дамытудағы рөлі туралы айтылған. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру жоғары оқу орнында студенттерге білім беру бағдарламаларын игерту арқылы жоғары кәсіби білікті де құзіретті маман даярлау деңгейін, оларға кәсіби-шығармашылық қызмет, жеке және ұжымдық ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу әдістерін үйретіп, ғылыммен айналысу дағдыларын қалыптастырудың, ғылыми және техникалық, шығармашылық қабілеттерін, дербестіктерін, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға тез бағдарлана алу қасиеттерін дамытудың маңызды құралы болып табылатындығы және сол бағытта істеліп жатырған жұмыстар туралы қарастырылған.

Кілттік сөздер: ғылыми-зерттеу жұмысы, ғылыми зерттеудің негізгі компоненттері, ғылыми – зерттеу жұмыстарының мақсаты, жүйесі, зерттеу тапсырмалары, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу әдістері, кәсіби-шығармашылық қызмет, математиканы оқыту әдістемесі.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл – Фараби: "сана сарқылмайтындығымен сипатталады, ол әлеуеттене отырып, бардың мәнін түсінуге әкеледі",- десе, өз заманында саналуан ғылым салаларын меңгерген ғұлама ақын Жүсіп Баласағұни өзінің “Құтты білік” дастанында: “жан – жақты дамыған адам – ол толық пішімді адам, оған жетудің бірден – бір жолы *ғылым мен білім*” деп атап көрсете келе, олар арқылы жетілген адамның ақыл парасатының барлық нәрсенің мән – мағынасын түсінуге мүмкіндігі жетеді”,-деген еді [1].

Ғылым әлеуметтік және танымдық қызметтің ерекше формасы ретінде XV-XVI ғасырларда пайда болған. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында былай деп көрсетілген: "Ғылым - алдымен табиғат пен қоғам туралы объективті білім қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымның ең жоғары пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы. Адамзат қоғамының дамуы барысында ғылым сол қоғамның маңызды әлеуметтік институтына және тікелей өндірістік күшіне айналады. Ғылымның басты мақсаты - ғылым заңдарының негізінде ашылып отырған болмыс құбылысы мен үдерісін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру"[2].

Ал, білімді болу адамның өз бетінше ізденіп, ғылыми жұмыстармен қаншалықты айналысатына тікелей байланысты. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, өз бетінше ойлана білуге, өз ойын еркін жеткізіп, ой түйіндей білуге, қорытынды жасай білуге машықтандыру – бүгінгі күнгі оқыту үдерісіндегі ең өзекті мәселелердің бірі. Мұндай

жұмыстарды жүзеге асыру үшін оқытушының өзі ғылыми ізденіс әдістерін жақсы білетін, мамандығы бойынша кәсіби құзыретті болуы керек. Әсіресе, алған білімі тек бір жақты өзін ғана дамыту немесе тапсырылған қызметті атқару үшін ғана емес, болашақтың адамына, яғни шәкірттерге білім мен тәрбие беруге жұмсалатын болғандықтан, педагогикалық жоғары оқу орнының студентіне артылар жүк аз болмасы анық. Сондықтан бүгінгі студент, ертенгі мамандардың ғылым жолына бет бұрып, өз бетінше іздене білуінің маңызы зор.

"Студенттердің педагогика мәселелері бағытындағы ғылыми зерттеулерге қатысуы олардың аналитикалық және шығармашылықпен ойлауын, педагогикалық ғылымға және мектеп практикасына қызығушылығын дамытудың, теориялық білімдер жүйесін ойша сараптап және терең меңгерулерінің негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады",- деп жазады О.А. Абдуллина [3].

Осы тұрғыдан алғанда қазіргі студент – болашақ мамандарды ғылыми – зерттеу жұмыстарымен айналысуға университет қабырғасынан дайындау қажет екені түсінікті. Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тарту олардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін дамытып, ғылыми жұмыстармен айналысуға баулу, өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік жасау болып табылады. Ғылыми ізденіс тек дәріс тыңдаумен немесе күнделікті сабаққа дайындалып, семинар, практикалық сабақтарда сөйлеумен шектелмейді. Ол көп ізденуді, тұрақты да тиянақты еңбек етуді, ыждағаттылықты, төзімділікті, ойлылықты, әдебиеттермен жұмыс жасай білуді, парасаттылықпен ойлай білуді талап етеді. Жоғары оқу орындарында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының түрлеріне ғылыми баяндамалар, ғылыми жобалар, рефераттық жұмыстар, зертханалық және практикалық тапсырмалар, эксперимент жүргізу, курстық және дипломдық жұмыстар жатады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүйесін ұйымдастыру және дамытудың негізгі мақсаты - жоғары кәсіби білім беруде маман даярлаудың ғылыми деңгейін көтеру және оқуын ары қарай жалғастыру үшін талантты жастарды іріктеу, ғылыми-техникалық прогрестің жаңа жетістіктеріне, экономикалық ойлау мен мәдени дамуға қол жеткізу негізінде жоғары оқу орнындарына педагогикалық және ғылыми кадрлар даярлау. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру жоғары оқу орнында студенттерге білім беру бағдарламаларын игерту арқылы жоғары кәсіби білікті де құзыретті маман даярлау деңгейін, оларға кәсіби-шығармашылық қызмет, жеке және ұжымдық ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу әдістерін үйретіп, ғылыммен айналысу дағдыларын қалыптастырудың, ғылыми және техникалық, шығармашылық қабілеттерін, дербестіктерін, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға тез бағдарлана алу қасиеттерін дамытудың маңызды құралы болып табылады. Осыған орай, студенттердің, әсіресе, ғылыми-зерттеу жұмысына икемді, дарынды, ғылымға қызығушылық танытатындардың қабілеттерінің дамуына жағдай жасап, ғылыми-шығармашылық деңгейін көтеру, оларды ғылыми зерттеулерге тартудың жолдарын жетілдіру, қазіргі кездегі ғылымдағы өзекті мәселелерден хабардар ету, оның өз бетінше пайымдауына мүмкіндік жасау, ғылымның басым бағыттары мен аймақтың әлеуметтік - экономикалық дамуы бағытында ізденіске тарту, ғылыми жұмыстарға қатысудың санына емес сапасына маңыз беру кафедраның және профессор - оқытушылардың басты міндеттері болуы тиіс.

Болашақ маманның жоғары оқу орнында алған білімі, біліктілігі, тәжірибесі болашақта кәсіби шыңдалуына үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан ғалымдар жоғары оқу орнында ғылыми-зерттеу жұмысының сапасын арттырудың жолдарын көрсете келе, болашақ педагогтарды педагогикалық іс-әрекетке психологиялық және педагогикалық даярлаудың мынадай кезеңдерін ұсынады:

- 1-кезең – болашақ педагогтарды психологиялық даярлау жүйесі;
- 2-кезең – тәртіпті реттеу мен өзін-өзі реттеу нейрофизиологиялық механизіміне негізделген интенсивті психологиялық даярлау;
- 3-кезең – психологиялық даярлау теориясын адамның әртүрлі іс-әрекетіне пайдалану;
- 4-кезең – психологиялық даярлау теориясын жетілдіру, оны педагогикалық іс-әрекеттер зерттеулерінде пайдалану [4].

Ғалым Г.М. Коджаспированың анықтамасында: "Ғылым - білімді болу ғана емес, оны саналы меңгеру, білімді қолдана білу біліктілігі",- делінген [5].

А. Құсайыновтың пікірінше: "Ғылым - ақиқаттығы тәжірибемен тексерілетін және дәлелденетін қоршаған орта жөнінде тарихи қалыптасқан және үнемі дамып отыратын адам білімінің логикалық жүйесі"[6].

Жоғарыдағы анықтамаларға сүйенсек, "Ғылым - қоршаған орта туралы ақиқат білім жинау және оны теориялық жүйеге келтіру болып саналатын зерттеу қызметінің бір саласы". Осының негізінде ғылымтану теориясы шығады.

Ғылымтану ең алдымен таным теориясымен тікелей байланысты. "Ғылыми таным - жаңа білім алудағы ғылыми әдістерді пайдаланып, өзіндік мақсат көздей отырып зерттеу жүргізу". (Ш. Таубаева, З. Исаева)

Ғалымдар ғылыми-зерттеу жұмысында болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің интеграцияланған көрсеткіштерін - педагогикалық іс-әрекет қажеттілігі мен сұранысының мазмұны; мамандықтың маңызы туралы білім деңгейі мен мұғалімнің кәсіби рөлі, педагогикалық мәселелерді шешу деңгейі және т. б. түрде ұсынады.

XX ғасырдың соңындағы көптеген педагогикалық зерттеулер болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау мәселесіне арналды. М.И.Дьяченко, Л.А. Кандыбович, В.А. Пономаренко және т.б. ғалымдар «Даярлау – қандай да бір іс-әрекетті нәтижелі орындаудың алғышарты, іргетасы» деп анықтама береді. Олай болса, болашақ мұғалімдерді педагогикалық іс-әрекетке, ғылыми жұмыстарға даярлаудың құрылымын былайша көрсетуге болады: мотивациялық, бағыттылық, операциялық, жігерлілік, бағалау.

Ғалым М. Ш. Сагаутдинова «Педагогические условия формирования готовности будущих учителей к профессиональной самоактуализации» атты зерттеу жұмысында зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін ашады, зерттеу пәніне қатысты жан-жақты бағыттылықты негіздейді: тұлғалық-субъектілік, кәсіби іс-әрекеттілік, диалогтік-конструктивтік, өзін-өзі реттеушілік және т. б. тәрбие, әлеуметтендіру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі өзіктендіру үдерісінің өзара байланысын айқындап, логикалық иерархиясын түзеді; тұлғаның өзін-өзі өзіктендіру идеясының ізгілік әлеуетін ашады, тұлғаның әлеуетін жетілдірудің жалпы әлеуметтік шарттарын анықтайды; болашақ мұғалімді өзін-өзі кәсіби өзіктендіруге даярлауды қалыптастыру моделін ұсынады.

Жоғарыда аталғандармен қатар, педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мәселелерімен В. Н. Литовченко, В. Н. Намазов, Н. С. Амелина, П. Ф. Кравчук, Г. М. Храмова, Р. Ч. Бектұрғанова, С. П. Арсенова, Л. Ф. Авдеева, Г. В. Никитина және т. б. ғалымдар айналысуда.

"Педагогикалық зерттеушілік, іскерлік – бұл диалектикалық - материалистік көзқарас тұрғысынан бақылау жүргізе алу, педагогикалық құбылыстар мен фактілерді талдай алу, соның негізінде педагогикалық мәселе қоя алуы және оны дұрыс шеше алуы, ғылыми болжам жасай алуы, эксперимент қоя білуі, оның нәтижесін өңдеп, қорытынды жасай алуы, іс-шараларды жоспарлай алуы, педагогика ғылымы мен тұтас басқа да ғылымдардың жаңалықтарын өз іс-тәжірибесінде пайдалана алуы, инновациялық педагогикалық технологияны меңгеру, оны жетілдіріп, өз іс-тәжірибесінде пайдалана алуы, авторлық бағдарлама ұсына алуы, авторлық әдістемелік нұсқалар мен әдістемелер, оқу-құралдарын шығару" [7].

Жоғары оқу орнында болашақ педагогты кәсіби құзыреттілік тұрғысынан дайындауда жүргізілетін *ғылыми – зерттеу жұмыстарының мақсаты* – дидактикалық зерттеу әдістері, жалпы ғылыми таным мен зерттеудің әдіснамасы жөніндегі мағлұматтар негізінде педагогикалық зерттеу бағыты мен оны талдау, зерттеу логикасын түзу, ғылыми аппаратты құра білу, педагогикалық эксперимент жүргізу әдістерімен, зерттеу нәтижелерін өңдеу тәсілдерімен таныстыру, нәтижесінде өзінің зерттеу жұмысынан ғылыми мақалалар жаза білу болып табылады.

Мұндай жұмыстар оқытушының басшылығымен студенттердің өз бетімен жұмысы арқылы жүзеге асады. Зерттеуші ғалымдар С.И. Архангельский, С.И. Зиновьев, П.И.

Пидкасистый, С.И. Половникова тағы басқалардың пікірінше, студенттердің өз бетімен жұмысы олардың кәсіптік ойлауын, ғылыми ақпараттар тасқынынан өзіне қажеттісін ала білу дағдысын қалыптастырумен қатар, ой еңбегімен шұғылдану, ақпаратты қабылдау мәдениетіне баулуға, педагогикалық шеберлік элементтерін меңгерудің жолдарын үйретуге бағытталуы тиіс. Студенттердің ғылыми ізденісі алғашқы курстан бастап белгілі бір тақырыпта реферат, курстық жұмыс орындау барысында қалыптастырыла бастайды. Алдымен жеке тапсырмалар орындау арқылы әр студенттің теориялық білім дәрежесі, ізденіс қабілеті байқалып, әдебиеттермен, қосымша материалдармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға назар аударылады, яғни қажетті әдебиеттермен жұмыс, конспект жасау, тезис, жоспар құру, цитата іріктеу, оқулықтарға, бағдарламаларға талдау жасай білу т.б.

Ғылыми-зерттеу әлеуеті бар ғылым адамының, ғылыми ұжым мүшесінің қалыптасу үдерісінің бастапқы кезеңі көбінесе жоғары оқу орны қабырғасында жүзеге асырылатыны белгілі. Оқу орындарындағы білім берудің зерттеушілік ұстанымы студенттерді ғылым саласында қолданылатын зерттеудің негізгі әдістерімен таныстыруға, зерттеу әдістемесінің тиімді элементтерін меңгеруге және құбылыстар мен үдерістерді зерттеу арқылы өз бетінше жаңа білімдерді игеруге мүмкіндік береді. Зерттеушілік ұстанымды қолдану студенттердің танымдық қабілеттерін дамытады, білім алушылардың белсенділігін және ғылыми бағытта өзбетінше ізденісін қалыптастыруға, танымдық қызметтің әдіс-тәсілдерін игеруге, қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді.

Студенттің өз бетінше орындайтын жұмыстарының негізгі бағыттары – белгілі бір тақырыпқа реферат жазу, лекция материалдарын оқып - түсіну, семинар, практикалық және лабораториялық сабақтарға дайындалу, курстық және дипломдық жұмыстар орындау болып табылады.

Біз де өз жұмысымызда студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына даярлауды бірнеше кезеңге бөліп жүргізіп келеміз. Бірінші кезеңде студенттер кафедраның, жоғары оқу орнының, жеке мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарымен, мазмұнымен, мақсаттарымен, бағыттарымен таныстырылады. Екінші кезеңде оқу-тәрбие үдерісінде жекеленген пәндер бойынша зерттеу жұмысы ұйымдастырылады, студенттер алғашқы зерттеудің әліппесін үйреніп, қыры мен сырын меңгеруге ұмтылады. Үшінші кезеңде жеке немесе ұжымдық топтық зерттеу жұмыстары жүргізіледі, педагогикалық практика кезеңінде студенттер ғылыми-зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімін тікелей жүргізеді, педагогикалық эксперимент арқылы сынақтан өткізеді, нәтижесін бағалайды, тұжырымдар жасап, ғылыми болжам ұсынып, ғылыми жоба жарыстарына қатыса алады.

Кафедрада бұл жұмысты ұйымдастыруды жас оқытушылардың да меңгеріп, студенттермен ғылыми бағытта жұмыс жүргізе білуіне көмектесу мақсатында студенттермен бірге олар да ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысып, "Ізденіс" үйірмесі және "Жас ғалымдар" кеңесінде жұмыс істеуге тартылады. Соңғы жылдары осындай жұмыстардың нәтижесінде 5В010900-Математика мамандығының студенттері С.Есниязова Абай атындағы ҚазҰПУ де өткен ЖОО студенттерінің Республикалық ғылыми жоба конкурсында (ғыл.жет. п.ғ.д. Барсай Б.Т.) жүлделі екінші орынға, А.Құсайнова Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ де өткен ЖОО студенттерінің Республикалық ғылыми жоба конкурсында үшінші орынға (ғыл.жет. Ибрашева Д.), А.Еркинова республикалық ғылыми жобалар сайысында екінші орынға (жетекшісі: ф.-м.ғ.к., доцент Абилов А.Қ.), Т.Ғапуова республикалық ғылыми жобалар сайысында жүлделі үшінші орынға (жетекшісі: т.ғ.к., доцент Мырзашева А.Н.); 5В060100-Математика мамандығының студенті Сейтимов А. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің VII Республикалық пәндік олимпиадасының II кезеңінде математика мамандығы бойынша үшінші орынға ие болды.

Ғылыми зерттеуге қатыса отырып, студент алған білімдерін бекітеді, толықтырады және оны жоғары сатыға көтереді, өз бетімен жұмыс жасаудың әдістерін меңгереді, ғылыми эксперименттің техникасын игереді, оның қорытындысын тиімді әдіспен өңдеуді үйренеді және алынған мәліметтерден қорытынды жасайды. Сонымен, ғылыми-зерттеу жұмыстары

аясындағы білім, білік, дағды болашақ мамандарды дайындаудың іргетасы болып табылады және жеке тұлғаның дамуында маңызды орын алады. Оны мамандық бойынша бітірушілердің университетте алған ғылыми білімдерін практикада қолдана білуі арқасында қалалық, облыстық педагогикалық оқулар мен "Жыл үздігі" конкурстарда жүлделі орындарға ие болуынан байқауға болады. Осы жылдық өзінде бұдан үш-төрт жыл бұрын бітірген түлектеріміз А.Утяшева қалалық XVIII педагогикалық оқуларда жүлделі үшінші орынға ие болса, Т.Сағынғалиқызы осы педагогикалық оқуларда бірінші орынды иеленді. Олардың екеуі де студент кезінде ғылыми жобаларға қатысып, конференцияларда мақалалар жариялап, қазіргі білім саласының көкейкесті мәселелері бойынша дипломдық жұмыс орындаған, белсенділіктерімен көзге түскен студенттер.

Студенттердің ғылыми жетістіктерін насихаттау әртүрлі деңгейлі ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Жыл сайын факультетте «Қазіргі білім беру кеңістігіндегі физика-математика ғылымдарының ролі» тақырыбында халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізіледі және осы конференция аясында студенттердің ғылыми конференциясын ұйымдастыру да дәстүрге айналды, кафедра оқытушыларының жетекшіліктерімен студенттер де осы конференцияларға ат салысып келеді.

Сонымен қатар, студенттер Қазақстан республикасының басқа жоғары оқу орындарындағы, жақын және алыс шетелдердегі конференцияларға да қатысады. Қазіргі кезеңде жалпы қоғам талабына сәйкес, педагогикалық жоғарғы оқу орындарында болашақ мұғалімдердің ғылыми зерттеу жұмысын жаңа бағытта жүргізу қолға алынуда. Жалпы мұғалімнің зерттеу іс-әрекеті төмендегідей логикалық байланыста құрылады: рефлексия – ғылыми зерттеу – практика – рефлексия.

Ғылыми зерттеу - таным іс-әрекетінің бір түрі және жаңа ғылыми білім құру үдерісі. Ол объективтілігі, дәлелдігі, нақтылығы жағынан сипатталады.

Студент үшін ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізу бастапқы кезде өте күрделі үдеріс болып көрінеді. Оларға кеңес беріп, студенттің ғылыми конференцияларға қатысуын ұйымдастырудың зор маңызы бар. Студенттердің ғылыми конференциясына қатысу барысында олар бұл жұмыстарды әрбір студенттің меңгеруге мүмкіндігі бар екеніне көздері жетеді және конференция материалдарының жинағына ену олар үшін үлкен жетістік болып табылады. Өз - өзіне сенімін, мақтаныш сезімін тудырып, ғылыми – зерттеу жұмысымен айналысуға құлшынысын арттырады.

Ғылыми – зерттеу жұмыстары барысында студенттер оқығандарын жүйелеуге үйренеді, сұрақ қоя білуді, оған жауап іздеуді, эксперимент жүргізу әдістемесін меңгеруді және алынған нәтижеге математикалық талдау жасауды меңгереді.

Біздің тәжірибемізде студенттердің ізденісін тиянақты жүргізіп және жинақтап отыру үшін математиканы оқыту әдістемесі пәні басталысымен оларға портфолио жасау тапсырылады. Онда осы пәнге қажетті қандай да болсын материалдар, баспасөзде жарияланған озық тәжірибелер, студенттердің өздері жасаған сабақ жоспарларының үлгілері, көрнекіліктер, лабораториялық сабақтарда қолданылатын дидактикалық материалдар, математика сабақтарында қолдануға мүмкіндігі бар компьютерлік бағдарламалар, қосымша әдебиеттер тізімі, қосымша материалдар т.б. жинақталады және арнайы дәптерге математика оқулықтарындағы қиынырақ есептер мен шығармашылық тапсырмаларды өз бетінше шығарып, шешу тапсырылады. Бұл материалдардың кейін студент практикаға барған, дипломдық жұмыстар орындаған және ғылыми мақалалар жазып, ғылыммен алғашқы айналыса бастаған кезде де көмегі мол болады.

Студенттерді болашақ мамандықтарына машықтандырып, ізденіс жасай білу дағдысын қалыптастыру үшін, зерттеу тапсырмалары математика курсының мазмұнымен тығыз байланысты болу керек. Мыс. математика оқулықтары мен бағдарламаларға талдау барысында, реферат, мақала дайындауға басшылық жасап, бағыт – бағдар беруге болады. Рефераттар жазу студентті бұрынғы алған білімі негізінде жаңа міндеттер мен проблемаларды шешуге үйретеді.

Кафедрада студенттерге таңдау мүмкіндігін беретіндей курстық, дипломдық жұмыстардың үлгі тақырыптары алдын – ала мәжілісте бекітіліп, студенттерге таныстырылып отырады.

Курстық жұмыстың негізгі мақсаты – арнайы пәндер бойынша студенттің теориялық білімін және практикалық біліктілігін нығайту. Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін студент пәннің барлық салалары мен тарауларына және оларға қатысты әдебиеттерге, практикалық тәжірибелерге сүйенеді. Курстық жұмыс студенттің білім деңгейін тереңдетумен қатар, басқа да қосымша материалдарды пайдаланып, өз бетінше шығармашылықпен іздену арқылы ғылыми – зерттеу қабілетін арттырады.

Курстық жұмыс орындау ғылыми, ғылыми - әдістемелік, педагогикалық, психологиялық әдебиеттермен, ғылыми мақалалармен жұмыс істей білуді талап етеді және соған үйретеді, яғни қажетті әдебиеттер тізімін жасау, жоспар құру, конспекттеу, тезис жасау, жұмыс мазмұнына сай цитаттар іріктеу т.б. Таңдалған тақырып бойынша студент алдымен оқытушының көмегімен қажетті әдебиеттердің тізімін, содан кейін оның жоспарын жасап, жоспардың әр пунктіне жауап іздейді. Іздену кезінде олар осы тақырып бұрын басқа адамдардың, ғалымдардың еңбектерінде қаншалықты қарастырылғандығын, өзі қай бағытта қарастыратынын анықтайды. Сұрақтарға жауап жазу барысында ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып, осы мәселеге өзінің көзқарасын білдіруге тырысады, өз пікірін қосады, мысалдар келтіреді. Соңында қорытынды жасап, пайдаланылған әдебиеттер тізімін береді. Оны дұрыс игермеген студенттің жұмысы жүйесіз, табылған материалдарды қалай болса солай тіркеп қою, басқа авторлардың еңбектерінен сөзбе – сөз көшіріп жазу сияқты қателіктерге ұрынады. Сондықтан ғылыми жетекші әуелі осы мәселелерге көңіл бөлуі керек және тақырыптың нақты, бағдарламаға сай өтілген материалдармен сабақтас, көкейкестілігі жоғары болып, лекциялық және семинар сабақтарында терең талқылануына назар аударуы керек. Өкінішке орай, соңғы жылдары 5B010900-математика мамандығының оқу жоспарларында курстық жұмыс қарастырылмағандықтан, студенттер диплом жұмысын жазуға кіріскен кезде жоғарыда аталған мәселелермен алғаш рет кездеседі. Студенттерді ғылыми – зерттеу жұмысына икемдеп, дипломдық жұмыс жазуға бағыттап, дайындауда математиканы оқыту әдістемесі пәнінен курстық жұмыс жазудың өте пайдалы екенін ескеріп, мамандықтың оқу жоспарын жасаған кезде осы мәселені қарастыру қажет деп есептейміз.

Дипломдық жұмыс жоғары оқу орнын бітірушінің кәсіби – педагогикалық дайындығының, ғылыми – теориялық, практикалық білімдерінің негізінде жасалады. Ол жас маманның шығармашылық қабілетін көрсетеді. Дипломдық жұмыс сол студенттің курстық жұмысының немесе ғылыми жобаларының тереңдетілген жалғасы болуы тиіс. Дипломдық жұмысты орындау кезінде студенттің оқу пәндерінің логикалық байланысы, педагогикалық және өндірістік практикалардан алған тәлімдері мен теориялық білімнің өзара байланысы жөнінде пікірі қалыптасады. Соңғы жылдары математика мамандығының бітірушілері көкейкесті деп есептелетін тақырыптарға диплом жұмыстарын орындап, мектептерде эксперименттер жүргізіп келеді.

Зерттеу жұмыстары студенттердің ізденісіне, шығармашылық іс-әрекетіне оқу барысында танымдық және педагогикалық тәжірибе кезінде практикалық сипат бере отырып, педагогикалық мәселелердің көкейкестілігін анықтай білу және оларды шешудің жолдарын таба білу біліктіліктерін қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі студент – ертеңгі маман. Оны жан – жақты білімді, ізденгіш, ғылыми жұмыспен айналысуға икемді етіп тәрбиелеу – басты міндеттеріміздің бірі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Баласағұн Ж. Құтты білік. -Алматы, Жазушы, 1995. -420 с.
2. "Қазақстан" Ұлттық энциклопедия. 2 том. "Қазақ энциклопедиясының" Бас редакциясы. -Алматы, 1998. - 719 с.

3. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования: учеб. пособие / О.А. Абдуллина. -М.: Просвещение, 1990.- 141 с.
4. Демченко, З.А. Научно-исследовательская школа студента исследователя/ З. А. Демченко // Высшее образование в России, 2010. – № 12. – С. 155–158.
5. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь для студентов высших и средних педагогических учебных заведений. – М., 2001 -217 с.
6. Кусаинов А., Булатбаева А. Методология образовательной деятельности: Монография. - Алматы: Изд-во ROND&A, 2011. -180 с.
7. Попков В.А., Коржув А.В. Теория и практика высшего профессионального образования. -М.: Академический Проект, 2004.-432 с.

Резюме

В настоящее время система образования Республики Казахстан находится в состоянии модернизации, обусловленной общими тенденциями мирового развития, главной целью которой является обеспечение современного качества образования на основе сохранения его фундаментальности и соответствия актуальным и перспективным потребностям личности, общества и государства. Одним из направлений модернизации образования является повышение профессионализма педагогических кадров за счет организации научно-исследовательской работы будущих учителей, формирования исследовательского умения, самостоятельности.

В статье раскрыты проблемы организации научно-исследовательской работы студентов в ВУЗе, охарактеризованы основные компоненты научной исследований, усвоения методов, роль научно-исследовательской работы в формировании профессиональной компетентности будущих учителей.

Ключевые слова: научно-исследовательская работа, основные компоненты научной исследований, цели, система научно-исследовательской работы студентов, задания, методы научно-исследовательской работы, методика преподавания математики.

Summary

Nowadays the education system of the Republic of Kazakhstan is in a state of modernization, which is caused by the general tendencies of world development, the main goal of which is to ensure the modern quality of education on the basis of maintaining its fundamental and conformity to the actual and prospective needs of the individual, society and the state. One of the directions of modernization of education is the professional growth of the pedagogical staff through the future teachers' scientific research, the formation of research skills and independence.

The article reveals the problems of organization of scientific research of students in the university, the main components of scientific research, the assimilation of methods, the role of research in the formation of professional competence of future teachers.

Key words: research work, the main components of scientific research, goals, the system of students' research work, assignments, research methods, methodology of teaching mathematics.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТТІ ЖЕТІЛДІРУ

*Қ.Ж.Аганина -п.ғ.д,профессор
Абай атындағы Қазақ мемлекеттік
педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)*

Аңдатпа

Инновация жағдайында жоғары білім жүйесіндегі менеджментті жетілдірудің бір бағыты білім саласы менеджерлерін даярлау болып табылады. Білім саласы менеджерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды білім саласындағы инновациялық өзгерістерге сәйкес жүзеге асыру қажеттілігі туындап отырғаны белгілі. Осы қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында дайындалған «Жоғары білім жүйесіндегі менеджмент» атты элективті курс бағдарламасына сипаттама берілген.

***Түйін сөздер:** білім, инновация, менеджмент, жоғары білім саласындағы инновациялық менеджмент, менеджер дайындау, құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік.*

Әлемнің көптеген дамыған елдері білім беру жүйесіндегі жаһандану дәуірінің басталуына сәйкес үздіксіз модернизациялау мен реформалау жағдайын бастан кешіруде. Білім беру саласына инновацияны енгізу қарқыны Қазақстанда да үздіксіз жүріп келеді және жыл өткен сайын қарқын алуда. Бұл өзгерістер жайлы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында нақты көрсетілген [1]

Инновациялар қоғамның пайда болу кезеңінен бері жүзеге асырылып келе жатса да, педагогикалық категория ретінде ХХ ғасырдың 70-80 жылдарында ғана қолданысқа енгізілді. Мұның басты себептерінің бірі – олардың мағынасының түрліше түсінілуінде. Білім жүйесіндегі инновациялық өзгерістердің бірі жалпы білім жүйесін басқаруға қатысты.

Басқару мәселесінің түрлі қырларын зерттеу ғылымда пәнаралық сипатқа ие. Шет елдік зерттеушілер Ф.У. Тейлор, А. Файол және П.Ф. Друккердың өнеркәсіпті тиімді басқару туралы идеялары білім саласындағы менеджмент мәселелерін зерттеудің теориялық негізін дайындауға ықпал етіп, алыс (Т.Буш, Б. Баркер, Р. Берд, Дж. Мерсер және басқалар) және таяу (Р. Желвис, М. Баркаускайте, Ю. Мельников, Ю.К. Конаржевский, В.П. Симонов, Т.И. Шамов, С.Ю.Трапицын, А.П. Тряпицын) шет елдердің педагогикалық ғылыми еңбектерде көрініс тапты. [2]

Соңғы онжылдықта білімнің түрлі саласындағы менеджмент мәселесіне отандық ғалымдар да (К.Н. Нарипбаев, А.А. Жайтапова, Т.М. Баймолдаев, З.А. Исаева , З.М. Садвакасова, К.Ж. Аганина, Ж.Б. Умирбекова және басқалар) үлкен қызығушылық туындатуда.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің дамуы мен оны басқарудағы негізгі ерекшеліктердің бірі олардың әлемдік қауымдастықтың жаһандану-интеграция жағдайындағы жалпы әлеуметтік жүйеге өтуі болып табылады. Осындай жағдайда кез-келген жүйені басқару тұтас үрдіс және объектінің құрамдас элементтері арасындағы күрделі ішкі және сыртқы байланыстардың барлық жиынтығын ескере отырып құрылуы тиіс. [3]

Ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, инновация жағдайында жоғары білім беру жүйесін басқару осы саладағы менеджментті жетілдіруден басталуы тиіс деп есептейміз.

Күнделікті тұрмыста менеджмент сөзі белгілі бір ұйымдағы барлық адамдардың қызметіне басшылық етумен шұғылданып, өз мақсатына жетуді білдіреді.Тіпті білікті басқару саласының өзінде де менеджмент ұғымы түрліше түсіндіріледі.

Елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен кіріктірілген жалпы білім берудің басымдылық мақсаты- білім жүйесіндегі менеджментті жетілдіру бағытында өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, білім жүйесіндегі жаңа жетістіктерге жету барысында оң шешім қабылдай алатын білім саласы менеджерлерін дайындау болып отыр.

Білім беру менеджері – кәсіби басқару-педагогикалық әрекетті шығармашыл тұрғыдан жүзеге асыруға қабілетті, осы үрдісте үздіксіз өзін-өзі дамытатын және жетілдіретін өз ісінің шебері, маманы. Заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдайларда менеджерлерді дайындау демократияландыру мен гуманизацияландырумен байланысты белсенді инновациялық үрдістермен, түрлі нұсқадағы оқу жоспары, білім берудің жаңа мазмұнымен анықталуда. Өйткені, неғұрлым әлеуметтік мәдени орта кеңейген сайын, менеджер әрекетінің мазмұны да соғұрлым өзгермек.

Сонымен, білім беру менеджерлері – түрлі ұлт өкілдері тұратын қоғамымыздың заманауи қажеттіліктеріне барынша тиімді жауап беретін білім беру мен тәрбиелеу саласы бойынша жаңа идеяларға толы, оларды ендірудің жолдарын білетін білім беру жүйесіндегі кәсіби маман.

Қазіргі таңда жеке ғалымдардың білім жүйесіндегі менеджментті жетілдіруге бағытталған бағдарламалары қолданылуда. Бұл бағдарламалар, сөз жоқ, білім беру жүйесін жетілдіруге зор ықпал етті, бірақ түбегейлі жаңа заманауи менеджмент дамуы үшін жеткіліксіз болды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында алға қойған міндеттерді шешудің жетекші жолдарының бірі - аталған сала бойынша мамандарды дайындаудан бастау алатыны белгілі. Яғни білім саласы менеджерлерін даярлау. [1]

Білім саласы менеджерлерін инновация жағжайында даярлау бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналууда.

Батыста инновациялық менеджерлер институты бірнеше онжылдықтан бері келе жатқаны белгілі, ал ол бізде енді құралуда. Инновациялық менеджер қандай әрекетпен айналысса да, оның жұмысының міндеттілігін құратын – анықталмаған жағдайда шешім қабылдау, талап етушілердің жаңа, басқа тауарларға ұқсамайтын үлгіге деген реакциясын алдын ала білу шеберлігі. Атап айтқанда инновацияны дамыту барысындағы маңызы бизнес-қоғамдастықтың қалыптастыру, компания басшыларының арасында күнделікті орта байланыс құру, инновациялық менеджерлер, инновация саласындағы мамандар, инновациялық қызметтер, венчурлық қорлар мен бизнес періштелер (жеке инвесторлар), сондай-ақ консультациялық орталықтардың басшылары, басқа да мамандар, инновациялық ортаға әсер етушілер болып табылады. Ғылыми білім беру қоғамы команда ретінде барлық деңгейде инновациялық үдерістерді дамыту әрекеті кезінде, жоғары мектептер мен ғылым және бизнес университеттерінің жедел бірігуі қажет.

Инновация жағдайындағы білім менеджері - білім беру процесін басқаратын субъект. Ол процесс басқарушы және материалдық, еңбек, ақпараттық, әлеуметтік, ғылыми-әдістемелік, экономикалық қорлар, ұстанымдар, функциялар мен қазіргі заманғы менеджменттің әдістерін қолдану арқылы жоғары білікті маман дайындауға бағытталған педагогикалық функциялардың іске асуын қамтамасыз етеді. [4]

Зерттеулер көрсеткендей, болашақ білім беру саласы менеджерлерін дайындау, олардың кәсіби әрекетке дайындығын қалыптастыру жаңа қосымша интеграцияланған элективті курстарды ендірумен байланысты

Сонымен, аталған міндеттерді шешу үшін басқару әрекеттерін жетілдірудің арнайы ұстанымдары, шарттары мен әдістері негізінде магистранттардың, докторанттардың кәсіби басқару әрекетіне дайындығын қалыптастыру мақсатында «Жоғары білім жүйесіндегі менеджмент» атты элективтік курс бағдарламасы дайындалды. [5]

«Жоғары білім жүйесіндегі менеджмент» бойынша дайындалған элективті курс бағдарламасы болашақ білім саласы менеджерлерін оқу-тәрбие үрдісін жоспарлауға,

басқаруға, жобалауға, жүйелеуге, мотивациялауға, реттеуге, бағалауға, бақылауға өзінің мүмкіндіктерін ескере отырып, кәсіби әрекетін тиімді ұйымдастыруға бейімдейді.

«Жоғары білім саласындағы менеджмент» арнайы курс бағдарламасын Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Педагогика және психология кафедрасында профессор Қ.Ж., Аганинаның жетекшілігімен докторанттар Рахымбердиева А.В., Саудабаева Д.,Е.,Сағынғалиев Д.Н. дайындап, енді осы бағдарлама негізінде оқу құралдарын дайындауға кірісті.

Арнайы курс бағдарламасы келесі мазмұнда берілген:

- ✚ Кіріспе
- ✚ «Жоғары білім саласындағы менеджмент» арнайы курс бағдарламасының тақырыптық оқу жоспары.....
- ✚ «Жоғары білім саласындағы менеджмент» арнайы курсының дәріс тақырыптары мен оның қысқаша мазмұны.....
- ✚ Семинар/ практикалық/ сабақтардың мазмұны.....
- ✚ Өзіндік жұмыс үшін тапсырмалар түрлері.....
- ✚ Тақырыпқа сәйкес емтиханға дайындық сұрақтары.....
- ✚ Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі.....

Кіріспе бөлімінде мәселенің өзектілігі баяндалып, төмендегіше мақсат міндеті белгіленген:

«Жоғары білім саласындағы менеджмент» атты арнайы курс бағдарламасының **мақсаты:** жоғары білім саласы менеджерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

«Жоғары білім саласындағы менеджмент» атты арнайы курс бағдарламасының **міндеттері:**

- жаһандану жағдайында білім саласы менеджментінің маңызын анықтау ;
- заманауи менеджменттің дамуын ескере отырып, білім саласын жетілдіру шарттарын анықтау;
- жоғары білім саласы менеджерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Пәнді оқып меңгеруі нәтижесіндегі болашақ ЖОО менеджерлерінің білім, білік, дағдылары көрсетіліп, құзыреттілігін қалыптастыру бағыттары өзіндік жұмыс тапсырмалары мен семинар тақырыптары негізінде берілген.

«Жоғары білім саласындағы менеджмент» арнайы курс бағдарламасының тақырыптық оқу жоспары төмендегіше кестеде берілген

№	Тақырыптың аты	Сағат саны			
		Дәріс	Семинар	МОӨЖ	МӨЖ
I. Жоғары білім беру саласындағы менеджменттің негіздері					
1	Білім беру жүйесіндегі менеджменттің мәні мен мағынасы, даму тарихы	1	1	4	5
2	Жоғары білім саласындағы менеджменттің заңдылықтары, қағидалары, қызметтері	2	2	4	4
3	Білім беру жүйесін басқарудың механизмдері мен стилдері	1	1	4	7
4	Жоғары білім саласындағы маркетинг	1	1	4	7
5	Білім берудегі сапа менеджменті	1	1	4	7
6	Білім беру жүйесіндегі инновациялық менеджмент	2	2		5
II. Жоғары білім беру жүйесіндегі менеджментті жетілдіру					
7	Жоғары білім жүйесіндегі кадрлық менеджмент HR-менеджмент	1	1	5	8

8	Білім беру менеджерінің моделі	1	1	5	8
9	Білім беру жүйесіндегі Тайм менеджмент,	1	1	5	8
10	Жоғары білім саласындағы қаржылық менеджмент	1	1		
11	Жоғары білім саласындағы стратегиялық менеджмент	1	1	5	8
12	Жоғары білім беру жүйесіндегі менеджерлерді дайындауды дамытудың бағыттары	2	2	5	8
	Барлығы	15	15	45	75

Қорытындылай келе, инновация жағдайында қазіргі жоғары білім жүйесіндегі оқыту үдерісінің сапасын көтеру, болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында жалпы әлемдегі тәжірибелерге сүйене отырып төмендегідей ұсыныстар беруді жөн көрдік:

- жоғары педагогикалық білім беру ұйымдарында болашақ білім беру саласы менеджерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған элективті курс бағдарламаларын оқыту үрдісіне енгізіп, жүзеге асыру;

- болашақ білім беру саласы менеджерлерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған оқу-әдістемелік құралдарын дайындау;

- инновациялық өзгерістерге сәйкес болашақ білім беру саласы менеджерлерін даярлауды арнайы мамандық негізінде даярлау негізінде жүзеге асыру. [6-7]

Зерттеу мәліметтері көрсетіп отырғандай, аль-Фараби атындағы ҚазҰУ және Абай атындағы ҚазҰПУ базасында ғалымдардың жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеу жұмыстарының қорытындылары, атап айтқанда: білім беру жүйесіндегі менеджментті жетілдіруге бағытталып қорғалған докторлық, магистрлік диссертациялар, дайындалып жарияланған ғылыми мақалалар мен оқу әдістемелік құралдар Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі менеджментті жетілдіруге және инновациялық менеджменттің қалыптасуына үлкен үлес қосар деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған [мемлекеттік бағдарламасы](#). Астана Ақорда , 2010 ж.
2. Нарыбаев К.Н., Аганина К.Ж., Нурлихина Г.Б., Утебаева Н.М., Жунусбекова А., Книсарина М.М. Менеджмент в сфере образования Республики Казахстан / Уч. пособие. Алматы 2014. КазНПУ им. Абая, - 216 стр.
3. Аганина К.Ж.-Инновация жағдайында білім беру саласы менеджерлерін даярлау. // Білім әлемінде. В мире образования. In the world of Education. № 5 2017. С. 30-34.
4. Фатхутдинов Р.А. Инновационный менеджмент: учебник для вузов: 5-е издание. – СПб.: Питер, 2005.
5. Аганина К.Ж., Рахымбердиева А.В., Саудабаева Д, Сағынғалиев Д.Н. «Жоғары білім жүйесіндегі менеджмент» элективтік курс бағдарламасы. Алматы, 2019 -36 бет.
6. Аганина К.Ж. Білім саласы менеджерлерінің кәсіби құзыреттілігі /оқу құралы. Алматы, 2016 -240 б
7. Нарыбаев К.Н ,Аганина К.Ж. Утебаева Н.М. Менеджмент с сфере образования. Образовательная программа. Алматы.2012г.-50с.

МЕНЕДЖМЕНТ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Статья посвящена проблеме развития менеджмента в системе образования, подготовке менеджеров сферы образования в условиях инновации. Рассмотрены вопросы формирования профессиональной компетентности будущих менеджеров сферы образования. Дана структурно-содержательная характеристика программы элективного курса Менеджмент в сфере высшего образования

Ключевые слова: образование, инновация, менеджмент, инновационный менеджмент в сфере высшего образования, подготовка менеджеров образования, компетентность, профессиональная компетентность

MANAGEMENT IN THE SYSTEM OF HIGHER EDUCATION

*Aganina Kundyz
Abai University
(Almaty, Kazakhstan)*

Abstract

The article is devoted to the problem of development of management in the education system, the training of managers in the field of education in terms of innovation. The issues of formation of professional competence of future managers of education are considered. Given the structural and informative characteristics of the program of the elective course Management in higher education.

Keywords: education, innovation, management, innovation management in higher education, training of education managers, competence, professional competence

ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МАТЕМАТИКИ К ПРОЕКТИРОВАНИЮ ПРОБЛЕМНЫХ СИТУАЦИЙ

З.Б. Редько

*канд. пед. наук, кафедра математики и информатики в начальной школе, доцент
Московского педагогического
государственного университета
Россия, Москва
E-mail: zredko@yandex.ru*

Резюме

Автор описывает необходимость выбора инновационных форм и методов обучения математике, рассматривает теоретические аспекты проблемного обучения, характеризует методическую подготовку будущих учителей математики, предлагает серию учебных заданий на основе задач «по предположению» в качестве одного из средств создания проблемных ситуаций.

Ключевые слова: методическая система обучения математике, дидактические принципы, проблемные ситуации и проблемные задания, задачи «по предположению», методическая подготовка будущих учителей математики.

В обучении вообще, и в обучении математике, в частности, проявляются определенные закономерности, выражающие существующие связи между педагогическими явлениями, при этом изменение одних явлений влечет за собой изменение других. Переориентация методической системы обучения математике на приоритет системно-деятельностного подхода требует модернизации всех ее компонентов (цели, содержание, методы, средства,

формы, приемы, технологии), что обуславливает необходимость переосмысления содержания методической подготовки будущих учителей математики.

В современной школе педагог стоит перед необходимостью выбора инновационных форм, методов и средств обучения, понимая, что сегодня знание не передаётся детям в готовом виде, а осваивается ими в процессе активной учебной деятельности, связанной с наблюдением, моделированием, рассуждением, с самостоятельным поиском ответов... [1]

Требования к работе учителя математики увеличиваются: использование исследовательских задач, включение проектов, проектирование проблемных ситуаций... Каждая из перечисленных инноваций достаточно широко разработана на теоретическом уровне, но в школьной практике встречается не так часто...

Так, например, в дидактике разработана теория проблемного обучения: определена сущность её основных понятий, обоснована необходимость и эффективность их применения в учебном процессе, раскрыт ряд способов организации и управления самостоятельной деятельностью учащихся, выявлены важнейшие дидактические условия реализации такого типа обучения. Однако решение вопроса о создании проблемных ситуаций на уроках математики остаётся за учителем... Казалось бы, учебник как сценарий урока может и должен содержать проблемные задания, которые помогут школьнику «открыть» новое, включиться в деятельность, стать субъектом процесса обучения.... Но на практике выясняется, что таких заданий в действующих учебниках математики недостаточно, и в большинстве случаев задача учителя заключается в том, чтобы преобразовать – подредактировать – подтянуть до нужного уровня задание учебника!

Безусловно, процесс подготовки будущего учителя математики вполне обеспечивает его необходимыми математическими знаниями, но умения и опыт создания проблемных ситуаций на уроках математики формируются эпизодически ...

Одной из причин не всегда удовлетворительной готовности выпускника педагогического вуза к проектированию и использованию проблемных ситуаций в качестве методологической основы обучения математике – недостаточная методическая подготовка к ней ещё в стенах *alma mater*. Конечно, студенты выполняют проблемные задания в курсах математики, информатики, однако методические аспекты данного процесса требуют создания определенных дидактических условий для понимания и осознания логики учебной деятельности школьника, в процессе которой он «открывает» новые способы действий или математические понятия.

Психологами установлено, что закономерности процесса мышления и закономерности процесса усвоения новых знаний в значительной степени совпадают. [2] Одним из главных условий, обеспечивающих развитие мышления детей, является систематическое и целенаправленное использование, проблемных заданий, активизирующих мыслительную деятельность учащихся.

Крайне важно донести до понимания будущих учителей математики, что понятия «проблемное задание» и «проблемная ситуация» не тождественны. Проблемная ситуация характеризует прежде всего состояние учащегося, а не само учебное задание. В то же время психическое состояние учащегося, связанное с активизацией мышления, возникает под воздействием определенного вопроса или задания.

Так, например, одним из средств создания проблемных ситуаций при обучении математике являются так называемые нестандартные задачи, среди которых особое место занимают задачи «по предположению». Классическую задачу, которая во многих учебниках математики и учебных пособиях заявлена как «старинная китайская» («У всех животных в клетке 35 голов и 94 ноги. Сколько в клетке кроликов и сколько фазанов?»), большинство будущих учителей математики начинают решать с помощью уравнения, некоторые – системы уравнений. И ни один не пытается решить задачу арифметическим способом, используя правило ложного положения (*Regula falsi*).

Полагаем, во многом это связано с тем, что у будущих учителей математики недостаточно сформирована способность к теоретическому обобщению, которое (в отличие

от эмпирического) осуществляется путем анализа данных о каком-либо одном объекте или ситуации с целью выявления существенных внутренних связей. Эти связи сразу фиксируются абстрактно (с помощью слова, знаков, схем) и становятся той основой, на которой в дальнейшем выполняются частные (конкретные) действия.

Возникает необходимость найти такие инструменты методической подготовки студентов, которые с учетом ограничений по времени дадут качественный результат.

На наш взгляд, одним из таких инструментов являются методические задачи, ход решения которых выражается в виде подбора тех или иных методических приемов обучения или их комбинаций. Иными словами, методическая задача представляет модель предстоящей профессиональной деятельности учителя для достижения цели обучения. Приведем содержание серии методических задач, которую можно использовать для подготовки будущих учителей математики к проектированию и использованию проблемных ситуаций как на уроках, так и во внеурочной деятельности [3].

1. *Решите задачу.*

«В тереме живут поросята и цыплята. Пришёл волк и спрашивает: «Кто в тереме живёт?» - «Мы, поросята». - «Мы, цыплята». - «А сколько вас, поросятки? Сколько вас, цыплятки?» - спрашивает волк. «Всего нас 10, а ног у нас 28», - слышит он ответ. Сколько же цыплят и сколько поросят живёт в тереме?»


2. Если решение задачи вызовет у вас затруднение, *прочитайте фрагмент урока математики*, на котором педагог организует деятельность по решению данной задачи.

Главное условие успешной работы с задачей – сформированность у школьников умения моделировать с помощью схемы данные в задаче отношения между величинами. Моделирование заключается в соотношении вербальной и схематической моделей, причем последняя отображает зависимости, данные в тексте задачи с учетом отношения разностного сравнения.

Фрагмент урока

Учитель. Представьте, что поросята встали на задние ножки и смотрят в окошко (т. е. предположите, что у всех обитателей домика по две ножки).

- Рассмотрите, пожалуйста, схему:



и поясните, что обозначает на ней каждый отрезок. (Дети поясняют.)

- Что обозначает отрезок ED? (Столько передних ножек у поросят, т.е. это те ножки, которые поросята подняли и приставили к окошку).

- Сколько ножек каждый поросёнок приставил к окошку?

- Ответ на этот вопрос поможет вам узнать, сколько было поросят. (Дети записывают решение задачи.)

Учитель. А можно ли эту задачу решить другим способом?

Дети. Наверное, можно предположить, что у каждого обитателя домика было по 4 ножки. Тогда у всех обитателей дома ножек будет $4 \cdot 10 = 40$ (н.).

Учитель. Какую схему можно нарисовать, чтобы помочь всем ребятам выполнить дальнейшие рассуждения? Дети изображают схему, поясняют, что обозначает каждый отрезок на этой схеме, и записывают решение задачи.

2. Решите двумя арифметическими способами задачу. «По дороге к бабушке Красная Шапочка собирала жучков и паучков. Всего в коробке у девочки оказалось 8 жучков и паучков. Сколько у Красной Шапочки в коробке жучков и сколько паучков, если у всех жучков и паучков 54 ножки и, как известно, у жучка 6 ног, а у паучка - 8?»

• **Опишите организацию учебной деятельности** учащихся на уроке при решении данной задачи.

3. Решите двумя арифметическими способами задачу из рассказа А.П. Чехова «Репетитор». [4]

• **Ответьте на вопросы:**

- Как вы думаете, почему ученик начинает решение с деления 540 на 138?

- Верно ли утверждение репетитора, что «эта задача, собственно говоря, алгебраическая»?

- Как вы можете прокомментировать слова купца: «по-нашему, по-неученому»?

4. Придумайте аналогичные задачи с различными сюжетами.

Общеизвестно, что задача развития личности каждого ученика средствами математики ложится на плечи учителя и зависит от его методической подготовки, интегрирующей специальные (математические), психолого-педагогические и методические знания и умения. Последнее означает овладение различными методическими приемами, с помощью которых школьник будет включен в активную познавательную деятельность, направленную на усвоение системы математических понятий и общих способов действий. Более того, знания, полученные будущими учителями математики в *alma-mater*, являются основой создания дидактических условий, способствующих формированию учебной деятельности младших школьников, развитию их эмпирического и теоретического мышления.

Полагаем, что включение методических задач в подготовку будущих учителей математики может сыграть решающую роль в овладении соответствующими профессиональными компетенциями, а в конечном итоге окажет положительное влияние на качество математической подготовки школьников.

Список литературы:

1. Федеральный государственный образовательный стандарт начального общего образования: текст с изм. и доп. на 2011 г. / Министерство образования и науки РФ – М.: Просвещение, 2011. – 33 с.

2. Менчинская Н. А. Проблемы обучения, воспитания и психического развития ребенка. – М.: МПСИ, Воронеж: Модэк, 2004. – 512 с.

3. Истомина Н. Б., Заяц Ю. С., Методика обучения математике в начальной школе. Развивающее обучение: Сборник методических задач / Н. Б. Истомина, Ю. С. Заяц. – Смоленск: Ассоциация XXI век, 2016. – 200 с: ил.

4. А.П. Чехов, Собрание сочинений в шести томах. Т. 1. Рассказы 1880-1886. – М.: «Лексика», 1995. -656 с.

Кілттік сөздер: математиканы оқытудың әдістемелік жүйесі, дидактикалық ұстанымдар, проблемалық жағдайлар мен проблемалық тапсырмалар, "по предположению" есептері, болашақ математика мұғалімдерін әдістемелік даярлау.

Key words: methodical system of teaching mathematics, didactic principles, problem situations and problem tasks, tasks "on the assumption", methodical training of future teachers of mathematics.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ МАТЕМАТИКА ПӘНІН ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТҮРҒЫДАН ОҚЫТУҒА ДАЙЫНДАУ

Б.Т. Барсай

*Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының
қауымдастырылған профессоры*

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: bbt.49@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді математика пәнін құзыреттілік түрғыда оқытуға дайындаудың теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылған.

Кілттік сөздер: болашақ мұғалім, құзыреттілік, дайындау, математиканы оқыту.

Қазақстан Республикасының егемендігін нығайтып, алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттердің қатарында болуы ұлттық білім беру ісінің әлемдік білім жүйесіне кірігуіне тығыз байланысты. Республикамызда қолға алынған білім беру жүйесін реформалау ісі осы аталған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бірқатар кешенді өзгерістерді теория мен практикаға тиімді енгізуді көздейді.

Білім беру жүйесін дамытудың басымдығы, әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қол жетімділігі, жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі ұстанымдары қатарында көрсетіліп отыр[1]. Бұл ұстанымдардың іс жүзіне асуы білім беру мазмұнын жаңартумен тығыз байланысты. Білім беру мазмұнын жаңартуда білім беру жүйесінің барлық деңгейлері қамтылуы тиіс десек, мамандарды кәсіби даярлау жүйесі де бұл үдерістен тыс қала алмайды. Себебі, ертеңгі жас ұрпақтың білімділігі мен әлеуметтенуі болашақ кәсіби мамандардың білім сапаларының терендігімен, беріктігімен және жан-жақтылығымен өлшенері сөзсіз. Сондықтан қазіргі жоғары оқу орындарында көптеген өзгерістер мен жаңартулар енгізілуде. Солардың барлығы өз бетінше білім алуға қабілетті, өзін-өзі дамытып, өзін-өзі тәрбиелеуді мақсат ететін, оқыту үдерісінде алған білімдерін кез-келген жағдаятта, практикада ұтымды қолдана алатын жеке тұлға дайындауды жүзеге асыруы тиіс. Яғни, білім берудегі жаңа парадигма өз бетінше үздіксіз білім алуға ұмтылуды қалыптастыруға және шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған.

Қазіргі кезде басшылыққа алынып отырған Болон декларациясының негізгі қағидалары: айрықша екі сатылы жоғары білім; сәйкес білім сапасы; білім беру үдерісінің жүктемесін жоспарлауда және білім беру нәтижелерін бағалауда еуропалық жүйені қолдану; сәйкес диплом қосымшасы; оқытушылар мен студенттердің мобильдіктері болып табылады.

Осы қағидаларды жүзеге асыруға байланысты жоғары оқу орындары жаңа оқыту жүйесіне көшті. Білім беру сапасы білім берудің қазіргі күннің талаптары мен құндылықтарына, сонымен қатар оның болашағы туралы ұғымына сәйкестілігін көрсететін қасиеттер мен сипаттар жүйесімен өлшенеді. Қазіргі таңда әр адамға өзінің жан-дүниесіне жақын қалаған мамандығына сай, өзінің болашағын сенімді құруына көмектесетін білімді еркін таңдау мүмкіндігі туып отыр. Ал қоғам адамдарға ең жақсы білім алу көздерін ұсынуы тиіс болғандықтан, осы мәселені шешу міндеті қазіргі күні әр түрлі аспектілерден зерттеліп, тұжырымдамалар мен жаңа идеялар, әр түрлі жаңа педагогикалық технологиялар пайда болуда. Өзгеріс пен жаңа бастау қай салада болмасын жаңа ұғымдардың пайда болуына жол ашады.

Білім беру саласында қолданыла бастағанына біршама уақыт болып қалған «құзыр», «құзырлылық», «құзыреттілік» сияқты ұғымдар бүгінгі күні педагогика ғылымындағы негізгі

категориялар қатарынан орын алып отырғаны белгілі. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттілік – білім беру үдерісінде немесе жинақталған практикалық тәжірибе нәтижесінде қалыптасқан кәсіби іс-әрекет пен белгілі бір өмірлік жағдаяттардағы тиімді мінез-құлықтың мүмкіндіктер кешені. Құзыреттіліктің тікелей аудармасы белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде үкім шығара алады дегенді білдіреді.

Құзыреттілік - адамның нақты бір жағдаятта тиімді іс-әрекет ету үшін өзінің білімі мен іскерлігін саналы түрде жүзеге асыру қабілеті немесе мүмкіндігі. Құзыреттіліктің нәтижесі - қабілеттіліктер, дайындықтар, даралық қасиеттер, білімдердің үйлесімі сияқты категориялармен сипатталады. Болашақ мұғалімдердің құзыреттілігі жоғары оқу орнында теориялық жағынан қалыптаса бастаса, жоғары оқу орнын бітіріп, мектепке келген кезде сабақ беру, оқушылармен тікелей жұмыс жасау барысында одан әрі нығайып, тәжірибелік жағынан беки түседі. Оған мектептегі моральдық, психологиялық, әдістемелік ахуал және мектеп басшыларының жас ұстаздармен қарым-қатынасы, әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудағы қалыптасқан дәстүрлер, ұжымның ынтымақты жұмысы және басқалар, яғни білім беруді басқару үдерісі де әсер ететіні сөзсіз[2].

Білім беру сапасын басқару – білім берудің сапасына мүмкіндік пен қажеттіні қамтамасыз ету үшін барлық параметрлері мен сипаттарына мақсатты түрде бағытталған әсер ету. Қазіргі мектептерде білім беруді құзыреттілік тұрғыдан басқару және құзыреттілік тұрғыда оқыту өз күшіне еніп келеді. Ол қоғамның білімі бар адамдарды ғана емес, сол білімдерін қолдана алатын адамдарға деген саналы қажеттілігінің айқын көрінісі десек те болады.

Білім беру үдерісінің құзыреттілік тұрғыдан қарастырылуы ертеңгі күні оң нәтижелі болатынына ешкім күмән келтірмейді. Десек те, оны практикаға ендіру білім беру жүйесінің барлық дерлік элементтерін – мемлекеттік стандарт пен білім мазмұнынан бастап, жетістік деңгейін бағалау мен түлектерге қойылатын талаптарға дейін – қайта құруды, қалыптасқан жүйені өзгертуді талап етеді.

Қазіргі кезде білім берумен қатар өзге салалардың да қарқынды дамуы, бүкіл әлемдік білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті маман даярлау, мектепте оқушыларға дамыған елдер оқушыларымен теңдес білім беру, яғни оқушылар білімінің халықаралық зерттеулер талаптарына сай болуын қамтамасыз ететіндей білім беру жүйесін жетілдіру, оны басқаруға жаңаша тұрғыдан қарау қажеттігін тудырады. Бұл жерде жоғары оқу орындары мен мектептердің байланысын тұрақтандыру, болашақ мұғалімдердің мектептерде өткізетін тәжірибесінің мерзімі мен сапасына, мектеп басшыларының өздеріне қажетті мамандардың дайындығына жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып қатысуына көңіл бөлу де тиімді болмақ.

ҚР «Білім туралы заңына» сәйкес білім берудің ізгілікті сипатын, тұлғаның еркін дамуы мен жалпы адамзаттық құндылықтарды ескере отырып, жалпы білім беретін мектептің негізгі міндеттерінің бірі - өзгермелі өмірдің жағдайларына тез бейімделуге қажетті белгілі бір білімдер жүйесі мен тұлғалық қасиеттерді оқушылар бойында қалыптастыру болып табылады. Бұл міндеттердің мектепте математика пәнін оқытуға да қатысты екені сөзсіз[1].

Қазіргі дидактикада оқушыларды математикаға оқытудың үш негізгі мақсатын бөліп көрсетеді: практикалық, білім берушілік және тәрбиелік. Практикалық мақсаттың маңыздылығы – оқушылардың қазіргі қоғамға қажетті білім, білік, дағдылар мен түйінді құзыреттіліктерді меңгеруінен байқалады. Математикалық оқытудың білім берушілік мақсаты олардың математикалық мәдениетінің жоғары болуы қажеттігінен және математиканың басқа ғылым салаларында, өндіріс пен өмірде қолдану қажеттігіне байланысты. Мектепте оқытылатын пәндердің барлығы бірдей табандылық, мақсатқа ұмтылу, тәртіптілік, жаңаны қабылдау және тағы басқа тұлғалық қасиеттерді дамыту сияқты көпқырлы қызметтерді атқара бермейді. Дегенмен, математиканы ең алдымен адамның

логикалық ойлауын дамыту мен жетілдіру мүмкіндігі үшін жоғары бағалайды. Бұл айтылғандар математикалық білім берудің тәрбиелік мақсатын айқындайтыны белгілі.

Математика - өркениет тудырған және оны барлық кезеңінде дамытуға ықпал етіп келе жатқан маңызды ғылым саласы. Біріншіден, қазіргі кезкелген ғылым саласы математикалық әдістерді қолданып қана қоймай, математикалық заңдылықтар арқылы құрылады, ғылым мен техникаға жол тек қана математика арқылы ашылады. Қазіргі кезде мектеп ғылым жетістіктері мен адам қызметінің әртүрлі салаларының сұраныстарына сәйкес ертеңгі күннің қажеттіліктеріне сай бола отырып, мектеп бітіруші түлектің алдағы өміріне қажетті білімінің берік іргетасын қалауы керек. Екіншіден, математикалық білім беру математика ғылымының бір бөлігі ғана емес, жалпы адамзаттық мәдениет құбылысы. Ол адамзат ойының даму тарихының бейнесін береді. Сондықтан адамның мәдени дамуында математикалық білім беру үнемі маңызды роль атқарып келе жатыр. Мұндай жауапты міндетті атқару мектеп ұстаздары - математика пәні мұғалімдеріне жүктеліп отыр.

Математика пәні мұғалімінің дайындық сапасының негізгі проблемалары: мұғалімнің кәсіби дайындық сапасы мониторингісінің теориялық негіздері, математика мұғалімінің теориялық және әдістемелік дайындығы, математика мұғалімін дайындаудағы теориялар, мұғалімнің өзіндік математикалық дайындығының мазмұнын іріктеу мен құрылымдау. Соның ішінде педагогикалық жоғары оқу орындарында құзыреттілік тұғырды жүзеге асыру проблемасын шешуде болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың да рөлі зор.

Құзыреттілік маманның бәсекелік қабілетімен байланысты. Болашақ мамандардың кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру, қазіргі білім беру жүйесінің көкейкесті мәселелерінің бірі - оның алған білімін өмірде қолдана білу қабілеті. Білім беруді модернизациялау жағдайында бұл болашақ мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатына жатады. Себебі әдістемелік құзыреттілік кәсіби - дидактикалық құзыреттіліктің негізгі құраушысы. Қазіргі маманның кәсібилік деңгейінің негізгі көрсеткіші де оның әдістемелік құзыреттілігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында: «Құзыреттілік - білім алушылардың әлеуметтік ұтқырлығын айқындайтын білімге, дағдыға, құндылыққа, өздігінен білім алуға бейімділігіне негізделген қабілеттері» екендігі көрсетілген [3].

Құзыреттілік тұғыр, дайындықтың мазмұнын және жекеленген білім алу бағытын құруға жағдай жасау керектігін, өздігінен білім алу әрекетінде белсенділік танытуды қажет етеді. Олай болса, кәсіби білім беруді құзыреттілік тұғыр логикасында құру бүгінгі күннің талабы болып табылады.

Ю.В.Койнова кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті «әрекеттенуші жеке субъектінің біріккен сапалы мінездемесі, тұлғаның сол іс-әрекетті орындауға дайындығы» деп анықтады [4]. Бұл анықтамамен толық келісе отырып, «педагогикалық іс-әрекетке дайындық – әдістемелік құзыреттіліктің құрамының компоненттерін қалыптастыру жолында педагогикалық мамандыққа, үздіксіз кәсіби және тұлғалық дамуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық технологиясын болжамдауға және жобалауға бағыттайтын қозғаушы күш деуге болады. Біздің пайымдауымызша, *математика пәні мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігі математиканы оқытуға теориялық және практикалық дайындығының үйлесімділігі, оқытуда заманауи технологиялар мен озық тәжірибелерді қолдана алу, өзінің тұлғалық кәсіби қасиеттерін үздіксіз дамыта білу қабілеттері* болып табылады. Әдістемелік құзыреттілік - барлық мұғалімнің кәсіби ұстаздық қызметіндегі ең басты біліктіліктердің бірі.

Қазіргі еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуі оқушылардың білімдерінің өзге дамыған елдердегі өздері қатарлас балалармен тең дәрежеде болуын қажет етеді. Еліміздегі нәтижеге бағдарланған білім беруді дамыту тұжырымдамасында: "Оқытудың басты мақсаты оқушының ғылыми дүниетанымын қалыптастыру және оларды жаратылыстану пәндері

бойынша алған білімдері негізінде қазіргі өндірістік технологияларды игеруге практикалық дағдылар мен түйінді құзыреттіліктерді меңгеруге үйрету болып табылады", - делінген [5].

Құзыреттілік тұрғыдан қараудағы басты айырмашылық – білім алушы өзінің мүмкіндіктері мен «қолынан келмейтінді» рефлексивті бағалауды көздейтіндігінде, оның өзінің құзыреттілігі мен құзыретті емес шектеулерін түсінуі. Құзыреттілік тұрғыдан білім беруді басқарудың нәтижесінде білім алушының даралық позициясы мен оның пәндік тұрғыдан өз іс-әрекетіне деген қарым-қатынасы құрылады. Мұндай тұрғыдан қараудың негізгі идеясы білім берудің басты нәтижесі – бұл жекелеген білім, іскерлік пен дағдылар емес, ол адамның әртүрлі әлеуметтік-маңызды жағдаяттарда тиімді және өнімді әрекетке қабілеті мен дайындығы болып табылады. Осыған байланысты білім беруді құзыреттілік тұрғыдан қарастыру арқылы білім алушының тек біліміне ғана мән бермей, оған іс-әрекеттің жан-жақты тәжірибесін меңгерту басты мақсат болуы керек.

Жалпы білім беруге білімдік, мәдениеттілік, құзыреттілік тұрғыдан қарау мәселелерін көптеген ғалымдар салыстырып, айырмашылықтары мен ерекшеліктерін айқындап көрсетіп келеді. Соның ішінде құзыреттілік пен мәдениеттілік бір - бірін өзара толықтырып тұрады деуге болады. Себебі, мәдениеттілік – әлеуметтік тәжірибе арқылы қарастырылатын мәдениетке тарту болса, құзыреттілік – айтылып кеткендей – ол да адамзаттың тәжірибесінен алынатын іс-әрекеттің жеке тәжірибесін игеру. Екеуінің де мазмұнын эмоционалды-құндылық қарым-қатынас құрайтындықтан, олардың қалыптасу нәтижесін шынайы тексеру мүмкін емес. Дегенмен де, білім беруге құзыреттілік тұрғыдан қарау оны тексерудің басқа да әдіс-тәсілдері бар екендігін алға тартады.

Құзыреттілік тұрғыдан оқыту технологиялары мен әдістері құзыреттілік іс-әрекет негізіне сәйкес келуі тиіс, яғни білімді меңгеріп, оны мақсатты қолдану тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік беруі қажет. Нәтижесінде қандай да бір құзыреттілік іс-әрекет шеңберіне қажетті жеке тұлғалық қасиеттердің даму ықтималдығы арта түседі. Меңгерілген әдістер адамның өзіндік дамуы мен белсендігін арттыруды қамтамасыз ететін, іздену және өзі үшін өмірлік жағдайларды шешуде қолдана алатындай болуы тиіс. Субъектінің бір-біріне, іс-әрекетіне қатысты когнитивтік және эмоционалды – құндылық (сондай-ақ танымдық) аспектілі аксиомалық болжамдар жиынтығын, өз іс-әрекетіне деген жауапкершілікті және басқаларын қалыптастыруы қажет.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға субъектінің хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде, қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде, практикалық өмірде, мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда, еңбек нарығын бағдарлау, өмірден өз орнын анықтау, өмір салтын, кездескен ситуациялық жағдайларда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шеше алу біліктілігінен көрінеді.

Білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың қазіргі кезде негізінен төрт аспектісі қарастырылып жүр:

1. Түйінді құзыреттіліктер;
2. Жалпыланған пәндік біліктіліктер;
3. Қолданбалы пәндік біліктіліктер;
4. Өмірлік дағдылар.

Бұл төрт бағыттың бәрі мектептер үшін өте қажет. Бұлардың әрқайсысын орындау мектеп түлектерінің құзыреттіліктерін, олардың мектеп бітіргеннен кейін жұмысқа дайындығын арттыруға септесетін болады.

Құзыреттілік тәсілде адамның қоғамда жетістікке жетуге мүмкіндік беретін жеке қасиеттері бірінші орынға қойылады. Осындай көзқарас тұрғысынан алғанда қазіргі кезде практикада жиі қолданылып жүрген оқытудың белсенді, топтық және ұжымдық әдістерін қолдану білім алушылардың өзін-өзі жағымды бағалауды дамытуына, өзге адамдарды және олармен бірлесе жұмыс істеу қажеттіліктерін түсіне білу; бәсекелес емес, бірлесе жұмыс істей білуді үйренуге назар аудару; топ мүшелері мен мұғалімдердің өзара түсінісіп, бір-бірінің біліктілігі мен шеберлігін бағалауға мүмкіндік беруді қамтамасыз ету; тыңдай білу

мен дұрыс қарым-қатынас жасай білу дағдысын жетілдіру; шығармашылық пен тәлімгерлікті дамыту.

Білім беруді құзыреттілік тұрғыда қарастыру барысында студенттердің жетістігі ерекше орын алады. Критериалды бағалау жүйесі студенттердің өздерінің құзыреттілік деңгейін бағалауын қамтамасыз етіп, жеке мүмкіндіктерін білім беру стандарты, еңбек нарығы талаптарымен сәйкестендіруге үйретеді, олар қазіргі заман талабына сай өзін жетілдіруге ұмтылады.

Білім берудің нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етуде рефлексияны қолдану студенттің жеке дамуының негізі ретінде оларды ойлануға жетелейді, өзінің атқарған жұмысын, оқығандарын жүйелеп, қорытуға мүмкіндік беріп, теория мен тәжірибені ұштастыруға назар аударуға көмектеседі.

Оқытудың зерттеу және іздену технологияларын қолдану студенттерге өз міндеттерін анықтауға, оны іске асыру жолдары мен кезеңдерін жоспарлауға, практикалық тапсырмаларды орындауға, нәтижелерін түсіндіру мен бағалауға ықпал етеді.

Құзыреттілік тұрғыдан қарауды жүзеге асыру білім берудің практикалық бағытталуын күшейтуді, білім алушылардың ойлау әрекетін дамытуды, практикалық дағдыларын қалыптастыруды, шығармашылық, ізденушілік, зерттеушілік және эксперименттік сипаттағы өзіндік жұмыстың үлесін арттыруды жетілдіреді. Олай болса, болашақ мұғалімдерді оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға дайындау бүгінгі күннің басты проблемаларының бірі болып табылады. Мамандықтың ерекшелігіне байланысты, болашақ мұғалімдерді өз пәндерінен оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыруда пәнге тән мүмкіндіктерді пайдалануға дайындау маңызды болып табылады. «Математиканы оқытудағы құзыреттілік дегеніміз - құзыретті ойлауды қалыптастыру, оқыту мен тәрбиелеу үдерісінің бір бөлігі болып табылатын адамның қоршаған ортамен математика заңдылығына негізделген қарым-қатынасын қамтамасыз ететін интеллектуалдық, әрекеттік, эмоционалдық-сезім салаларының жиынтығын қызықты шығармашылық әдістемелер арқылы үйлесімді түрде дамыту, осыған сәйкес оқу-әдістемелік құралдар жасау болып табылады»[6].

Математика пәні бойынша қалыптастырылатын түйінді құзыреттіліктің бірі - *проблеманы шеше білу құзыреттілігі* - оқушының математика пәнінен бағдарламалық материалдарды меңгеру мүмкіндігі арқылы жүзеге асады. Сондықтан, мұғалім әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бағдарламалық материалдарме қатар, оқушының бойындағы жағымды сапаларын түрлі ситуацияда қолдана білуге дағдыландыратын мүмкіндіктерді толық пайдалануы қажет.

Түйінді құзыреттіліктің келесі түрі - *ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік* - ақпарат көздерімен жұмыс істей білу, ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдана білу, олардан қажетті материалдарды іздеп, таба білу, компьютерлік техниканың көмегімен есептеу, сурет салу, жазу және математикалық ақпаратты іздеу, табу және қабылдай білу болып табылады.

Сонымен қатар ақпараттық құралдарды математика сабағына пайдалану алған білімді жүйелеу, жалпы математикаға деген ынтасын арттыру секілді дидактикалық мәселелерді шешуге көмектеседі. Екіншіден, оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруға арнайы мақсатқа сай қолдана білуді игерту болашақ мұғалімдердің ілгеріде атқаратын қызметінде жетістіктерге жетуіне ықпал етері сөзсіз. Сондықтан болашақ мұғалімдерді ақпараттық - коммуникациялық технологияны меңгеріп, өз жұмысында қолдана білуге жоғары оқу орнында арнайы дайындау міндетті болып табылады.

Коммуникативтік құзыреттілік түйінді құзыреттіліктің маңызды түрі болып есептеледі. Коммуникативтік құзыреттілік адамдармен қарым қатынас жасай білуге, оқушы

- мұғалім, оқушы-оқушы, мұғалім-ата-ана сияқты білім беру кезіндегі өзара қарым - қатынасқа құрылады, сонымен қатар заманның талабына сай өзге тілдерді меңгеру арқылы білім кеңістігін кеңейту проблемасын шешуге көмектеседі. Оқушының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда мұғалім оларды ауызша, жазбаша өз ойын жеткізе білуге,

сыни ойлауға және ойын тұжырымдап, өз пікірін дәлелдей білуге дағдыландырып отыру қажет. Сонымен қатар математика пәнінде теоремаларды дәлелдеу, есеп шығару кезінде оқушының қолданылатын формула, теорема және т.б. сауатты тұжырымдай, білімі мен білігін еркін қолдана білуі жазбаша және ауызша математика тілін меңгеруіне назар аударған дұрыс. Коммуникативтік құзыреттілік соңғы кезде кеңінен қолданылып жүрген кіріктіріп оқыту, кіріктірілген сабақтарды ұйымдастыруда да маңызды болып табылады.

Білім беруде оқушылардың *білімдік құзыреттілігін* қалыптастыру ең басты міндет болып табылады. Білімдік құзыреттілік деп оқушының шығармашылық, теориялық, практикалық, кәсіби және ақпараттық-коммуникациялық дайындығының сапалық деңгейі айтылады. Білімдік құзыретті оқушы өзгеге үлгі, ортасының мақтанышы, адамгершілік қасиеттерге ие, өзгені және өзін-өзі дамытуға дайын болады. Оқушылардың білімдік құзыреттілігінің қалыптасқандығы оның кәсіби дайындығының алғы шарты, яғни білімін қажетті жағдайда қолдана білуі, оның білім жағынан өз жас ерекшелігіне қарай жетілгендігі деп түсінуге болады. Біз: «оқушылардың білімдік құзыреттілігін пәннен терең хабардарлығы, практикалық іскерлігі мен дағдылары бар, білімді, өзіне-өзі сеніммен ілгері ұмтылатын, жоғары нәтиже мен сапаға жете алатын тұлғаның интегративті (жүйелі) қасиеті», - деп қарастырамыз [6].

Аталған құзыреттіліктерді тұлға бойына дамытуда мұғалімнің өзіндік құзыреттіліктерінің жан - жақты қалыптасуы өте маңызды болып табылады. Мұғалім оқушының алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда ғана оқушы құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндігі болады. Сондықтан болашақ мұғалім сабаққа мұқият дайындалуы, оқушыларды тек оқулық көлемінде ғана емес, өмірде кездесетін ситуациялық жағдайларға байланысты есептерді шығара білуге үйрету, TIMSS, PISA халықаралық зерттеулер бағдарламалары тапсырмаларын және т.б. бойынша оқушының математикалық сауаттылығын қалыптастыру жолдарын игеруі қажет. Осы тұрғыда математика мамандықтарында элективті пән ретінде оқылатын "Білім берудегі заманауи технологиялар", "Математикалық білім беруді құзыреттілік тұрғыда қарастыру", "Қолданбалы математика облысындағы ғылым мен өндірістің тарихы және әдіснамасы" пәндерінің атқаратын рөлі де ерекше.

Болашақ мұғалімдердің қызметінің табысты болуы оның теориялық біліміне ғана емес, адамдық қасиеттеріне, баланы жақсы көріп, оған үлгі көрсете отырып, тәрбие бере алу шеберлігіне, кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына тікелей байланысты.

Қорыта келе, білім беруге құзыреттілік тұрғыдан қараудың мазмұндық және іс – әрекеттік құрамдары жаңа, біртұтас білім беру нәтижесіне жетуді мақсат етеді. Ал жоғары оқу орындарындағы дұрыс ұйымдастырылған білім беруді басқару жүйесі, оған құзыреттілік тұрғыдан қарау адамдарға сол мүмкіндікті беруге септігін тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007.– Б.16.
2. Барсай Б.Т. Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін университеттік білім беру жүйесінде қалыптастыру: монография / Б.Барсай. – Атырау: "Атырау - Ақпарат" ЖШС, 2016 ж. - 325 б.
3. Койнова Ю.В. Проблема воспитательных отношений в гуманистической психологии//Проблемы воспитания будущего учителя. -Барнаул, 1991. - С.66.
4. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана, 2004.
5. Қазақстан Республикасында 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. - Астана, 2005. -31 б.
6. Барсай Б.Т. Оқу үдерісінде оқытудың белсенді әдістері мен технологияларын қолдану негізінде болашақ мұғалімдердің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру. - Алматы, "Ақпараттық қоғамда математикалық білім берудің мәселелері"

атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары 8 сәуір, 2016. - С.395-400.

Резюме

В статье рассматриваются теоретические и методические аспекты подготовки в ВУЗе будущих учителей к компетентностному подходу обучения математики.

Ключевые слова: будущий учитель, компетентность, подготовка, обучение математики.

Summary

The article discusses the theoretical and methodological aspects of preparing future teachers in the university for the competence-based approach to teaching mathematics.

Key words: future teacher, competence, training, teaching mathematics.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Р.Қ.Қаражігітова
профессор

Г.Ғ.Жұбанғалиева
аға оқытушы.п.ғ.м,

Педагогика кафедрa - лабораториясы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: zhubangaliyevag@mail.ru

Кілттік сөздер: инновация, технология, инновациялық іс-әрекет, шеберлік.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалылық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен құруға мүмкіндік береді. Оқытудың бұрынғы жүйесін сүйемелдеу бағытында ең тиімді технологияларға мыналарды жатқызуға болады: жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы, интерактивті оқыту технологиясы, модульдеп оқыту технологиясы, ойын технологиясы және т.б.

Қазіргі білім беру саласына, яғни біздің алдымызға қойып отырған негізгі міндеттер баршылық. Атап айтатын болсақ, біріншіден, ұлттың бәсекелестік қабілеті оның білімділік деңгейімен айқындалатын және әлемдік білім кеңістігіне толығымен ену, білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруде, білім беру үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін енгізу, электрондық оқулықтар мен мультимедиялық бағдарламаларды тиімді және кеңінен қолдану, білім беру ұйымдарының байланыстарын нығайту.

Білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы, күн сайынғы өзгеріп отырған әлемдік ақпаратқа ілесу, ондағы жаңашыл әдіс-тәсілдерді меңгеріп, пайдалана білу. Жаңа технология арқылы оқу сапасын жақсартып, жеке тұлғамен жұмыс істей отырып, саралап, даралап оқытуға мүмкіндік туады. Оқытудан күтілетін нәтижелер тізбесін негізге ала отырып, әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар беру арқылы жас ұрпақтың білімге деген қызығушылығын арттыруға көптеген мүмкіндіктер бар. Сондықтан да студенттің білімін арттыру үшін сабақта жаңа технологияларды қолдана білу керек. «Технология» гректің «*teché*» - өнер, шеберлік және «*logos*» - ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді. Оқыту технологиясы мен әдістеме бір-бірімен тығыз байланысты ұғым. Олай дейтін себебіміз әдістеме «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?»

деген сұрақтарға жауап іздесе, ал оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді.

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақта пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамыта дамытады, өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері - кезек күттірмейтін өзекті мәселе болып табылады.

Педагогикалық технология педагогикалық шеберлікпен өзара қарым-қатынаста. Педагогикалық технологияны өте жақсы меңгеру дегеніміздің өзі – шеберлік. Бір ғана технология әр түрлі мұғалімдердің басқаруымен іске асады. Бірақ қарап отырсаңыз іске асыру ерекшеліктерінде олардың осы педагогикалық шеберлігі мен кәсіби іскерлігі көрінеді.

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін инновациялық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады. Мұғалім жаңа материалды өте қызықты әрі түсінікті етіп өткізу үшін ең кереті бірден-бір құрал – интерактивті тақта. Интерактивті тақтаны пайдалана отырып, жаңа сабақ барысында қосымша қызықты материалдарды ұсынуға, көлемді қиын тақырыптарды тірек-сызбалар арқылы жеткізуге, өзінің жаңа идеяларын тартымды да әсерлі етіп өткізуге болады.

Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру 3 кезеңнен тұрады:

Кәсіби даярлық кезеңі, кәсіби білім алу кезеңі, инновациялық білім алу кезеңі.

Мұғалім кәсіби даярлықты педагогикалық жоғары оқу орнынан игерсе, кәсіби білімді жұмыс орнынан, тәжірибе жинақтау барысында меңгереді., ал инновациялық білімді педагогикалық жоғары оқу орны, облыстық, аймақтық, республикалық педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарынан, қайта даярлай институттарынан, инновациялық педагогикалық оқулардан, курстардан, семинарлардан, практикум, конференция, форумдардан алады.

Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың теориялық мазмұны біртұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, педагогикалық рефлексия мен өзіндік рефлексияны жүзеге асыра алу сияқты жұмыстардың негізін ашуды, үйренуді мақмат етеді

50-жылдары Нью-Йорк университетінің профессоры Скиннер білім беру үрдісі мұғалімнің жеке тұлғасының деңгейімен тікелей байланысты деген болатын. Қазіргі кезең осы ғалым сөзінің дұрыстығын дәлелдеп отыр. Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби жетілуінің ең басты жағдайы оның сана-сезімінің жоғары психологиялық-педагогикалық деңгейге келуі. С.Л. Рубейнштейннің айтуы бойынша, жалпы сана-сезімнің қалыптасуы дегеніміз – әркімнің өзінің өмірлік жолын анықтауы болып табылады.

Инновациялық іс-әрекет – педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру үрдісі. Педагогтың инновациялық іс-әрекетінің қалыптасуы негізінен өзінің жеке қасиеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, қабылдау қабілетімен сипатталу және жаңа ғылыми идеялар мен басқалардың тәжірибесімен хабардар болу сияқты мәселелермен ерекшелену.

Міне, осы орайда ҚР Білім және Ғылым Министрлігі әзірлеген «ҚР жаңа тұрпатты педагогінің үздіксіз педагогикалық білім тұжырымдамасы» мен «ҚР жаңа тұрпатты педагогінің үздіксіз педагогикалық білімі тұжырымдамаларында» жаңа қоғамдағы мұғалім моделінің үлгілері көрсетіліп берілді. Жоғары педагогикалық мұғалімдерге қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды.

Қорыта келе инновациялық білім берудің нәтижесінде оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны меңгерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, инновациялық білім беру құралдарымен соның ішінде аудио-видео, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер-

мультимедиялық құралдар және инновациялық веб-сайттармен жұмыс жасай білетін шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев. - Астана, Ақорда (2014.14.01. Берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
2. Өстеміров. К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы: Казпрофтех, 2007. - 144 б.
3. Өстеміров. К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. - Алматы: АГТУ, 2006. - 108 б.
4. Жанпейсова М. М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.
5. Бұзаубақова К. Ж. Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы. - Алматы: Жазушы, 2004. - 208 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы совершенствования инновационной подготовки учителя. Акцентируется внимание на использование в учебно-воспитательном процессе современных методов и приёмов обучения и воспитания.

Summary

This article deals with the issues of improving innovative teacher training. The use of modern methods of learning and teaching techniques in educational process has been emphasized.

МҰҒАЛІМДЕРГЕ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕР КЕРЕК

Д.Рахымбек

Математика кафедрасының профессоры

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Қазақстан. Шымкент қ.

E-mail: rakhymbek_d@mail.ru

Түйіндеме

Қазіргі кезде мұғалімдердің педагогикалық және әдістемелік еңбектерінде пәннің ұғымдар жүйесін, амалдарды, ережелер мен заңдылықтарды т.б. білімдерді меңгеруге байланысты әдістемелік жүйені жетілдіру мен оның жаңа жолдарын іздестіру сөз болмайтын болды. Мұғалімдер ғана емес әдіскерлер де пәндік материалдарды оқытудың әдістемесін назардан тыс қалдырып қойды. Сондықтан мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік әдебиеттер керек.

Кілттік сөздер: мұғалімнің әдістемелік жетілуі, оқытудың жаңа әдістері, дәстүрлі оқыту әдістері, оқу-әдістемелік әдебиеттер.

Қазіргі кезде оқыту үдерісінде жаңа (инновациялық) немесе заманауи әдістерді пайдалануды кең түрде насихаттап жатады. Бірақ, мектептегі мұғалімдердің түгелге жуығы оқыту тарихында жинақталып, әдістемелік әдебиеттерде жазылған, мектеп тәжірибесінде сыннан өткен, нәтижелілігін көрсеткен оқыту әдістері мен тәсілдерін пайдаланып күнделікті сабағын өткізіп те жүр. Неге дейсіз ғой?

Себебі жана деп жүрген әдістердің өзі тіптен «жап-жана» емес. Екіншіден, сабақта жаңа әдістерді жиі қолданылатын болса болды, оқу сапасы жақсрып кете береді екен деп айту да орынсыз. Оқушылар білімін бағалайтын Халықаралық (PISA, TIMSS, т.б.) зерттеулер

оқушылардың нақтылы білімдерді игерген, игермегенін және ол білімдерді қолдана білуін есепке алады. Сондай-ақ математика саласы бойынша жоғары педагогикалық білім беру жүйесі мен болашақ математика мұғалімін дайындау сапасын бағалау жөніндегі Халықаралық – TEDS-M (Teacher Education Study in Mathematics) зерттеулері мұғалімінің кәсіптік машықтарын тексеру үшін де инновациялық әдістер, жаңа оқыту технологиясы, модельдеп оқыту және т.б. аса маңызды емес. Онда да оқыту үдерісінде пайдалынатын қандай әдіс болмасын пәндік білімдерді оқушылардың игеруін қамтамасыз етуі тиіс дегенді басшылыққа алады.

Зерттеушілер өткен ғасырдың 60-70 жылдары оқушылардың білім дәрежесінің жоғары болғанын айтып жүр. Оның бірден бір себебі, 50-60 жылдары мектеп оқулықтарына қосымша, оқушы білімдерін тиянақтайтын және оны тереңдете түсетін кітаптар мен кітапшалар көптеп шығарылды. Мұғалімдердің теориялық және әдістемелік білімдерін жетілдіру мақсатында мектеп бағдарламасының әрбір бөлімін оқытудың теориялық және әдістемелік жақтарын ашуға бағытталған көптеген әдістемелік құралдар мен кітаптар жарық көрді. Шет елдерде жарық көрген теориялық және әдістемелік әдебиеттер де назардан тыс қалған емес.

80-90-ші жылдардан бастап оқушылардың білім дәрежесі күрт төмендеп кеткені де тілге тиек болуда. Оған себептер де көп болды: мектепте математикалық білім беруді модернизациялау ісіндегі кемшіліктер, жалпыға бірдей орта білімге көшу кезінде әрбір мектеп оқушысына оның қалай үлгергеніне қарамай орта білім туралы аттестат берілуі, мектеп бағдарламасының жиі өзгеріске ұшырауы салдарынан оқулықтар сапасының нашарлауы, мектеп оқушыларына қойылатын талап әлсіреп, оқушы үлгерімі үшін тек мұғалім ғана жауапты болуы т.б. Ең бастысы мектеп бағдарламасының нақтылы оқу материалдарын оқыту мәселесі назардан тыс қалғаны болатын.

Мектепте оқыту сапасын жақсарту мұғалімнің қолында оқу-әдістемелік әдебиеттердің жеткілікті қоры болғанына тікелей байланысты. Ондай қор біздің мұғалімдерде өте мардымсыз. Кейінгі 20-30 жыл төңірегінде студенттерге арналған біршама әдістемелік педагогикалық әдебиеттер жарық көргенімен, мұғалімдерге арналып шыққан оқу-әдістемелік құралдар жоққа тән. Әсіресе пәндерді оқыту әдістемесіне байланысты оқу-әдістемелік құралдардан тапшылық көріп отырған да жағдай бар.

Ертеректе, бізде психологиялық-педагогикалық және мектепте пәндерді оқытуға арналған біраз оқу-әдістемелік құралдар жарық көрген. Мәселен, математиканы оқытуға байланысты оқытудың жалпы әдістемесіне байланысты қазақша бірнеше кітаптар бар: А.Собалақов (1962), Ә.Бидосов (1989), А.Көбесов (1989), С.Елубаев (1996), А.Әбілқасымова, т.б. (1998). Алайда бұл кітаптар қазіргі кезде математика мұғалімнің қолына түсе бермейді.

Математика мұғалімдеріне арналып өткен ғасырдың екінші жартысында жарық көрген Ш.Омашевтың (1966), М.Исқақовтың (1967-1972), Ә.Нысанбаевтың (1973), Б.Бектаевтың (1974), Б.Баймұқановтың (1983), М.Есмұқановтың (1976),(1988), т. б. кітаптарының құндылығы қазіргі кезде де жоғары. Математика мұғалімінің әдістемелік және әдіснамалық даярлығын шыңдауға тигізер әсері мол мұндай кітаптарды қайта басып шығарса болар еді. Бір өкініштісі бізде ондай қызмет түрі жоқ.

Осындай жағдайлар мектептегі барлық оқу пәндерінің басында бар.

Кітап болмаса, оны оқымаса, мұғалім оқыту әдістемесін қайдан білсін? Мұғалімдердің теориялық және әдістемелік білімдерін жетілдіру мақсатында мектеп бағдарламасының әрбір бөлімін оқытудың теориялық және әдістемелік жақтарын тереңірек ашуға бағытталған қазақша оқу-әдістемелік құралдарды жоспарлы түрде көптеп баспадан шығарып мұғалімге қол жетімді бағамен сатып отыру керек.

Қазір кітап қымбат, оны мұғалімдер сатып алуға қиналады, ал кітап жазғандардың, оны шығаруға қаржысы жоқ. Мұғалімдерді де, әдістемелік еңбек жазағандарды да мемлекет тарапының қолдау көрсетсе қандай жақсы болар еді! Мұғалімдерге қажетті кітап шығару мәселесін «барлығын нарықтық қатыныстар өзінен өзі шешеді» деп «ұзын арқау кең тұсауға» сала беруге де болмайды.

Соңғы кездерде ақпарат құралдарында мектепте оқыту сапасын көтеру үшін тұлғалық-бағдарлы білім беру, саралап және даралап оқыту, инновация, жаңа технология, топтап, жұптап оқыту т.б. келістер (подходы) мен әдіс-тәсілдерді пайдалану керек деп кең түрде айтылып та, жазылып та жүр. Тек қана осындай оқыту әдістерін пайдаланса еркін ойлай алатын, шығармашыл тұлға қалыптасады деп сендіруге тырысатындар да жеткілікті.

Осындай жағдайлардың нәтижесі болса керек, өкінішке орай, мұғалімдердің педагогикалық және әдістемелік еңбектерінде пәннің ұғымдар жүйесін, амалдарды, ережелер мен заңдылықтарды т.б. білімдерді меңгеруге байланысты әдістемелік жүйені жетілдіру мен оның жаңа жолдарын іздестіру сөз болмайтын болды. Мұғалімдер ғана емес әдіскерлер де пәндік материалдарды оқытудың әдістемесін назардан тыс қалдырып қойды.

Мұғалімдердің білімін жетілдіру курстары да сол сарынмен кетіп бара жатқан сияқты. Мәселен, Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының үшінші (негізгі) деңгейдегі «Мұғалімге арналған нұсқаулықтың» («Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012) сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негізделген Бағдарламасын алайық. Бағдарлама Англияның Кембридж университетінде дайындалған. Мұнда сындарлы оқытудың мақсаты ретінде, бірінші кезекке оқушылардың «пәнді терең түсінуін дамыту» мәселесін қояды. Бұл өте дұрыс. Алайда бағдарламада пәннің ұғымдар жүйесін қалыптастыру, ережелер мен заңдылықтарды игеру, оларды тиянақтап бекіту мен іс-тәжірибеде қолдануды іске асыру т.б. туралы әдістемені жетілдіру мен оның жаңа жолдарын іздестіру туралы сөз етілмейді.

Кез келген мұғалім өз пәнін жетік білген және оқытудың әдістемесін жақсы меңгерген болуы тиіс. Ол ұсынылып жатқан заманауи инновациялық әдістерді қолдану арқылы қандай нәтижеге қол жеткізуге болатынын анықтап, таңдау жасауы керек. Бұрынғы және қазіргі білім беру тәсілдерін салыстыру үшін оған оқу-әдістемелік әдебиеттер жиынтығы қажет болады. Өкінішке қарай, біз осы жағынан ақсап жатырмыз. Кейінгі жылдары мектеп оқытушыларына арнап шығарылған әдістемелік оқулықтар жоқтың қасы деуге болады.

Кембридж тәсілінде сыни тұрғыдан ойлауға, топтап, жұптап және диалог арқылы оқытуға басымдық беріледі. Шетелдік әдісті насихаттаушылар бұларды біздің оқыту үдерісімізде бұрын-соңды болмағандай етіп көрсеткісі келеді. Мәселен, диалогты алайық. Мұны әрбір сабақта қолдану мұғалімнің бірден-бір міндеті болып табылады. Бұл бізде бұрыннан бар. Соңғы кезде оқушыларды қосымша сабақтарға қатыстыру, қатемен жұмыс істеу, т.б. күнделікті сабақ барысында қолданып жүрген әдістеме де «Кембридж әдісі» деп қарастыратын болдык.

«Кембридж әдісінде мұғалім сабақты түсіндіріп жатпай-ақ, қысқаша мәлімдеп, бағыт-бағдар көрсетеді. Жаңа тақырыпты балалар өздері ортаға салып, талқылайды» дейміз. Егер де өтілетін тақырып күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстарына, өсімдіктер әлеміне, жануарлар дүниесіне байланысты болса, онда сабақты осы тәсіл арқылы жүргізген әлдеқайда тиімді. Қажет болған жағдайда дәрісте жаңа тақырыпты қысқаша мәлімдеп, балаларға бағыт-бағдар көрсетіледі. Алайда, мұндай әдіс барлық сабақта оң нәтиже бере бермейді. Өйткені, оқушылар бірінші кезекте өтілетін сабақты жақсы түсініп алуы керек. Ол үшін олар мұғалімді ыждағаттылықпен тыңдауы тиіс. Математика пәнінің мұғалімі «Квадрат теңдеуді шешу» атты жаңа тақырыпты қысқаша мәлімдеп, оны шешудің жолдарын жәй көрсетіп қойды делік. Бұдан оқушылардың барлығы квадрат теңдеуді шешуді меңгере ала ма? Ұстаздар мұндай күрделі тақырыпты бір сабақ барысында түсіндіріп, оқушыларға толықтай жеткізе алмайды. Сол үшін оқушылармен деңгейлік тапсырмаларды орындауды ұйымдастырып, қатарға ілесе алмай жатқан балалармен қосымша жұмыс жүргізеді. Бұл жерде дәстүрлі оқыту әдістемесі жүзеге асырылмаса, нәтижеге жету қиын.

Қандайда бір әдісті мектепке енгізбес бұрын оның бұрынғылардан артықшылығы дәлелденуі керек. Кембридж тәсілі оқушылардың үлгерімін жақсартты ма? Жаңа оқыту әдісіне байланысты жазылған материалдардың бірде-біреуінде сабақты осы әдіспен өтудің үлгісі көрсетілмеген. Газет-журналдарға жарияланған мақалалардың барлығында Кембридж әдісін пайдалансақ, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу және ойлау қабілеттерінің

артатыны жазылған. Бірақ мұғалімдердің сабақ жоспарында балаларды бірлесіп жұмыс істеуге, тақырыпқа сәйкес қандай да бір мәселені шешуге, одан қорытынды шығаруға, жіберілген қателіктерді түзетуге ұмтылдырғаны туралы ештеңе қамтылмайды. Барлық сабақ жоспарлары сыныпты төрт топқа бөліп, оларға тапсырмалар үлестіріп беруге құрылады.

Республикамыздағы педагогикалық мамандықтар дайындайтын ЖОО-да студенттерге арналған біршама оқу-әдістемелік құралдар шығарылуда. Бұл құралдардың мұғалімдердің әдістемелік шеберлігінің жетілуіне де игі әсерін тигізетіні даусыз. Бірақ ол шығарылған кітаптар ЖОО ішкі қажеттілігін ғана қанағаттандырады. Мұғалімдердің қажеттілігін өтей алмайды.

Біз Қазақстанда, бірінші болып, математиканы оқытудың дербес әдістемесінен кітаптар жаздық: «Математиканы оқыту әдістемесі: Арифметика, алгебра және анализ бастамалары.» (2006, 2016), «Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін оқыту әдістемесі» (2012), «Геометрияны (планиметрияны) оқыту әдістемесі» (2015), «Геометрияны (стереометрияны) оқыту әдістемесі» (2015). Ол кітаптар М.Әуезов атындағы ОҚМУ және «Эверо» баспасынан шыққан. Бұл кітаптарды мектеп мұғалімдері бізден сұрап келеді. Әсіресе геометрияны оқыту әдістемесін мұғалімдер көп сұрайды. Ал біздің мұғалімдерге бере қоятын артық кітабымыз жоқ.

Республиканы былай қойғанда, біздің Шымкент қаласындағы ЖОО өзінде осындай оқу әдістемелік құралдардың жарық көргені жайында мектеп мұғалімдері біле бермейді. Мектептегі мұғалімдердің әдістемелік біліктілігіне жауапты адамдардан бастап, аудан, облыс көлеміндегі әдістемелік мәселелерге жауапты қызметкерлер осындай еңбектер бар екендігінен бейқабар болса керек. Олар жоғарыдан ұсынылып жатқан мектепте оқыту үдерісін ұйымдастыруды жақсартуға шартты түрде ғана әсері бар, нақтылы пәндерді оқытуда пайдасы өте мардымсыз әдістердің аяғын жерге тигізбей дәріптуде.

Он екі жылдық оқу жүйесіне көшу жағдайында мектептерге ең қажеттісі мектеп курсының әр түрлі бөлімдерін тереңірек баяндайтын оқушыға арналған кітаптар, есептер жинағы, тапсырмалар мен жаттығулар топтамасы т.б. Қазақ тілінде ондай құралдар жоқтың қасы.

Оқушыны өздігінен ізденістер жасауға үйрету мәселесі күн тәртібіне қойылып жатады, бірақ оны жүзеге асыру үшін кітап керек екендігін ескеру керек-ақ. Кезінде мектепте төменгі сынып оқушыларының математикаға деген қызығушылығын оятуға көп көмегін тигізетін Қ.Нұрсұлтановтың «Ертегі есептер», С. Елубаевтың «Қазақтың қара есептері», Абдуллаева И.М., Көкеновалардың «ІҮ-ҮІІ кластарда математикадан жүргізілетін кластан тыс жұмыстар» (1974), Қ.Қаңлыбаев т.б. қаламдастығымен шыққан математикадан үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және өткізуге арналған кітаптарды қазіргі мұғалімдер таппайды.

Ресейде Перельманның кітаптары бүгінге дейін қайта-қайта басылып шығуда. Оның «Жанды математика», «Қызықты алгебра» деген кітаптары қазақ тілінде бар, бірақ бұдан 30-40 жыл бұрын шыққан бұл кітаптар мұғалімнің қолына қайдан түсе қойсын?

Қайта басылып шықса, ардақты менің ұстаздарым Қ.Б.Бектаев, А.И.Мостовой. С.Е.Тілуқабыловтардың «Математикалық кеш» (1967) кітапшасы талай мұғалімді мектепте математикалық кеш өткізуге үйреткен болар еді.

Мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шеберлігін жетілдіру керек дейміз. Ол үшін мұғалімдерді білім жетілдіру курстарынан өткізумен шектелу жеткіліксіз. Алдымен мұғалім жеткілікті оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуі керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ә.Бидосов. Орта мектепте математиканы оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 224 б.
2. Әбілқасымова А.Е., Көбесов А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә С. Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Білім, 1998. – 208 б.
3. Қожабаев К. Математиканы оқыту әдістері. –А.: Санат, 1998. - 104 б.

4. Көбесов А. Орта мектептерде математиканы оқыту методикасы. –А.: Қазақ университеті, - 1989. – 86 б.
5. Елубаев С. Орта мектепте математиканы оқыту әдістемесі. А.:Рауан,1996.
- 6.Баймұханов Б.Б. Математика есептерін шығару. –А.: Мектеп,- 1988 б.
- 7.Кенеш Ә.Математикалық ұғымдарды оқыту негіздері. -А.: РБК,1998. -104 б.
- 8.Чакиликова С.Е. Математикадан қосымша әдебиеттерді пайданудың кейбір мәселелері. А.: Мектеп, 1985.
- 9.Рахымбек Д. Арифметика, алгебра, анализ бастамаларын оқыту әдістемесі. /Оқулық/ - Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ баспа орталығы 2016. – 432 б.
- 10.Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. Мектеп геометрия (планиметрия) курсы оқыту әдістемесі: Оқу құралы. / Д. Рахымбек, Ә.С.Кенеш –Алматы: Эверо,2015. – 320 б.
11. Рахымбек Д., Бейсеков Ж., Мадияров Н.К. Мектеп геометрия (стереометрия) курсы оқыту әдістемесі: Оқу құралы / Д. Рахымбек, Ж. Бейсеков, Н.К.Мадияров – Алматы:Эверо, 2015. – 208 б.

БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Ғалымжанова М.А.

*«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» филиалы
Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты директоры, п.ғ.к., профессор,
Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі
Қазақстан, Атырау қ.*

E-mail: mgalimzhanova@mail.ru

Қазіргі таңда Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне енуі аясында педагогтің жеке тұлға ретіндегі бейнесі, оның кәсіби біліктілігі айрықша мәнге ие болуда. Оқу орнындағы педагог білім беру үрдісін жаңартудағы басты тұлға. Бүгінгі өмір талабына лайық білім беру жүйесін модернизациялау үрдісі қарқынды жүргізіліп жатқандығын бүгінгі таңда айтып жату да артықтау сияқты. Бұл бағыттағы игі істер ел дамуының стратегиялық міндеттерімен, «Мәңгілік ел» идеясымен ұштасып жатқаны айқын. «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығыраққа тірелері анық» деген ойды ел Президенті бекер айтпаса керек.

Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуға бет алысы білімге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Қазіргі жағдайда қоғамның білім деңгейі мен интеллектуалдық әлеуеті ұлттық байлықты құрайтын маңызды сипатқа ие. Болашақ ұрпағымыздың білімділігі, кәсіби икемділігі, шығармашылыққа талпынысы және қолайсыз жағдайларда әрекет ете білуі еліміздің дамуына, тұрақтылығына және қауіпсіздігіне негіз бола алады.

Оған сапалы білім, оқушының оқуға және білімін өмір бойы жетілдіруге дайындығы – еліміздің бүгінгі әлемдегі бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды факторы, негізгі алғышарт болып табылады.

Білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселесі - аса өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Қазіргі білім беру мекемесінде қайсыбір өзгерістер орын алмасын, ол ең алдымен мұғалімдер тұлғасының ерекшеліктерімен байланысты болмақ. Жаңа мазмұндағы бағдарламалармен біліктілік арттыра отырып, білім беру мазмұнын жаңартуға үлес қосу. Әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және қоғам қажеттіліктеріне сай заманауи көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық үлгісін

қалыптастыра отырып, уақыт талабына лайық жауапты, сапалы, білікті, құзіретті педагогты қалыптастыру көзделеді.

Біздің басты міндетіміз-шетелдік және отандық тәжірибелерге сараптама жасау мен аймақтық ерекшеліктерді негізге ала отырып, педагогтардың біліктілігін арттыру болса, педагог мамандардың біліктілігін арттырудың құзіреттілік көзқарасы негізінде құрылған ұзақ мерзімді модульдік бағдарламаларын енгізу; біліктілікті арттыру жүйесіне инновациялық және ақпараттық технологияларды енгізу бағытында қазақстандық және шетелдік ғалымдарды тарту арқылы ғылыми-теориялық, психологиялық-педагогикалық, мониторингтік зерттеулер жүргізу негізінде қажеттіліктерін зерделеу және шұғыл түрде қанағаттандыру жүзеге асырылуда. Біліктілік арттыру курстары осы кезге дейін мектепке дейінгі тәрбие мен білім, инклюзивті білім беру, қосымша білім беруде қызығушылықты дамытудың тәсілдері, білім берудегі менеджмент, өзін-өзі тану, шағын жинақталған ұйымдарда білім беру үрдісін ұйымдастыру, ағылшын тілін ерте жастан оқыту, дінтану, жаратылыстану-математикалық бағыты пәндерінің мазмұны мен оқыту әдістемесі, қоғамдық-гуманитарлық бағыты пәндерінің мазмұны мен оқыту әдістемесі, АКТ және техникалық және кәсіптік білім беру бағыттары бойынша жүріп келді. Жылда 3500 шамасында маман біліктілікті арттыру курсынан өтіп шыңдалды. Қазіргі уақытта сапаға көңіл бөлініп, жаңашылдық басымдылығы күшейіп, сонымен қатар жаңарған және жаңартылған білім беру модульді бағдарламалармен жұмыс жүргізіледі. Өзірлемелердің модульдік тәсілі курстардың мазмұнының жаңаруының тиімді жолы. Қазақстан білім беру үдерісіне білім сапасын өзгертудің өзекті мәселелерінің бірі–жаңартылған білім бағдарламасының енуі. Жаңартылған білім беру бағдарламасы–заман талабына сай болашақ ұрпақтың жан-жақты құзіреттілігін қалыптастыратын өзекті бағдарлама.

Педагогика - ақиқат ғылыми көзқарас болып есептелетін және объективтік дүниені танудың, білудің және ғылыми білімнің дамуының бірден-бір әдісі болып саналатын философия негізінде дамиды. Біздің елімізде тәрбиенің, білім берудің, оқытудың бір ізді жүйесі құрылған. Педагогика – үнемі дамып отыратын ғылым. Тәрбие мен білім берудің барлық салаларына ғылыми болжам жасау мақсатында және негізгі мәселелерді ғылыми – теориялық, тәжірибелік жағынан терең талдау үшін педагогика ғылымында мынадай зерттеу әдістерінің жүйесі қолданылады.

Педагогикалық құзырлық түсінігі. «Құзырлық» сөзі «құзыр» сөзінен алынған туынды сөз екендігіне баса назар аударамыз. Бұл туралы қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) – жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген. Ал Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында (6 том, 96 б.) «құзырет (компетенция)» – нақты органның не лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы деп көрсетілген. Латын тілінен аударғанда «құзырлық – өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады. Енді осы ұғымдардың мәнін тереңірек талдайтын болсақ, онда «құзыр» – тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білімі, біліктілігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы, ал «құзырлық»–адамның іс-әрекеті саласына сай құзырлықтарды меңгеруі. Бұл екі ұғымды керек болған жағдайда бөліп қарастырады. Мысалы, құзырлық оқушылар дайындығына алдын-ала қойылатын талаптарды, ал құзыреттілік олардың қалыптасқан тұлғалық сапасын және белгілі бір саладағы іс-әрекетке қатысты жинақталған тәжірибесін айтады.

Педагог іс-әрекеті білім саласында кәсіби міндеттерді шешуге бағдарланады. Іс-әрекетін бағдарлау педагогтың интеллектуалдық қабілетіне байланысты, қандай білім мен іскерліктерді игерген, педагогтың кәсіби міндеттерін эвристикалық жолмен шеше алуы, оқыту технологияларын қаншалықты меңгергендігіне байланысты айқындалады. Іс-әрекеттің бұл кезеңі педагог құзыреттілігінен шешіледі.

Құзырет - өкілетті қызмет адамы, сол салада оның сәйкес білімі, танымы болуы қажет және жауапты шешімдерді қабылдауға құқылы. Құзыреттілік – жұмыскердің өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті.

Біліктілік – адамның қандай да бір кәсіби- еңбек қызметін орындауға деген дайындық деңгейі немесе біліктілік – кәсіпті меңгеру деңгейі. Біліктілік мінездемесі – қандай да бір біліктілік деңгейі бар нақты бір кәсіп маманы оны игеруге қажет білім, білік және дағдыларға қойылған талаптар тізімі белгіленген мемлекеттік құжат.

Навыки можно сформировать только в практической деятельности, с помощью упражнений в процессе обучения. Без целенаправленной деятельности ни умения, ни навыки формироваться не будут. Поэтому первостепенной задачей при переходе на обновленное образование является активное творческое начало педагога [3].

Исследовательские и познавательные способности наиболее успешно формируются при следующих условиях:

- чётко заранее определённых целях учебной деятельности, т.е. в смысле результатов действий и упражнений (каких показателей необходимо достичь в процессе их выполнения);
- понимание правил и последовательности действий, направленных на достижение целей деятельности;
- ясном представлении техники выполнения и их конечно результата (наличие образа, который необходимо достичь);
- постоянном контроле качества деятельности, путем обработки результатов;

- своевременном обнаружении ошибок в процессе учебной деятельности и внесение поправок при дальнейшей деятельности;
- наличие отчетливо осознанного стремления к совершенствованию осваиваемых действий.

Обучение исследовательским умениям и навыкам должны осуществляться на доступном уровне для младшего школьника восприятия, а само исследование быть посильным, интересным и полезным. Навыки, сформированные в процессе пробных и основных упражнений, в дальнейшем продолжают совершенствоваться на практике. В будущем умения становятся профессиональным мастерством.

Развитие исследовательских умений у младшего школьника дает:

- возможность освоения методов исследования и использование их при изучении материалов любых дисциплин;
- возможность применения полученных знаний и умений в реализации собственных интересов, что способствует дальнейшему самоопределению учащихся;
- возможность развития интереса к различным наукам, школьным дисциплинам и процессам познания в целом.

Исследовательскую деятельность младшего школьника можно организовать на трех уровнях: *школьном, учебно-исследовательском и научно-исследовательском.*

Первый уровень позволяет привлечь учащихся, но тематика при этом довольно простая, а работа представляет собой просто поиск информации по первоисточникам (книги, энциклопедии, интернет)

Второй уровень обязательно требует помимо умения работать с первоисточниками также проведения экспериментов, накопления данных для построения таблиц, кластеров, графиков и диаграмм.

Третий уровень требует не только практической значимости выбранной темы, но и новизны в ее разработке, т.е. своих логических умозаключений, собственных предложений по проведению эксперимента и трактовке его результатов.

Таким образом, исследовательская деятельность младшего школьника – это действия поискового характера на уроках, которые ведут к открытию неизвестных для учащихся фактов, теоретических знаний и способов деятельности.

Практика моей работы в школе с детьми младшего школьного возраста по программе обновленного образования Республики Казахстан, с использованием исследовательской деятельности учащихся на уроках показала, что исследовательский метод позволяет активизировать мыслительную деятельность учащихся, повышает их интерес к изученной теме и приводит к хорошему усвоению нового материала.

Список литературы:

1. Антоненко, Т. Е. Приемы занимательности на уроках математики / Т. Е. Антоненко // Начальная школа. 2008. №4
2. Братанова, Т. А. Методика организации игр-исследований с младшими школьниками / Т. А. Братанова // Начальная Школа. 2008. № 5.
3. Савенков, А. И. Психология исследовательского обучения / А. И. Савенков // Москва, Академия развития. 2005 г.
4. Государственный Образовательный Стандарт Образования Республики Казахстан

Кілттік сөздер: ғылыми-зерттеу қызметі, зерттеу қабілеті, жаңартылған білім, бастауыш сынып оқушысы.

Key words: research activity, research ability, renewed education, junior schoolchild.

БІРЛЕСКЕН ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ

Ф.Ж.Тұржігітова

Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: gaitur@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада топтық жұмыстардың пайдасы мен оның тиімділігі, бірлескен оқу ортасын құрудағы маңызы туралы мұғалімдер үшін құнды кеңестер берілген. Оқушыларды және студенттерді заманның талаптарына сай жеке тұлға ретінде қалыптастыруда күнделікті сабақтарда бірлескен топтық жұмыстарды ұйымдастырудың пайдасы зор деген пікір айтылады.

Кілттік сөздер: интербелсенді әдістер, жұптық және топтық жұмыстар, кері байланыс

Интербелсенді оқу дәстүрлі оқытудың негізгі идеялары мен ұстанымдары болып келген авторитарлық пен үстемдікті, үйретушінің мызғымас беделін, монологты, сырттан (үйретуші тарапынан) күштеуді демократиялық коммуникациямен алмастырады.

Іскерлік пен ынтымақтастыққа, үйренушілердің мүдделері мен қызығушылығын ескеріп, өзара силасымдылық пен тәуелділікке, бірлескен іс-әрекеттерге негізделген мұндай қарым-қатынас үйренушілерге саналы және ерікті түрде білім ауқымын айқындап, оқу/үйренудің нысандары мен әдістерін өздігімен тандау мүмкіншілігін беру арқылы олардың өз біліміне деген жауапкершілігін нығайтады. Сол себепті интербелсенді оқуда/оқытуда келесі шарттарды қадағалау міндетті деп тану керек:

- жағымды психологиялық орта орнату,

- үйренушілерде білім игеруге деген қызығушылықты (мотивация, ынта, ұмтылыс)

тудыру,

- білім игеруде үйренушілерді сәттілікке бағыттау,

- білім игеру процесін коммуникативтік процесс деп түсініп, бірлескен әрекеттерді қолдану. [1, 77- бет]

Біздің міндетіміз университеттің педагогикалық мамандықтарында білім алып жүрген болашақ мұғалімдерге проблемалық оқыту, топпен жұмыс, өзара оқыту, практикалық және шығармашылық жұмыстар, ізденіс әдісі (іздеуді, қосымша материал қолдануды қажет ететін есептерді шешу), зерттеу әдісі (мен не білемін, нені білгім келеді, неге үйрендім), саралап оқыту, АКТ қолдану, құндылықтарға бағытталған оқыту, жеке тұлғаға бағытталған оқыту сияқты жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер мен стратегияларды, яғни қазіргі кезеңде оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыруды үйрету.

Осы мақсатта жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып, кейбір сабақтарымды топтық жұмыс түрінде өткіземін.

Топтық жұмысты қолданғандағы мақсатым:

- студенттерді белсендендіру,

- студенттерде өз бетімен ақпарат табу дағдыларын қалыптастыру,

- студенттердің бойында коммуникабельдік қасиеттерді қалыптастыру,

- студенттерді ізденіске баулу,

- бір-бірінің пікірін тыңдауға үйрету,

- бір-біріне көмектесуге баулу,

- бірлесіп жұмыс жасауға дағдыландыру,

- жауапкершілікке тәрбиелеу,

- аудиторияның алдына шығып, сөйлеуге дағдыландыру,

- бірлесіп жұмыс жасауға үйрету,

-көшбасшылыққа баулу

болды.

Топтық жұмыстың тиімді жақтары өте көп екендігіне менің көзім жетті. Өйткені, тәжірибе барысында байқағаным, студенттердің бұрынғыға қарағанда белсенділіктері әлдеқайда артты. Ол әсіресе жаңа тақырыпқа байланысты топтарға тапсырмалар берілген кезде немесе тапсырманы шапшаң, жылдам орындау керек болған кезде байқалды. Топпен жұмыс жасаған студенттерге де ұнады. Мұны сабақтар өткізген топ студенттеріне жүргізілген сауалнамаға олардың берген жауаптарынан көруге болады.

Топтық жұмыстың тиімсіз жақтары да бар. Менің ойымша, әр топ студенттері тек өздеріне берілген тапсырманы ғана толық меңгеріп, басқа топтың тапсырмаларын жете меңгермей қалады. Топтық жұмыс кезінде кететін кемшіліктерге мынаны жатқызуға болады:

а) әр топта тек көшбасшы студент көбірек жұмыс жасап, топтың кейбір студенттері белсенділік танытпайды;

ә) әр топ студенттері кейбір кезде тек өздерінің қорғаған материалдарын мұқият тыңдап, қалған топтардың жұмыстарын немқұрайлы тыңдайды;

б) әр топтың жұмыс жасау жылдамдығы әртүрлі болғандықтан, кейде берілген уақытта топтар тапсырмаларын орындап үлгермей қалып, оқытушының жұмыс жоспарына кедергі келтірген жағдайлар орын алады.

Мысалға, математика мамандығы 3 курс студенттеріне «Математикалық есептерді шешу практикумы» пәнінен «Кері тригонометриялық функциялардың қасиеттері мен графиктері» тақырыбында өткізген сабағымда әр топ мүшелері өздеріне берілген функцияның қасиеттері мен графиктерін жүйелеп флипчартқа түсіру тапсырылды. 1-топқа «Фиш боун» тәсілі, 2-топқа «Венн диаграммасы», 3-топқа «Кемпірқосақ», 4-топқа «Кластерлер» тәсілі ұсынылды және 10 минут уақыт берілді. Постерлер «Галереяға» ілініп, әрбір топтың спикері топтың атынан өздеріне берілген функция туралы айтып, топтар тыңдаған постерге «екі жұлдыз, бір тілек» жазулары керек еді. Тапсырманы орындау барысында 2 және 4-топ мүшелері берілген уақытқа үлгермей, 5-10 минут уақыт артық пайдаланды. Міне, осындай жағдайлар оқытушыға жұмыс барысында өзінің іс-әрекетіне өзгерістер енгізуді талап етеді.

Жұмыс барысында кім қалай жұмыс жасап жатыр, кім қандай идея айтып жатыр, әңгіме қай бағытта өрбіп жатқаны оқытушының бақылауында болуы керек. Топтық жұмыс кезінде топ мүшелеріне қолдау көрсету мақсатында: «Бұл туралы сен не ойлайсың?», «Бұл есепті қандай әдіспен шығарып бастадыңыз?», «Функцияның қандай қасиетін қолдану керек деп ойлайсың?», «Сіздің тобыңызда қандай талқылау болғанын айтып бере аласыз ба?» деген сияқты сұрақтар қою арқылы студенттерді бағыттап жіберіп отырдым.

Оқыту мен оқу сапасын кері байланыс жасау арқылы жақсартуға болады. Кері байланыстың тиімділігі – студентті өз-өзіне есеп беруге баулиды; студенттердің қажеттілігін біле аламыз; студенттің өзіндік көзқарасы қалыптасады; білім беру сапасын жақсартуға болады және студенттің сыни көзқарасы қалыптасады, өз-өзіне баға бере алады. Оқытушы үшін тиімді жағы: оқытудағы олқы тұстарды анықтайды; алдағы сабақтардың жоспарына өзгерістер енгізуге, түзетуге, яғни оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдауға мүмкіндік және уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндіктер береді.

Сабақта қолданылатын кері байланыстың үш түрін атап айтуға болады. Біріншісі – көңіл-күй мен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс. Көңіл-күйді әртүрлі сөздер, суреттер, смайликтер және бояу түстерімен анықтау. Мысалы, «Бір сөзбен» әдісін қолданғанда студенттер өздеріне берілген Төзімсіздік, Ашу, Қуаныш, Немқұрайлылық, Қанағаттану, Шабыт, Зерігу, Алаңдау, Тыныштық, Сенімділік, Сенімсіздік, Рахаттану сияқты 12 сөздің ішінен, өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай 3 сөзді таңдап айтады.

Екіншісі - сабақтағы іс-әрекетке қатысты кері байланыс. Мысалы, «Табыс сатысы» әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі. 1-ші баспалдағы Мен ... білемін, 2-ші баспалдағы Мен ... түсінемін, 3-ші баспалдағы Мен ... жасай аламын.

Үшіншісі - оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс. «Бұрын мен білмеуші едім. Енді білемін» деген сияқты ой-пікірлерін білдіру болып табылады. Мысалы, «Плюс, Минус, Қызықты». «Плюс» – оң әсер еткен фактілері, алған білімдері жайлы жазады. «Минус» – қолымнан келмей жатыр немесе түсініксіз болып тұр деген ойларын жазады. «Қызықты» дегенде бағанға өздеріне қызықты болған жайтты немесе көбірек білгісі келетін дүниені жазады. «Аяқталмаған сөйлемдер» әдісінде: Мен бүгін білдім... Мен бүгін сезіндім... Мен келесі сабақта білгім келеді ... – деген сөйлемдерді аяқтайды.

Қорыта айтқанда, сабақ - ол мұғалімнің шығармашылық жұмысы деп білемін. Мұғалімдер өмір бойы өзін-өзі дамытушы, білімі мен әдістемесін жетілдіруші, педагогика мен әдістеменің жаңалықтарынан хабардар жаңалықтың жаршысы болуы керек деп есептеймін. Ұстаз әрқашан үкіметіміздің білім саласындағы саясатын қолдаушы, соны жүзеге асырушы.

Мен қазіргі оқушыларды және студенттерді заманның талаптарына сай жеке тұлға ретінде қалыптастыруда сабақтарымызда бірлескен топтық жұмыстарды ұйымдастырудың пайдасы зор деген пікірдемін. Және алдағы уақытта осы бағытта жаңа әдіс-тәсілдер мен стратегияларды жалықпай үйреніп, оларды оқыту үдерісіне үнемі енгізіп отыруға жұмыстанамын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы: 2009. – 263 бет.

Резюме

В статье содержатся полезные советы для учителей о пользе и преимуществах групповой работы и важности создания совместной учебной среды. Считается, что организация групповой работы на занятиях очень полезна для формирования учеников и студентов как личностей в соответствии с современными требованиями.

Я.А.КОМЕНСКИЙДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАР

Н.С. Жұмашева

Ғылыми жетекші, қауымдастырылған профессор м.а.

Ж.Қ. Шамұратова

«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының

II курс студенті.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.

Қазақстан, Атырау қ.

Түйіндеме

Я.А. Коменскийдің педагогикалық идеяларына талдау жасалады.

Кілттік сөздер: педагогикалық идеялар, тәрбие, оқыту, дидактика.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «өткенді зерделеп, жақсымен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату-қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, айта беретін тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты тануға тікелей байланысты: өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін емес», - дейді өзінің қазақ халқының тарихына арналған еңбегінде [1]. Осыдан-ақ аңғаруға болады әрбір жүрегі қазақ деп соғатын ұлтшыл патриот, кеудесінде намысы бар қазақ баласы өз тарихын жетік біліп, болашағын анық болжауы керек.

Педагогика тарихы өткендегі ұлы педагогикалық жүйелер мен идеяларды сын көзбен пайымдай отырып, адамзат ақыл-ойы мен мәдениеттің дамуындағы ең алдыңғы қатарлы құнды және өміршең мұраларды шығармашылықпен пайдаланады.

«Адам» тәрбие субъектісі ретінде- мәдениетті тұтынушы және оның иесі болып табылады. Тәрбиенің, білім берудің, оқытудың міндеттерін дұрыс шеше білу- қоғамдағы мәдениеттің дамуының басты шарты. Жас ұрпақтың мәдениеті мен тәрбиесінің дамуының арасындағы өзара байланысты тарихи-педагогикалық үрдісті анықтау- педагогика тарихының ғылым және оқу пәні ретінде негізгі міндеттерінің бірі.

Педагогтер мен гуманистер дені сау, әртүрлі қызығушылықтары бар, өмірге белсенді адамдарды тәрбиелеу мақсатын қойды. Олар балалардың дене және ақыл-ой тәрбиесіне ерекше мән берді, шығармашылық белсенділігін, өзіндік іс-әрекетін дамытуға көмектесті, оларды терең біліммен қаруландырды [2,25-276].

Атақты Я.А. Коменскийдің 1931 жылдардан бастап «Тілдер мен барлық ғылымдардың ашық есігі», 1932 жылы «Ұлы дидактика», 1958 жылы «Дүниені суреттер арқылы бейнелеу» еңбегі жарық көрді. Я.А. Коменскийдің кез-келген еңбегі оқырман жүрегінен жай тауып, кейбіреулері чех, латын тілдеріне аударылып, тіпті, өз авторын әлемге танымал етті.

Я.А. Коменскийдің еңбектерінде неге және қалай үйрету керек деген мәселе ерекше орын алады. Ортағасырлық мектептің берген білім мен онда қолданылған схоластикалық оқыту тәсілдері, шәкірттерге қатаң шаралар қолдану мәселелері оны қанағаттандырмады. Оның ойынша, бұндай мектептер балаларды қорқытып-үркітудің түрмесі, олар шәкірттерді дамытпайды, керісінше, ақыл-ой қабілеттілігін тежейді, оқуға деген ықыласын өлтіріп отырады деп есептеді.

Мектеп адамдарды "ізгіліктің шеберханасы", "жарықтың шеберханасы", ақылды, адамгершілікті, қайырымды ету үшін бәріне үйретуі керек, шәкірттер мектепте жан-жақты білім алып, өзінің ақылымен жұмыс істеп, тек ғана кітаптан оқып қою, заттар мен құбылыстар туралы басқаның пікірін түсіну жеткіліксіз, өзінің жеке басында заттардың мәніне үңіле білу қабілеттілігін дамыту және шын мәнінде оларды дұрыс түсіне білуді қалыптастыру қажет.

Осыдан келіп, ұлы педагог жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасына жан-жақты гуманитарлық және реалдық білім негіздерін енгізіп және моральді оқытуды ұсынды. Дінге сенетін адам ретінде мектепте дінге ерекше мән берді.

Ортағасырлық мектептегі жүйеге қарсы өзінің дидактикалық негізде көптеген ережелерінд қарастырып, ескі оқытудың әдістерінен, қорқытудың варварлық тәсілдерінен және оқушының жеке басын жаншудан бас тартудың қажеттігін атап өтті. Оқытуды тиімді ұйымдастыру үшін оқытудың дидактика негіздерін түбірімен өзгерту керек деген болатын.

Я.А. Коменский өз дидактикалық қағидаларын табиғатқа сілтеме жасау арқылы дәлелдеп, ескі варварлық оқыту әдістеріне, өз мәні жағынан негізіне "табиғи әдісті" немесе табиғатқа сәйкестікті, яғни, оқытудың әдістерімен табиғат заңдылықтарының арасындағы сәйкестікті жатқызады.

Я.А. Коменский дидактиканың "алтын ережесін" төменгіше түсіндіреді:

- Қандай ма болмасын заттар мен құбылыстарды бірнеше сезіммен бірден қабылдауға болады.

- Заттар мен құбылыстар баяндаусөзбен басталмай, нақты бақылаудан басталып, заттарды тікелей бақылау мүмкін болмаған жағдайда оларды суреттермен, моделдермен, картинкалармен ауыстыру қажет.

- Я.А. Коменский дидактикалық қағидалардың бірі ретінде көрнекілік оқытудың кейбір практикалық іс-тәжірибесін негіздеп, жинақтады, әрі қарай тереңдетті, кеңейтті.

- Оқыту үрдісінде деректерден қорытындыларды, деректер мен мысалдарды біржүйелеп, жинақтап, нақтылыдан абстрактыға, жеңілден қиынға, жалпыдан жалқыға жүріп отыруды талап етті.

– Шәкірттерге ұсынылған материалдарды меңгеру үшін жаңа материалды оқыту оның алдындағы сабақта даярланған материалдық тікелей жалғасы болуын, яғни оқытудың бірізділік қағидасын ұсынды.

- Я.А.Коменский шәкірттерге жас шамасына лайықтап оқытудың түсініктілік қағидасы туралы құнды кеңестер берді.

- Я.А.Коменский берік негіз қалану керек, оқытуда асықпау керек, оқушылар берілген материалды толық меңгеруі қажет” деп оқытудың беріктілік қағидасы туралы да құнды кеңестер берді [2,29-34б].

Я.А.Коменский балалардың ең алдымен шәкірттердің түйсіктерін, одан кейін есін, одан әрі ойларын, ең соңында тіл мен қолын дамытуды жас ерекшеліктерімен санаса отырып, күнделікті ісінде қолдана білуі қажет.

Педагогика тарихында тұңғыш рет әртүрлі әдістерді қолдана отырып, жаңа сынып-сабақ жүйесін ұсынып, төмендегі негізгі мәселелерге ерекше назар аударды:

- оқу жылы белгілі жыл мезгілінің тек ғана бір күні бастауды;

- ғылыми білімнің барлық жиынтығы сыныптарға дәл бөлінуі;

- әрбір жыл, ай, күннің өзінің ерекше міндеттеріне сәйкес уақыт дәл бөлінуі керек.

- оқу жылы және оның оқу тоқсандарына бөлінуі ұғымын алғаш рет бекітіп, оқу демалыстарын (каникулдары) енгізуді;

- оқу күнін ұйымдастыруды (4 сағат ана тілі мектебінде, 6 сағат латын мектебінде) теориялық тұрғыдан сынып-сабақ жүйесін тәжірибеде қолданып, жүзеге асырды.

Я.А. Коменский: «Мұғалім мамандығының өте құрметті, абыройлы мамандық екеніне тоқтала келіп, оны өте жоғары бағалап, оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес» - дей отырып мұғалімдерді шәкірттермен, сыныппен жұмыс істей білуге үйретті [2,33б].

Я.А. Коменский теориялық оқулық дәл және түсінікті тілмен жазылып, балалар үшін оның сыртқы түрі өте тартымды болуы қандай болу керектігіне тоқталды.

Сонымен қатар, Я.А. Коменский тәрбиенің рөлін өте жоғары бағалап, тәрбиенің үш сатысына тоқталады:

- өзін-өзі және қоршаған ортаны тану (ақыл-ой тәрбиесі),

- өзін-өзі басқару (адамгершілік тәрбиесі)

- құдайға құлшылық ету (діни тәрбие).

Я.А. Коменскийдің ортағасырдағы педагогтардан айырмашылығы ақыл-ой тәрбиесін бірінші орынға қойды.

Я.А. Коменскийдің айтуынша адамның өзін-өзі басқара білуі даналық, бірқалыптылық, батылдық және әділеттілік адамгершілік тәрбие арқылы жүзеге асады.

Я.А. Коменский адамгершілік тәрбиесіне негізгі талаптарды қойды:

1) адамгершілік қасиеттерді кішкентай кезден бастау керек;

2) адамгершілік қасиеттерді сөзбен емес, іс-әрекетпен тәрбиелеу;

3) балаларды тәрбиелеуде өмірден және тарихтан алынған мысалдарды кеңінен пайдалану;

4) балаларды бүлінген адамдардың қауымынан және кез-келген басқа да адамгершілікке жат қылықтардан сақтандыру [2,34-35б].

Я.А. Коменский баланың адамгершілік қасиеті мен жеке басын басып-жаншуға, ұрып-соғуға, таяқ тәртібіне негізделген ортағасырлық мектепке қарсы шығып, мұғалім оқушылардың арасында қажетті тәртіпті орнатудың қажеттігін түсіне білді.

Қорытындылай келе, Я.А. Коменский дидактика саласында алғашқы жаңашыл педагог-гуманист ретінде көптеген құнды прогрессивті дидактикалық идеяларды, қағидаларды және оқу жұмысын ұйымдастырудың ережелерін ұсынды (оқу жылы, каникулдар, оқу жылын оқу тоқсандарына бөлу, күзде бір мезгілде балаларды мектепке қабылдау, сынып-сабақ жүйесі, оқушылардың білімін ескеру, оқу күнінің ұзақтығы және т.б.).

Я.А. Коменский гуманизм және табиғатқа сәйкестік талаптарынан туындай отырып, балалардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескертуді, көрнекілікті қолданудың

негізінде таным қабілеттіктерін дамытуды талап етті, оқытудағы қызығу, зейін, есте сақтау мәселелерін талдады және оқытудың негізгі қағидаларын және ерекшелерін айқындап оқытудың өміршеңдігі мен реализмі қағидасын ұсынды[2,36-376].

Я.А.Коменский бүкіл дүние жүзінде педагогикалық ой-пікір мен мектептің дамуына орасан зор әсер етті.

Пайдаланған тәдебиеттер:

- 1.Назарбаев Н.Ә. - Қалың елім, қазағым. - Алматы: Өнер, 1998, 26-бет.
- 2.Сейталиев Қ. Педагогика тарихы: оқулық - Алматы: Білім, 2008. - 415 б.

Резюме

Проведен анализ педагогических идей Я.А. Коменского.

Ключевые слова: педагогические идеи, воспитание, обучение, дидактика.

Summary

The analysis of the pedagogical ideas of Ya.A. Comenius.

Key words: pedagogical ideas, education, training, didactics.

МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН КІРІКТІРІЛГЕН САБАҚТАРДЫ ЖОБАЛАУ, ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Б.Т.Барсай

*п.ғ.д., профессор Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университеті Қазақстан, Атырау қ.*

E-mail: bbt.49@mail.ru

А.Б.Басарова

математика мамандығының ІУ курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: altingul-1997@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада қазіргі заман талаптарына сай математикалық білім беруде кіріктіріп оқыту, кіріктірілген сабақтарды жобалау, жоспарлау және жүзеге асыру жолдары туралы айтылады.

Кілттік сөздер: кіріктіріп оқыту, кіріктірілген сабақтар, жоспарлау, жобалау, жүзеге асыру.

Педагогикалық жүйе әр тарихи дәуірде елеулі өзгерістерге ұшырап отырады. Экономикасы дамыған елдердің білім беру жүйесінде реформа орташа есеппен алғанда әр он жыл сайын жүргізілетінін әлемдік тәжірибеден көруге болады. Бұл ретте қоғам дамуының барлық кезеңдерінде жаңа стратегиялар және педагогикалық жаңа технологияларды талап ететін білім алушылардың сапалы дайындығына назар аудару қажет.

Еліміздегі білім беру ісінің әлемдік білім кеңістігіне енуге, бет бұруына байланысты білім жүйесіне де тың өзгерістер енуде. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» делінген[1]. Осы бағытта білім сапасын арттыру ісіне ерекше мән беру қажеттілігі артады. Сапалы білім беру педагогтардың шеберлігі мен іскерлігіне байланысты. Ал, педагогикалық шеберлік пен іскерлікті дамытуда жаңа технологияны қолданудың маңыздылығы зор.

Оқытудың жаңа технологиясы - оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануды, оқытудың әр түрлі әдістері мен формаларын біріктіруді, оқу материалын тиімді пайдалануды, оқудың сапасына білім мен біліктілікті жүйелеуді жүзеге асырады.

Қазіргі кезде білім беруде жаңа технология ретінде қолданылып жүрген пәнаралық байланыс кіріктірілген білім берудің моделі болып саналады. Пәнаралық байланыс оқытудың кешенді жүйесін құрай отырып, әртүрлі білім салаларының ортақ тақырыптарын, кейде ортақ элемент, бөлім, дәйек, теория, ұғым заңдарды біріктіріп, құрылымдық және ғылыми-мазмұнды блоктар жасайды. Философиялық – педагогикалық ұстаным жағынан бұл технология – жеке тұлғаның ойлау дәрежесі мен бүкіл адамзат қауымы санасының сан ғасырлық даму дәрежесін ретке келтіруші, үйлестіруші қозғаушы күш.

Кіріктіру ұстанымының басты қағидасы – ғылыми-жаратылыстану және қоғамдық гуманитарлық білімдерді жеке білім аймағында шартты түрде қарастыра отырып, оқушыларға әлемнің біртұтастығы жайлы ғылыми-синтездік білім беру болып табылады.

Оқу пәндерінің зерттеу нысандарына сәйкес келуі немесе өзара жақын болуы; кіріктірілген оқу пәндерінде зерттеу әдістерінің бірегейлігі немесе ұқсастығы; кіріктірілген оқу пәндерінің жалпы заңдылық, жалпы теориялық тұжырым негізінде құрылуы олардың бірігуі шарттары боып табылады.

Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді және жүзеге асыруды талап етеді. Мұндай бағдарламалардың бірі - «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы»[2]. Аталған бағдарламаны орындаудың негізгі жолдарының бірі - пәндерді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) және тілді кіріктіріп оқыту бойынша оқу- әдістемелік құрал әзірлеу болып саналады.

Пәнді-тілдік кіріктіріп оқыту ұстанымын қолдану шет тілін оқуға бөлінген уақыт мөлшерінің аздығынан және оны меңгеру деңгейіне қойылған талаптардың жоғарлауынан пайда болып отыр. Бұл тәсіл бір мезетте екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, алайда негізгі назар тілге де, тілдік емес пәнге де, аударылуы мүмкін. Қазіргі кезде жалпы орта білім берудің мақсаттары өзгеріп, жаңа оқу жоспарлары және пәндерді кіріктіріп оқытудың жаңа тәсілдері енгізіле бастады. Ал, білім беру мазмұнын жаңарту оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ кейбір пәндерді мүмкіндігіне қарай кіріктіріп оқытуды қолдануды талап етеді. Сол себепті де білім берудің жаңа технологиялары пайда болуда, олардың бірі - CLIL пән және тілді кіріктіріп оқыту технологиясы.

CLIL технологиялары шетел тілін басқа пәндерді оқытуда, оқуға қажетті құрал ретінде қарастырады, яғни тілді үйрену кез келген пән саласы арқылы жүргізіледі, демек CLIL шет тілі сабағы емес, шет тілінде өтетін пән сабағы. Сонымен бірге оқушылардың тілдік қарым-қатынастағы қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ана тілінде ойлануларына жағдай жасайды. Жоғарыда айтылғандар, оқу материалының мазмұнына сәйкес жаңа оқу ақпаратын құруды, жаңа технологиялармен оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді талап ететін оқытудағы кіріктіру мәселесінің өзектілігін айқындайды.

Кіріктіріп оқыту әдісі қазіргі кезде жалпыға міндетті орта білім беру жүйесінде қолданыла бастады. Мақаламыздың мақсаты - жалпы білім беретін мектептерде математика пәнін оқытуда кіріктірілген сабақтарды жобалау мен ұйымдастыру жолдарын қарастыру болып табылады.

Пәнаралық байланыс оқушылардың жеке тұлғасын дамытуда, білім мен тәрбие беру міндеттерін шешуде де өте маңызды болып табылады және педагогикалық іс-әрекеттің, еңбектің ғылыми негізде ұйымдастырылуына көмектеседі.

Жалпы білім беретін мектепте пәндер арасындағы өзара байланысты әрдайым ұйымдастырып, жүргізіп отыру – оқушыларға ғылым негіздерін игерудің, сонымен бірге білім беруді дамытудың қажетті шарты болып табылады.

Ж. Аймауытов «Тәрбиеге жетекші» еңбегінде баланың тіл байлығын арттыруға, еркін сөйлеу кезінде де тілдің үйретуге көмекші құрал болуын, пәнаралық байланысты күшейтіп, бір – бірімен тығыз бірлікте оқытудың қажеттігіне аса зор көңіл бөлген [3].

М. Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығында психология, физиология, әдебиет, тарих, тәнтану ғылымдарының өзара байланысы негізінде тәрбие мәселесін адамның тұлғалық дамуында жан – жақты айқындаған [4].

Пәнаралық байланыс қазір де педагогика ғылымының негізгі мәселелерінің бірінен саналады. Пәнаралық байланыстың философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздері Р.Г. Лемберг, В.В. Давыдов, И.Д. Зверев, В.Н. Максимова, С.Л. Рубинштейн, А.А. Бейсенбаева, Ә.М. Мұханбетжанова т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан – жақты қарастырылған және олардың пәнаралық байланысқа көзқарастары әртүрлі. Философтар пәнаралық байланыстың философиялық негізіне дүниедегі барлық заттың, құбылыстардың бір – бірімен өзара байланыстылығы жатады деп есептейді.

Психологтар оқушылардың пәнаралық байланыс арқылы әр түрлі пәндердегі қабылдауды олардың білімдерін бір жүйеге түсіріп, ақыл-ойына серпіліс туғызып, таным қызметіне шығармашылық сипат береді деп тұжырымдайды. Сондықтан, пәнаралық байланыс ақыл-ой әрекетінің психологиялық және физиологиялық негізін, ми қыртысының жүйелік ұстанымын ескергенде ғана жүзеге асады. Пәнаралық байланыстың психологиялық негізін Ю.А. Самарин «Ақыл-ой психологиясының очерктері» деген еңбегінде: «Ақыл-ой әрекетінің бұл деңгейінде оқушыларда арнайы іскерлік дағдылар қалыптасып, ақыл-ой әрекеті терең сипат алады, ол бір пәнде білімнің бір жақтылығымен шектеледі. Сонымен жүйеаралық және пәнаралық байланыстар адам ойының қалыптасуында ерекше рөл атқарады», - деп ашып көрсеткен.

Психолог Б.Г. Ананьев адамды таным мен тәрбиенің пәні және адамтану саласындағы ғылыми пәндер интеграциясын пәнаралық байланыстың дамуы, ал Р.Г. Лемберг өзінің «Дидактикалық очерктер» еңбегінде пәнаралық байланыс идеясын оқушылардың ғылыми дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастырудың маңызды шарты ретінде қарастырған [5; 6].

А.А. Бейсенбаева өз зерттеулерінде: "Ғылымдар интеграциясы дегеніміз екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі",- деп анықтайды [7].

Пәнаралық оқытудың қазіргі оқыту – тәрбиелеу, білім беру жүйесінде оқушылардың дүниетанымын тереңдете отырып, оқытудың тиімділігін арттыруға көмектесетіні ғылыми - педагогикалық тұрғыдан дәлелденген. Оқушылардың әртүрлі пәндер бойынша алынған білім, біліктерді қабылдауы, түсінуі олардың ақыл – ойына серпін тудырып, танымдық іс-әрекеттеріне шығармашылық сипат беріп, барлық алынған білімдерін жүйелейді.

Пәнаралық байланысты мазмұны бойынша төмендегіше төрт түрге бөлуге болады:

- а) түсініктердің, заңдылықтардың және теориялардың жалпыға ортақтығы бойынша;
- б) бір ғана объектіні оқып үйренуге қатысты жалпы ғылыми фактілер бойынша;
- в) жалпы ғылыми әдебиеттерді қолдану бойынша;
- г) ойлау іс - әрекеттерінің жалпы тәсілдері бойынша.

Қазіргі заманның ұстазға қояр басты талабы – олардың шәкірттерінің жан – жақты ақпараттық тұрғыда жұмыс істеуге даяр, дүниетанымы кең және тәрбиелі болуы. Олар оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін, қазіргі заманауи инновациялық технологияларды меңгеруі шарт. Оқу жоспарларында мектепте оқытылатын ғылымдар негізі диалектикалық мазмұнға сүйене отырып, филология, математика, жаратылыстану, қоғамтану, өнер, технология, дене шынықтыру салаларына бөлініп, жеке пәндерге тармақталып кетеді және пәндер арасындағы кірігу анық көрсетілген, олар пәнаралық байланыстың моделі әрі білім мазмұнын жаңа сапаға көтереді. Кіріктіру ұстанымының басты қағидасы – ғылыми-жаратылыстану және қоғамдық гуманитарлық білімдерді жеке білім аймағында шартты түрде қарастыра отырып, оқушыларға әлемнің біртұтастығы жайлы ғылыми-синтездік білім беру болып табылады.

Қазіргі педагогикалық технологияда пәнаралық байланыс кіріктірілген білім берудің моделі болып саналады. Пәнаралық байланыс оқытудың кешенді жүйесін құрай отырып, әртүрлі білім салаларының ортақ тақырыптарын, кейде ортақ элемент, бөлім, дәйек, теория, ұғым заңдарды біріктіріп, құрылымдық және ғылыми-мазмұнды блоктар жасайды.

Оқу пәндерінің бірігу шарттары зерттеу нысандарына сәйкес келуі немесе өзара жақын болуы; кіріктірілген оқу пәндерінде зерттеу әдістерінің бірегейлігі немесе ұқсастығы; кіріктірілген оқу пәндерінің жалпы заңдылық, жалпы теориялық тұжырым негізінде құрылуынан тұрады.

Әрбір пән оқушыға қажет білім, білік, дағды қалыптастырса да, оқушы жеке тұлға ретінде өзін-өзі таныта отырып, өз мақсатына жету жолында жалпы өмір тәжірибесінде жинақталған әмбебап білім, білік пен дағдыға сүйенеді. Бұл оның жалпы құзіреттілігінің қалыптасуына ықпал етері сөзсіз, яғни пәнаралық байланыс пен оқушы бойында жалпы құзіреттілікті қалыптастыруда тікелей байланыс бар. Оқу бағдарламаларында әр пәннің қалыптастыратын білім, білік, дағды мөлшері жеке анықталса да, тұлғаның өмір сүру аймағында олар өзара байланысты құзіреттілікке ие болады. Өйткені оқушы өмірлік мәселелермен кездескенде, әрбір пәннен алған білімін саралап жатпай, бойындағы интегративті білімнің кең, жалпы әлеуеті мен дағдысын пайдаланады.

Кіріктіріп оқыту дегеніміз:

– біріншіден, сабақта пәнаралық байланыстарды дамытуды және тереңдетуді, олардың ғылымаралық байланысының түпнұсқасы, яғни түрлі пәндерді оқытуды қиыстырудан, олардың өзара терең байланысуына өтуді қарастыру болып табылады.

– екіншіден, жекелеген пәндер бойынша білімді біріктіретін, ұштастыратын жүйе, осының негізінде балалардың әлемді тұтастықта қабылдау қалыптасады;

– үшіншіден, оқушылардың ойлау қабілеттерін белсендендіруге, танымдық белсенділіктері мен қызығушылықтарын, өз бетінше жұмыс істеуін дамытуға ықпал етеді, түрлі ғылым салаларына қатысты білімді қорытындылауға бағыттайды.

Кіріктірілген сабақтардың ұстаздың ізденіс жұмыстарын жүргізуі, оқушылардың сабаққа, пәнге қызығып, басқа пәндердің қажеттілігін түсінуі, сабақ барысында компьютер, оқытудың техникалық құралдары және т.б. барлық мүмкіндіктерді пайдалану сияқты артықшылықтары болса, сабақты тек белгілі бір шектеумен түсіндіруге мәжбүр болу, әр мұғалімнің өзінің сөзін айтуы, оқушылардың тек белгілі байланыстармен шектелуі секілді кемшіліктері де болады.

Қазіргі сабақтарда ақпараттық технология мен кіріктірілген оқыту технологиясын байланыстырып отыру өте тиімді нәтиже береді. Ақпараттық технологияда біз ұстазды ақпарат беруші, бағыт – бағдар көрсетуші деп түсінеміз. Белгілі бір тақырып бойынша мәлімет, әдебиеттер және т.б. беріледі. Ал, кіріктірілген инновациялық технологияда тақырыпқа байланысты мәлімет, ақпараттың барлығының арнайы сол пәннің мұғалімдері арқылы түсіндірілуі, дәлелденуі және жеткізілуі оның басты артықшылығы болып табылады. Ұстаз әркез ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады.

Әрбір пән оқушыға қажет білім, білік, дағды қалыптастырса да, оқушы жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуда. өз мақсатына жету жолында жалпы өмір тәжірибесінде жинақталған әмбебап білім, білік пен дағдыға сүйенеді. Бұл жалпы құзіреттілікке алып келеді.

Математика ғылымы физика, химия, астрономия, медицина, архитектура, информатика, педагогика, психология, логика т.б. ғылымдармен байланысты.

Мысалы, информатика арқылы математикалық есептерді шешу барысында алгоритмді сипаттау және құрастыру, оларды іске асыру жүзеге асыру, электронды - есептеу машинасының құрылымы, техникалық құрылымдарының өзіндік жұмыс режимі олардың сипаттамасы және параметрлерін оқып үйренеді; алгоритмдік тілдерді және электронды-есептеу машинасының тілдік жабдықталуы – лингвистикалық аспектімен байланысын, мәтіндерді шифрлау, мәтінді аппараттарды өңдеу және синтаксистік талдау, аударма жасау,

сөздікті ұйымдастыру және сөзді іздестіруді; бағдарламалау негізінен лингвистикалық мәдениеттің қалыптасуы, ол ойдың қысқа және логикалық бейнеленуі, мәтіндердің негізгі және құрама бөліктерін көрсету, талдау жүргізу, бақылау, анықтамалық ақпараттармен жұмыс істеу; дифференциалдық теңдеулердің көмегімен жаратылыстану ғылымдағы ең негізгі проблемалардың бірі өзімізді қоршап тұрған табиғат құбылыстарының кейбір жасырын сырының қалай ашылғанын, оның өмірде қалай пайдаланылатынын көрсетуге болады.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасының ерекшеліктері:

• Оқушыларға алған білімдерін оқудағы және өмірдегі мәселелерді шешуде пайдалануды үйретуге бағдарлау;

• Тілдерді деңгейлік үйретуді ұйымдастыру;

• Пәндерді кіріктіру;

• Жаңа пәндерді енгізу;

• Тереңдетіп және стандартты оқуға арналған пәндерді жоғары мектепте таңдау құқығы;

• Жоғары оқу орындарына түсуге мақсатты түрде дайындалу;

• Бағалаудың критерийлік жүйесі;

• Осы бағдарлама негізінде оқушылардың дағдыларын дамыту;

• Сын тұрғысынан ойлау;

• Білімдерді шығармашылықпен пайдалана білу;

• Зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру боып табылады.

Қорыта айтқанда, оқушыларды оқыту және тәрбиелеу міндеттерін сапалы шешуге мүмкіндік беретін оқу үдерісін кіріктіре оқыту келесі мүмкіндіктерге жағдай жасайды:

1) пәнішілік байланыстан көппәндік байланыстарға өту білім алушылардың әрекет тәсілдерін бір нысаннан басқаларға көшірулеріне, оқу процесін толығырақ түсінулеріне және әлемнің (қоршаған ортаның) толық бейнесін құрастыруларына мүмкіндік береді;

2) пәндерді кіріктіру құрылымындағы проблемалық жағдаяттардың көлемін ұлғайту, мектеп оқушысының ойлау әрекетін белсендендіреді және оны оқудың тұлғалық нәтижелеріне жетуге жетелейді және жақындатады;

3) кіріктіру білім алушыға мақсаттан нәтижеге дейінгі аралықта жүргізілген барлық әрекеттердің орындалу процесін бақылауына, әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруына және жұмыстың әр кезеңін саналы қабылдауына мүмкіндік береді;

4) кіріктіру метапәндік ұстанымын жүзеге асыру арқылы, сабақтың ақпараттық көлемін ұлғайтады;

5) кіріктіру білім алушылардың түрлі пәндерді оқу барысында жасаған қорытындыларын қалыптастыра отырып және оқытудың тұлғалық тәсілін жүзеге асыра отырып, нақты бақылауларды дәлелдейтін немесе тереңдететін жаңа факторлар табуға мүмкіндік береді;

6) кіріктіру оқу-танымдық әрекетті белсендендіруге көмектеседі, оқушылардың білім алу үшін көп күш жұмсауларын жеңілдетеді және шаршағыштықты болдырмайды, ынталандыру құралы болып табылады;

7) оқу материалдарын кіріктіру білім алушылардың шығармашылығын дамытуға, алған білімдерін өмірдің нақты жағдаяттарында қолдана білулеріне жағдай жасайды. Мәдениетке тәрбиелеудің, табиғатқа, адамдарға, өмірге мейірімді, тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың маңызды факторларының бірі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР "Білім туралы заңы". -Астана, 2007.

2. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 368 б.

3. Аймауытов Ж. Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер антологиясы. – Алматы: Санат. -1995. -246 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі. -Б. 47-49.
5. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: В 2т. – М.: Педагогика, 1980. -284 с.
6. Лемберг Р.Г. Дидактические очерки. Учпедгиз.-Алма-Ата,1960.-189 с.
7. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. -Алматы: РБК, 1995. -117 б.

Резюме

В статье рассматривается вопрос о планирования, проектирования и реализация интегрированных уроков.

Ключевые слова: интегрированное обучение, интегрированные уроки, планирование, проектирование, реализация.

Summary

The article discusses the planning, design and implementation of integrated lessons.

Key words: integrated training, integrated lessons, planning, design, implementation.

ХҮСНИЖАМАЛ ЗҰЛҚАРНАЙҚЫЗЫ НҰРАЛЫХАНОВАНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Ш. Нағымұлы

*Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к.*

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: Waxman45@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада Қазақстанда тұңғыш қазақ қыздарына мектеп ашқан Хұснижамал Нұралыханованың ағартушылық қызметі баяндалады.

Елбасы, Қауіпсіздік Кеңісінің Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылы 21-қарашада жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында ел тарихының дамуына өлшеусіз үлес қосқан қаһармандардың өмірі мен қызметін бүкіл жұртшылыққа паш ету қажеттілігі атап көрсетілген (1). Сондай ұлы тұлғалардың бірі 1894 жылы Орда қаласында аз қаражатымен қазақ қыздары үшін тұңғыш мектеп ашқан Хұснижамал Нұралыханова болатын.

Қазақстанда ең алғашқы мұғалім әйел кім болды?- деген сұрақ қойылса, оған Хұснижамал Зұлқарнайқызы Нұралыханова -деп жауап берілетіні сөзсіз. Алайда осынау аса көрнекті ағартушыны қалың көпшіліктің, әсіресе қазіргі жас буынның жақсы білмейтіндігі ешқандай шүбә келтірмейді. Бұл әрине өте өкінішті жайт болып табылады. Өз басым бұл аяулы есімді бұдан 20 жылдай уақыт бұрын ғылыми әдебиеттен кездестіріп, ол кісі туралы мұқият түрде зерттеуге ден қоя бастадым. Кіші жүздің ханы Жәңгірдің тікелей туысқаны (немересі) болғандықтан Хұснижамалға деген көзқарастың кеңестік кезеңде өте нашар болғандығы айтпаса да түсінікті ғой. Тарихтан белгілі, Қазақстанда қазақ балаларына арнап алғашқы мектепті 1841 жылы Орда қаласында өз қаражатына Жәңгір хан ашқан болатын. Ал қазақ қыздары үшін ең алғашқы мектепті ханның немересі Хұснижамал Нұралыханова өз қаражатына ашыпты. Филология ғылымдарының докторы, академик Рабиға Сыздықованың зерттеулеріне қарағанда, Хұснижамал Нұралыханова қазақ қыздарын Орда қаласындағы әйелдер училищесінде 1894 жылдан бастап оқыта бастаған. Хұснижамал Нұралыханова

мұғалімдерден өз бетімен сабақ алып, білімін жан-жақты молықтырып отырған. Ол кездегі дәстүр бойынша, қаражаты бар адамдардың балалары мен қыздары (бұлар сиректеу) тиісті мұғалімдерден үйлерінде оқып, белгілі мерзімде үлкен қалалардағы оқу орындары мұғалімдерінің алдынан өтіп, емтихан тапсырып отырған. Олардың білім өрісін жан-жақты сынау, бақылау жолдары кәдімгі мектептегі сынақ жүйесінен бірде-бір кемдігі болмаған. Міне осындай әдіспен Хұснижамалдың білім алғандығын архив беттері растайды. Оқу министрлігінің Бөкей Ордасындағы инспекторы Вознесенскийдің 1897-1898 жылдардағы есебінде: «...Хұснижамал қазақ сұлтанының қызы, Қазанның Земская мектебін бітірген. Білімді өз үйінде ағаларынан алған. Хұснижамалдың жасы 25 шамасында, өте көрікті, әрі сүйкімді жан. Осы жастағы Ордадағы орысша сауатты жалғыз қыз. Орысша тым таза сөйлейді. Оның ерекшелігі өте мәдениеттілігі мен ұстамдылығында. Өз халқының болашағына алаңдаған ол, өзін орыс мектебі ісіне арнай отырып, қазақ қыздарын оқытуды ұйғарып отыр», - делінген (2). Осы жолдардан біз патша шенеунігінің алғашқы қазақ мұғалимасына деген ризашылық сезімін байқап отырмыз. Алайда кейінгі уақыт көрсеткендей жалпы хан әулетіне, оның ішінде Хұснижамалға Кеңес үкіметі керісінше дұшпандық ниетте болып, бұл тұқымға жататындардың бәрін бірдей қырғынға ұшыратты. Енді сол Хұснижамал ұстаздық еткен кезеңге оралайық. Хұснижамалдың өз заманының озық ойлы, білімді ағартушы, тәлімді ұстаз болуына қоршаға ортасы, өзінің отбасы мейлінше ықпал етті. Туған атасы Жәңгір хан Орда қаласын сол кездегі «қыран ұшқан құла дүз» қазақ даласындағы мәдени орталыққа айналдыру үшін көп тер төккен. Алдымен осы қалада үлкен кітапхана ашуды қолға алған. Ол үшін орталықтан-Мәскеу, Петербург, Қазан, Уфа сияқты қалалардан шығатын газет-журнал, кітаптарды үнемі алғызып тұрған. Сонымен қатар, Орда қаласына Ресей елінен көптеген саяхатшылар, ғалымдар, этнографтар келіп, мұнда өздерінің жұмыстарына қажет мағлұматтарды жинастырып алып, кейін зерттеу мақалалары мен кітаптарын шығарып отырған. Сонымен қатар, Орда қаласына Ресей елінен көптеген саяхатшылар, ғалымдар, этнографтар келіп, мұнда өздерінің жұмыстарына қажетті мағлұматтарды жинап алып, кейін зерттеу мақалалары мен кітаптарын шығарып отырған. Міне, Хұснижамал осындай ортада болып, терең әрі тиянақты білім ала алды. Өз халқының жалынды патриоты бола білген Хұснижамал енді жинақтаған білімді қазақ қыздарына беруге құлшына кірісті. Сол кездегі ортада өскен, қорғаншақ, бұйығы, өте ұяң қазақ қыздарымен жұмыс жасаудың көптеген қиындықтары бар еді. Әрі олар мектепке ешқандай дайындықсыз келетін. Сонымен Хұснижамал 1894 жылы арнайы алты қанат киіз үй тіктіріп, осында қыздарды оқыта бастады. Оқытқаны үшін мұғалімдік еңбек ақы алудан бас тартады. Оқытуға қажетті оқу құралдары мен басқа да жабдықтарды оқу министрлігінің инспекторы А. Вознесенскийдің көмегімен алып тұруға келіседі. Хұснижамалдың шәкірттерінің бірі-ғалым-ұстаз Әмина Мәметова (Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың анасы) былай деп еске алады: «Мен бастаған ісімді аяқсыз қалдырмай, қалайда аяқтап шығатындай тиянақты болуды Хұснижамал апайдан үйрендім. Тал бойында бір мін жоқ, киім киісі, жүріс-тұрысының өзі үлкен мектеп болатын. Оның көркем жазуға үйреткендегі сүйріктей саусақтары, мәнерлеп оқудағы мақпалдай дауысы әлі есімде. Ол бізге жазу мен оқуды үйретіп қана қойған жоқ, жұрттың алдында қалай ұстауды, жүріп-тұрады, бойымызды күтуді, ерінбей-жалықпай үйрететін. Ән салуға, европаша би билеуге баулыған. Оның бізге дауыс көтеріп, қабақ шытқанын, немесе бір айтқанын қайталағанын көрген емеспін» (3)

Хұснижамал ұлттық педагогиканы жаңа жағдайлармен шебер, әрі ұтымды байланыстыра білді. Қазақ қыздарының ата-анасының оң жағында отырып, отбасында алған жақсы қасиеттерін жетілдіруге көмектесіп, сонымен қатар оларға тән мінез-құлығындағы оқылықтарды- жасқаншақтықты, бұйғылықты, ынжықты жоюға көмектесті. Хұснижамал өз шәкірттеріне үйде, қоғамдық орындарда, түзде қалай жүріп-тұру керек, кісімен сөйлесу, үлкенді тыңдау, құрмет көрсету, кісіге қамқорлық жасау, біреудің сөзін бөлмеу тыңдап, көрген-естігенінен қорытынды шығару, сол сияқты киім кию, оның қонымдылығын қадағалау немесе өз бойын күте білу, т.б тәлім-тәрбиені жалқыпай үйретті. Хұснижамал

Нұрлыханованың шәкірттерінің бірі мемлекет қайреткері, бірі қоғам қайреткері болып қалыптасуына тамаша ұстаздың еңбегі зор. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қазақ халқының ұлттық педагогикасының ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұраларына ден қойыла бастады. Ұлттық педагогиканың озық үлгілерін қажымай насихаттаушылардың алдыңғы қатарында осы абзал ұстаз болды(4).



Өкінішке орай, кеңестік дәуірде Хұснижамал есімі көпшілікке бейтаныс болып келді. Оның себебі аяулы ұстаздың өзі де, жолдасы Арон Қаратаевта Жәңгір ханның туысы болғандығы еді. Кеңес үкіметі бұлардың өздерін де, жалғыз қызы Шахзада Шонанованы да аяусыз жазалады. Сайып келгенде, осынау аяулы ұстаздың есімін қазіргі жұртшылыққа кеңінен таныстыру қажет деп есептейміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Егемен Қазақстан. 21 қараша 2018 жыл
2. ҚР ОМА. 59-қор. 1-тарау. 83-іс. 17-б.
3. Сыздықова Р / Орал өңірі. 1994 жыл 7 сәуір.
4. Шахман Нағымұлы «Атырау-білім өлкесі». Алматы «Ғылым» 1999 жыл.

ӘОЖ 372.8:811.512.122

**С.ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕНБЕКТЕРІНДЕГІ
«СӨЙЛЕМДЕРДІ» ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ**

Б.Д.Қалимұқашева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,

п.ғ.к., профессор.

abak_ku@mail.ru

Д.Нұржау

магистрант

mukasheva.galina69@mail.ru

Қазақстан, Атырау қ.

Резюме

Использование методических работ Сабыра Казыбаева в преподавании казахского языка в начальной школе

Ключевые слова: Казахский язык, начальная школа, сөйлем, методика, Сабыр Казыбаев

Қай ғылымның әдістемесі бойынша өз даму тарихы, ерекшелігі бар. Мұны осы ғылымның одан әрі дамуы өркендеуіне жол ашқан ғалымдарымыздың ерекшеліктерімен тығыз байланыстыра қарастырамыз.

Осы орайда қазақ тілін оқыту ғылыми әдістемесі ғылымын дамытуда, оның ғылыми тереңдігін мән-маңызын айқындауда, тың теорияларын негізін қалауда жеке тұлғалардың, ұстаздардың қосқан үлесі айрықша. Себебі ғылымды жасаушы, оның дамытушы, халықтың игілігіне ұсынушы – жеке тұлға.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымын дамытуда үлес қосқан ғылым-әдіскерлердің әдістемелік мұраларын жеке - дара зерттеу ісі қазақ тілін оның әдістемесі тарихын толықтырар мол қазына.

Сондай мол қазынамыздың бірі ғалым-әдіскер ұстаз – **Сабыр Қазыбаевтың** қазақ тілін оқытудағы әдістемелік мұралары. Ғалым «Қазақ тілін оқыту методикасында» Ана тілін оқыту принциптеріне, Сауат ашу методикасына және грамматиканы оқыту методикасына кеңінен тоқталып әдістеме ілімінің қыр-сырына терең теориялық білімін өзінің мол тәжірибесімен маңызы мол мұра қалдыра білген.

Біз бүгін ғалымның «Сөйлем» тақырыбын оқытудағы әдістемелік ұстанымын ғана тілге тиек етеміз.

Бастауыш сыныптарда негізгі тақырып – **сөйлем**. Оқушылар сөйлем материалдары арқылы дұрыс сөйлеу, сөз формаларын өзгерту, сөйлемдегі сөздердің өзара байланысын табу жолдарын үйренеді, сонымен бірге грамматикалық ұғымдарды, орфографиялық және орфоэтиялық дағдыларды меңгереді. **Сөйлем** тіліміздегі синтаксистік құрылымының негізі айтылатын ойдың ұйытқысы болу қызметін атқарады.

Жеке сөздер мен сөздердің өзара байланысты тіркестері ойды білдіретін сөйлемнің құрылыс материалы ретінде жұмсалады дей келіп әдіскер-ғалым С.Қазыбаев сөйлемді бес салаға бөліп қарастырады.

1. Оқушылардың сөйлем туралы грамматикалық ұғымын қалыптастыру, онда сөйлемнің өзіндік белгілері қарастырылады.

2. Сөйлемнің құрылымы, оның жасалу жолдары меңгеріледі. Сөйлем құрамындағы сөздер, сөз тіркестері, сөйлем мүшелері, жалаң, жайылма түрлері оқып үйреніледі.

3. Айтылу мәніне және интонациясына қарай дұрыс құрастыра білу үйретіледі.

4. Сөйлемдегі сөздерді дәл пайдалана білу дағдысы дамытылады.

5. Сөйлемді жазбаша түрде дұрыс құру, оны бас әріптен бастап жазып, аяқталған жерде тиісті тыныс белгісін қоюға машығы меңгертіледі.

С.Қазыбаев бастауыш сыныптарда синтаксистен берілетін білім мазмұны мен көлемін көрсете отырып, сөйлем тақырыбына жататын, яғни сөйлем аясында қарастырылатын материалдарды оқыту әдістеріне жан-жақты тоқталады:

- сөйлем туралы ұғымды бірінші сыныпта әліппе кезінде бақылау, талдау және жинақтау әдістері бойынша практикалық жолмен таныту;

- бірінші сыныпта бастауыш, баяндауыш мүшелер де, жалаң, жайылма сөйлемдер де термин түрінде үйретілмейді. Осы жағдайға байланысты сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен байланысты айтылатынын, әр сөзге сұрақ қойылатынын сол сұрақтар арқылы сөйлемдегі сөздердің байланыстарын табуды жаттығу әдісімен меңгерту;

- оқушылардың 1-сыныпта синтаксистен алған білімдерін 2-сыныпта жаңғырты, байланыс жасау;

- 2-сыныпта сөйлемдердің мағынасына, интонациясына қарай хабарлы, сұраулы, лептіге бөлінетінін таныту;

- 3-сыныпта жай сөйлем мен құралас сөйлем, жалаң сөйлем мен жайылма сөйлем туралы түсінік бергенде өткенді қайталау, оқушылардың сөйлем жөнінде меңгерген білімдерін еске түсіру әдісіне сүйену;

Сөйлемдегі сөздердің мағынасы мен формасын ажырату үшін, олардың өзара байланыстарын табу үшін грамматикалық талдауды пайдалану т.б.

Бастауыш сыныптарда сөйлем мүшелері туралы жалпы түсінік, бастауыш пен баяндауыш, тұрлаулы мүше мен сөйлемнің бірыңғай мүшелері туралы білім негіздері беріледі. Бірінші сыныпта сөйлем мүшесі туралы ұғым аталмайды, бірақ сөйлем сөзбен жасалады, сөйлемдегі сөздерге сұрақ қойылады деп үйретудің өз келесі сыныптардағы осы тақырыптарды өтуге жасай бастаған дайындық жұмысына жататындығын С.Қазыбаев айта отырып, сөйлем мүшелерінің білім, дағды беру ісінде грамматикалық талдаулардың пайдасының молдығына тоқталады.

Бізде өз зерттеуімізде С.Қазыбаев ұсынған «Сөйлем тақырыбын оқыту» әдістемесін кеңінен талдауға ұмтыламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазыбаев С. Қазақ тілі методикасы.-Алматы, 1990
2. Рахметқызы С. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесінің негіздері.- Алматы, 2011
3. Тұрдалиева Г.Ж. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі.

Summary

Use of methodical works of Sabyr Kazybayev in teaching Kazakh language in elementary school

Key words: Kazakh language, elementary school, sulfur, method, Sabyr Kazybayev

ӘОЖ 372.8:811.512.122

С.ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ БОЙЫНША ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Б.Д.Қалимұқашева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,

п.ғ.к., профессор.

abak_ku@mail.ru

Д.Нұржау

Магистрант

mukasheva.galina69@mail.ru

Қазақстан, Атырау қ.

Резюме

Использование методических работ Сабыра Казыбаева в преподавании казахского языка в начальной школе

Ключевые слова: Казахский язык, начальная школа, сөйлем, методика, Сабыр Казыбаев

Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымын дамытуда үлес қосқан ғалым әдіскерлердің әдістемелік мұраларын жеке-дара зерттеу ісі қазақ тілін оның әдістемесі тарихын толықтырар мол қазына. Осы орайда алғанда қазақ тілін оқыту әдістемесін даму тарихына терең үңіліп оның озық үлгілерін жинақтап, зерделеп, оларды білімді ұрпақ тәрбиесінің игілігіне айналдырудың тиімді жолдарын ұсына білгендердің бірі еліміздің ғылыми өмірінде өзіндік із қалдырған, қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі майдангер-ұстаз, әдіскер - ғалым Сабыр Қазыбаев. Қазақ тілін бастауышта және орта мектепте де оқытудың әдістемелік мәселелерін республикалық дәрежеде алғаш оқулықтар жазған ғалымдар қатарынан нық орын алады.

Қазақ тілін оқытудың көптеген мәселелерінің шешімін табуға жұмыстанумен қатар ғалым проблемалық оқытуды ұйымдастыру жолдарында қарастырап оны қолдандыруды да ұсына білген.

Мектепте қазақ тілі грамматикасын оқыту оқушыларға тіл заңдылықтарын меңгерту, олардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорын байыту, логикалық ой өрісін дамыту, саналы еңбекке өз бетімен жұмыс жасай білу дағдысын тәрбиелеуге қызмет ететіндігін баса көрсетеді.

Тілдік материал жайында ойлау, топшылау, тұжырым-түйін жасау процестері грамматикалық мағынаны пайымдау, ашу, тану әрекеттері арқылы жүзеге аспақшы. Соған орай грамматикалық категорияларды меңгерту, онымен қатар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін жетілдіру жұмыстары сол зерттелген тілдік объектілердің мағыналық сапасын әбден танытқанда ғана, күткен нәтижені бере алады. Әрине, грамматикалық құбылыстар өзінің барлық белгілерінің жинағы (комплексі)бойынша танылады. Соның өзінде мағынаға жетекші роль беріледі. Ендеше, тіл құбылыстарын мағынасы мен формалық белгілері жағынан бірдей қарастырып, ғылыми таным негізін дұрыс қалыптастыру-грамматиканы оқытудағы басты проблема I деп келіп ғалым оқытудың проблемалылығына тоқталады (көптеген педагогикалық оқулықтарда «проблемалық оқыту» термині қолданылатыны рас (автор). Ал С.Қазбеков өз еңбектерінде «оқытудың проблемалығы» деп келтіреді. Сондықтан осылайша қолдануды жөн көрдік.

Оқушылардың творчестволық таным қызметін тиімді-оқытудың проблемалылығы. Проблемалы оқытуда білім оқушыларға дайын күйінде таныстырылмайды, қайта білімді өз бетімен меңгеру үшін олардың алдына проблема қойылады. Проблеманың түсінігі мына сияқты. Ол-оқушының бұрынғы бөлімнен туындап, соған сүйенетін әрі ол білімнің олқылығын дәлелдейтін,сөйтіп зерттеуге алынған объект жөнінде жеткілікті мағлұмат шығару үшін әрі қарай ізденісті керек ететін мәселе. Демек, еске түсіру мен творчество бір бүтін танымпроцесінің екі беті іспетті.

Кластағы проблемалы оқу дегеніміз-мұғалім мен оқушы арасында тұрақты тікелей және кері байланыс кезінде өтетін бір ізділікпен ұйымдастырылып әрі шешімі табылатын проблемалы ситуацияларды өзінің ішіне қамтитын белсенді педагогикалық процесс.

Проблемалы ситуация-объектіге танылған қиындық (кедергі)бірақ шешімі табылатын қиындық. Ол қиындықты жеңудің жолы әлі белгісіз болғанмен, сол жол іздестіріледі. Ол қиындық танымды әрекетте де, практикалық істе де кездеседі. Сонымен проблемалы ситуация деп-субъект танып бірерлік мәселені қозғайтын,кездескен сұраққа жауап беру үшін актив түрдегі ойдың тууына әсер ететін түрліше ұйындыққа кездестіретін жағдайларды айтады. II деп проблемалы ситуацияға ғылыми-педагогикалық анықтама береді. Қазір «проблемалық жағдай» деп жүргеніміз сол кезде (1985) әдебиеттерде проблемалық ситуация деп жазылды, айтылды. Проблемалық оқудың негізгі буындарына мыналап келтіреді:

- проблеманы табу;
- шешу;
- қорытынды тексері;

Мұғалім проблемалы ситуация жасау тәсілі ретінде оқушыларға сұрақ қою жолымен қатар, эксперименттік тапсырма мен міндеттерді, құбылыс-оқиғаны бақылауды және оның мәнін түсіндіруді және техникалық мазмұнды творчестволық тапсырмаларды пайдалана алады. Сондай-ақ мұғалімнің түрліше тәжірибе жұмыстарын, оқулық үзінділерін, кітап, картина, материалдарын, сурет, графика, схема, таблица, диаграмма және басқа да құралдарды қолдана мүмкіндігі бар.

Проблемалы оқу проблемалы баяндай,ізденісті әңгіме және зерттеу методтары арқылы жүзеге асырылады.Бұл үш методтың өзара ұқсастығы-проблемалы шешу міндетін қатыстыра оқытуда болса, айырмашылығы-оқушылардың өздігінен жасайтын ізденіс әрекетінің қалыптасу дәрежесіне байланысты екендігіне баса тоқталады. Дей тұрғанмен,ескеретін тағы бір жайт: жоғары үш методтың қолайлы орнында педагогикалық артықшылығы бола тұрса да, оларды иллюстрациялы-түсіндірмелі әдіске қарсы қоюға болмайды. Себебі

иллюстрациялы-түсіндірмелі әдіс мектепте қолданылатын (әсіресе кіші кластарда) ең жарамды әдіске жатады.

Ғалым проблемалық ситуация тудыратындай бірнеше сөйлемдерден мысалдар келтіре отырып теориялық тұрғыдан да практикалық тұрғыдан да дәлелдемелер келтіріп нықтай түседі. Проблемалық ситуация тудырудағы пән аралық байланыс проблемасында қозғайды.

Қазақ тілі грамматикасын оқытуда теориялық әрі методикалық тұрғыдан шебер шешімін табуды қажетсінетін бәр маңызды проблема-пәнаралық байланыс проблемасы. Бұл ретте грамматиканы қазақ әдебиетімен байланыстыра оқыту проблемасын шешуге ерекше орын берілуі тиіс. Бұл талап грамматикалық заңдылықтарды, объектілерді таныстыру тұсында әдебиеттен тілдік материалдарын пайдалану жолымен біршама практикаға енгізілді. Қазақ тілі грамматикасының тиісті категорияларын түсіндіргенде сол жаңа мағлұматты тілдік дерек-фактілер арқылы оқушылар сезіміне әсер ету тәсілімен де саналы танып-білуге жағдай жасалады. Ондай әдеби материалдар не ақын-жазушылардың өмірбаяндық деректерінен, не әдебиет программасы бойынша өтілген, оқушылар бұрын танысқан әдеби туындылардан алынады. Ол сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, мән-мағынасын талдай отырып, оқушылар ол мысалдардың кіммен, қай шығариядан алынғанын, қандай оқиғаны, шындықты бейнелеуде жазылғанын мұғалім сұрақ қоймағанның өзінде-ақ еске түсереді. Сонымен бірге көркем әдебиет үлгісі бойынша белгілі грамматикалық құрылымға лайық сөйлем ойлап құруға талпынады. Сөйтіп өз ойын дұрыс білдіруге, оған лайық сөйлем ойлауға машықтанады. Осылайша, оқушының өз бетімен ой қозғап, шығарма жазуға іскерлік-дағдысы қалыптасатынына түрлі мысалдар келтіріп дәлелдей түседі.

С.Қазыбаев осы айтқан әдістемелік ойларын жүзеге асыра отырып, әр сабақта пайдалану мүмкіншіліктерін қарастыруға тырысамыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазыбаев С. Оқытудың кейбір проблемалы әдістері, «Қазақстан мектебі», №9, 1985
2. Махмутов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. - Алматы, 1981
3. Қазыбаев С. Қазақ тілі методикасы. - Алматы, 1990

Summary

Use of methodical works of Sabyr Kazybayev in teaching Kazakh language in elementary school

Key words: Kazakh language, elementary school, sulfur, method, Sabyr Kazybayev

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК МӘДЕНИЕТІН ТӘРБИЕЛЕУ

У.Т.Туленова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

п.ғ.к., профессор

Қазақстан, Атырау қ.

Кілттік сөздер: қарым-қатынас мәдениеті, әлеуметтік кеңістік, тұлғааралық қатынастар мәдениеті, ақпараттық байланыс, толеранттылық, өзара түсіністік, тұлғаның әлеуметтену үдерісі, көркем эстетикалық мәдениет.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектептің алдында күрделі, үнемі өзгеріп отыратын өмірде өз орнын таба білетін мәдениетті, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр[1].

Білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде педагогикалық қызмет саласы қарқынды болғаны соншалық, педагог білімі мен практикалық икемдерін үнемі толқтырып, жетілдіріп отыруы қажет.

Бүгінде қоғамға құзыретті педагог, жан-жақты дайындалған, адамзатты сүюдің, инабаттылықтың үлгісі болып табылатын, педагогикалық шеберлікті меңгерген педагог қажет.

Коммуникативтік, ұйымдастырушылық, гностикалық, зерттеушілік және көптеген басқа икемдер педагогикалық шеберлікті құрастырушылар болып табылады. Біз педагогикалық шеберлікті құрастырушысының бірі – коммуникативтік икемділіктерге тоқталамыз. Коммуникативтік мәдениет педагогикалық шеберлікке және табысты кәсіби қызметке жетудің қажетті әлеуметтік-психологиялық шарты болып табылады. Қазіргі уақытта қоғамның және білім беру саласының ақпараттық коммуникациялық өзгеруі жағдайында педагогикалық қызметтің коммуникативтік жағына қойылған талаптар сөзсіз артады. Осыған байланысты, педагогке өзінің коммуникативтік мәдениетін жетілдіруге назар аударуы керек. Неліктен бұл сондай маңызды? Себебі педагог «адам-адам» жүйесінің маманы ретінде, белгілі бір коммуникативтік білімдердің, икемділіктердің, қабілеттерінің болуын білдіретін жоғары коммуникативтік мәдениетке ие болу керек.

Педагогтің коммуникативтік мәдениеті педагогикалық мәдениеттің маңызы құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Оны жетілдіру қажеттілігі байланыс бойынша серіктес болған адамдармен; балалармен, әріптестермен, ата-аналармен әртүрлі және жан-жақты қарым-қатынасты қамтамсыз ететін педагог әрдайым қарым-қатынас үдерісіне қатысады. Қатынастың үш жағына негізделген (коммуникативтік, перцептивтік және нитербелсенді) педагогтің негізгі коммуникативтік икемділіктерінің үш тобын бөлуге болады

- тұлғаарылық коммуникациялық икемділіктерді;
 - бірін-бірі қабылдау мен түсіну икемділіктері;
 - тұлғааралық қарым қатынас икемділіктері
- Осымен байланысты коммуникативтік қабілеттер қамтиды
- өз эмоцияларын басқару икемділігі;
 - байқампаздық және зейінді аудару мүмкіндігі;
 - «өзін таныстыру» икемділігі
 - ауызша және ауызша емес коммуникациялық икемділіктері.

Жалпы алғанда мұндай икемділіктер мен қабілеттер педагогикалық қарым-қатынас техникасын құрайды немесе педагогтің коммуникативтік мәдениетінің технологиялық жағын сипаттайды.

Барлық коммуникативтік икемділіктері төрт топқа топтастыруға болады:

1. Қатынастың сыртқы жағдайында тез және дұрыс бағдарлану икемділіктері.
2. Өз сөзін дұрыс жоспарлау икемділігі, б.д. байланыс актісінің мазмұны.
3. Осы мазмұны жеткізу үшін жеткілікті құралдарды табу икемділігі (дұрыс үн, дұрыс сөздер және т.б).
4. Кері байланысты қамтамасыз ету икемділігі.

Қатынаста және өзара әрекеттесуде маңызды кедергілер болуы мүмкін:

- Мәнерлі емес сөйлеу;
- Сөйлеу кемшіліктері;
- Жұғымсыздық;
- Тұйықтық;
- Байланыс орнатуда ішінен тыну.

Педагогикалық қызмет тұрақты және ұзақ мерзімді қарым-қатынасты білдіреді. Сондықтан да тіл табысу дағдылары дамымаған педагогтер тез шаршайды, ашуланады және тұтастай алғанда өздерінің қызметтерінен қанағат таппайды.

Қатынас үшін дұрыс қашықтықты таңдау өте маңызды. Ғалымдар төрт қатынас аймағын бөліп көрсетеді:

1. Сырластық – барлық аймақтардан бұл маңызды, өйткені осы аймақты адам өзінің меншігіндей қорғайды. Адам осы аймаққа тек қана өзімен жақын эмоционалды байланыста болған адамдарға кіруге рұқсат береді.

2. Жеке қашықтық 1,5 м дейінгі қашықтықта қатынас орнатуды білдіреді. Бұл қашықтық, бізді бөліп тұрады. Бұл аймақтың сырластықтан айырмашалығы ауызша емес қатынастан басым болуы. Дәл осында ақпарат пен тәжірибе алмасылады. Бұл аймақ стандартталған, іскер деңгейдегі байланыстырған тән.

3. Әлеуметтік аймақ төрт метрге дейін созылады. Осындай қашықтықта біз жақсы білмейтін бөтен адамдардан ары тұрамыз. Бұл аймақта қатынас рәсімдік немесе ресми сипатқа ие. Әлеуметтік аймақта оқытушы аудиториямен, мұғалім сабақта сөйлеседі.

4. Қоғамдық аймақ – бұл біз көп адамдар тобына жүгінген және онымен тікелей байланысқа мұқтаж болмаған кез. Бұл аймақта қатынас айтарлықтай жоқ. Басты рөл ауызша емес қатынас құралдарына тиесілі – кейіп, (дене қимылы), екпін айқындылығының маңызы зор.

Қатынастың тиімділігі тыңдай білуден және сөйлей білуден тұрады. Бұл үшін дидактикалық коммуникативтік әсерді жүзеге асыру керек, б.д. эмпатия, ұғыну, қорыту сияқты компоненттерді қатынасқа кіргізеді

Қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу мәселесі неғұрлым маңызды болып отыр, себебі оқушыларды ересек өмірге даярлауға қойылатын қазіргі талаптар өзгерді. Тұлғаның қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу мәселесі әрдайым педагогика ғылымының назарында болып келді және түрлі аспектілерде қарастырылды (қарым-қатынас, мінез-құлық, тұлғааралық қатынастар мәдениеті, тіл мәдениеті және т.б.) Қарым-қатынас мәдениеті тәрбиеленушілер мен педагогтардың өзара байланысты мәдениеті ретінде қалыптасады және жетілдіріледі.

Қарым-қатынас мәдениеті саласы – тұлға өмір сүретін әлеуметтік кеңістіктің қажетті бөлігі.

«Қарым-қатынас мәдениеті» ұғымының ғылыми мазмұны қарым-қатынас, ақпараттық байланыс, төзімділік (толеранттылық) ұғымдарының мазмұнымен айқындалады.

Қарым-қатынас – оның барысында психикалық байланыс пайда болатын адамдар арасындағы байланыс, ол ақпарат алмасудан, өзара әсерден, өзара түсіністіктен көрінеді. Қарым-қатынас адамдар арасында байланыс орнатуға бағытталған. Оның мақсаты – адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты өзгерту, өзара түсіністік орнату, білімге, көзқарасқа, қарым-қатынастарға, сезімдерге және т.б. тұлғаның бағыттылығын орнату. Адамдар арасындағы байланыс қарым-қатынастан тұрады, ол – индивидтің тіршілік етуінің қажетті шарты.

Қарым-қатынастың мазмұндық жағы тәсілдер, құралдар көмегімен жүзеге асырылады. Адам қоғамындағы қарым-қатынастың басты құралы – тіл болып табылады. Алайда тілмен қатар тілдік қарым-қатынас ішінде тілдік емес құралдар да қолданылады: келбет, ым-ишара, мимика, әріптестердің бір-біріне қатысты алғанда орналасуы[2].

Ақпараттық байланыс – адамдармен қарым-қатынас жасау білігі мен дағдылары. Әр түрлі жастағы адамдардың, білім берудің, мәдениеттің түрлі деңгейі мен психологиялық дамудың табысты болуы соларға байланысты.

Төзімділік (толеранттылық) – әлеуметтік және жеке өмірдің барлық салаларын қамтитын көріну мен дамудың сан алуан қырлары бар күрделі, көпаспектілі және көпкомпонентті феномен. «Төзімділік (толеранттылық)» ұғымының мәнін ашатын сөздерге: төзім, шыдамдылық, мойындау, сыйлау, кешірім, жұмсақтық, тіл табысуға дайын болу және т.б. жатады. Білім беру мазмұнын жаңарту бастауыш сынып оқушыларында қазіргі әлеуметтік маңызды құндылықтар мен қоғамдық бағдарлар жүйесін қалыптастырудың шешуші шарты ретінде көрінеді. Сонымен, тұлғаның әлеуметтенуі үдерісінде төзімділік оның мінез-құлқы мен ойлауының стилін айқындайтын табиғи нормаға айналуы тиіс.

Қарым-қатынастың жалпы мәні адамның мақсатына байланысты, біріншіден, басқа адамдарды тану, сол адамдардың ықпалы арқылы өзін-өзі тану, бағалау болып табылады,

екіншіден, басқа адамдармен өз әрекеттерін таңдауда мақсатты, саналы, белсенді жан иесі ретінде көрінеді.

Қарым-қатынас барысында тұлғаның әлеуметтену үдерісі жүреді. Адам қарым-қатынас үдерісінде өзінің жеке тұлғалық ерекшелігін көрсетеді, өзі үздіксіз қарым-қатынаста болатын ортаға енеді. Қарым-қатынас адам болмысының рухани және мәдени формаларын біріктіре отырып, оның қажеттілігін дәлелдейді. Бастауыш сынып оқушыларында қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу оның оқу әрекеті мен қарым-қатынас субъектісі ретінде мақсатты түрде қалыптасуына және әлеуметтенуінің жалпы мәдениетінің дамуына негізделеді[3].

Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасы негізінен ойын барысында қалыптасады. Ойын кезінде ынтымақтастық пен бәсекелестік сезімдері дамиды:

- қарым-қатынас мәдениетін;
- қарым-қатынас ретінде;
- жүйе құраушы, кіріктіруші әлеуметтік фактор ретінде;

көркем, эстетикалық, ақпараттық және т.б. мәдениет түрлерімен бірге қарастыруға болады.

Жоғары саналылық, әділеттілік, ақылдылық, өнегелілік – қарым-қатынас мәдениетінің жоғары шегі.

Қарым-қатынас мәдениеті әрқашан басқа адамға бағытталады. Белгілі бір өзара әрекет түрінің қарым-қатынас мәдениеті бола алатын, алмайтынын анықтау үшін төмендегі мәселелерге назар аудару қажет:

- әріптесіне деген зейіні мен қызығушылығы. Көзіне тура қарау, басқаның сөзі мен әрекетіне назар аудару субъектінің басқа адамды қабылдайтынын, оның назары соған бағытталғанын білдіреді.

- әріптесіне эмоционалдық қатынас;

- әріптесінің назарын өзіне аударуға бағытталған бастамашылдық акт. Басқаның қызығушылығын ояту, өзіне назар аударту - қарым-қатынастың неғұрлым өзіне ғана тән сәті.

- адамның өз әріптесінің қатынасына сезімталдығы. Әріптесінің қатынасы әсерінен өзінің белсенділігін өзгерту осындай сезімталдықты білдіреді.

Тұлғаның қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқандығы төмендегі критерийлер тобымен айқындалады:

- сөйлеу мәдениеті;
- қарым-қатынас іскерліктері;
- қарым-қатынастық ойлау;
- құндылық бағдарлар;
- бос уақыттағы қызығушылықтар.

Төмендегі критерийлер бойынша мәдениеттің ұйымдастырушылық тобын бағалауға болады:

- әлеуметтік-психологиялық ахуал;
- топтық құндылықтар;
- бос уақытқа байланысты құрылған топтардың өзін-өзі ұйымдастыру деңгейі;
- топтық ынтымақтастық;
- топтық қабылдаудың біртұтастығы;
- мақсатқа бағыттылық.

Қарым-қатынас мәдениетінде эмоционалдық критерийлерге де айрықша мән беріледі:

- эмоционалды түрде іс-әрекетке ену;
- мәдени-сауықтық іс-шараларға қатысу арқылы қанағаттанғандық сезімде болу[4].

Қарым-қатынас мәдениетінің критерийлерін қарастыра отырып, оның үш негізгі мотивін бөліп көрсетуге болады: іскерлік мотивтер ынтымақтастыққа, ойынға, жалпы белсенділікке қабілеттіліктен көрінеді; жаңа әсерлерге қажеттіліктерді қанағаттандыру үдерісінде пайда болатын танымдық мотивтер. Оның негізгі көзі – жаңа ақпарат беруші және бастауыш сынып оқушысының пікірі мен сұрағын түсінетін және бағалай алатын тыңдаушы – ересек адам.

Тұлғалық мотивтер әрекеттің айрықша түрі ретінде тек қарым-қатынасқа тән. Бұл жағдайда қарым-қатынас мәдениетін адамның өзі оятады.

Қазіргі мектептегі тәрбие мазмұны біріншіден, адамгершілік, экономикалық, азаматтық, эстетикалық, экологиялық, жыныстық, дене, еңбек және т.б. сипатта болса; екіншіден, шындық, мейірімділік, сұлулыққа қатысты жағымды көңіл-күйді және өтірік, зұлымдық, ұсқынсыздыққа қатысты жағымсыз көңіл-күйді сезінуге бағытталған.

Мұндағы мақсат – оқушының эмоционалдық-еріктік саласын дамыту және жетілдіру. Үшіншісі қарым-қатынаста көрініс табатын мінез-құлықтық – әрекеттік форманы құру болып табылады. Мұның логикасы мынада: әлем, дүние туралы білім, эмоционалдық бағалау оларды саналы түрде түсініп, әрекеттер жасауға әкеледі. Дұрыс, жақсы қарым-қатынас жасау ережесінің нәзік жақтарын білетін, оны эмоционалды қабылдай алатын оқушы, әруақытта мәдениетті және әдепті.

Бастауыш мектеп шағында әрекетті біліктер, риторикалық біліктер, диалог құра алу білігі, ести және тыңдай білу және талас тудыру білігі, басқаның көзқарасында тұру білігі, жалпы мақсатқа қол жекізу үшін бірлесе жұмыс істеу білігі басым болады.

Сонымен, қарым-қатынас мәдениеті бір-бірімен, ұжыммен тығыз байланысты өзара әрекетке негізделеді. Қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу барысында бастауыш сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін есепке алған жөн[5].

Кіші мектеп жасы – бала өміріндегі ең маңызды және жауапты кезеңдердің бірі. Оның дамуы барысында барлық психикалық үдерістердің өзгеруі жүзеге асады. Олар бала тұлғасы мен бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқандық деңгейін түпкілікті өзгертеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Набуова Р. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының педагогикалық мәні //Бастауыш мектеп.- 2005.- №1.-23-24 б.
2. Өтебаева С. Коммуникативтік қарым-қатынас және орта //Қазақстан мектебі.- 2012.- №5.-32-34 б.
3. Өтегенова Л. Қарым-қатынас жасай білу-үлкен өнер//Мектептегі психология.- 2008.- №5.- 24-25 б.
4. Палманова Л. Балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқына кері әсер етуші факторлар //Мектептегі психология.- 2011.- № 10.- 35-36 б.
5. Рақымжанова М. Мінез-құлқы қиын оқушыларды анықтау//Мектептегі психология.- 2010.-№1.-35-36 б.

Резюме

Статья посвящена проблеме воспитания коммуникативной культуры младших школьников.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

А. Сибатова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистранты

Н.С.Жұмашева

Ғылыми жетекші, қауымдастырылған профессор м.а.

(Атырау қаласы, Қазақстан)

Кілттік сөздер: жеке тұлға, оқушылардың өзін-өзі бағалауы, білімі мен білік, дағдылары.

Ключевые слова: личность, самооценка учеников, знания и умения, навыки.

Keywords: personality, student self-esteem, knowledge and skills

Түйіндеме

Оқушылардың өзін-өзі бағалауын дамытудың педагогикалық маңызына теориялық тұрғыдан талдау жасалады

Резюме

Проведен теоретический анализ педагогической значимости развития самооценки учащихся.

Summary

A theoretical analysis of the pedagogical significance of the development of student self-esteem has been carried out.

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Білім беру мазмұнын жаңарту-сапалы білім, жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, тез өзгеріп жатқан әлемнің жағдайында зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру» деп атап көрсеткендей бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді талап етеді. Білім беруді жаңаша ұйымдастыру — оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Елбасы Н.Ә Назарбаев жылдар бойы білім және ғылым саласына ұдайы көңіл бөліп келеді. Биылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында да бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз — білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын оқушылардың сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», -деген жолдар — соның дәлелі.

Еліміздің болашағы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігіне, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығына, білімі мен біліктілігіне тікелей байланысты. Қазіргі таңда әр балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзін-өзі бағалау, әрекет жасай алатын ортасы бар екенін ескере отырып, оқушының білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру, олардың ақыл-ой қабілетін, дүниетанымын, өмірлік мақсат-мүдделерін айқындауға жеке басының қабілеттерін дамыту маңызды міндет. Бұл міндеттердің жүзеге асуы оқушының жеке тұлғасының қалыптасуында маңызды болып табылатын - өзін-өзі бағалауына тікелей байланысты. Сондықтан оқушының өзін-өзі бағалау мәселесі өзектілігінің артуы қазіргі қоғам дамуына байланысты туындап отыр. Себебі өзін-өзі бағалау арқылы, өзінің іс-әрекетін объективті тұрғыда саналы реттеу арқылы ғана оқушының жеке тұлғасы қалыптасып қана қоймай, еңбекке, білім алу мен жеке өміріне, мемлекеттік маңызды істер мен өзін-өзі жетілдіруге дұрыс бағытының қалыптасуына негіз болады.

«Жеке тұлға», «кемелденген адам», «толық адамның» болмысы, қасиеттері туралы философиялық, педагогикалық, психологиялық түйінді тұжырымды дүниелер бар.

Шығыс ғұламалары Ибн Сина, Әл-Фараби, Имам Ғазали, Әбу Жүсіп Ысқақ т.б. өзін-өзі тәрбиелеудегі адамның ішкі мүмкіндіктеріне, қасиеттеріне, іс-әрекеттеріне орынды баға беруі мен дұрыс өмірлік бағдар ұстануы туралы құнды пайымдаулар айтқан.

Ибн Сина адам өзін-өзі тәрбиелеуі мен саналы іс-әрекетіне талдау жасап, тәрбиешіге еліктеу жолымен қалыптасатынын айтса, Әл-Фараби, «адам өз бойында туа біткен қасиеттерді жетілдіруі қажет, әсіресе, жақсыны түсінетін, талдап айтылған сөзді сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай-жапсарына сәйкес ұғып алатындай, өзі түсінген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында сақтайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуына, өз-өзіне баға беріп, өзінің жақсы қасиеттерін дамытып отыру қажеттілігіне тоқталады[3, 4].

А.Құнанбаев: «Егер есті кісі қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасыңда бір, ең болмаса айында бір өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», - дей отырып, өзінді-өзі тәрбиелеу үшін, жасаған іс-әрекетінді талдап, бағалап, болашақта нәтижелі іс жасау үшін өмірінді бағдарлап отыр деген ой-пікір айтады [5].

Ал, дидакт ғалымдар өзін-өзі бағалауды өзінің білімі мен білік, дағдыларын дұрыс бағалай отырып, жеке тұлғасы болмысының сипаты арқылы анықталады деп есептейді [6,7].

Өзін-өзі бағалау – жеке тұлғаның болашақтағы даму бағдары мен мақсат-міндеттеріне, өмірлік жолын дұрыс таңдауымен анықталса, оқушының өзін-өзі бағалау проблемасы жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуы, қарым-қатынас және құндылық бағдар мәселелерімен тығыз байланыста зерттеледі.

Оқушының өзін-өзі бағалауын дамыту мен оның педагогикалық маңызын түсіну үшін оқушы мен қоршаған ортаның байланыс жүйесін ескеріп, ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеуде адамның бір-бірін түсінуі мен қабылдауының психологиялық механизмдерін зерделеу қажеттігі туындайды.

Жеке тұлғаның қалыптасуында өзін-өзі бағалау мен қоршаған ортасында адамдардың іс-әрекетіне, психикалық мүмкіндіктеріне объективті бағалай алуы оқушының тек танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру ғана емес, тұлғаның басқа да бірқатар: өзін-өзі көрсетуін, қорғауын, өзін-өзі белсендіру сияқты өзіндік даму қажеттіліктерін қанағаттандырудың маңыздылығына Р.С.Омарова тоқталады.

Оқушылардың өзін-өзі бағалауын дамытуда мұғалімнің бағыттаушылық, ұйымдастырушылық қызметі маңызды. Ол үшін мұғалімге мынадай талаптар қойылады:

- оқушыларды зерттеу;
- оқушыларға өзінің іс-әрекетіне, орындаған тапсырмалар нәтижелеріне т.б. бағалауға кеңес беру, міндеттерін белгілеу, нұсқау беру;
- оқушылармен жағымды қарым-қатынас қалыптастыру;
- оқушылардың талдау іс-әрекетін бағалау, бағыттау;
- оқушылардың өзін-өзі бағалау үрдісінде шығармашылық қатынас жасау;
- жеке басының үлгісі, ықпалы;
- түрлі әдіс-тәсілдер мен оңтайлы жолдарды пайдалану, оқыту мен тәрбиені сабақтастыру;
- педагогикалық реттеу, сын, рефлексия.

Оқушылардың өзін-өзі бағалау үрдісінде өзін-өзі анықтауды жүзеге асыру кезеңдер бойынша жүргізіледі:

- педагогикалық жағдайды ескеру, сынау үшін қолайлы жағдай табу, таңдап алу;
- істеген ісін талдау, оны себебін ашу;
- сынақ дәрежесін, түрін анықтау, хабарды, мәліметті беру, көрсету;
- сын нәтижесін талдау және ескеру.

Бұл үрдісте әдісті сапалы, тиімді пайдалану шарты ретінде: оқушылардың өз қатесі мен кемшілігін түсінуі; қателескен баланың жеке басын құрметтеу, сыйлау; оқушылар ұжымының қалыптасу деңгейін ескере отырып, оған сүйену; әдептілік пен сыншылдық, ой-қорыту, тұжырымның ортақтығы; шектен тыс қаталдықтан аулақ болу; басқа да әдістерді тиімді қолдану.

Мұғалім оқушылардың өзін-өзі бағалауын қалыптастыруда оқушылар мен оқушылар ұжымына нақты бір жоспар негізінде нені, қалай істеу керектігін көрсетіп, бағыт-бағдар беріп отыруы маңызды болып табылады. Мұғалім педагогикалық жағдайды бағдарлай және бағалай отырып, талап түрлерін дұрыс таңдап, оның орындалуын тексеру оң нәтижесіне жетуді мақсат еткен жағдайда ғана іс-әрекет толық мәнді болмақ.

Сонымен, оқушылардың өзін-өзі бағалауын дамытуды ұйымдастыруда:

- оқушының өзін-өзі бағалауын дамытуды дидактикалық тұрғыда қамтамасыз ету;
- оның шарттары мен факторларын, құрылымын анықтау;
- оны жүзеге асыру мен ұйымдастыру үрдісінде оқушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеру;

- оқу үрдісінде және одан тыс уақытта оқушылардың өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға жүйелі көзқарас тұрғысынан келу;
- оқушылардың өзін-өзі бағалау үрдісінде жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңыздылығына мән беру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <http://adilet.zan.kz/rus>
2. Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 31 қаңтар 2017ж.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность, сознание, личность. – М., 1977.-180 с.
4. Әл-Фараби. Изгі қала тұрғындарының көзқарастары трактаты. –Алматы, 1990
5. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 355 б.
6. Омарова Р.С. Оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері. –Ақтөбе, 2007. –191 б.
7. Якунин В.А. Педагогическая психология. Санкт-Петербург, 2000. –349 с.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ДАЙЫНДЫҚ САПАСЫН АРТТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ РӨЛІ

А.С.Қарабаева

*магистр, Қ.Дутбаева атындағы
гуманитарлық колледжі директоры,
Қазақстан, Атырау қ.,
E-mail: gumcollege@yandex.kz.*

Кілттік сөздер: инновациялық технологиялар, инновациялық педагогикалық концепция, заманауи парадигма, проблемалық-эвристикалық әдістер

Ключевые слова: инновационные технологии, инновационная педагогическая концепция, современная парадигма, проблемно-эвристические методы

Keywords: innovative technologies, innovative pedagogical concept, modern paradigm, problem-heuristic methods.

КІРІСПЕ

Білім беру жүйесі қоғамның ақпараттық-технологиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуына қарай тұрақты өсіп келе жатқан маңызды сала. Жаңартылған қоғамға жаңа технологияларды меңгерген, алынған білімді өз бетімен түрлендіре алатын, шығармашылық ойлары мен жаңа көзқарасы бар құзыретті мамандар қажет. Осы мақсатта болашақ мамандарды даярлау сапасының проблемасын кешенді шешу қажеттілігі туындайды. Әрине, ол ең бірінші, ұстаздардың білім берудің заманауи парадигмасын, инновациялық педагогикалық концепцияларды, технологияларды, оқыту және бақылау әдістерін терең меңгеріп, білім алушыларға жеткізе білуіне тәуелді және болашақ кадрларды даярлау сапасын бағалаумен қамтамасыз етіледі.

Дәстүрлі оқытуды жаңғырту, білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамыту, оқу процесіне инновациялық көзқарас - тұлғаның дамуына және құзыретті маманды дайындауға ықпал ететінін педагогикалық тәжірибелер дәлелдеп отыр. Көп жылдық жұмыс тәжірибесі және колледждегі білім беру процесінің ерекшелігі көрсетіп отырғандай тиімді әдістер: жобалық оқытуды, креативтілік, дербестік, бастамашылық, мобильділік сияқты жеке тұлғаның қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін зерттеу, проблемалық және эвристикалық әдістерді, студенттердің білімін бағалаудың рейтингтік жүйесі - оқыту, дамыту

процесінде бірден-бір мотивацияны арттыруға маңызды ықпал ететінін іс жүзінде көрсетіп отыр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі қызметінің әр түрлі аспектілерін жүйелі талдау, негізгі үрдістер сапасының сауатты ұйымдастырылған мониторингі ұжымда жүргізіліп жатқан жұмыстарды жетілдіру бойынша мақсаттарды анықтауға, колледж қызметіне болжам жасауға және түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Ұжымда қалыптасқан моральдық және материалдық ынталандыру жүйесі де осы міндетке жауап береді. Колледжде «Қоғам талабына орай адамзаттық рухани құндылықтармен қалыптасқан білімді, жаңашыл, құзыретті мамандарды дайындау» миссиясына сай «Заманауи педагогикалық және ақпараттық технологияларды енгізу - мамандардың жалпы және кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың негізі» тақырыбымен 141 оқытушыны (1санатты-30, жоғары-49, екінші-49 және 39 магистр) шоғырландырған 10 бірлестік болашақ мамандарға сапалы білім беруде белсенді үлес қосып келеді. Қазақстан Республикасы орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогикалық шеберліктерді меңгеруде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның ұйымдастыруымен Педагогикалық шеберлік орталығынан колледждің 40 оқытушысы, 22 студентінің біліктілік курстарынан өтуі дәлел. Осы процестерді жетілдіру үшін ақпарат алудың әртүрлі арналары арқылы ұйымдастырылған оқытушылармен, қызметкерлермен және білім алушылармен кері байланыс жұмыс істейді: студенттер мен оқытушылардың сауалдары, студенттік газеттер, сондай-ақ ғылыми, оқу-тәрбие және мәдени сипаттағы бірлескен іс-шаралар. Білім беру сапасының жүйесін дамыту бойынша мақсаттарды қою үшін басқа оқу орындарының тәжірибесін зерделеу, SWOT-талдау – күшті және әлсіз жақтарын анықтау кеңінен қолданылады.

Колледждің педагогикалық ұжымы оқу процесіне модульдік, диалогтық, жобалық, мультимедиялық технологиялар сияқты жаңа технологияларды енгізу бойынша белсенді жұмыс істейді. Оқыту және бақылау компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып оқытуды ынтымақтастықта жүзеге асыру - мамандарды даярлау сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылатын - белсенді ғылыми-әдістемелік және ғылыми-тәжірибелік жұмыстарға негізделген.

Заманауи білім беру жобасы - бұл өзіндік танымдық және шығармашылық қызметті белсендірудің дидактикалық құралы ретінде білім алушының жеке қасиеттерін қалыптастырады. Әсіресе, жоба әдісі жастардың өз білімін, мүмкіндіктері мен іскерліктері туралы түсініктерінің объективті жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Олар болашақ маман ретінде оқу мақсатын түсініп қана қоймай, сонымен қатар өз бетінше нақты міндеттерді анықтауды, өз қызметін бағдарламалау, мақсатқа жетудің барабар құралдарын таңдау, іс-әрекет реттілігін анықтау қабілеттерін де меңгереді. Жобалық оқыту негізінде рефлексивті-әрекеттік парадигма жатыр, ол білім алушыларды белсенді іс-әрекеттерге, проблемаларды саналы түрде түсінуіне, өзін-өзі дамытуға ықпал ететіні сөзсіз.

Үздік жобалар конкурстарына да колледжі жастары белсенділік танытуда. Колледжішілік, колледжаралық педагогика, өнер-мәдениет салаларынан өткізілетін жобалармен қатар, еліміздің тарихы мен дамуына да бейтарап қарамайтын жастарымыз облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы «Қоғамдық келісім» КММ-нің үздік жобалар өңірлік байқауында Д.М. Қойшыбекова - 2 дәрежелі Диплом мен сыйақы, Н.А Амиржанова мен А.О. Шыныбаева - Алғыс хаттарды иеленді.

Білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісіне «Өзін-өзі тану» бағдарламасын біріктіруі бойынша педагогикалық колледж ұжымының пилоттық жобаға енуігізілуі болашақ мамандарды одан әрі сапалы жетілдіруде үлкен жауапкершілік жүктейтінін қабылдаймыз. Соңғы уақытта өзін-өзі дамыту проблемасы әртүрлі зерттеулер арасында ең өзектісі болып отыр. Өзін-өзі дамыту - мақсатқа сай ішкі белсенділік және тұлға үшін маңызды қасиеттерді, сапаларын дамытуда және жетілдіруде саналы бағыт. Жалпы өзін - өзі дамыту - өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған арнайы рухани қызмет ретінде жүзеге асады. Белсенді шығармашылық жұмыс процесінде адамның рухани өмірін байытады, оның

қызығушылықтары кеңейіп, шеберлігі шыңдалады. Тұлғаның шығармашылық қасиеттерін қалыптастыру мен дамытудың тиімділігі көбінесе оқытушының білім алушылардың шығармашылық қызметін ұйымдастыра білуіне байланысты.

Қазіргі уақытта оқу құндылықтарын қайта тану жүріп жатыр. Білім алу немесе білімді игеру ғана емес, оқу және кәсіби қызметте, тіршілік етуде, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін қалыптастыру маңызды. Бұл оқу процесіне көзқарасты түбегейлі өзгертуді көздейді. Ендеше, болашақ мамандарды даярлау барысында өтетін білім беру процесінің мазмұны мен бағыттылығы оқу пәндерінің мазмұнын игерудің тиімді құралы ғана емес, сонымен қатар болашақ мұғалімнің әлеуметтік қалыптасуының құралы болып табылады.

Қазіргі уақытта білімді адамдар сұранысқа ие. Бұл жастардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін проблемалық-дамытушылық оқыту әдістері негізінде қалыптастыруды қажет етеді. Оқытудың проблемалық-дамытушылық әдісі бірқатар артықшылықтарға ие. Өйткені, проблемалық оқыту - оқытушының басшылығымен проблемалы жағдайлар жасауды және студенттердің зияткерлік және шығармашылық дамуы мақсатында дербес белсенді қызметін көздейтін, ғылыми негізделген әдістер мен құралдардың жүйесі. Ең бастысы, проблемалы сабақта үш негізгі аспектіні нақты ұйымдастыра білу мақсат:

- біріншіден, проблемалық сабақтың мазмұны студенттердің білім алуға қызығушылығын оятатын проблемалық мәселе болуында;
- екіншіден, проблемалы мәселе оны шешу, негіздеу, дәлелдеу үшін гипотезаны ұсынуды болжайды.
- үшіншіден, проблемалық сабақты ұйымдастыру принципі ретінде көбінесе бірлескен іс-әрекет, топтық оқыту әдісін тиімді қолданылады.

Дәстүрлі біліммен салыстырғанда, проблемалық оқыту студенттердің шығармашылық қабілеттерін, олардың ой-өрісін неғұрлым нақты дамытуға мүмкіндік береді, ол алынатын білімді, шеберлікті және дағдыларды сапалы меңгеруге ықпал етеді.

Оқу процесінде проблемалы оқытуды кеңейтуде эвристикалық оқытудың мүмкіндіктері басым, өйткені ол мұғалім мен студентті алдын ала белгісіз нәтижеге қол жеткізулеріне бағыттайды. Білім алушылар бір мәселені шешудің ықтимал гипотезаларын өздері ұсынады, оларды тексереді және жаңа күтпеген нәтиже ала алады. Колледж ұстаздары оқыту-тәрбие процесінде тиімді проблемалық-эвристикалық әдістерді де қолданып жүр. Оның тиімділігі: болашақ мамандардың бастамашылдығы айтарлықтай күшейеді, қойылған міндеттерді шешу нәтижесінде оң ішкі мотивация қалыптасады, тапсырмаларды шешуге, жаңа, қосымша өз бетінше білімдері мен іскерліктерін қолдануға шығармашылық көзқарас дағдылары қалыптасады, оқу материалын меңгеру деңгейі артады. Оқыту үдерісінде оқушылар жұмысын топтық ұйымдастыру тұлғааралық қарым-қатынасты нығайтуға әкеледі, өзара іс-қимылды дамытады, оқу процесінде өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін, өзін-өзі бағалауын қамтамасыз етеді. Жаңа педагогикалық мақсаттарды іске асыру оқытудың проблемалық-эвристикалық принциптерін қолдану арқылы мүмкін болатынын, оқушылар дайын түрде емес, білімді ашу керектігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда колледж ұстаздары студенттердің ізденіс-шығармашылық қызметін ұйымдастыруды оқу үдерісінің маңызды нысандарының бірі ретінде басшылыққа алып келеді. Студенттер үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі түрлері қандай да бір тақырып бойынша хабарламалар дайындау, рефераттар жазу, ғылыми іздеу элементтері бар жеке шығармашылық тапсырмаларды орындау, конкурстар мен пәндік олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға қатысу болып табылады. Әрине, болашақ мамандардың тілге, әдебиет пен мәдениетке, технологияларға, тарих пен әлеуметтануға арналған ізденістерінің өзектілігі мен жаңалығына, практикалық және теориялық маңыздылығына, дайындалған презентациялар деңгейіне, сөз сөйлеушілердің айқындылығына, өз көзқарасын дәлелдей білуіне, қойылған мақсаттарға жету талпыныстарына назар аударылады. Осы жұмыстардың нәтижесін колледж студенттерінің қатысқан колледжішілік қана емес, облыстық, аймақтық,

республикалық ғылыми-практикалық конференциялардағы жетістіктерінен көруге болады. Білім алушылардың жетістіктері жоғары бағаланып келеді. «Қазақстан Республикасы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында үш тілді жетік меңгерген колледжінің бес студенті облыстық «Тілдарын-2018» байқауында жоғары түсінік-танымдарын көрсетіп, Г. Арыстанова –жүлделі 2 орынды алса, А. Бисенғалиев 1-орынға ие болып, республикалық байқауға жолдама алды. Сабақтан тыс өз білімін шыңдауда колледж жастары «Жер – біздің ортақ үйіміз» облыстық театрланған конкурста Х. Досболатұлы, Е. Орынбасаров жүлделі 1,2-орындарға ие болды. Астана қаласы Халықаралық ғылыми педагогикалық білімді дамыту Академиясының ұйымдастыруымен 1-Халықаралық «Реферат» байқауында А. Киікбаева, А. Бақтыбаева, Ж. Фатиховалар І дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Бұл заман талабына сай, бүгінгі қоғам сұраныстарына жауап бере алатын болашақ мамандардың дайындық деңгейін анықтаудың бірден-бір мақсаты. Сондай-ақ, оқу процесінде бағалау материалдарын қолдану, яғни тест әдісі білім беру және кәсіби диагностикадағы танымалдық деңгей бойынша негізгілердің бірі болып табылады. Бұл уақыт бойынша шағын болғанмен, әрине күрделі жұмыс, бірақ студенттердің қорытынды аттестациясы мен бақылау сабақтарын өткізу кезінде оқытушының жұмысы жеңілдетіліп, студенттің меңгеру біліктілігі нақтыланады. Тестінің артықшылықтары: жағдайлар мен нәтижелерді стандарттау, жеделдік пен үнемділік, бағалаудың сандық сараланған сипаты, компьютерлендіру мүмкіндігі, сенімділік, әділеттілік.

ҚОРЫТЫНДЫ

Білікті маман даярлау – сапалы білімнен қалыптасады. Педагогикалық қызметте инновациялық технологияларды, оқыту және бақылау әдістерін қолдану әрбір студенттің кәсіби бағыттылығын, шығармашылық белсенділігін, креативтілігін, дербестігін, бастамашылдығын, ұтқырлығын қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның дамуына ықпал етеді. Қоғамның дамуында мамандық иелерінен жоғары кәсіби біліктілікті, коммуникативтік қабілетті, еңбек етуге деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты, өз мамандығы бойынша біліктілігін арттыруға даяр бола алатын мамандық иесін талап етеді. Еңбек нарығында сұранысқа ие болуда бұл қасиеттер әрбір маман үшін қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бобиенко О.М. Ключевые компетенции личности как образовательный результат системы профессионального образования [Текст]. - Казань, 2005. С51-54.
2. Болотов В.А., Сериков В.В. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе [Текст]. //Педагогика. – 2003. - № 10. С23-28.
3. Лукичев Г. Болонский процесс формирует новую модель образования [Текст]. //Поиск. – 2004. - № 22. С14-16.
4. Мосягина Г.П. Формирование различных социальных ролей будущих педагогов в контексте развития их социальных компетенций [Текст]. - Ставрополь, – 2008.С48-51.
5. Хуторской А. В. Дидактикалық эвристика: Теориясы мен технологиясы креативті оқыту. – М.: Изд-во МГУ, 2003.- 32-35б.

Резюме

В данной статье говорится о применении инновационных технологий, методов обучения и контроля в педагогической деятельности способствует развитию личности, формируя профессиональную направленность, творческую активность, креативность, самостоятельность, инициативность, мобильность каждого студента. Эти качества востребованы на рынке труда для каждого специалиста.

Summary

This article refers to the use of innovative technologies, methods of teaching and control in teaching activities contributes to the development of the individual, forming a professional

orientation, creative activity, creativity, independence, initiative, mobility of each student. These qualities are in demand in the labor market for each specialist.

«ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ДИАЛОГТІК ОҚУ ТӘСІЛІМЕН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ»

Г.Ж.Ереманова

География пәні мұғалімі

№27 И.Тайманов атындағы орта мектебі

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: beken-gauxar.8181@mail.ru

Түйіндеме

Менің ұсынылған тақырыбымның басты мақсаты: оқушыларға диалогтік оқытудың тиімді пайдаланылуы арқылы білімін жетілдіру, білім сапасына әсер ету, жеке тұлға ретінде қалыптастыру, оқуға деген қабілеттерін арттыру, өз пікірлерін қорғай білуге дағдыландыру болатын. Сонымен қатар өз көшбасшылығында сезініп әрбір оқушы өз ойларын білдіруіне, өзін-өзі бағалауға, ізденуіне мүмкіндік беретіні ашып көрсетілді.

Кілттік сөздер: Диалогтік оқыту тәсілі

«Шәкірт ұстаздан озса, игі»-деп халық айтқандай, болашағымыз - білімді ұрпақ. Білім саласына терең үңіліп, болашақта қоғамда орны бар ұрпақ тәрбиелеу - барлық ұстаздардың парызы. Ұстаз алдына қойылатын міндеттің жүгі ауыр. Ұстаз – адамдардың өмірге көзқарасын, сенімін қалыптастыратын, оларға өмірден өз жолын дұрыс таба білуге көмектесетін, айналасына білім – тәрбие ұрығын шашып, адамгершілік нұрын төгетін қоғамдық қайраткер, ойшыл тұлға. Мұғалім сабақты әр түрлі тәсілдерді қолдану арқылы өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыруы қажет. Сол әдістің бірі – оқушы пікірін қалыптастыратын әдіс - диалогтік әдіс. Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде: «Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады», деп атап көрсетті. Зерттеулерде ересектермен интерактивті қарым-қатынас және достарымен бірігіп жүргізілген жұмыс балалардың оқуына және когнитивті дамуына әсер ететіндігі айтылған. Бразиялық педагог Фрирери: «Мұғалімнің міндеті – оқушы білімін толтыру, көбейту тенденциясымен емес, білімді тауып, дамыту арқылы тереңдетуге бағытталған көзқараспен оқушылармен диалогқа түсу деп санайды».

Диалогтық оқытудың мақсаты: білім берудің бұл тәсілінде оқушылардың бір-бірімен білім алмасуын, оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын, ойлау деңгейін, сөйлеу дағдысын арттыруды көздейді.

Диалогтық оқытудың міндеттері:

1. Әңгімелесу түрлерін қолдану арқылы білімсапасына әсер ету.
2. Тиімді пайдалану арқылы білімін жетілдіру.
3. Жеке тұлға ретінде қалыптастыру.
4. Оқуға деген қабілеттерін арттыру;

Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылар бірлескен зерттеу барысында анықтай алады. Оқушыларда әр түрлі және кеңейтілген сыныпта жүргізілген диалогтерге қатысу мүмкіндіктері берілгенде, олар өзіндік және түсініктерінің өрісін зерттей алады.

Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізуі үшін мұғалімдер қолданылатын сұрақтардың екі түрі: төмен дәрежелі және жоғары

дәрежелі сұрақтарды «жабық» немесе «дұрыс емес» сұрақтар деп атайды. Оқушылардың білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың *түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау* сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады.

Диалог - ең бірінші мұғалім мен оқушы арасындағы әңгілесуден, өзара сұрақ қойып, жауап алудан басталады. Ауызша сабақтарда, атап айтсақ, география пәнінде сұрақ-жауап, сұхбаттасу, талқылау, бірін-бірі толықтырулар көп болады.

РЕШЕНИЕ ОБРАТНЫХ ЗАДАЧИ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПАРЫ $\{U, \sigma_s\}$ В ДВУЗОННОЙ ОБЛАСТИ

А.Д.Сариев, А.С.Сайлаубаева, А.Куспан, О.Елеусинбаева
Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова,
Казахстан, г.Атырау.
E-mail: s.akbota96@mail.ru

Резюме

В этой работе изучены ряд обратных задач для нестационарного уравнения переноса в двузонной области.

Ключевые слова: двузонная область, нестационарное уравнение, локальные свойства, корректность решения.

В настоящей работе рассмотрим обратную задачу, состоящую в нахождении пары $\{U, \sigma_s\}$. Здесь задача рассматривается в двузонной области, т.е. $G = G_1UG_2$, $G_1=(O, H_1)$, $G_2=(H_1, H_2)$, ($J=2$). В этом случае теорема о корректности решения принимает наиболее простую форму.

Уравнение переноса частиц (1-4) в случае в двузонной области принимает вид /1-4/

$$\frac{\partial u}{\partial t}(t, x, \mu) + \left[\mu \frac{\partial}{\partial x} + \delta(x) \right] u(t, x, \mu) = \frac{\delta_s(x)}{2} \int_{-1}^1 \gamma(\mu, \mu') \cdot u(t, x, \mu) d\mu' + f(t, x, \mu);$$

$$(t, x, \mu) \in [0, T] \times G \times \Delta, \quad (1)$$

где

$$G = \bigcup_{j=1}^J G_j, \quad G_j = (H_{j-1}, H_j), \quad H_0=0, \quad H_J=H, \quad \Delta = [-1, 1]$$

Краевые условия (2-3) принимает соответственно вид

$$U(0, x, \mu') = \Phi(x, \mu), \quad (t, \mu') \in G \times \Delta, \quad (2)$$

$$U(t, 0, \mu) = 0, \quad \mu > 0, \quad t \geq 0$$

$$U(t, H, \mu) = 0, \quad \mu > 0, \quad t \geq 0 \quad (3)$$

Пусть характеристика уравнения (1) $x-\mu(t-\tau)$ проходящая через точку $x \in G$ имеет при $0 \leq \tau \leq t$ конечном число $M=(t, x, \mu)$ точек пересечения с границей многозонной области G в моменты времени $0 \leq t_1^* = (t, x, \mu) \leq t_2^* (t, x, \mu) \leq t_M^* (t, x, \mu) < t$. Ясно, что $1 \leq M(t, x, \mu) \leq J$. Тогда условие на границе раздела зон (1-3) принимает вид

$$\lim_{\tau \rightarrow t_i^*} U(\tau, x - \mu(t - \tau), \mu) = \lim_{\tau \rightarrow t_i^*} U(\tau, x - \mu(t - \tau), \mu) \quad (4)$$

$$\tau \rightarrow t_i^* (\tau, x, \mu) + 0 \quad \tau \rightarrow t_i^* (\tau, x, \mu) - 0$$

$$i = \overline{2, M}$$

Обозначим $\overline{P}_j = [0, T] \times \overline{G}_j$ $\tilde{P}j = \overline{P}_j \setminus \{(0, H_{j-1})U(0, H_j)\}$.

Пусть $l=1$ тогда

$$\begin{cases} U(t_i, 0, \mu_i) = A_i, \mu_i < 0, H_{i-1} < |\mu_i t_i|; t_i \leq H_i, i = \overline{1, l} \\ U(t_i, H, \mu_i) = A_i, \mu_i > 0, H - H_i < t_i < H - H_{i-c}, i = \overline{l+1, J} \end{cases} \quad (5)$$

$$\begin{cases} \Gamma; U(t_i, 0) = A_i, H_{i-1} < t_i < H_i, i = \overline{1, l} \\ \Gamma_2 U(t_i, H) = A_i, H - H_i < t_i < H - H_{i-1}, i = \overline{l+1, J} \end{cases} \quad (6)$$

условия (5-6) принимают соответственно вид.

$$\begin{cases} U(t_1, 0, \mu_1) = A_1, \mu_1 < 0, 0 < t_1 < H_1, \\ U(t_2, H, \mu_2) = A_2, \mu_2 > 0, 0 < t_2 < H - H_1, \end{cases} \quad (7)$$

$$\begin{cases} \Gamma; U(t_1, 0) = A_1, 0 < t_1 < H_1, \\ \Gamma_2 U(t_2, H) = A_2, 0 < t_2 < H - H_1. \end{cases} \quad (8)$$

Определение 1. Задачу определения пары $\{U, \sigma_s\}$ из условий прямой задачи (1) и дополнительных ограничений (7) при заданных $\Phi, f, \sigma, g, A_j, j=1,2$ назовем задачей 1.

Определение 2. Задачу определения пары $\{U, \sigma_s\}$ из условия прямой задачи (2) и дополнительных ограничений (8) при заданных $\Phi, f, \sigma, g, A_j, j=1,2$ - назовем задачей 2.

Определение 3. Пару $\{U, \sigma_s\}$ - назовем решением обратной задачи (7-8) из класса R , если $\sigma_{(x)} \in \tilde{R}_2$ и функция $U=U\sigma_s$ - является решением задачи (1)-(4), удовлетворяет дополнительным ограничениям (7) (8), а $\sigma_{s(x)}$, кроме того, удовлетворяет естественным неравенствам

$$f(t, x, \mu) \in C[0, T] \times \tilde{G}_j \times \Lambda, j = \overline{1, 7} \text{ и } 0 \leq \sigma_{s(x)} \leq \sigma(x), \quad (9)$$

т.е. $0 < \sigma_{s(x)} \leq \sigma(x)$.

Пусть U_1 и U_2 являются решениями прямых задач (1)-(4) с некоторыми коэффициентами рассеяния $\sigma_{s(x)}$ разным, соответственно, $\sigma_{s_1(x)}$ и $\sigma_{s_2(x)}$, которые принадлежат R_2 . И пусть, $\sigma_{s_1(x)}, \sigma_{s_2(x)}$ удовлетворяют неравенствам (9), т.е. $0 < \sigma_{s_i(x)} \leq \sigma(x), i=1,2$

Справедливы следующие леммы.

Лемма 7.1. Если выполнены условия $A, \Phi \geq 0, f \geq 0$ и при некотором $i \in I = \{1, 2\}$, $\sigma_{s_i}^i \geq \sigma_{s_2}^i$ то справедливы неравенства

$$\begin{cases} U_1(t_1, 0, \mu_i) \geq U_2(t_1, 0, \mu_i), \text{ если } i = 1 \\ U_2(t_2, H, \mu_i) \geq U_2(t_2, 0, \mu_i), \text{ если } i = 2 \end{cases} \quad (10)$$

$$\begin{cases} \Gamma_1 U_1(t_1, 0) \leq \Gamma_1 U_2(t_1, 0), \text{ если } i = 1, \\ \Gamma_2 U_2(t_2, 0) \geq \Gamma_2 U_2(t_2, H), \text{ если } i = 2. \end{cases} \quad (11)$$

Доказательство. Пусть $i=2$, т.е. $\sigma_{s_1}^2 \geq \sigma_{s_2}^2$. В этом случае для доказательства оценок (10), (11) нам показать, что при любом $\mu > 0$ справедливо неравенство

$$U_1(t_2, H, \mu) \geq U_2(t_2, H, \mu) \quad (12)$$

Докажем последнее неравенство. Разность $U=U_1-U_2$ в силу формул

$$\begin{aligned}
U(t,x,\mu) = & P\Phi(t,x,\mu) + \frac{1}{2} \int_{t_1^*(t,x,\mu)}^t \sigma(x - \mu(t - \mu)) \exp \left\{ - \int_{\tau}^t \sigma(x - \mu(t - \tau')) d\tau' \right\} \\
& d\tau \int_{-1}^1 \gamma(\mu, \mu') U(\tau, x - \mu(t - \tau), \mu') d\mu' + \int_{t_1^*(t,x,\mu)}^t f(r, x - \mu(t - \tau), \mu) \\
& \exp \left\{ - \int_{\tau}^t \sigma(x - \mu(t - \tau')) d\tau' \right\} dt;
\end{aligned} \tag{13}$$

где

$$P\Phi(t,x,\mu) = \begin{cases} 0 & \text{если } x - \mu t \in \overline{G}, \\ \Phi(x - \mu(t - 0), \mu) \exp \int_0^t \sigma(x - \mu(t - \tau)) dt, & \text{если } x - \mu t \notin \overline{G}, \end{cases}$$

удовлетворяет уравнению

$$\begin{aligned}
U(t_2, H, \mu) = & \int_{t_1^*(t_2, H, \mu)}^{t_2} N_1(\tau, H - \mu(t_2 - \tau), \mu) \exp \left\{ \int_{\tau}^{t_2} \sigma(H - \mu)(t_2 - \tau') d\tau' \right\} d\tau + \\
& + \int_{t_1^*(t_2, H, \mu)}^{t_2} F(\tau, H - \mu(t_2 - \tau), \mu) \exp \left\{ - \int_{\tau}^t \sigma(H - \mu)(t_2 - \tau') d\tau' \right\} d\tau,
\end{aligned} \tag{14}$$

где [1-4]:

$$\begin{aligned}
F(t,x,\mu) = & [\sigma_{s1}(x) - \sigma_{s2}(x)] 0,5 \int_{-1}^1 \gamma(\mu, \mu') U_2(t, x, \mu') d\mu', \\
N_1(t,x,\mu) = & 0,5 \sigma_{s1}(x) \int_{-1}^1 \gamma(\mu, \mu') U_2(t, x, \mu') d\mu'.
\end{aligned}$$

Нетрудно видеть, что при $0 \leq t_1^*(t_2, H, \mu) \leq \tau \leq t_2 \leq H - H_1, \mu > 0$ переменная $H - \mu(t_2 - \tau) \in \overline{G}_2 = [H_1, H]$. Поэтому $\sigma_{s1}(H - \mu(t_2 - \tau)) - \sigma_{s2}(H - \mu(t_2 - \tau)) \equiv \sigma_{s1}^2 - \sigma_{s2}^2 \geq 0$, при всех $t_1^*(t_2, H, \mu) \leq \tau \leq t_2, \mu > 0$. Следовательно, в силу леммы 1 второе слагаемое правой части (14), неотрицательно.

Докажем, что и первое слагаемоей правой части этого равенства так же неотрицательно.

Из $N = KN + Kf + V\Phi$ нетрудно видеть, что функция N_1 - является решением уравнения

$$N_1 = K_1 N_1 + K_1 F, \tag{15}$$

где

$$K_1 F(t,x,\mu) = \int_{-1}^1 \int_{t_1^*(t_2, H, \mu)}^{t_2} K_1(t, \tau, x, \mu \mu' F d\tau + F(\tau, x - \mu'(t - \tau), \mu') d\mu' d\tau,$$

$$K_1(t, \tau, x, \mu \mu') = 0,5 \sigma_{s1}(x) \gamma(\mu, \mu') \exp \left[- \int_{\tau}^t \sigma(x - \mu'(t - \tau')) d\tau \right],$$

Причем, решение уравнения (15) может быть представлено рядом Неймана

$$N_1 = \sum_{n=1}^{\infty} K_1^n F \tag{16}$$

Справедлива

Теорема 1. Пусть $\gamma(\mu, \mu') \in C(\Lambda \times \Lambda)$, $\sigma(x), \sigma_s(x) \in C(\tilde{G}_j)$, $\Phi(x, \mu) \in C(\tilde{G}_j \times \Lambda)$,

$$f(t,x,\mu) \in C[0, T] \times \tilde{G}_j \times \Lambda, j=1, \overline{7} \text{ и } 0 \leq \sigma_s(x) \leq \sigma(x), \tag{17}$$

тогда существует единственное решение задачи (1)-(4).

Список литературы:

1. Агошков В.И. Обобщенные решения уравнения переноса свойства их гладкости. – М., Наука, 1988. –239 с.
2. Гермогенова Т. А. К оценке решений краевых задач для уравнения переноса./ Препринт ИПМ АН СССР, №139. –М., 1982. –28 с.
3. Султангазин У.М. Дифференциальные свойства решений смешанной задачи Коши для нестационарного кинетического уравнения: Препринт ВЦ СО АН СССР. –Новосибирск, 1971.-26с.
4. Сариев А. Д. Глобальная т-ма существ. И единств. Решения одной обратной задачи переноса. Известия МН-АН РК., серия физ. – мат., 1998, №1.

Кілттік сөздер: қос аймақты, стационарлық емес тендеу, жергілікті қасиеттер, шешімнің дұрыстығына байланысты.

Keywords: dual-region, nonstationary equation, local properties, solution correctness.

ФИГУРАЛЫҚ САНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КЕЙБІР ҚАСИЕТТЕРІ

А.Н.Мырзашева

*Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының
қауымдастырылған профессоры*

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,

А.Ж.Құлымжанова

5B060100-«Математика» мамандығының студенті,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: amankul-1997@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада натурал қатардың арнайы сандарының бірі болып табылатын фигуралық сандар және оның үшбұрышты, төртбұрышты сандары, олардың қасиеттері туралы баяндалады. Сонымен қатар, бұл сандардың қасиеттері геометриялық кескіндермен көрсетіледі, k -бұрышты сандардың n -ші мүшесінің жалпы формуласы анықталады.

Кілттік сөздер: арнайы сандар, фигуралық сандар, Ферманың «алтын теоремасы», k -бұрышты санының n -ші мүшесінің формуласы.

Өте ерте кезден бастап-ақ «сан» ұғымы адам өмірінің бөлінбес қажетіне айналды. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері, тіпті тарихы да бар. Әрбір санның таңғажайып сырларына байланысты әр мемлекет, әр ұлтта өзіндік таным-түсініктер қалыптасқан.

Біздің эрамызға дейінгі алтыншы ғасырдан бастап грек ғалымдары сандарды қарастырудың қызықты тәсілін тапты, оны жартылай арифметикалық – жартылай геометриялық деп атауға болады. Бұл тәсілдің негізінде бірдей тастарды пайдаланып, сандарды фигуралар арқылы құмға немесе абак тақтасына жазып көрсету жатыр. Сондықтан, гректерде көруге болмайтын нөл саны болған жоқ. Қазіргі заманғы терминдермен айтқанда гректер - натурал сандарды қарастырған. Сандық - тастар дұрыс геометриялық фигуралар түрінде орналастырылған және бұл фигуралардың түрлері сарапталған. Осының негізінде қазіргі кезде фигуралық немесе көпбұрышты деп аталатын сандар пайда болды. Математикада бұл сандар арнайы сандар деп аталып, бір жүйеге топтастырылған. Арнайы сандардың Фибоначчи, Каталани, бірінші және екінші түрдегі Стирлинг сандары, фигуралық

немесе көпбұрышты сандар, Эйлер сандары, гармониялық сандар, Бернулли сандары, туыс және бақытты сандар, жетілдірілген сандар т.б. сандар түрлері бар.

Сонымен, фигуралық (көпбұрышты) сандар дегеніміз – қандай да бір фигурамен (көпбұрышпен) кескінделетін сандардың жалпы атауы. Тастарды бір, екі, үш және тағы сол сияқты қатарларға тіктөртбұрыш құрайтындай етіп орналастырып, сәйкесінші екі, үш және тағы сол сияқты сандарға бөлінетін сандарды алуға болады.

Құрама сандардың барлығын осындай тіктөртбұрыштар түрінде көрсетуге болады, ал жай сандар тіктөртбұрыш түрінде көрсетуге болмайды. Сондықтан жай сандарды тек қана бір қатарға жазуға болатындықтан, оны сызықты фигуралық сан деп атаған.

Ерте дүние гректері сандарды көбейткенде тік төртбұрыштарды сызған және сандарға байланысты көптеген заңдылықтарды ашқан. XVII ғасырдың өзінде ғалымдар әріпті пайдаланатын алгебраны есептеулерді жүргізуде ыңғайлы құрал ретінде қарастырғанымен, өздерінің ғылыми нәтижелерін негіздеуде алгебралық ой қорытуларды геометриялық фигураларды пайдаланып жүргізген.

Фигуралық сандардың қасиеттерін зерттеумен Ферма, Эйлер, Лагранж, Гаусс және тағы басқада ғалымдар айналысқан. 1670 жылы Ферма өзінің «алтын теоремасын»:

1) Кез келген натурал сан – үшбұрышты, не екі немесе үш үшбұрышты сандардың қосындысы;

2) Кез келген натурал сан – квадраттық, не екі, үш немесе төрт квадраттық сандардың қосындысы;

3) Кез келген натурал сан – бесбұрышты, не екі, үш, төрт немесе бес бесбұрышты сандардың қосындысы; және осылайша жалғаса беретіндігін атап көрсетті.

Бұл теоремамен көптеген ғалымдар айналысқанымен, оны 1813 жылы толық дәлелдеген Коши болды.

Көпбұрышты сандар және арифметикалық прогрессиялар.


Көпбұрышты немесе фигуралық сандардың мынадай түрлері болады:

1) сызықты сандар, яғни жай сандар – тек қана өзіне және бірге бөлінетін сандар, оларды бір сызық бойында орналасқан нүктелер немесе граф түрінде кескіндеуге болады (1 сурет):




1-Сурет. Сызықты сандар

2) жазық сандар – екі санның көбейтіндісі түрінде жазылатын сандар (2 сурет):



2-Сурет. Жазық сандар


3) денелік сандар – үш санның көбейтіндісі түрінде жазылатын сандар (3 сурет):



3-Сурет. Денелік сандар

Фигуралық сандарды квадрат және куб арқылы кескіндеуден алгебраға санды квадраттау және кубтау ұғымдары енгізілген. Ал, көпбұрышты немесе фигуралық сандардың жеке түрлері былайша анықталады.

Үшбұрышты сандар тастардың көмегімен құрастырылған дұрыс үшбұрыштардан тұрады (4 сурет).



4-Сурет. Үшбұрышты сандар

Бұл үшбұрыштың төбесінен бастап төмен қарай қабырғаларындағы сандардың қосындысы мына тізбекті береді:

$$1, 1+2=3, 1+2+3=6, 1+2+3+4=10, 1+2+3+4+5=15, \dots$$


Сондықтан 1, 3, 6, 10, 15, 21, 28, 36, ... тізбегін үшбұрышты сандар деп атайды. Үшбұрышты сандардың тізбегіндегі заңдылықты табу үшін мына қосындыларды қарастыру керек:

$$\begin{aligned} 1 &= 1, \\ 3 &= 1+2, \\ 6 &= 1+2+3, \\ 10 &= 1+2+3+4, \\ 15 &= 1+2+3+4+5, \\ 21 &= 1+2+3+4+5+6, \\ 28 &= 1+2+3+4+5+6+7, \\ &\dots \end{aligned}$$

Бұл тізбектер белгілі бір заңдылықтармен орналасқанын байқауға болады. Бұл тізбектің n -ші мүшесін T_n арқылы белгілеп және $T_1=1$ деп алсақ, онда мына формуланы алуға болады: $T_n = 1+2+3+\dots+n$. Бұл қосындыдағы мүшелер арифметикалық прогрессия құрайтындықтан:

$$T_n = \frac{n(n+1)}{2} .$$

Квадратты сандар дұрыс төртбұрыш, яғни квадрат фигурасы түрінде кескінделетін сандар болады. Жоғарыдағы сияқты квадраттарды тастар арқылы кескіндеп және бір тасты квадрат деп есептесек, онда суретті аламыз (5 сурет).



5-Сурет. Квадратты немесе «гномонды» сандар

Квадратты құрайтын тастар мынадай тізбек құрайды және оларды квадраттық сандар деп атайды:

$$1, 4, 9, 25, 36, 49, 64, 100, \dots$$

Бұл тізбектің жалпы мүшесін K_n арқылы белгілесек, онда $K_n = n^2$ болатындығын байқауға болады.

Бұл формуланың дұрыстығын дәлелдеу үшін квадраттың қабырғаларының өсуіне байланысты ондағы тастарды есептеп, мынадай тізбек құру керек:

$$\begin{aligned} 1 &= 1, \\ 4 &= 1 + 3, \\ 9 &= 1 + 3 + 5, \\ 16 &= 1 + 3 + 5 + 7, \\ 25 &= 1 + 3 + 5 + 7 + 9, \\ &\dots \end{aligned}$$

Сонда бұл тізбектің жалпы мүшесі мынаған тең болатындығы белгілі болады:

$$K_n = 1 + 3 + 5 + \dots + (2n - 5) + (2n - 3) + (2n - 1)$$

Бұл қосындының мүшелері айырмасы екіге тең арифметикалық прогрессия құрайды.

Пифагордың ізбасарлары квадраттық сандардың алдыңғысына «гномонды», яғни тақ санды тастан тұратын тікбұрышты қосудан алынатындығын байқаған (5 сурет, грекше «гномон» сөзі күн сағаты дегенді білдіреді) [1,2].

Сонымен, тізбектес гномондардың қосындысы квадрат болатындығын байқауға болады, яғни мына теңдік орындалады:

$$n^2 = 1 + 3 + 5 + \dots + (2n - 1).$$


Ерте грек заманының ғалымы Диофант үшбұрышты және квадратты сандардың арасында мынадай заңдылықтың орындалатындығын көрсетті:

$$K_{2n+1} = 8T_n + 1.$$

Бұл формуланың орындалатындығын 6 суреттен көруге болады.


Бұл суретте қабырғасы тоғызға тең квадрат кескінделген және квадрат кішкентай сексен бір квадраттарға жіктелген, олар квадраттық $K_9 = 81$ санын береді. Үлкен квадраттың ортасында бір ұяшық бар және қалған сексен ұяшықтар сегіз $T_4 = 10$ үшбұрышты сандарды құрайтын тікбұрышты үшбұрыштардан тұрады, яғни $K_9 = 8T_4 + 1$ келтірілген формула орындалады.

Жалпы жағдайда, осы ретте есептеулер жүргізіп, k -бұрышты сандар үшін формула қорытып шығаруға болады. $F(n, k)$ арқылы k -бұрышты санының n -ші мүшесін белгілеп және осы санды беретін k -бұрышты қарастыралық. Оның бір төбесін алып, одан шығатын диагоналарды жүргізсек, бұл диагоналардың саны $k-3$ болады.



6-Сурет. Үшбұрышты және квадраттық сандардың арасындағы байланыс кескіні

Сонымен, көпбұрыш $k-2$ үшбұрышқа жіктеледі. Бұл үшбұрыштардың әрқайсысы n -ші мүшесін T_n болатынын үшбұрышты санмен байланысты болады. Демек, T_n санын білу арқылы k -бұрышты санды табуға болады, яғни барлық нүктелердің саны $(k-2)T_n$ болады (7 сурет).



7-Сурет. k -бұрышты сандар

Егер бір төбесін алып тастасақ, онда $n-1$ төбе $(k-2)$ рет есептеледі, яғни $(n-1)(k-2)$ нүкте екі рет есептелінеді.

Алғашқы нүкте $(k-2)$ рет есептелініп, нүктелердің нақты саны $(k-3)$ санына артық болады. Демек, $(k-2)T_n$ санынан $(n-1)(k-3)$ және $(k-3)$ сандарын шегеру керек:

$$F(n, k) = (k-2)T_n - (n-1)(k-3) - (k-3).$$

Бұл өрнекті түрлендіріп, k -бұрышты сандар үшін мына формуланы аламыз:

$$F(n, k) = \frac{1}{2}[(k-2)n^2 - (k-4)n].$$

Бұл формуладағы k -ның орнына $k=3, 4$ мәндерін алсақ, онда жоғарыда келтірілген үшбұрышты, квадратты сандар үшін формулаларды алуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Бухштаб А.А. Теория чисел. М.: Просвещение, 1966.
- 2 Деза Е.И. Специальные числа натурального ряда: Учебное пособие. М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2011. -240 с.

Ключевые слова: специальные числа, фигурные числа, «золотая теорема» Фермы, формула n -го члена k -угольного числа.

Key words: special numbers, curly numbers, Fermat's "golden theorem", formula for the n -th term of a k -coal number.

КОММИВОЯЖЕР ЕСЕБІНІҢ ОҢТАЙЛЫ ШЕШІМДЕРІН ТАБУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

А.Н.Мырзашева

*Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының
қауымдастырылған профессоры*

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,

Т.Сағынғалиқызы

6M060100-«Математика» мамандығының магистранты,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: aigul_mn@mail.ru, togzhan.306@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада коммивояжер есебінің қойылуы, зерттеген ғалымдар туралы айтылады. Сонымен қатар мақалада коммивояжер есебін оңтайлы жолмен шешудің әдістері айтыла келіп, мысал қарастырылып, аталған мысал граф және матрицаларды қолдану арқылы шығарылып көрсетіледі.

Кілттік сөздер: коммивояжер есебі, маршрут, түйін, граф, комбинаторика, оңтайлы шешім, NP есептері, цикл, ішкі цикл, матрица.

Коммивояжер есебі (ағылшын тілінде Travelling salesman problem, қысқаша TSP) – комбинаторлық оптимизацияның танымал есептерінің бірі. Бұл есеп көрсетілген қалалар арқылы ең болмағанда бір рет өтіп, бастапқы қалаға келудің ең тиімді жолын іздеуге негізделген. Есептің шартында маршруттың пайдалылығының критерийлері (ең қысқа, ең арзан, жиынтық критерийлер және сол сияқты) және арақашықтықтың және құнның сәйкес матрицалары, көрсетіледі. Қағида бойынша, маршрут әрбір қаладан тек бір рет қана өту керектігі ескеріледі – бұл жағдайда таңдау гамильтондық циклдер арасында жүзеге асырылады.

Бұл есеп ғалымдар тарапынан терең зерттелуде, әсіресе Ричард Карп, Мартин Гретчел, Манфред Падберг, Джованни Ринальди, Дэвид Аплгейт, Роберт Биксби, Вашека Шватал, Уильям Кук, Герхард Райнелът секілді ғалымдарды атап өтуге болады [1].

Коммивояжер есебінің қойылуы:

n қала берілген. i қаласынан j қаласына орын ауыстыру уақыты c_{ij} белгілі. Коммивояжер бір қаладан шығып, барлық қалалардан жүріп өтіп, бастапқы қалаға қайтып келеді. Қалаларға барудың орын ауыстырудың қосынды уақыты минималды болатындай, тізбек табу керек. n^2 бүлдік айнымалысын енгіземіз. x_{ij} , $i = 1, \dots, n$, $j = 1, \dots, n$:

$$x_{ij} = \begin{cases} 1 \\ 0 \end{cases}$$

1-егер, коммивояжер i қаласынан j қаласына барса; 0-қарама-қарсы жағдайда.

Олай болса, орын ауыстырудың қосынды уақыты

$$\sum_{i=1}^n \sum_{j=1}^n c_{ij} x_{ij} .$$


i қаласынан бір реттік шығу мына шартпен беріледі:

$$\sum_{j=1}^n x_{ij} = 1, \quad (1)$$

i қаласына бір реттік шығу мына шартпен беріледі:

$$\sum_{j=1}^n x_{ji} = 1. \quad (2)$$

Алайда бұл шарттар жеткіліксіз, өйткені бірнеше циклдер пайда болуы мүмкін. Мысалы, $n=4$ болғанда айнымалылардың мәнімен $x_{12} = x_{21} = x_{34} = x_{43} = 1$ шешім жоғарыдағы (1), (2) шектеулерін қанағаттандырады, бірақ есептің шешімі болып табылмайды, өйткені 1-суретте көрсетілгендей екі цикл пайда болады [2] .



1-сурет. Бірнеше цикл

1954 жылы Данциг осындай ситуацияны болдырмау үшін келесі әдісті ұсынды. Екі цикл болсын. Олар арқылы барлық қалаларды өтіп шығу үшін, циклдегі жұп төбелердің арасындағы бір қабырғаның орнына, бұл циклге түспейтін төбелерді қосатын жұп қабырғалар қажет. Яғни, әр түрлі циклдерде жататын қалалардың ең болмағанда бір жұбы i және j үшін x_{ij} 1-ге тең болуы керек.

Барлық қалалар жиынын I деп белгілейік. J - I жиынының қандай да бір ішкі жиыны болсын, онда барлық мүмкін ішкі циклдерге тыйым салатын шарттар келесі түрде болады:

$$\sum_{i \in J} \sum_{j \in I \setminus J} x_{ij} \geq 1, \forall J \subset I$$

немесе

$$\sum_{i \in J} \sum_{j \in J} x_{ij} \leq |J| - 1.$$

Нәтижесінде бүтінсанды сызықтық бағдарламалаудың термині түрінде келесі математикалық моделді аламыз:

$$\min \sum_{i=1}^n \sum_{j=1}^n c_{ij} x_{ij} \quad (3)$$

$$\sum_{j=1}^n x_{ij} = 1, i \in I, \quad (4)$$

$$\sum_{j=1}^n x_{ji} = 1, i \in I, \quad (5)$$

$$\sum_{i \in J} \sum_{j \in I \setminus J} x_{ij} \geq 1, J \subset I, 2 \leq |J| \leq |I| - 2, \quad (6)$$

$$x_{ij} \in \{0, 1\}, i, j \in I. \quad (7)$$


Коммивояжер есебі тағайындау есебімен тығыз байланысты.

Тағайындау есебі:

n жұмысшы және m жұмыс бар болсын, $n \geq m$. j жұмысты i жұмысшы жасағандағы шығындар белгілі (c_{ij}). Барлық жұмыстар аз шығынмен орындалатындай, жұмысшыларды жұмыстарға тағайындау қажет. i машина i жұмысты атқарғанда, тағайындау есебіндегі максималды ішкі жиындар саны n болады. Циклдердің минималды саны 1-ге тең болған кезде, мұндай тағайындау коммивояжер есебіне сәйкес келеді. Осылайша, коммивояжер туралы есептердің мүмкін шешімдер жиынына қарағанда, тағайындау есептерінің шешімдер жиыны кеңірек болып саналады, сондықтан тағайындау есептерінің оңтайлы шешімі коммивояжер есебінің оңтайлы шешіміне төменгі баға береді.

Мұндай бағалау коммивояжер есептерінің оңтайлы шешімдерінен қанша болса, сонша қатты ерекшеленеді.

Тағайындау туралы есептердің оңтайлы шешімі екі ішкі циклден тұрады. Ішкі циклге қатысатын C_{ij} элементтері p -ға тең болса, ал басқа элементтер q -ға тең болсын, $q > p$ (2-сурет).



2-сурет. Коммивояжер есебіндегі ішкі циклдердің таралуы

Коммивояжер есебінің оңтайлы шешімін алу үшін, бір циклді бірінші және екінші ішкі циклдерге бөлу қажет (2-сурет), яғни ұзындығы $2p$ болатын екі қабырғаны алып тастап, ұзындығы $2q$ болатын екі қабырғаны қосу керек. Егер бірінші ішкі циклде k қабырға, ал екіншісінде s болса, онда тағайындау туралы есептегі оңтайлы шешімдегі мақсатты функцияның мәні $(k+s)p$ -ке тең. Коммивояжер есебінің оңтайлы шешімін табу үшін, мақсатты функцияның $(n-2)p + 2q$ мәнін аламыз. Онда оңтайлы шешімдер арасындағы айырма $2(q-p)$ құрайды. Сәйкесінше, p белгіленген мәнінде $q = 2(q-p)$ айырмасы қанша болса, сонша үлкен болатындай таңдап алына алады.

Келтірілген моделдің кемшілігі шектеулердің санының экспоненциалды, олар $(n+n+(2^{n-1}-n-1))$. 1960 жылы Таккера жұмысында полиномалды санды шектеулермен есептің қойылымын ұсынды.

қалаға барған қадамдардың нөмеріне сәйкес келетін n бүтінсанды u_i айнымалыларды қарастырайық, онда шектеулер

$$u_i - u_j + nx_{ij} \leq u - 1, \quad i, j = 2, \dots, n, \quad i \neq j \quad (8)$$

Ішкі циклдерді болдырмайды. Бұл шарттар барлық қалалар арқылы өтетін дәл бір циклдің бар болатындығына шынымен кепіл бола алатындығын тексереміз.

2 цикл бар болсын. Олардың біреуі бірінші қала арқылы өтпейтін болсын, оны (i_2, \dots, i_k, i_2) деп белгілейміз. Әрбір қалалар жұбы үшін, осы циклде ретпен жүретін шарттарды жазамыз:

$$\begin{aligned} u_{i_2} - u_{i_3} + n &\leq n - 1, \\ u_{i_3} - u_{i_4} + n &\leq n - 1, \\ &\vdots \\ u_{i_k} - u_{i_2} + n &\leq n - 1. \end{aligned}$$

Осы теңсіздіктерді қосып, $kn \leq (n-1)k$ аламыз, $k \neq 0$ болғанда мүмкін емес екендігін көреміз.

Барлық қалалар арқылы өтетін циклді тексере отырып, (8) шартты қанағаттандыратындығын, яғни u_i айнымалысына сәйкес мәндерді таңдауға болатындығын көреміз. $u_i = k$ болсын, егер i қалаға k қадаммен барса, онда $u_i - u_j \leq n - 1$ теңсіздігі $x_{ij} = 0$ үшін дұрыс болады.

Сонымен, (3)-(5), (7), (8), $u_i \geq 0$, $i \in I$ - полиномалды шектеулері бар коммивояжер есебінің математикалық моделі болып табылады.

Мысал. Кездейсоқ маршрут ретінде $X_0 = (1,2);(2,3);(3,1)$ аламыз [3]. Сонда $F(X_0) = 22 + 22 + 12 = 56$

Матрицаларды жолдар бойынша келтіру үшін D матрицаның әрбір жолында ең кіші элементті табу қажет. $d_i = \min(j)d_{ij}$

i j	1	2	3	d_i
1	M	22	44	22
2	55	M	22	22
3	12	43	M	12

Содан кейін қарастырылған жолдың элементтерінен d_i алып тастаймыз. Осыған байланысты жаңадан алынған матрицада ең аз дегенде бір нөл болады.

i j	1	2	3
1	M	0	22
2	33	M	0
3	0	31	M

Дәл осындай операцияны бағандар үшін де жүргіземіз, ол үшін әр бағандағы ең аз элементті анықтап аламыз:

$$d_j = \min(i)d_{ij}$$

i j	1	2	3
1	M	0	22
2	33	M	0
3	0	31	M
d_j	0	0	0

Ең аз элементтерді алып тастау үшін толықтай редуцирленген матрицаны аламыз, мұндағы d_i және d_j элементтері келтіру константалары деп аталады.

i j	1	2	3
1	M	0	22
2	33	M	0
3	0	31	M

Келтіру константалары қосындысы H төменгі шекарасын анықтайды:

$$H = \sum d_i + \sum d_j$$

$$H = 22 + 22 + 12 + 0 + 0 + 0 = 56$$

d_{ij} матрицасының элементтері i пунктiнен j пунктiне дейiнгi арақашықтыққа сәйкес келедi. Матрицада n қала болғандықтан, D терiс емес элементтерi бар $n \times n$ матрицасы болып табылады, $d_{ij} \geq 0$. Әрбiр мүмкiн маршрут цикл ұсынады, бұл цикл бойынша коммивояжер әр қалаға тек бiр рет қана бару арқылы бастапқы қалаға қайтып келедi. Маршрут ұзындығы

$F(M_k) = \sum d_{ij}$ өрнегімен анықталады. Айта кететіні, әрбір жол және баған d_{ij} элементі бар маршрутқа тек бір рет қана кіреді.

1 қадам. Бұтақтанудың қабырғасын анықтаймыз және барлық маршруттар жиынын осы қабырғаға қатысты екі ішкі жиынға (i, j) және (i^*, j^*) бөлеміз. Осы мақсатпен матрицаның нөлдік элементтері бар барлық торларындағы нөлді М-ге (шексіздік) алмастырамыз және олар үшін пайда болған келтіру константаларын анықтаймыз, олар жақша ішінде көрсетілген.

i j	1	2	3	d_i
1	M	0(53)	22	22
2	33	M	0(55)	33
3	0(64)	31	M	31
d_j	33	31	22	0

$$d(1,2) = 22 + 31 = 53; \quad d(2,3) = 33 + 22 = 55; \quad d(3,1) = 31 + 33 = 64;$$

Ең үлкен келтіру константасы $(3,1)$ қабырғасы үшін $31 + 33 = 64$ тең, сәйкесінше, жиын екі ішкі жиындарға бөлінеді $(3,1)$ және $(3^*, 1^*)$. Бұл ішкі жиындардың гамильтондық циклдерінің төменгі шекарасы:

$$H(3^*, 1^*) = 56 + 64 = 120$$

$(3,1)$ қабырғасын алып тастау үшін $d_{31} = 0$ элементін М-ға ауыстыру әдісі арқылы жүзеге асырамыз, содан соң жасақталған $(3^*, 1^*)$ ішкі жиыны үшін тағы да арақашықтық матрицасын келтіруді жүзеге асырамыз, нәтижесінде редуцирленген матрицаны аламыз.

i j	1	2	3	d_i
1	M	0	22	0
2	33	M	0	0
3	M	31	M	31
d_j	33	0	0	64

$(3,1)$ қабырғасын қосу 3-ші жол мен 1-ші бағанның барлық элементтерін алып тастау арқылы жүзеге асырылады, негамильтондық циклдің пайда болуын болдырмау үшін, мұндағы d_{13} элементін М-ға алмастырамыз.

Нәтижесінде келтіру операцияларына жататын басқа қысқартылған (2×2) матрицасын аламыз. Қысқартылған матрицаның келтіру константаларының қосындысы

$$\sum d_i + \sum d_j = 0$$

Операциядан соң келтірілген қысқартылған матрица мына түрге ие болады:

i j	2	3	d_i
1	0	M	0
2	M	0	0
d_j	0	0	0

$(3,1)$ ішкі жиынының төменгі шекарасы тең:

$$H(3,1) = 56 + 0 = 56 < 120$$

$(3,1)$ ішкі жиынының төменгі шекарасы $(3^*,1^*)$ ішкі жиынына қарағанда аз болғандықтан, $(3,1)$ қабырғасын маршрутқа қосамыз. $56 \geq 56$ болғандықтан, $(3,1)$ ішкі жиынын келесі тармақталуыдан алып тастаймыз. Бастапқы X_2 жоспарына келеміз. Нәтижесінде гамильтон циклдері тармақтану ағашы бойынша қабырғалар жасайды: алғашқы жоспар үшін X_0 . $F(X_0) = 56$.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Википедия. https://ru.wikipedia.org/wiki/Задача_коммивояжера
2. Е.В.Алексеева. Построение математических моделей целочисленного линейного программирования. Примеры и задачи. Новосибирск. 2012 ж. 43-44 бет.
3. И.В.Романовский. Дискретный анализ. Санкт-Петербург. 2008. 223 бет.

Резюме

В статье рассказывается о постановке задачи коммивояжера и о исследователей этой задачи. В статье также рассказывается методы оптимального решения задачи коммивояжера. Приведенный пример иллюстрируется с помощью графов и матриц.

Ключевые слова: задача коммивояжера, маршрут, узел, граф, комбинаторика, оптимальное решение, задачи NP, цикл, подцикл, матрица.

Summary

The article describes the formulation of the traveling salesman problem and the researchers of this task. The article also describes the methods of optimal solution of the traveling salesman problem. The example is illustrated using graphs and matrices.

Key words: traveling salesman problem, route, node, graph, combinatorics, optimal solution, NP problems, cycle, subcycle, matrix.

ӘӨЖ 372.851

КОШИ ТЕҢСІЗДІГІНІҢ КЕЙБІР ҚОЛДАНУЛАРЫ

Абиров А.Қ., Абирова К.Қ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазақстан, Атырау

E-mail: abak_ku@mail.ru

Аннотация: В статье рассматривается использование неравенства Коши

Ключевые слова: среднее арифметическое, среднее геометрическое, неравенство Коши

Abstract: The article discusses the use of Cauchy inequality

Keywords: arithmetic mean, geometric mean, Cauchy inequality

Оқушылардың математикалық дайындығы әр түрлі бағыттарда жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың бірі оқушылардың түрлі деңгейдегі олимпиадаларға қатысуы болып табылады. Олимпиадаға дайындалу үшін сабақтарды ұйымдастыруға, оқытылатын материалдың мазмұнына, оларды өткізу әдістемесіне ерекше талаптар қойылады. Олимпиада тапсырмаларының тақырыбы өте. Олимпиада тапсырмаларын шешу кезінде тек қалыпты шешу әдістері ғана емес, сонымен қатар, айнымалыны алмастыру, қарапайым

түрлендірулер және басқа да қалыпты емес әдістер де қолданылады. Олардың қатарына классикалық теңсіздіктерді қолдануға негізделген әдісті жатқызуға болады. Олардың ішінде теріс емес шамалар үшін көбірек қолданылатыны Кошидің $A \geq G$ теңсіздігі, мұндағы A – арифметикалық орта, G – геометриялық орта [1].

ҰБТ емтихандары мен математикадан олимпиадаларда ұсынылған тапсырмаларды шешу кезінде түлектер белгілі кез келген математикалық әдістерді қолдануы мүмкін. Бұл ретте жалпы білім беретін мектепте танысу мақсатында оқылатын ұғымдарды пайдалануға рұқсат етіледі. Осының барлығы түлектердің жалпы білім беретін мектептің математика бойынша бағдарламасына кірмейтін ұғымдар мен ережелер негізінде математикалық әдістерді өз бетінше оқып–үйрену қажеттілігін куәландырады. Мұндай ұғымдарға, мысалы, Коши теңсіздігі және басқалар жатады.

Мақалада 8 – 9 сынып алгебра курсынан тапсырмаларды шешуге Коши теңсіздігінің қолданылуы сипатталады. Мектепте Коши теңсіздігі жеке тақырып ретінде оқылмайтындықтан, Коши теңсіздігін анықтаманы пайдаланып дәлелдеуді және оның кейінен есептерді шешуде кеңінен қолданылатын салдарлары қарастырылады.

Орта мектептегі әр түрлі деңгейдегі есептерді шешу мен дәлелдеуде қолданылатын арифметикалық және геометриялық орталар арасындағы $(a + b)/2 \geq \sqrt{ab}$ ($a \geq 0, b \geq 0$) теңсіздігін жалпыламасы жағдайда Коши теңсіздігі деп атайды.

Егер $a = x^2$ және $b = y^2$ болса, онда $x^2 + y^2 \geq 2\sqrt{x^2y^2} = |xy| \geq xy$. Демек, Коши теңсіздігі $x^2 + y^2 \geq 2xy$ теңсіздігін дәлелдеуге келтіріледі. Бұл симметриялы теңсіздік болғандықтан, $x \geq y$ деп алуға болады. Сонда, анықтамадан $x = y + h$ және $h \geq 0$. Олай болса $x^2 + y^2 = x^2 + x^2 + 2xh + h^2 = 2x(x + h) + h^2 \geq 2x(x + h) = 2xy$.

Барлық теріс емес a_i ($i = 1, 2, \dots, n$) үшін Коши теңсіздігі мына түрде беріледі:

$$\frac{a_1 + a_2 + \dots + a_n}{n} \geq \sqrt[n]{a_1 a_2 \cdot \dots \cdot a_n} \quad (1).$$

$x^2 + y^2 \geq 2xy$ теңсіздігіне $(x^2 + y^2)$ -ты қосып, түрлендіріп, келесі теңсіздікті аламыз: $(x^2 + y^2)/2 \geq [(x + y)/2]^2$ немесе $(x + y)/2 \leq \sqrt{(x^2 + y^2)/2}$. Бұл арифметикалық орта мен квадраттық орта арасындағы байланысты көрсетеді және оның жалпы түрде жазылуы:

$$\frac{a_1 + a_2 + \dots + a_n}{n} \leq \sqrt{\frac{a_1^2 + a_2^2 + \dots + a_n^2}{n}} \quad (2).$$

Ескерту. Бұл теңсіздіктерде теңдік таңбасы барлық берілген сандар тең болғанда ғана орындалады.

Коши теңсіздігінен $c > 0$ және $d > 0$ үшін $a^2 \frac{d}{c} + b^2 \frac{c}{d} \geq 2ab$ болатыны шығады, оның екі жағына $(a^2 + b^2)$ -ты қосып, келесіні аламыз:

$$a^2 \frac{d}{c} + b^2 \frac{c}{d} + a^2 + b^2 \geq 2ab + a^2 + b^2$$

$$a^2 \left(1 + \frac{d}{c}\right) + b^2 \left(1 + \frac{c}{d}\right) \geq (a + b)^2 \Leftrightarrow \frac{a^2}{c} + \frac{b^2}{d} \geq \frac{(a + b)^2}{c + d}.$$

Бұл теңсіздіктің жалпы жағдайда берілуі келсі түрде болады:

$$\frac{a_1^2}{b_1} + \frac{a_2^2}{b_2} + \dots + \frac{a_n^2}{b_n} \geq \frac{(a_1 + a_2 + \dots + a_n)^2}{b_1 + b_2 + \dots + b_n}. \quad (3).$$

Мұнда $b_i > 0$ ($i = 1, 2, \dots, n$).

Енді осы теңсіздіктердің қолданулар аясының мысалын қарастыралық.

1 мысал. Кез келген a, b, c үшін дәлелде $a^2 + b^2 + c^2 + 12 \geq 4(a + b + c)$.

Дәлелдеуі. a, b, c нақты сандарына Коши теңсіздігін қолдансақ, оонда:

$$a^2 + b^2 + c^2 + 12 = (a^2 + 4) + (b^2 + 4) + (c^2 + 4) \geq 4a + 4b + 4c = 4(a + b + c).$$

2 мысал. Оң нақты x үшін $2^{\sqrt[12]{x}} + 2^{\sqrt[4]{x}} \geq 2 \cdot 2^{\sqrt[6]{x}}$ теңсіздігін дәлелде.

Дәлелдеуі. $\sqrt[12]{x} = y$ белгілуін енгізсек, онда теңсіздік $2^y + 2^{y^3} \geq 2 \cdot 2^{y^2}$ түріне келеді.

Сонда $2^y + 2^{y^3} \geq 2\sqrt{2^y \cdot 2^{y^3}} = 2\sqrt{2^{y+y^3}} \geq 2\sqrt{2^{2y^2}} = 2 \cdot 2^{y^2}$.

3 мысал. $(0; +\infty)$ аралығында $f(x) = (x^4 + 6x^2 + 1)/(x^3 + x)$ функциясының ең кіші мәнін табындар.

Шешуі. Функцияны ыңғайлы түрге келтіріп, сосын Коши теңсіздігін қолданамыз

$$f(x) = \frac{x^4 + 6x^2 + 1}{x^3 + x} = \frac{(x^2 + 1)^2 + 4x^2}{x(x^2 + 1)} = \frac{x^2 + 1}{x} + \frac{4x}{x^2 + 1} \geq 2\sqrt{\frac{x^2 + 1}{x} \cdot \frac{4x}{x^2 + 1}} = 4.$$

Мұнда теңдік $(x^2 + 1)/x = 4x/(x^2 + 1)$, яғни $x = 1$ болғанда орындалады.

4 мысал. Кез келген $x \in (0; 1)$ үшін дәлелде:

$$\frac{x^2}{1-x} + \frac{(1-x)^2}{x} \geq 1.$$

Дәлелдеуі. (3) теңсіздікті пайдаланып, келесіні аламыз:

$$\frac{x^2}{1-x} + \frac{(1-x)^2}{x} \geq \frac{[x + (1-x)]^2}{(1-x) + x} = \frac{1^2}{1} = 1.$$

5 мысал. $0 \leq x \leq \pi/2$ үшін $x \cdot \cos x \leq \pi^2/16$ теңсіздігін дәлелде.

Дәлелдеуі. Коши теңсіздігі бойынша

$$x \cdot \cos x \leq \left(\frac{x + \cos x}{2}\right)^2.$$

$y = x + \cos x$ – берілген аралықта кемімейтін функция. Себебі $y' = 1 - \sin x \leq 0$. Демек, $x + \cos x \leq \pi/2 + \cos \pi/2 = \pi/2$. Олай боласа

$$x \cdot \cos x \leq \left(\frac{x + \cos x}{2}\right)^2 \leq \left(\frac{\pi/2}{2}\right)^2 = \frac{\pi^2}{16}.$$

6 мысал. Кез келген $m > 1$ және $n > 1$ натурал сандары үшін теңсіздікті дәлелде:

$$\frac{1}{\sqrt[m]{1+n}} + \frac{1}{\sqrt[n]{1+m}} > 1.$$

Дәлелдеуі. Бөлшектің бөлімін ыңғайлы түрге келтіреміз:

$$\sqrt[m]{1+n} = \sqrt[m]{(1+n) \cdot \underbrace{1 \cdot \dots \cdot 1}_{(m-1)}} \leq \frac{(1+n) + (m-1)}{m} = \frac{n+m}{m}.$$

Бұдан $1/\sqrt[m]{1+n} \geq m/(n+m)$. Дәл осылайша $1/\sqrt[n]{1+m} \geq n/(n+m)$. Демек

$$\frac{1}{\sqrt[m]{1+n}} + \frac{1}{\sqrt[n]{1+m}} \geq \frac{n+m}{m} + \frac{n+m}{n} = 1.$$

Натурал сандар үшін $1+n = 1 = 1+m$ теңдігі орындалмады, олай болса дәлелденген теңсіздікте теңдік таңбасы орындалмайды.

7 мысал. Теңдеулер жүйесін оң сандар жиынында шешіндер [2, №523,3]):

$$\begin{cases} x_1 + x_2 + \dots + x_n = 3 \\ \frac{1}{x_1} + \frac{1}{x_2} + \dots + \frac{1}{x_n} = 3. \end{cases}$$

Шешуі. Теңдіктерді мүшелеп көбейтіп және (1) теңсіздікті пайдаланып, келесіні аламыз:

$$9 = (x_1 + x_2 + \dots + x_n) \left(\frac{1}{x_1} + \frac{1}{x_2} + \dots + \frac{1}{x_n} \right) \geq n \sqrt[n]{x_1 x_2 \cdot \dots \cdot x_n} \cdot n \sqrt[n]{\frac{1}{x_1} \frac{1}{x_2} \cdot \dots \cdot \frac{1}{x_n}} = n^2.$$

Бұдан $9 \geq n^2$. Берілген облыста оны шешімі $n = 1, 2, 3$.

Егер $n = 1$ болса, онда жүйе $x_1 = 3$, $1/x_1 = 3$ түрінде жазылып, нақты шешімі жоқ.

Егер $n = 2$ болса, онда жүйе $x_1 + x_2 = 3$, $1/x_1 + 1/x_2 = 3$ түрінде жазылып, нақты $((3 - \sqrt{5})/2; (3 + \sqrt{5})/2)$ және $((3 + \sqrt{5})/2; (3 - \sqrt{5})/2)$ екі шешімі бар.

Егер $n = 3$ болса, онда жүйе $x_1 + x_2 + x_3 = 3$, $1/x_1 + 1/x_2 + 1/x_3 = 3$ түрінде жазылады. Сонда $9 = (x_1 + x_2 + x_3)(1/x_1 + 1/x_2 + 1/x_3) \geq 9$ шартынан $x_1 = x_2 = x_3$ болатыны шығып, жүйенің жалғыз шешімі $(1; 1; 1)$.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. matol.kz сайты
2. Б. Баймұханов, Е. Медеуов, Қ. Базаров. Алгебра – 8. Алматы. Мектеп. 2004

ҚОСЫНДЫЛАР АЛГЕБРАСЫ МЕН ГЕОМЕТРИЯСЫ

А.Қ.Абиров., Н.Сергали

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Атырау

E-mail: NurSergali1997@gmail.com

Резюме


В статье рассматривается алгебра и геометрия вычисления одной суммы

Ключевые слова: среднее арифметическое, среднее геометрическое, неравенство Коши

Дәрежелік қосындыларды есептеуде, аналитикалық әдістердің қолданылатыны белгілі. Дегенмен, дәрежелік қосындыларды есептеуде олардың алгебралық және геометриялық мағыналары пайдаланғанын математика тарихынан белгілі [1].

Біздің мақсатымыз $1^k + 2^k + \dots + n^k$ түріндегі қосындыны есептеу.

$k = 1$ болса, онда қосынды $1 + 2 + \dots + n$ түрінде болады. Бұны есептеудің оқулықтан белгілі Гаусс әдісінен ертерек пайда болған, оның геометриялық мағынасы пайдаланатын әдісті қарастыралық. Бұл қосындыны үшбұрыш сан, яғни n жағы бар "пиксель" теңбүйірлі тікбұрышты "үшбұрыштың" ауданы деп қарастырамыз. Мұндай екі үшбұрыштан $n \times (n + 1)$ өлшемді тіктөртбұрышын құруға болады, сондықтан "үшбұрыштың" ауданы $n(n + 1)/2$ -ға тең (тікбұрыштың ауданынан екі есе аз).



Мұндай жолмен $1^2 + 2^2 + \dots + n^2$ қосындысын есептеуге болады. Бұл жағдайда табаны $n \times n$ өлшемді шаршы, ал биіктігін n -ға тең пирамиданы қарастырамыз. Сонда қосындыны пирамиданының толық бетінің ауданы ретінде анықтауға болады. Осындай алты пирамидадан $n \times (n + 1) \times (2n + 1)$ параллелепипед құрастыруға болады, сондықтан іздестірілетін қосынды $n(n + 1)(2n + 1)/6$ -ға тең.

Көп өлшемді кеңістікте пайда болатын кеістік пирамидаларымен қалай жұмыс істеуді білмегендіктен алгебраға жүгінеміз. Сонда келесі түрдегі қосындыларды индукция бойынша дәлелдеу қиын емес, бірақ мұндай формулаларды қалайша алуға болатыны түсініксіз.

$$1 + 2 + \dots + n = \frac{n(n+1)}{2};$$

$$1^2 + 2^2 + \dots + n^2 = \frac{n(n+1)(2n+1)}{6};$$

$$1^3 + 2^3 + \dots + n^3 = \frac{n^2(n+1)^2}{4}$$

Бұлардан айтуға болатыны қосынды n -ға тәуелді көпмүше.

1 – ұйғарым. $S_k(n) := 1^k + 2^k + \dots + n^k$ қосындысы n -ға тәуелді $k+1$ -ші дәрежелі көпмүше.

Жалпы, егер p – дәрежесі k болатыны көпмүше болса, онда $p(1) + p(2) + \dots + p(n)$ қосындысы n -ға тәуелді $k+1$ дәрежелі көпмүшелік.

n бойынша индукциямен $1^k + \dots + n^k = P(n)$ болатындығын дәлелдеу үшін P қандай көпмүше болуы керек? Индукция базасы $-P(0) = 0$ теңдігі. Индукция қадамын бекіту үшін $n^k = P(n) - P(n-1) =: \Delta P(n)$ болатынын көрсетелік.

Мұндай көпмүшеліктің бар екенін екі жолмен дәлелдеуге болады.

I – дәлелдеуі. Кез келген көпмүшелік мономдардың қосындысы болып табылады, сондықтан теореманың бірінші бөлігін дәлелдеу жеткілікті.

$\Delta P(n) = n^k$ шарты $P(n) = a_0 n^{k+1} + a_1 n^k + \dots + a_k n$ көпмүшелігінің коэффициенттеріне байланысты теңдеулердің жүйесін білдіреді.

Атап айтқанда, $P(n) - P(n-1)$ өрнегінде жақшаларды ашып, ұқсас мүшелерді ықшамдағаннан кейін n^k - нің коэффициентті 1 -ге, ал n -нің барлық қалған дәрежелерінің коэффициенттері 0 -ге тең болуы тиіс.

$n^i - (n-1)^i = in^{i-1} + \dots$, болғандықтан пайда болатын теңдеулер келесідей түрге келеді (шаршы жақшаларда қандай n дәрежелерде коэффициенттер теңестірілетіні көрсетілген):

$$\begin{aligned} [n^{k+1}]: 0 &= 0; \\ [n^k]: 1 &= (k+1)a_0; \\ [n^{k-1}]: 0 &= ka_1 + (\dots)a_0; \\ [n^{k-2}]: 0 &= (k-1)a_2 + (\dots)a_1 + (\dots)a_0; \\ &\dots \end{aligned}$$

Бұл жүйеден біртіндеп a_0, a_1 және т. б. коэффициенттерін табамыз (теңдеулер жүйесінен оң жағындағы мүшесі болатын $(k-i)a_{i+1} + \dots$ өрнегінен a_{i+1} -ді оның алдында табылған нөмірлері одан кіші коэффициенттер арқылы табуға болатынды).

I – дәлелдеуі. Жоғарыда анықталған Δ - амалы дәрежесі $k+1$ -ден аспайтын көпмүшеліктердің $(k+2)$ - өлшемді кеңістігін өлшемі k -дан аспайтын көпмүшеліктердің $(k+1)$ -өлшемді кеңістігіне сызықты бейнелеу болады.

$\Delta P = 0$ болса, онда P тұрақты болатындықтан, Δ - бейнелеуінің өзегі бір өлшемді. Олай болса, Δ -ның бейнесінің өлшемі $(k+2)-1 = k+1$. Демек, Δ -ның бейнесі өлшемі k -дан аспайтын көпмүшеліктердің $(k+1)$ - өлшемді кеңістігімен беттеседі [1 куликоов].

Мысалға $1^4 + 2^4 + \dots + n^4$ қосындысы үшін формуланы табуды көрсетелік.

1 – ұйғарым бойынша $S_4(n) = an^5 + bn^4 + cn^3 + dn^2 + en$ деп жазып, n -ге шағын бүтін мәндер беру арқылы шыққан жүйені шешу арқылы коэффициенттерді табамыз:

$$S_4(n) = \frac{1}{5}n^5 + \frac{1}{2}n^4 + \frac{1}{3}n^3 + 0 - \frac{1}{30}n.$$

Енді кез келген тіркелген k үшін формуланы қалай алуға болатынын қарастыралық. Бізге белгілі формулаларды көпмүшелік түрінде жазалық:

$$S_1(n) = \frac{1}{2}n^2 + \frac{1}{2}n;$$

$$S_2(n) = \frac{1}{3}n^3 + \frac{1}{2}n^2 + \frac{1}{6}n;$$

$$S_3(n) = \frac{1}{4}n^4 + \frac{1}{2}n^3 + \frac{1}{4}n^2 + 0;$$

$$S_4(n) = \frac{1}{5}n^5 + \frac{1}{2}n^4 + \frac{1}{3}n^3 + 0 - \frac{1}{30}n.$$

Бұдан кейбір заңдылықтарды байқауға болады және оны болжам ретінде алалық.

1 - болжам. $S_k(n)$ көпмүшесінің бас мүшесі $\frac{1}{k+1}n^{k+1}$ -ге, ал келесісі $\frac{1}{2}n^k$ -не тең.

Кестеге тағы бірнеше қосындыны тіркеп, нөлдік коэффициенттердің пайда болатынын көреміз:

$$S_2(n) = \frac{1}{3}n^3 + \frac{1}{2}n^2 + \frac{1}{6}n;$$

$$S_3(n) = \frac{1}{4}n^4 + \frac{1}{2}n^3 + \frac{1}{4}n^2 + 0;$$

$$S_4(n) = \frac{1}{5}n^5 + \frac{1}{2}n^4 + \frac{1}{3}n^3 + 0 - \frac{1}{30}n;$$

$$S_5(n) = \frac{1}{6}n^6 + \frac{1}{2}n^5 + \frac{5}{12}n^4 + 0 - \frac{1}{12}n^2 + 0;$$

$$S_6(n) = \frac{1}{7}n^7 + \frac{1}{2}n^6 + \frac{1}{2}n^5 + 0 - \frac{1}{6}n^3 + 0 + \frac{1}{42}n;$$

$$S_7(n) = \frac{1}{8}n^8 + \frac{1}{2}n^7 + \frac{7}{12}n^6 + 0 - \frac{7}{24}n^4 + 0 + \frac{1}{12}n^2 + 0.$$

2- болжам. $\frac{1}{2}n^k$ кейінгі әрбір екінші коэффициент (n^{k-2}, n^{k-4} кезінде) нөлге тең.

Қалған коэффициенттерде заңдылықтар жоқ сияқты көрінеді. Дегенмен, оларды табуға тырысалық. n^{k-1} кезінде $(\frac{1}{6}, \frac{1}{4}, \frac{1}{3}, \frac{5}{12})$ коэффициенттерінің заңдылығы бірден көрінбейді, себебі олардың барлығы қысқартылмайтын бөлшектер түрінде жазылған. Оларды ортақ бөлімге келтіреміз: енді $\frac{2}{12}, \frac{3}{12}, \frac{4}{12}, \frac{5}{12}$ коэффициенттерінің заңдылық айқын, ол $\frac{k}{12}$ -ға тең.

Әрі қарай n^{k-3} кезіндегі коэффициенттер жүреді. Ортақ бөлімге келтіргеннен кейін $-\frac{4}{120}, -\frac{10}{120}, -\frac{20}{120}, -\frac{35}{120}$ тізбегі алынады.

Бұл болжамдардан келесі ұйғарымға келеміз.

$$S_k(n) = \frac{1}{k+1}n^{k+1} + \frac{1}{2}n^k + \frac{1}{12}n^{k-1} + \dots$$

2- ұйғарым.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жәутіқов О.А. Математиканың даму тарихы, Мектеп. Алматы – 1967. –329 б.
2. Куликов Л.Я. Алгебра и теория чисел. –М., 1979. –559 с

Summary

The article discusses the use of Cauchy inequality

Key words: arithmetic mean, geometric mean, Cauchy inequality

ӘӨЖ 512.54

ДУАЛДЫ САНДАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТОПТАР

А.Қ Абиров., А.М Еркінова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазақстан, Атырау, қ

E-mail: abak_ku@mail.ru

Резюме

В работе рассматривается одна группа с дуальным числом

Ключевые слова: комплексные числа, дуальные числа, группа, автоморфизм

Комплекс сандармен байланысты классикалық есептерді дуалды сандарға көшіру қызықты әрі кейде күтпеген нәтижелерге әкеледі.

Дуалды сандардың $D = \{z = x + iy | x, y \in \mathbb{R}, i^2 = 0\}$ жиыны нақты сандардың $\mathcal{R} = \{(a; b) | a, b \in \mathbb{R}\}$ – өрісінің үстіне құрылған екі өлшемді алгебра [1]. Оның нақты және жорамал бөлігін $x = \text{Re}z$, $y = \text{Im}z$ арқылы жазамыз. Дуалды сандар алгебрасында нөлдің бөлігіштері бар, олар жорамал өске тиісті $it (t \in \mathbb{R})$ түріндегі сандар. $z \mapsto \text{Re}z$ бейнелеуі D алгебрасының \square алгебрасына гомоморфизмі болады.

Көрсеткіштік e^z ($\exp z$) функциясын D алгебрасында комплекс сандар теориясында анықталғандай дәрежелік қатар ретінде аламыз:

$$e^z = 1 + z + \frac{z^2}{2!} + \dots + \frac{z^n}{n!} + \dots$$

Бұл қатар D алгебрасына сәйкесті дуалды жаықтықта жинақты. Дербес жағдайда

$$e^{it} = 1 + it$$

және

$$e^z e^w = e^{z+w}.$$

D алгебрасының D^* мультипликативті тобы $x \neq 0$ болатын дуалды $z = x + iy$ сандарынан тұрады. D^* тобының дуалды z санын модулі $-x$, ал аргументі $-\varphi = y/x$ болатын көрсеткіштік түрде жазуға болады:

$$z = x e^{it} = x(1 + it), \varphi = y/x. \quad (1)$$

$x + iy \mapsto x + i\mu y$ бейнелеуі D алгебрасының автоморфизмдер тобы нақты сандардың мультипликативті $\mathbb{R}^* = \{\mu \in \mathbb{R} | \mu \neq 0\}$ тобына изоморфты болатынын береді. Дербес жағдайда, $\mu = -1$ санына $z = x + iy$ санын түйіндес $z = x - iy$ санына көшіретін инволютивті – автоморфизмі сәйкес келеді.

Дуалды айнымалы жазықтығында стереографикалық проекцияны анықталық. Үш өлшемді [2] нақты ξ, η, ζ координатты \mathbb{R}^3 кеңістігін қарастыралық. Мұнда $\xi^2 + \zeta^2 = 1$ теңдеуімен берілген радиусы 1, ал өсі $O\eta$ болатын дөңгелек \square цилиндрін алалық. D -ны \square -ға $\xi O\eta$ жазықтығы xOy (\square) жазықтығымен беттесетіндей етіп бейнелелік. Бұны *стереографикалық проекция* деп аталық. Сонда D -ны \square -ға бейнелеу келесі формула арқылы беріледі:

$$\xi = \frac{2x}{1+x^2}, \quad \eta = \frac{2y}{1+x^2}, \quad \zeta = \frac{x^2-1}{x^2+1}. \quad (2)$$

(2) түрлендіруінің бейнесі жоғарғы $\ell = (0, \eta, 1)$ құраушысы жоқ \square .

Стереографикалық проекция – өзара бірмәнді бейнелеу. Кері түрлендіру мына формуламен беріледі:

$$x = \frac{\xi}{1-\zeta}, \quad y = \frac{\eta}{1-\zeta}. \quad (3)$$

Бұдан

$$z = \frac{\xi + i\eta}{1-\zeta}. \quad (4)$$

\square цилиндрін дуалды айнымалы жазықтығының кеңейтілуі деп атап, \bar{D} арқылы белгілелік.

Сонда, \square цилиндрінің $a\xi + b\eta + c\zeta = d$ жазықтығымен қимасы стереографикалық проекцияда

$$(c-d)x^2 + 2ax + 2by = c + d. \quad (5)$$

қисығына көшеді.

Бұл қисықты комплекс сандар теориясындағыдай *жалпыланған шеңбер* деп аталық. Егер $c \neq d, b \neq 0$ болса, онда бұл қисық – парабола. Егер $b = 0$ және жазықтық \square мен қиылысса, $c = d$ болғанда бір, ал $c \neq d$ болғанда екі вертикал түзуді аламыз. Егер жазықтық ω^0 нүктесінен өтіп және $b \neq 0$ болса, онда қисық вертикал емес түзу.

Лагеррдің $G = SL(2, A)$ тобы \square алгебрасының үстінде анықтаушы бірге тең екінші ретті матрицалардан құралады:

$$\begin{pmatrix} \alpha & \beta \\ \gamma & \delta \end{pmatrix}, \quad \alpha\delta - \beta\gamma = 1,$$

мұнда $\alpha, \beta, \gamma, \delta \in \Lambda$ және бұл сандарды келесі түрде жазамыз: $\alpha = \alpha_1 + i\alpha_2, \dots$.

Лагеррдің G тобы $L = SL(2, \mathbb{R})$ тобының оның Ли алгебрасы \square -дің жартылай тура көбейтінлісіне тең. Шынында, $g \in G$ матрицасын $X \in \mathcal{L}$ үшін $g = g_1 n$ көбейтіндісі түрінде жазуға болады, мұнда $g_1 = \text{Reg}$, $n = E + iX$, $\text{tr}X = 0$. Лидің \square алгебрасына L тобы тіркелу жолмен әсер етеді.

G тобының центрі екі $\pm E$ матрицасынан тұрады. G тобының оның центрі бойынша \tilde{G} фактор-тобы $\tilde{L} = SO_0(1,2)$ тобы мен оның Ли алгебрасы $\tilde{\mathcal{L}}$ -дің жартылай тура көбейтінлісіне тең.

Эрмиттік матрицалардың H кеңістігін қарастыралық.

\tilde{G} фактор-тобынан алынған \tilde{g} матрицасының ашық түрі келесі конструкция арқылы беріледі:

$$\begin{pmatrix} h_1 - h_4 & -ih_2 + h_3 \\ ih_2 + h_3 & h_1 + h_4 \end{pmatrix}, \quad \alpha\delta - \beta\gamma = 1 \quad (6)$$

мұнда $h_1, h_2, h_3, h_4 \in \mathbb{R}$. G тобы H кеңістігінде келесі түрде әсер етеді:

$$h \mapsto g'hg, \quad (7)$$

штрих матрицалық транспонирлеуді көрсетеді. Бұл әсер \square матрицасының анықтаушысын сақтайды:

$$\text{deth} = h_1^2 - h_3^2 - h_4^2. \quad (8)$$

\square матрицасына \mathbb{R}^4 кеңістігінің $h = (h_1, h_2, h_3, h_4)$ жолдық-векторын сәйкес қоялық. H кеңістігінде (2.3.7) түрлендіруіне \mathbb{R}^4 кеңістігінде мына сызықты түрлендіруі сәйкес келеді:

$$h \mapsto h\tilde{g} \quad (9)$$

Бұл сызықты түрлендірудің матрицасы мына түрде болады:

$$\begin{pmatrix} \frac{\alpha_1^2 + \beta_1^2 + \gamma_1^2 + \delta_1^2}{2} & u_1 & \alpha_1\beta_1 + \gamma_1\delta_1 & \frac{-\alpha_1^2 + \beta_1^2 + \gamma_1^2 + \delta_1^2}{2} \\ 0 & 1 & 0 & 0 \\ \alpha_1\gamma_1 + \beta_1\delta_1 & u_3 & \alpha_1\delta_1 + \beta_1\gamma_1 & -\alpha_1\beta_1 + \gamma_1\delta_1 \\ \frac{-\alpha_1^2 - \beta_1^2 + \gamma_1^2 + \delta_1^2}{2} & u_4 & -\alpha_1\beta_1 + \gamma_1\delta_1 & \frac{\alpha_1^2 - \beta_1^2 - \gamma_1^2 + \delta_1^2}{2} \end{pmatrix},$$

мұнда

$$u_1 = p_1 + p_2,$$

$$u_1 = -p_1 + p_2,$$

$$p_1 = -\alpha_1\beta_2 + \beta_1\alpha_2, \quad (10)$$

$$p_2 = -\gamma_1\delta_2 + \delta_1\gamma_2, \quad (11)$$

$$u_3 = -2\alpha_1\delta_2 + 3\beta_1\gamma_2. \quad (12)$$

Лагеррдің G тобы $L = SL(2, \mathbb{R})$ тобының оның Ли алгебрасы \mathfrak{g} -дің жартылай тура көбейтінлісіне тең. Шынында, $g \in G$ матрицасын $X \in \mathcal{L}$ үшін $g = g_1 n$ көбейтіндісі түрінде жазуға болады, мұнда $g_1 = \text{Reg}$, $n = E + iX$, $\text{tr}X = 0$. Лидің \mathfrak{g} алгебрасына L тобы тіркелу жолмен әсер етеді.

G тобының центрі екі $\pm E$ матрицасынан тұрады. G тобының оның центрі бойынша \tilde{G} фактор-тобы $\tilde{L} = SO_0(1,2)$ тобы мен оның Ли алгебрасы $\tilde{\mathcal{L}}$ -дің жартылай тура көбейтінлісіне тең.

\mathbb{R}^4 кеңістігінің (9) түрлендіруі (8) квадраттық форманы, олай болса $h_1^2 - h_3^2 - h_4^2 = 0$ конусында сақтайды. Осы конустағв \tilde{G} тобының орбитасын, оның екі табаны: $\mathcal{C}^+ = \{h_1 > 0\}$, $\mathcal{C}^- = \{h_1 < 0\}$ және Oh_2 өсінің әрбір нүктесі құрайды.

G тобында төмендегі матрицалардан құралған, оның үш G_1 , G_2 , G_3 ішкі топтарын қарастыралық

$$d = \begin{pmatrix} a & 0 \\ b & \bar{a} \end{pmatrix}, u = \begin{pmatrix} a & b \\ -\bar{b} & \bar{a} \end{pmatrix}, v = \begin{pmatrix} a & b \\ \bar{b} & \bar{a} \end{pmatrix}, \quad (13)$$

Қалыптасқан белгілеулер бойынша $G_2 = SU(2; \Lambda)$ және $G_3 = SU(1,1; \Lambda)$ деп жазуға болады. Бұлар дуалды сандар үстінде құрылған «унтарлық» және «псевдо-унитарлық» матрицалар тобы. (2.3.11) анықтаушыны $a = \alpha + ip$, $b = \beta + iq$ болсын делік. Сонда, $\alpha^2 = 1$, $\alpha^2 + \beta^2 = 1$ и $\alpha^2 - \beta^2 = 1$ болады. Осы жағдайда d , u және v ; u және v матрицаларына \tilde{G} тобында келесі матрицалар сәйкес болады:

$$\tilde{d} = \begin{pmatrix} 1 + \beta^2/2 & \alpha q + \beta p & \alpha\beta & -\beta^2/2 \\ 0 & 1 & 0 & 0 \\ \alpha\beta & 2\alpha p & 1 & -\alpha\beta \\ \beta^2/2 & \alpha q + \beta p & \alpha\beta & 1 - \beta^2/2 \end{pmatrix}, \quad (14)$$

$$\tilde{u} = \begin{pmatrix} 1 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 1 & 0 & 0 \\ 0 & 2\alpha p + 2\beta q & \alpha^2 - \beta^2 & 2\alpha\beta \\ 0 & 2\alpha p - 2\beta q & -2\alpha\beta & \alpha^2 - \beta^2 \end{pmatrix},$$

$$\tilde{v} = \begin{pmatrix} \alpha^2 + \beta^2 & -2\alpha q + 2\beta p & 2\alpha\beta & 0 \\ 0 & 1 & 0 & 0 \\ 2\alpha\beta & 2\alpha p - 2\beta q & \alpha^2 + \beta^2 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{pmatrix}.$$

Бұдан G_2 тобының \mathbb{R}^2 жазықтығының евклидтік (квадраттардың қосындысын сақтайтын) қозғалыстар тобына, ал G_3 тобының \mathbb{R}^2 жазықтығының гиперболалық

(квадраттардың айырмасын сақтайтын) қозғалыстар тобына изоморфты болатындығын аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Абиров А.Қ Полисандардың бір алгебрасының құрылымы // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. № 3(46). Атырау.2017. 72 – 81 б.
2. Абиров А.Қ., Еркинова А.М. Жалпыланған дуалды сандар алгебрасы // Халықаралық ғылыми конференция «Қолданбалы математика және информатика мәселелері» еңбектері. Ақтөбе. 2017. 159 – 160 б.

Summary

The paper deals with one group with a dual number.

Key words: complex numbers, dual numbers, group, automorphism

3-ШІ ЖӘНЕ 4-ШІ ДӘРЕЖЕЛІ АЛГЕБРАЛЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІ ШЕШУДЕ КОМПЛЕКС САНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Ж.Т.Билялова

пед. ғыл.кандидаты, профессор;

Т.Н.Ахмурзина

жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы;

Ұ.Сүйенішбек

*5B010900-Математика мамандығының ІУ курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан, Атырау қ.*

Резюме

В данной статье рассматривается понятие *комплексных чисел*, их применение при решении алгебраических уравнении 3–го и 4–го степени. Рассмотрена теоретическая часть, приведен и разобран пример.

Ключевые слова: кубическое уравнение, алгебраическое уравнение 4-ой степени, комплексное число, формула Кардано, метод Феррари.

Математиканың, физиканың көптеген есептерін шешу алгебралық теңдеулерді шешуге келтіріледі, яғни мына түрдегі

$$a_0x^n + a_1x^{n-1} + \dots + a_{n-1}x + a_n = 0,$$

мұндағы a_0, a_1, \dots, a_n нақты сандар. Сондықтан алгебралық теңдеулерді зерттеу математиканың негізгі мәселелері болып табылады. Теңдеулерді шешілетін теңдеуге келтіру – сандар ұғымын кеңейтудің басты бір себебі.

Комплекс сандар өте кең қолданысқа ие. Олай болса, 3-ші және 4-ші дәрежелі алгебралық теңдеулерді шешуде комплекс сандарды қолдануды қарастырайық

Кубтық теңдеулерді шешуді нақты мысалдармен қарастырайық:

$$a_0x^3 + a_1x^2 + a_2x + a_3 = 0 \quad (1)$$

1 - мысал. Теңдеуді шешіңдер:

$$x^3 + 6x^2 + 6x - 13 = 0.$$

Шешуі. Алдымен теңдеуді белгісіздің квадратын қамтымайтын теңдеудің түріне (мұндай теңдеу келтірілген деп аталады), яғни мына түрдегі теңдеуге келтіреміз:

$$y^3 + py + q = 0,$$

бұған $x = y - \frac{a_1}{3a_0} = y - 2$ түріндегі алмастыру жасаймыз. Сонда келесі теңдеуді аламыз:

$$(y - 2)^3 + 6(y - 2)^2 + 6(y - 2) - 13 = 0.$$

Жақшаларды ашып және ұқсас мүшелерді біріктіріп, мына теңдеуге келеміз:

$$y^3 - 6y - 9 = 0,$$

мұндағы $p = -6, q = -9$ және $x = y - 2$.

(Ескерту. Келтірілген кубтық теңдеуге көшуді Горнер схемасы көмегімен $a_0x^3 + a_1x^2 + a_2x + a_3$ көпмүшелігін $x + \frac{a_1}{3a_0}$ екімүшелігінің дәрежелері бойынша жіктеп жүзеге асыруға болады).

$$y^3 + py + q = 0 \quad (2)$$

кубтық теңдеуінің түбірлері үшін Кардано формуласы бар, оны дұрысында дель Ферро – Тартальи - Кардано деп атау дұрыс болар еді.

Алғаш $y^3 + py + q = 0$ келтірілген кубтық теңдеуді XV ғасырдың соңында Болон университетінің профессоры Сципион дель Ферро шешті.

Кейін 1535 жылы осы формуланы Николо Тартальей қорытып шығарды. Ақырында 1545 жылы (1) теңдеудің шешімі Джероламо Карданоның "Ars Magna" ("Ұлы өнер") кітабында баяндалды. Кардано формуласы мына түрде болады:

$$y_i = u_i + v_i, \quad (i = 1, 2, 3),$$

мұндағы u_1, u_2, u_3 – радикалдың мәндері

$$u = \sqrt[3]{-\frac{q}{2} + \sqrt{\frac{q^2}{4} + \frac{p^3}{27}}} = \sqrt[3]{-\frac{q}{2} + \sqrt{\left(\frac{q}{2}\right)^2 + \left(\frac{p}{3}\right)^3}}; \quad v_i = -\frac{p}{3u_i}.$$

u_1, u_2, u_3 түбірлері қарапайым табылады. u радикалының бір (кез-келген) мәні - u_1 болсын. Онда өзге екі мәнін келесі түрде табуға болады:

$u_2 = u_1 e_1; \quad u_3 = u_1 e_2$, мұндағы e_1 мен e_2 – 1-дің үшінші дәрежелі түбірінің мәні, яғни

$$e_1 = -\frac{1}{2} + i\frac{\sqrt{3}}{2}; \quad e_2 = -\frac{1}{2} - i\frac{\sqrt{3}}{2}.$$

Егер $v_i = -\frac{p}{3u_i}$ есептесек, онда $v_2 = v_1 e_2; \quad v_3 = v_1 e_1$ аламыз.

Шындығында,

$$v_2 = -\frac{p}{3u_2} = -\frac{p}{3u_1 e_1} = -\frac{p}{3u_1} \cdot \frac{1}{e_1} = v_1 \left(-\frac{1}{2} - i\frac{\sqrt{3}}{2} \right) = v_1 e_2.$$

Осылайша $v_3 = v_1 e_1$ теңдігі де дәлелденеді. Алынған u_i және v_i мәндерін $y_i = u_i + v_i, \quad (i = 1, 2, 3)$ формулаға қойып, келесі формулаларды аламыз:

$$y_1 = u_1 + v_1;$$

$$y_2 = -\frac{1}{2}(u_1 + v_1) + i\frac{\sqrt{3}}{2}(u_1 - v_1);$$

$$y_3 = -\frac{1}{2}(u_1 + v_1) - i\frac{\sqrt{3}}{2}(u_1 - v_1).$$

Бұл жағдайда:

$$\sqrt[3]{-\frac{q}{2} + \sqrt{\left(\frac{q}{2}\right)^2 + \left(\frac{p}{3}\right)^3}} = \sqrt[3]{\frac{9}{2} + \sqrt{\frac{49}{4}}} = \sqrt[3]{8} = 2.$$

Осылайша, $u_1 = 2$ деп аламыз. Сонда $v_1 = -\frac{p}{3u_1} = 1$;

демек,

$$y_1 = 3, \quad y_2 = -\frac{3}{2} + i\frac{\sqrt{3}}{2}, \quad y_3 = -\frac{3}{2} - i\frac{\sqrt{3}}{2}.$$

Соңғы теңдіктен $x = y - 2$ екенін ескеріп, мынаны аламыз:

$$x_1 = 3, \quad x_2 = -\frac{7}{2} + i\frac{\sqrt{3}}{2}, \quad x_3 = -\frac{7}{2} - i\frac{\sqrt{3}}{2}.$$

$$\text{Жауабы: } x_1 = 3, \quad x_2 = -\frac{7}{2} + i\frac{\sqrt{3}}{2}, \quad x_3 = -\frac{7}{2} - i\frac{\sqrt{3}}{2}.$$

$$x^3 + px + q = 0 \tag{3}$$

келтірілген кубтық теңдеу үшін дискриминант мына формуламен есептеледі:

$$D = \left(\frac{q}{2}\right)^2 + \left(\frac{p}{3}\right)^3.$$

Мұндайда:

а) егер $D > 0$ болса, онда (3) теңдеудің бір ғана нақты және екі комплекс-түйіндес түбірлері болады;

б) егер $D = 0$ болса, онда (3) теңдеудің үш нақты түбірі және оның екеуі тең болады;

в) егер $D < 0$ болса, онда (3) теңдеудің үш түрлі нақты түбірлері бар.

Осылайша, кез-келген жағдайда нақты коэффициентті (3) теңдеудің ең болмағанда бір нақты түбірі болады.

2-мысал. Теңдеуді шешіндер: $x^3 - 6x + 4 = 0$.

Шешуі.

Берілген теңдеу - келтірілген. Мұнда $p = -6$, $q = 4$. Демек,

$$\sqrt[3]{-\frac{q}{2} + \sqrt{\left(\frac{q}{2}\right)^2 + \left(\frac{p}{3}\right)^3}} = \sqrt[3]{-2 + \sqrt{-4}} = \sqrt[3]{-2 + 2i}.$$

$z = -2 + 2i$ комплекс санынан кубтық түбір шығару үшін, оны тригонометриялық түрде жазамыз:

$$-2 + 2i = \sqrt{8} \left(\cos \frac{3\pi}{4} + i \sin \frac{3\pi}{4} \right),$$

Сондықтан

$$\sqrt[3]{-2 + 2i} = \sqrt[3]{\sqrt{8} \left(\cos \frac{3\pi}{4} + i \sin \frac{3\pi}{4} \right)} = \sqrt{2} \left(\cos \frac{3\pi + 8\pi k}{12} + i \sin \frac{3\pi + 8\pi k}{12} \right),$$

мұндағы $k = 0, 1, 2$.

$k = 0$ болғанда, аламыз:

$$u_1 = \sqrt{2} \left(\cos \frac{\pi}{4} + i \sin \frac{\pi}{4} \right) = \sqrt{2} \left(\frac{\sqrt{2}}{2} + i \frac{\sqrt{2}}{2} \right) = 1 + i.$$

Демек,

$$v_1 = -\frac{p}{3u_1} = \frac{6}{3+3i} = 1+i,$$

сондықтан $u_1 + v_1 = 2$. Бұдан,

$$x_1 = 2, x_2 = -1 - i\sqrt{3}, x_3 = -1 + i\sqrt{3}.$$

Жауабы: $2; -1 - i\sqrt{3}; -1 + i\sqrt{3}$.

4-ші дәрежелі теңдеуді Феррари әдісімен шешуді нақты мысалдармен қарастырайық. Алдымен 4-ші дәрежелі келтірілген теңдеуді алайық

$$x^4 + ax^3 + bx^2 + cx + d = 0. \quad (4)$$

Айнымалыға $x = y - \frac{a}{4}$ алмастыруын жасап, коэффициенттері p, q, r болатын

a, b, c, d -ға тәуелді мына теңдеуді аламыз:

$$y^4 + py^2 + qy + r = 0 \quad (5)$$

Бұл теңдеуді түрлендіріп, $\left(y^2 + \frac{p}{2}\right)^2 + qy + \left(r - \frac{p^2}{4}\right) = 0$ аламыз, ал содан соң кез-келген α

санын енгізіп, оның сол жақ бөлігін мәндес түрге келтіреміз:

$$\left(y^2 + \frac{p}{2} + \alpha\right)^2 - \left[2\alpha\left(y^2 + \frac{p}{2}\right) + \alpha^2 - qy + \frac{p^2}{4} - r\right] = 0 \quad (6)$$

Енді квадрат жақша ішіндегі $2\alpha y^2 - qy + \left(\alpha p + \alpha^2 + \frac{p^2}{4} - r\right)$ өрнегі y қатысты толық

квадрат болатындай етіп α санын таңдап аламыз. Ол үшін оның дискриминанты нольге тең

болу керек, яғни $q^2 - 8\alpha\left(\alpha p + \alpha^2 + \frac{p^2}{4} - r\right) = 0$ немесе

$8\alpha^3 + 8p\alpha^2 + 8\alpha\left(\frac{p^2}{4} - r\right) - q^2 = 0$ болуы керек. Осылайша, α табу үшін 3-ші дәрежелі

теңдеу алынады, және есеп алдыңғыға келеді. Егер « α » ретінде бұл теңдеудің түбірлерінің бірін алсақ, онда (6) теңдеудің сол жақ бөлігі квадраттар айырымы болады және сондықтан « y » қатысты екінші дәрежелі көпмүшеліктердің көбейтіндісіне жіктелуі мүмкін.

3 – мысал. Теңдеуді шешіндер:

$$x^4 - x^3 - 3x^2 + 5x - 10 = 0.$$

Шешуі.

x^4 пен x^3 қамтитын мүшелерін теңдеудің сол жақ бөлігіне қалдырамыз:

$$x^4 - x^3 = 3x^2 - 5x + 10.$$

Алынған теңдеудің сол жақ бөлігін толық квадратқа дейін толықтырамыз:

$$x^4 - x^3 + \frac{1}{4}x^2 = \frac{1}{4}x^2 + 3x^2 - 5x + 10,$$

немесе

$$\left(x^2 - \frac{x}{2}\right)^2 = \frac{13}{4}x^2 - 5x + 10. \quad (7)$$

(7) теңдіктің сол жақ бөлігіндегі толық квадратқа r параметрін енгіземіз:

$$\left(x^2 - \frac{x}{2} + r\right)^2 = \left(x^2 - \frac{x}{2}\right)^2 + 2r\left(x^2 - \frac{x}{2}\right) + r^2.$$

Бұдан (7) теңдікті ескеріп, мына теңбе-теңдікті аламыз:

$$\left(x^2 - \frac{x}{2} + r\right)^2 = \left(2r + \frac{13}{4}\right)x^2 - (r + 5)x + (r^2 + 10), \quad (8)$$

(8) теңдіктің оң бөлігінің дискриминанты нөлге айналатындай r параметріне мәнді таңдаймыз (яғни (8) теңдіктің оң бөлігінде толық квадрат шығатындай).

$$D = (r + 5)^2 - 4\left(2r + \frac{13}{4}\right)(r^2 + 10) = -8r^3 - 12r^2 - 70r - 105.$$

D дискриминанты нөлге тең сонда, тек қана сонда егер r саны

$$8r^3 + 12r^2 + 70r + 105 = 0$$

теңдеуінің түбірі болып табылса. Бұдан сол жақ бөлігін жіктесек,

$$(2r + 3)(4r^2 + 35) = 0.$$

Дербес жағдайда, егер $r = -\frac{3}{2}$ болса, онда $D = 0$. $r = -\frac{3}{2}$ мәнін (8) теңдікке

қойып, аламыз:

$$\left(x^2 - \frac{x}{2} - \frac{3}{2}\right)^2 = \frac{1}{4}x^2 - \frac{7}{2}x + \frac{49}{4},$$

немесе

$$\left(x^2 - \frac{x}{2} - \frac{3}{2}\right)^2 = \frac{1}{4}x^2 - \frac{7}{2}x + \frac{49}{4}.$$

Бұдан,

$$\left(x^2 - \frac{x}{2} - \frac{3}{2}\right)^2 - \left(\frac{1}{4}x^2 - \frac{7}{2}\right)^2 = 0,$$

$$(x^2 - x + 2)(x^2 - 5) = 0,$$

$$(x^2 - x + 2) = 0 \text{ немесе } (x^2 - 5) = 0.$$

Демек,

$$x_1 = \frac{1}{2} + \frac{\sqrt{7}}{2}i; \quad x_2 = \frac{1}{2} - \frac{\sqrt{7}}{2}i; \quad x_3 = \sqrt{5}; \quad x_4 = -\sqrt{5}.$$

$$\text{Жауабы: } \frac{1}{2} + \frac{\sqrt{7}}{2}i; \quad \frac{1}{2} - \frac{\sqrt{7}}{2}i; \quad \sqrt{5}; \quad -\sqrt{5}.$$

4 - мысал. Теңдеуді шешіңдер: а) $x^4 - 2x^3 + 4x^2 - 2x + 3 = 0$;

б) $x^4 - 6x^3 + 10x^2 - 2x - 3 = 0$.

Шешуі.

а) $x^4 - 2x^3 + 4x^2 - 2x + 3 = 0$ (а) теңдеуін Феррари әдісімен түрлендіреміз:

$$x^4 - 2x^3 = -4x^2 + 2x - 3,$$

$$x^4 - 2x^3 + x^2 = x^2 - 4x^2 + 2x - 3,$$

$$(x^2 - x)^2 = -3x^2 + 2x - 3. \quad (9)$$

Теңдіктің сол жақ бөлігіндегі толық квадратқа r параметрін енгіземіз::

$$(x^2 - x + r)^2 = (x^2 - x)^2 + 2r(x^2 - x) + r^2.$$

Бұдан, (9) теңдігін ескеріп табамыз:

$$(x^2 - x + r)^2 = -3x^2 + 2x - 3 + 2rx^2 - 2rx + r^2,$$

$$(x^2 - x + r)^2 = (2r - 3)x^2 - 2(r - 1)x + (r^2 - 3). \quad (10)$$

Енді (10) теңдігінің оң жақ бөлігінің дискриминанты нөлге айналатындай r параметрінің мәнін таңдап аламыз.

$$D_1 = \frac{D}{4} = (r - 1)^2 - (r^2 - 3)(2r - 3) = -2r^3 + 4r^2 + 4r - 8.$$

D дискриминанты нөлге тең болады сонда, тек қана сонда, r саны теңдеудің түбірі болып табылса:

$$2r^3 - 4r^2 - 4r + 8 = 0;$$

$$r^3 - 2r^2 - 2r + 4 = 0;$$

$$(r - 2)(r^2 - 2) = 0.$$

Дербес жағдайда, $D = 0$, егер $r = 2$. Табылған $r = 2$ мәнін (9) теңдігіне қойып, аламыз:

$$(x^2 - x + 2)^2 = x^2 - 21x + 1, \text{ или } (x^2 - x + 2)^2 = (x - 1)^2.$$

Бұдан,

$$(x^2 - x + 2)^2 - (x - 1)^2 = 0,$$

$$(x^2 - 2x + 3)(x^2 - 1) = 0,$$

$$(x^2 - 2x + 3) = 0 \text{ немесе } (x^2 - 1) = 0.$$

$$\text{Демек, } x_1 = 1 - \sqrt{2}i; \quad x_2 = 1 + \sqrt{2}i; \quad x_3 = i; \quad x_4 = -i.$$

$$\text{Жауабы: } x_1 = 1 - \sqrt{2}i; \quad x_2 = 1 + \sqrt{2}i; \quad x_3 = i; \quad x_4 = -i.$$

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Андронов И.К. Математика действительных и комплексных чисел. – М.: Просвещение, 1975.

2. Галицкий М.А., Мошкович М.М., Шварцбурд С.И. Углубленное изучение курса алгебры и математического анализа. – М.: Просвещение, 1989.

3. Гордиенко Н.А., Беляева Э.С., Фирстов В.Е., Серебрякова И.В. Комплексные числа и их приложения: Учебное пособие. – Воронеж: ВГПУ, 2004.

4. Глазков Ю.А., Варшавский И.К., Гаиашвили М.Я. Комплексные числа.- М. «Экзамен», 2012.

Summary

This article discusses the concept of complex numbers, their application in solving algebraic equations of the 3rd and 4th degree. The theoretical part is considered, an example is given and analyzed.

Key words: cubic equation, 4th degree algebraic equation, complex number, Cardano formula, Ferrari method.

ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫНЫҢ ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЕСЕПТЕРІН ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Ғ.Ж.Тұржігітова., М.С.Дузелбаев

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазақстан, Атырау қ

E-mail: merey.1996.26.10@mail.ru

Түйіндеме

Бұл мақалада оқушыларға арналған математика олимпиадаларында кездесетін ықтималдықтар теориясының есептердің шығарылу жолдары қарастырылады.

Кілттік сөздер: ықтималдық, кездейсоқ шама, математикалық күтім, дисперсия

Математикалық олимпиадаларда ықтималдықтар теориясының есептері кездесетіні белгілі. Ықтималдықтар теориясының есептерін түрліше тәсілдермен шығаруға болады. Біздің мақсатымыз олимпиадалық есептерді тиімді жолмен шығару.

1-есеп. Математик Нұрбол және 49 ұл бала, 50 қыз бала дөңгелек үстелді айнала кездейсоқ түрде отырды. Егер ұл баланың жанында қыз бала отырса, сол ұл баланы риза деп есептейміз. Мыналарды табыңыз:

а) математик Нұрболдың риза екенінің ықтималдығын;

б) риза болған ұл балалардың математикалық күтімін.

Шешуі: Математик Нұрбол риза болмайды, егер оның екі жағында да ер бала отырса. Математик Нұрболдың риза болмауының ықтималдығын есептейік. Бұл ықтималдық $\frac{49}{99} \cdot \frac{48}{98} = \frac{8}{33}$ болады. Енді риза болуының ықтималдығын табу үшін осы оқиғаның қарама-

қарсы оқиғасының ықтималдығын табамыз. Сәйкесінше бұл ықтималдық: $p = 1 - \frac{8}{33} = \frac{25}{33}$. б)

Бір ербаланың риза болу ықтималдығы $\frac{25}{33}$ – ке тең. Бұл риза болған ұл балалардың арасында бір ер бала үшін математикалық күтім болады. 50 ер бала үшін математикалық күтіммынаған

тең: $50 \cdot \frac{25}{33} = \frac{1250}{33}$

Жауабы: а) $\frac{25}{33}$; б) $\frac{1250}{33}$.

2-есеп. Сыныпта 30 оқушыдан кем оқушы бар. Кездейсоқ түрде таңдалған оқушының өте жақсы оқитын қыз бала болу ықтималдығы $\frac{3}{13}$ -ке тең. Кездейсоқ таңдалған таңдалған оқушының өте жақсы оқитын ұл бала болу ықтималдығы $\frac{4}{11}$ -ге тең. Сыныпта қанша өте жақсы оқитын оқушы бар?

Шешуі: Кездейсоқ түрде таңдалған оқушының өте жақсы оқитын қыз бала болу ықтималдығы өте жақсы оқитын қыз балалар санының сыныптағы барлық қыз балалардың санына қатынасына тең болады. Сондықтан сыныптағы қыз балалар саны 13-ке бөлінеді. Қыз балалар саны 13 немесе 26 болуы мүмкін. Сол сияқты сыныптағы ұл балалар саны 11 немесе 22 болуы мүмкін. Сыныпта 30 оқушыдан кем оқушы болғандықтан 26 қыз бала және 22 ұл бала деген нұсқаны ала алмаймыз. Сәйкесінше сыныпта 13 қыз бала, олардың үшеуі өте жақсы оқитын қыз балалар және 11 ұл бала олардың төртеуі өте жақсы оқитын ұл балалар. Сонымен сыныпта барлығы 24 оқушы бар және олардың жетеуі өте жақсы оқитын оқушылар.

Жауабы: Сыныпта барлығы 7 өте жақсы оқитын оқушы бар.

3-есеп. Нұрлан пәтердің есігінің алдына келді. Есікте құлып бар. Құлыпта 0 ден 9 ға дейінгі цифрлар жазылған батырмалар бар. Нұрлан есікті ашу үшін бір уақытта дұрыс үш батырманы басу керек. Нұрлан кодты ұмытып қалған және ол барлық комбинацияларды тексеріп көреді. Әрбір мүмкіндік үшін Нұрлан екі секунд уақыт жұмсайды.

а) Нұрлан үйге кіру үшін қанша уақыт қажет?

б) Нұрланға орташа қанша уақыт керек?

в) Бір минуттан кем уақытта Нұрланның үйге кіру ықтималдығын табыңыздар.

Шешуі: Үш цифрдан тұратын сандар комбинациясын жасаудың барлық мүмкін санын есептеп шығайық. Барлық мүмкін санын терудің формуласымен есептейік.

$$C_{10}^3 = \frac{10 \cdot 9 \cdot 8}{2 \cdot 3} = 120.$$

Егер Нұрлан әрбір комбинацияға 2 секунд уақыт жұмсаса, 120 комбинацияға $120 \cdot 2 = 240$ секунд уақыт жұмсайды. 240 секунд 4 минутқа тең болады.

б) Нұрлан үшін ең жақсы нұсқасы кодты бірінші мүмкіндігінде дәл табуы, ал ең қиын нұсқасы барлық 120 комбинацияны тексеріп шығуы болады. Барлық 120 комбинацияда тең мүмкіндікті болып табылады. Сондықтан да Нұрлан орташа $\frac{1+120}{2} = 60,5$ рет комбинацияны орындайды. 60,5 рет жасалатын комбинацияға жұмсалатын уақыт 121 секунд болады.

в) Нұрлан бір минуттың ішінде есікті ашу үшін, алғашқы 30 комбинация жасағанда кодты дәл табу керек. Сондықтан да ізделінді ықтималдық $p = \frac{30}{120} = \frac{1}{4}$ болады.

Жауабы: а) 4 минут; б) 1 минут 1 секунд; в) $\frac{1}{4}$

4-есеп. Ұлан 6 жасында 2014 жылы 1 қыркүйекте бірінші сыныпқа барады. 1 қыркүйек күні Ұланның туған күні емес. Ұланның 2008 жылы туылғанының ықтималдығын табыңыздар.


Шешуі: Ұлан 2007 жылдың 2 қыркүйек басталуымен 2008 жылдың 31 тамыз күні біткенге дейінгі уақыт аралығында туылу керек. Барлығы 365 күн болады. 2008 жылдың ақпан айында 29 күн болады. Ықтималдықты есептеу үшін 2008 жылдың 1 қаңтарымен осы жылдың 31 тамыз күнін қоса алғандағы уақытты аламыз. Ізделінді ықтималдық:

$$\frac{31 + 29 + 31 + 30 + 31 + 30 + 31 + 31}{365} = \frac{244}{365} \approx \frac{2}{3}$$

Жауабы: $\frac{244}{365}$, $\frac{2}{3}$ –тен көбірек.

5-есеп. Нұрбол мен Айдана белгілі бір жерде сағат 12-ден кейін бір сағат ішінде кездесуге келіскен. Бірінші келген адам кездесуді 20 минут күтеді. Кездесу орнына келгені 20 минут күтеді, одан кейін кетеді. Егер олар бір-бірінен тәуелсіз 12-ден 13-ке дейінгі аралықта кездейсоқ уақытта келетін болса, Нұрбол мен Айданың кездесуінің ықтималдығы қандай?

Шешуі: x- оқушы А-ның мүмкін болатын кездесу уақыты; y-оқушы Б-ның кездесу уақыты болсын. Қабырғасы 60 минут квадраттың барлық нүктесі кездесудің нәтижесі болуы мүмкін. Суретке қараңыз.



Кездесуге қолайлы болатын нүктелер $|x-y| \leq 20$ теңсіздігін қанағаттандыруы тиіс. Енді нүктелері $-20 \leq x-y \leq 20$ теңсіздігін қанағаттандыратын фигураны анықтаймыз. Кездесуге қолайлы нүктелер(жағдайлар) квадраттың $y=x-20$ және $y=x+20$ түзулерінің арасындағы нүктелер болады. Суреттегі боялған бөлік. Ізделінді ықтималдық квадраттың боялған бөлігінің ауданының квадрат ауданына қатынасына тең болады:

$$P = \frac{S(g)}{S(G)} = \frac{60^2 - 40^2}{60^2} = \frac{2000}{3600} = \frac{5}{9}.$$

Жауабы: $\frac{5}{9}$

6-есеп. Ғалым Серғали Нұрлан екі әртүрлі түсті лампочка тізбектей жалғап фонарик құрастырды. Егер бір шам жанып кететін болса фонарик жұмыс жасамай қалады. Көк лампочканың жарамдылық мерзімінің математикалық үміті 2 жыл, ал қызыл лампочканың жарамдылық мерзімінің математикалық үміті 3 жыл. Ғалым Серғали Нұрлан лампочкалардың жарамдылық мерзімінің үлестірілімін біле отырып, фонариктің жұмыс жасау мерзімінің математикалық үмітінің 2 жыл 3 ай екенін есептеп шықты. Ғалым Серғали Нұрлан өзінің есептеуінде қателесіп кеткен жоқпа?

Шешуі: ξ және η шамалары сәйкесінше көк және қызыл шамдардың қызмет көрсету мерзімі болсын. Фонариктің қызмет көрсету мерзімі сәйкесінше осы шамалардың ең кішісіне тең болады. Бұдан байғанымыздай:

$$\min(\xi, \eta) \leq \xi.$$

Осыдан математикалық үмітті табатын болсақ $E\min(\xi, \eta) \leq E\xi = 2$ болады. Демек фонариктің қызмет жасау мерзімінің математикалық үміті сәйкесінше 2 жылдан аспауы керек. Бұдан шығатын қорытынды ғалым Серғали Нұрлан қателесті. Жауабы: қателесті.

7-есеп. Компьютер жаңа бағдарламаны тестілеуден өтіру үшін $[1;2]$ кесіндісінен A нақты санын кездейсоқ түрде таңдайды және бағдарламаны $3x+A = 0$ теңдеуін шешуге мәжбүрлейді. Теңдеудің түбірінің $-0,4$ -тен кем болуының ықтималдығын табыңыздар.

Шешуі: $3x + A = 0$ теңдеуін қарастырайық. A айнымалысын теңдіктің оң жағына теріс таңбамен шығарайық. Сонда $3x = -A$ болады. Енді теңдіктің екі жағын да 3-ке бөлейік. Бұдан $x = -\frac{A}{3}$. Осы өрнекті $-0,4$ -тен қатаң түрде кіші болады деген теңсіздікті шешеміз. $-\frac{A}{3} < -0,4$. Теңсіздіктің екі жағын -3 -ке көбейтеміз, көбейту нәтижесінде теңсіздік белгісі қарама-қарсыға ауысады. Яғни, $A > 1,2$ болады. Айнымалыға енетін мәндер $[1;2]$ кесіндісінде болғандықтан, A айнымалысына тиісті аралық $[1,2;2]$ болады. Кесіндінің ұзындығы бір болғандықтан, $0,8$ -ді бірге бөлеміз. Сонда ізделінді ықтималдық мынаған тең:

$$P = \frac{0,8}{1} = 0,8$$

Жауабы: 0,8.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. И.Р. Высоцкий, И.В. Яценко. Задачи заочных интернет-олимпиад по теории вероятностей и статистике. - Москва: МЦНМО. - 2017, 312 с.
2. В.Б. Монсик, А.А. Скрынников. Ықтималдық және статистика. Алматы: PRINT. - 2012, - 418 б.

Ключевые слова: вероятность, случайная величина, математическое ожидание, дисперсия

Key words: probability, random value, mathematical expectation, dispersion

ОЦЕНКА ТОЧНОСТИ КОНЕЧНОЭЛЕМЕНТНОЙ МОДЕЛИ СИСТЕМЫ
«ГРУНТ-ТОННЕЛЬ»

А.Р. Баймахан

*PhD, Атырауский государственный университет им.Х.Досмухамедова
Казахстан, г Атырау.*

E-mail: baimakhan.aigerim@gmail.com

П.С.Ескендір

*Казахский национальный женский педагогический университет магистрант I курса
Казахстан, г Алматы.*

E-mail: perizat.eskendir@mail.ru

Ж.Төлеген

*Казахский национальный женский педагогический университет магистрант II курса.
Казахстан, г Алматы.*

E-mail: bibitt@gmail.com

Ф.Даулетханқызы

*Казахский национальный женский педагогический университет магистрант II курса.
Казахстан, г Алматы.*

E-mail: daulethan.fari0323@mail.ru

Резюме

Приводятся результаты решения тестовой задачи по определению оценки точности конечно элементной модели исследования окружных напряжений на контуре отверстия в изотропных и анизотропных средах.

Ключевые слова: модель, метро, тоннель, грунт, упругость.

Цель. Целью данной работы является широкий показ достоверности и точности решения задач о напряженном состоянии системы «Здание-основание-тоннель» подходом последовательного рассмотрения грунтового основания, основания с тоннелем и наконец, полное исследование всей системы методом конечных элементов (МКЭ).

Задача. Разработать конечноэлементную расчетную модель грунтового основания без тоннеля и с тоннелью. Затем определить поля деформации и напряжений для массива изотропного и анизотропного строения. В качестве теста, подбирая для обоих вариантов соответствующие аналитические решения, постепенно увеличивая количество конечных элементов добиться равенства числовых значений перемещений или напряжений σ_z с γH для сплошной области и тангенциальных сжимающих напряжений σ_θ , полученных с помощью МКЭ, со значением концентрации напряжений σ_θ , найденными аналитическим решением.

Модель, метод и алгоритм решения задач.

Расчетные модели области массива грунта показаны на рисунках 1а, 1б и 1в и 1г. Массив грунта изотропного строения характеризуется параметрами упругости: E – модуль Юнга и ν – коэффициент Пуассона. Модель грунта горизонтально слоистого анизотропного строения – пятью параметрами. Это: модули Юнга E_1, E_2 ; модуль сдвига – G_2 и коэффициенты Пуассона – ν_1, ν_2 .

Расчетные области рисунка 1а, 1б, 1в и 1г разбиваются на конечные элементы. Пример разбивки области 1а на четырехузловые изопараметрические элементы с указанием геометрических размеров и граничных условий в компонентах перемещений показан на рисунке 2.




Рисунок 1. Области грунтового массива: 1а-изотропного строения; 1б-изотропного строения с тоннелью; 1в- анизотропного строения; 1г- анизотропного строения с тоннелью.




Рисунок 2. Разбивка области фундаментного основания грунтового массива на конечные элементы.

Для области рисунка 2 составляется система уравнений равновесия МКЭ

$$[R] \cdot \{U\} = \{F\}, \quad (1)$$

где $[R]$ – матрица жесткости системы; $\{U\}$ – вектор перемещений; $\{F\}$ – вектор геостатической силы. Система уравнений (1) решается любым из численных методов, применяемых в МКЭ, например, методом Гаусса-Зейделя. Компоненты деформации и напряжений последовательно вычисляются с помощью матричных соотношений [1].

$$\{\varepsilon\} = [B]\{U\}, \quad (2)$$

$$\{\sigma\} = [D]\{\varepsilon\}, \quad (3)$$

где $\{\varepsilon\}$ и $\{\sigma\}$ – вектора компонент деформации и напряжений и $[D]$ – матрица упругих характеристик, состоящая из упругих постоянных для массивов изотропного и анизотропного строения.

Физико-механические свойства массива. Упругие постоянные и объемный вес для массива изотропного строения равны: $E=1 \cdot 10^2 \text{ Mna}$, $\nu=0,2$, $\gamma=2,0 \cdot 10^{-2} \text{ MN/м}^3$. Такие параметры для массива анизотропного строения соответственно равны: $E_1=0,576 \cdot 10^2 \text{ Mna}$, $E_2=0,256 \cdot 10^2 \text{ Mna}$, $\nu_1=0,31$, $\nu_2=0,28$, $G_2=0,12 \text{ Mna}$ и объемный вес – $\gamma=2,2 \cdot 10^{-2} \text{ MN/м}^3$. Показанные на рисунках 1а – 1г исследуемые расчетные области разбиты на 9604 конечные элементы с 9801 узловыми точками.

Результаты. С учетом данных рисунка 2 и приведенных физико-механических свойств составлена система основного уравнения МКЭ (1), 18 000-го порядка. Решением системы (1) найдены перемещения и напряжения. Они сравнены с известными результатами аналитических решений по работам [2] и [3], где имеются значения окружных нормальных тангенциальных напряжений σ_θ . Поэтому их значения для некоторых радиальных направлений θ^0 , отсчитываемые против хода часовой стрелки от положительной оси $0x$, декартовой системы координат $x0z$, приведены в таблице 1 и показаны на рисунках 3. Сплошными линиями указаны аналитические, кружочками конечноэлементные решения.

Таблица 1. Значения нормальных тангенциальных напряжений $\sigma_\theta/\gamma H$, для контура круговой отверстий анизотропной пластинки [3].

№	Угол θ^0	Изотропная среда		Анизотропная среда	
		σ_θ / по [2]	МКЭ	$\sigma_\theta/\gamma H$ по [3]	МКЭ
1	0	2.000	2.000	2.692	2.671
2	20	2.000	1.995	2.077	1.998
3	40	2.000	1.983	1.706	1.583
4	60	2.000	1.974	1.403	1.378
5	80	2.000	1.991	2.570	2.542
6	90	2.000	2.000	3.079	3.000




Рисунок 3. Эпюры окружных напряжений σ_θ

Заключение. Проведенные исследования по оценке точности конечноэлементной расчетной схемы для решения задач со сложным основанием, показывает высокую степень точности математической модели.

Список литературы:

1. Баймахан Р.Б., Сейнасинова А.А. Монография. Напряженное состояние слабосвязанного массива в окрестности подземной выработки. МОН Кыргызской Республики. Бишкек 2014. 170с.
2. Савин Г.Н. Распределение напряжений около отверстий. – Киев. 1968. –600 с.
3. Ержанов Ж.С., Айтиалиев Ш.М., Масанов Ж.К. Устойчивость горизонтальных выработок в наклонно-слоистом массиве. Алма-Ата, 1971-160
4. Баймахан А.Р., Баймахан Р.Б., Калимолдаев М.Н. Разработка условий пластичности для подфундаментного грунтового основания анизотропного строения. Вестник КазГАСА. №3, 2015 С. 108-114

Кілтті сөздөр: модель, метро, тоннель, топырақ, серпімділік

Summary

The results of the test solution of the problem of determining the accuracy of estimation of the finite element model studies hoop stress on contour holes in isotropic and anisotropic media.

Key words: model, subway, tunnel, ground bounce.

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРГЕ ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ

З.М. Әбдуахметова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ информатика кафедрасының PhD,

М.Хабиболлаева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистранты,

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: azmbbe@mail.ru

Резюме

Работа посвящена изучению вейвлет преобразования для решения прикладных задач. Центральным является алгоритм применения цифровой технологий для решения конкретных проблем медицины и геофизики.

Ключевые слова: высокочастотный индукционный каротажный изопараметрический зонд, фибрилляция сердца, цифровая обработка сигналов, электрокардиограмма, электрическая движущая сила, быстрое преобразование Фурье, вейвлет преобразование

Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Цифрлық Қазақстан» ауқымды бағдарламасы жарияланды.

Цифрлендіру Қазақстан үшін маңызды экономикалық секторды жетілдіруде серпінді даму үшін кең мүмкіндіктер береді.

Атап айтқанда, мұнай-газ саласы үшін Қазақстандағы ірі тау-кен өндіруші компанияларында зияткерлік мұнай кен орындары технологиясын енгізу қарастырылған. Деректерді талдаудың жаңа құралдарының пайда болуы және оларды тасымалдау жылдамдығын жоғарылату шешім қабылдау және еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңа технологиялар сапалы және толық ақпаратты ұсынуына байланысты барлау және өндіру шығындарын азайтуға мүмкіндік береді [1].

Денсаулық сақтау саласын цифрлендіру тек осы белгілі саланы дамытуға ғана қажетті шарт емес, сонымен қатар экономикалық және әлеуметтік прогрестің негізгі шешуші факторы болып табылады. Денсаулық сақтау саласындағы цифрлендіру сандық байланыс каналдарының кеңінен таралуын қажет етеді. Алайда Қазақстанда аталған озық сандық технологиялар клиентпен қарым қатынас кезінде немесе ішкі қатынастар барысында да жеткілікті дамытылмаған.

2005 жылдан 2015 жылға дейін республикада «Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құру» бюджеттік жобасы іске асырылған болатын. Осы кезеңдегі нақты инвестициялық шығындардың сомасы 8,9 млрд. теңгені құрады, оның ішінде компьютерлік және телекоммуникациялық жабдықтарды сатып алу, лицензияланған программалық қамтамасыз ету, ақпараттық жүйелерді әзірлеу және енгізу, консалтинг және басқа да қызметтер. Осы жоба шеңберінде 6 компонент әзірленді: медициналық-статистикалық жүйе, медициналық қызмет көрсету сапасын басқару жүйесі, дәрілік заттармен жабдықтауды басқару жүйесі, ресурстарды басқару жүйесі, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды бақылау жүйесі, қаржылық басқару жүйесі.

Бірақ бұл ақпараттық жүйелер (АЖ) бірқатар объективті және субъективті себептерге байланысты біріктірілмеді. Қазіргі таңда онлайн режимінде бүкіл ел бойынша 22 ақпараттық жүйе жұмыс істейді. Олар статистикалық ақпаратты жинауға және денсаулық сақтау секторын қаржыландыруға арналған. Бірақ басты мәселе олар орталық органдар базасымен, бір-бірімен біріктірілмеген [**Ошибка! Источник ссылки не найден.**].

Технологиялық даму жағдайында өндіруші кәсіпорындардың 80% -дан астамы автоматтандырудың төмен деңгейімен және цифрлы технологиялардың енуімен сипатталады. Мәселен, қазіргі кезде мұнай өңдеу саласында мұнай өңдейтін зауыттардың жыл сайынғы жоспарлы өшірілуі жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсетудің

оңтайландырылмаған үрдістерін көрсетеді және, тиісінше, жалпы шығындардың ұлғаюына алып келеді.

Берілген сандық мәліметтердің тағы бір түрі – медицинада қолданылатын электрокардиограмма сигналдарына вейвлет түрлендіру әдісін қолдану үрдісі қарастырылды. Ұсынылатын әдіс арқылы жасы 53-тен жоғары адамдарда кездесетін жүрекше фибрилляциясы жүрек ауруын ерте болжау мүмкіндігі пайда болды. Жоғары жиілікті, қысқа, төмен амплитудалы сигналдарда болатын қосымша ақпаратты вейвлет әдісіне негізделі отырып алу жолдары көрсетілген. Сонымен қатар оларды интерпретациялауда машиналық оқыту әдістері де қолданылған. Статистика бойынша әр оныншы осындай электрокардиограмма сигналын интерпретациялау кезінде кардиолог-маман қателеседі, сондықтан программалық кешенге машиналық оқыту технологиясын енгізу қарастырылған. Машиналық оқыту технологиясы алынған нәтижелерді 95 пайыздық дәлдікпен нақтылап, күдікті аурулар тобын ертерек анықтауға мүмкіндік берді.

Осы мәліметтер негізінде сұраныстарға жауап беруді үйрену орындалады. Біз тәжірибеге жүрекше фибрилляциясы бар 8100-ден астам ЭКГ суреттерін қолданған болатынбыз. Машиналық оқыту осы ЭКГ-ларды қолданумен орындалған болатын. Осыдан кейін 4500 жүрекше фибрилляциясы жоқ – сау пациенттердің ЭКГ-сы салынып, тағы да оқу үрдісі жалғастырылды. Нәтижесінде программа едәуір мөлшерде (95,6%) өз бетінше сау және науқас адамдарды ажырата бастады. Дерек қорына қаншалықты көп мәлімет енгізетін болсақ, соншалықты жүйе «ақылдырақ» бола бастап, қойылған есепті дәлірек шешетін болады.

Қазіргі уақытта компьютерлер әрдайым адамдарға ғана бағынатын болып саналатын салаларда белсенді қолданыла бастады. Көптеген технологиялар нарыққа енді ғана енгізіліп, көптеген кемшіліктері бар болса да, бұл технологияның дамуы әлі алды деген сенім бар. Машиналық оқыту технологиясы машиналарға жұмыстарын өз бетінше дамытуға мүмкіндік беріп, шексіз әрі қарай дамуға жол ашады. Машиналық оқытудың арқасында компьютерлер сурет бетіндегі адам бейнесін, пейзаж, мәтін және цифрларды анықтауға мүмкіндік туды. Мәтіннің грамматикасын тексеру функциясы кез-келген мәтіндік редакторда және барлық заманауи телефондарда бар. Одан басқа адамның қатысуынсыз жаңалықтық мақалаларды жаза алатын программалар да бар.

Одан басқа адамда компьютермен кәдімгі тілде араласа алатын мүмкіндігі де бар. Мысалы «Siri», «Google Now» программалары қойылған сұраққа немесе командаға жауап беруге арналған функциясы бар. Осылайша машиналық түрде оқытылған компьютерлер бұрын тек адам ғана шеше алатын мәселелерді қолына ала бастады. Ол мәселелер – мәліметті енгізу, мәліметтерді сұрыптау, шешім қабылдау, адамдар арасындағы коммуникация және т.б.


Берілген диссертациялық жұмыста пациенттер – объектілер, ал белгілер ретінде – ЭКГ-ның сандық бейнесі. Кейбір белгілер – жынысы, жасы, темекі, алкогольге құмарлығы және т.б. бинарлы мәліметтер ретінде қарастырылады.

Пациенттің ЭКГ-сінен басқа күйі, салмағы, жасы, жынысы деген қосымша мәліметтерді жинап алып, машиналық оқытылуға икемді компьютерге енгізетін болсақ дифференциалды диагностика жасауға болады – аурудың түрін анықтап, емдеу стратегиясын белгілеп, аурудың дамуын, оның ұзақтығы және соңын болжап беруге болады. Бір де бір дәрігер әр пациент бойынша осындай зор көлемді ақпарат массивін лезде өңдеп, жалпылап, талдап, дәл нәтиже бере алмайды. Сондықтан машиналық оқыту дәрігерлер үшін таптырмас көмекші болмақ.

Осы сәтте тәжірибеде қолданылған науқастардың электрокардиограммаларын машинаға оқытуға жіберу қажеттілігі айқын. Осы мақсатта алдымен электрокардиограммалардан тұратын дерек қорын жинап.


Зерттеу жұмысының нәтижесінде Matlab және C# .NET программалық орталарында сигналдарды сандық өңдеу үрдісін жүзеге асыратын қолданба құрылды. 1-суретте келтірілген бұл программаның жұмыс жасау принципі келесідей: каротаж нәтижесінде

алынған сигналдар программаға орталықтан жіберіліп, желіден келген осындай ауқымды сигналдарды сапасын жоғалтпай минимизациялау керек.



1-сурет – Сандық сигналдарды өндеуге арналған программалық кешеннің сызбанұсқасы

Осы мақсаттарды жүзеге асыру құрылған программалық кешеннің сызбанұсқасы 2-суретте келтірілген:



2-сурет – Автор ұсынатын ұңғымадан келген сигналдарды өндеуге арналған программалық кешеннің сызбанұсқасы

Программаның негізгі үш модулі бар: интерфейс, фреймуорк және мәліметтер орталығы. Интерфейс – екі функционалдық нысан арасындағы ортақ шекара, оған деген

талаптар стандарт бойынша анықталады, жүйе элементтері арасында өзара әсерлесу (басқару, бақылау және т.б.) ережелері, әдіс-тәсілдері мен құралдары [3-5] бар.

Берілген жұмыста сандық мәліметтерді өңдеу бойынша отандық және шетелдік зерттеулерге талдаужасалып, келесі тапсырмалар шешілді:

1. Адамдар мен машиналар үшін анықтауға қиындық туғызатын төмен амплитудалық, жоғары жиілікті сигналдардың сипаттамалық қасиеттерін анықтау үшін машиналық оқытуды қолдану арқылы алгоритм әзірленді және жүзеге асырылды;

2. Вейвлет түрлендіру әдісінің негізінде ЖИКИЗ сандық мәліметтерін өңдеуге арналған жүйенің есептегіш математикалық моделі және архитектурасы құрылды;

3. Жүрекше фибрилляциясы бар пациенттерді анықтау үшін құрылған және оқытылған нейрондық желі арқылы Вейвлет түрлендіру әдісінің негізінде электрокардиограммадан (ЭКГ) алынған мәліметтерді интерпретациялауды басқаруға арналған программалық кешен әзірленді және жүзеге асырылды;

4. Добеши вейвлеттерінің негізінде нейронды желілерді қолдану арқылы ЭКГ-дегі ауруларды ерте болжау үшін алгоритм құрылды.

Программаларды іске қосу және тестілеу үрдістері мысалдар негізінде айқын көрсетілген. Алгоритмдерге сәйкес келетін барлық программалар дұрыс жұмыс жасап тұр және алынған нәтижелер болжамды нәтижелер аумағында орналасқан.

Диссертациялық жұмыста құрылған программалық қамтаманы жобалаудың жаңа жолдары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу тиімділігін айтарлықтай оңтайландырып, өңдеулердің сапалық нәтижелерін жоғарылатады.

Жоғарыда аталған модельдерге программалық қамтама құрудың жаңа әдістерін ҚР-ның ғылым және білім саласына тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Әрі қарай ілгерілеу үшін жаңа идеялар қажет. Қарастырып отырған жұмыс дамуының болашағы зор. Ұсынылып отырған әдіс одан әрі жетілдірілуі әбден мүмкін. Әдетте эвристикалық алгоритмдер олардың құрылымдық бөліктеріндегі өзгертулерге өте сезімтал. Жұмыста аталған алгоритмнің түрлі нұсқалары сипатталды. Алгоритм сапалырақ нәтижелермен қамтамасыз ететіндей жақсы конфигурацияны табу үшін, осы алгоритмнің түрлі мүмкін болатын нұсқаларын әртүрлі мәліметтерде тестілеу қажет. Осы алгоритмнің модификацияларының жұмыс сапасын бағалау үшін сарапшыларды да жұмысқа қосқан абзал, өйткені тек адамдар ғана алгоритм қаншалықты дұрыс жұмыс жасап жатқанын бағалай алады. Бұның бәрі жұмыстың үлкен көлемі болып табылады. Алынған тестілеу нәтижелерін зерттеу кезінде сипатталған алгоритмді жақсарту үшін жаңа мүмкіндіктердің табылуы әбден мүмкін.

Қойылған барлық тапсырмалар орындалды. Алынған нәтижелер мұнай барлауда жиі кездесетін жоғары жиілікті индукционды каротажды изопараметрлік зондтау әдісінде сандық мәліметтерді өңдеу жүйелерінде, медицина саласындағы электрокардиограмма жүйелерінде және тағы басқа салаларда қолданыла алады. Болашақта машиналық оқытуға негізделген осы әдісті сигналдарды тереңірек зерттеуде әрі қарай кеңейту және дамыту, сонымен қатар басқа да әдіс-тәсілдер, модельдер мен алгоритмдерді де вейвлет түрлендірумен ұштастыра отырып, зерттеу жоспарымызда бар.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Государственная программа «Цифровой Казахстан» // https://primeminister.kz/rupage/view/gosudarstvennaya_programma_digital_kazahstan (дата обращения: 08.06.2018)

2. Кибер Ленинка: <https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovizatsiya-neftyanyoy-otrasli-kazahstana> (дата обращения: 08.06.2018)

3. Айфичер Э.С., Джервис Б.У. Цифровая обработка сигналов: практический подход, 2-е издание. Пер. с англ. – М.:Издательский дом «Вильямс», 2004. – 992 стр.

4. Abdiakhmetova Z.M., Mukhambetzhano S.T. Mathematical modeling of the process of drilling mud filtrate penetration into the reservoir // The 11th Dynamical Systems, Mathematical, Physical Sciences and Engineering Applications, May 9-12, 2018. – P. 18.

5. Abdiakhmetova Z.M., Mukhambetzhano S.T. Mathematical and Numerical Simulation of a Liquid Filtering Process in a Porous Medium // The 5th Abu Dhabi University Annual International Conference Mathematical Science and its Applications 20-22 April 2017. – P. 26-27.

Summary

The work is devoted to the study of wavelet transform for solving applied problems. Central is the algorithm for applying digital technology to solve specific problems of medicine and geophysics.

Key words: high-frequency inductive logging isoparametric probe, cardiac fibrillation, digital signal processing, electrocardiogram, electrical driving force, fast Fourier transform, wavelet transform

ӘОЖ 378.14:004

ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ТИІМДІЛІГІ ЖАЙЫНДА

А.Д. Майлыбаева,

Информатика кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

А.Н. Ғылымғалиева.,

М.Б. Байміш

6M011100-Информатика мамандығының магистранттары

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: E-mail: mjka@mail.ru,

Aliagi@bk.ru

Pro_zadr_94@mail.ru

Кілттік сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, оқыту үдерісі, информатиканы оқыту әдістемесі

Оқытудың ақпараттық технологиялары – білім беруге бағытталған компьютерлік техниканың, телекоммуникациялық байланыс құралдарының, инструменталды бағдарламалық жабдықтардың жиынтығы[1].

Ақпаратты-коммуникациялық технологиялар - локалды, аймақтық, бүкіл әлемдік желілерде ақпарат алмасуды жүзеге асыратын қазіргі заманғы байланыс құралдарының барлық түрлері, бағдарламалық жүйелер мен кешендер (бағдарламалау тілдері, трансляторлар, компиляторлар, операциялық жүйелер, қолданбалы бағдарламалық жабдықтарды дайындауға арналған инструменталды пакеттер), мультимедиа, телекоммуникация секілді техникалық-бағдарламалық құралдар жиынтығы[2].

Ал, оқу-әдістемелік, нормативті-құқықтық, ұйымдастырушылық-техникалық материалдарды бірлесе пайдалану негізінде жұмыс істейтін болса, мұны білім беруге арналған ақпаратты-коммуникациялық технологиялар деп қарастыруға болады.

Ақпаратты-коммуникациялық технологиялар қызметі мынадай қасиеттерімен сипатталады[3]:

өңдеу процесінің нысаны мәліметтер болып табылады;

ақпараттық процестің мақсаты ақпарат алмасуға негізделеді;

ақпараттық процесті жүзеге асыру құралдарын бағдарламалық, аппараттық, бағдарламалы-аппараттық кешендер құрайды;

ақпараттық процесті тиімділендіру параметріне ақпаратты тұтынушыға жеткізудің дәлдігі, сенімділігі, толықтығы жатады.

АКТ – оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал. Негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан-жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу. АКТ-ны пайдаланудың тиімділігіне оқушының еркін ойлауына мүмкіндік беруін, ақыл-ойды дамытуын, шығармашылық белсенділігін арттыруын, жан-жақты ізденушілігін арттыруын жатқызуға болады. АКТ-ны сабақтарда қолдануда күтілетін нәтижелерге оқушылардың қызығушылығының артуын, танымдық белсенділіктерінің дамуын, оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасуын жатқызуға болады[4,5].

Информатика пәнін оқытуда кез келген сабақ – ол оқу үрдісінің бір бөлігі, сондықтан да оқып үйретуді ғылыми танымда нақтылықтың критерийі ролін атқаратын өмірмен, практикамен байланыстыра білуге, ал оқу үдерісінде – оқуға ынталылықты, оған оң көзқарасты, айналадағы ортаның құбылыстарын түсіндіру үшін теориялық білімдерін практикада қолдана білу дағдысына қалыптастыруға тиіс. Сонымен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады.

Пәннің оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына сәйкес сабақта АКТ қолдану мысалдарын атап кетсек, олар - онлайн сервистерді қолдану, білім беру саласы пәндері бойынша сабақтарында пайдалануға ұсынылатын ресурстармен және қосымша ақпарат көздерімен жұмыс, сабақта бейнематериалды қолдану тәсілдері[6-10].

Онлайн сервистерді қолдануға мысалдар келтіретін болсақ, оларға

<https://ru.padlet.com> порталы - виртуалды тақта

<http://www.tagxedo.com>- сөздер бұлты

LearningApps.org - көпфункционалды интернет ресурсы, пән бойынша

виртуалды тапсырмалар қоры

<http://www.informationisbeautiful.net/>, pixabay.com сабаққа қолдануға

болатын тегін пиктограммалар

<http://www.fodey.com>-сабақ тақырыбына байланысты идеяларды, материалды безендіру

<http://www.makebeliefscomix.com> – комикстердің көмегімен безендірілген ресурс

дайындау

<http://www.classtools.net/> - тапсырмаларды орындау (онлайн), сабақта

қолданылатын әдіс-тәсілдер ресурстары

<http://www.google.com/>, www.surveymonkey.ru, <http://onlinetestpad.com>,

<http://www.createsurvey.ru/> білімді бақылау құралдары, сауалнама жүргізу

<http://easyquizzzy.ru/> easyQuizzy тест құрастырушы программа

<https://www.ifu.com/en/e-sankey/>- сауалнама құрастыру

<https://irenproject.ru/> - Айрен білімді тексеру (тест) құралы

www.pil-network.com (Microsoft Innovative Educator Program)

<https://www.suttontrust.com/> т.б.

Білім беру саласы пәндері бойынша сабақтарында пайдалануға ұсынылатын ресурстарды атап өтсек:

<http://www.kazatomprom.kz/> («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ)

<http://energo> (Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі)

<http://gharysh.kz/news/> («Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясы)

<http://www.eureka.net.ru> («Эврика» білім беру желісі)

www.bookz.ru (электронды кітаптар, журналдар, сөздіктер) <http://www.eolss.net/> EOLSS (Encyclopedia of Life Support Systems) – өмірді қамтамасыз ету жүйелерінің энциклопедиялары <http://www.encyclopedia.ru/> (Энциклопедиялар әлемі кітапханасы)

<http://school.eb.co.uk> (Britannica School)

<http://www.sci.aha.ru> (Сандардағы және картадағы дүниежүзі елдері)
<http://www.rubricon.com> (Рубрикон энциклопедиялық порталы)
<http://nationalgeographic.org/education/teaching-resources>
<http://citl.indiana.edu/resources/teaching-resources.php> <http://play.nis.edu.kz/>, smk.edu.kz,
<http://www.cpm.kz/> <http://sk.nis.edu.kz/Course>
bilimland.kz, twig-bilim.kz
<http://www.gliffy.com>
<http://phet.colorado.edu/>
<http://phet.colorado.edu/en/simulations/category/>
www.unescobkk.org/ict (Directory of Free Educational Resources for Teachers: Classroom Productivity, Science)
<http://www.oecd.org/pisa/test/> PISA тапсырмалары
<http://maxpapers.com/> O-Level, A-Level деңгей тапсырмалары
<http://www.teosofia.ru/biologos/> - биология пәні бойынша интербелсенді ресурстар
http://www.virtulab.net/index.php?option=com_content – виртуалды лаборатория
<http://www.ebio.ru/index.html> - электронды оқулық (биология) <http://kpdbio.ru/> – олимпиадаға дайындау сайты <https://interneturok.ru/biology/5-klass> - интербелсенді ресурстар
<https://www.geography.org.uk/> - географтар қоғамдастығы сайты <http://festival.nic-snail.ru/index.php> - Педагогикалық шеберлік фестивалі www.pil-network.com Майкрософт корпорациясының білім беру порталдары (Microsoft Innovative Educator Program), т.б.

<https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/5-synyp/lesson/aqparat-uhymy> және тағы басқаларды атап кетуге болады.

Сабақта бейнематериалды қолдану тәсілдеріне тоқталсақ, бейнематериалдармен жұмыс үш кезеңнен тұрады: көрсетілімге дейінгі кезең, көрсетілім кезеңі, көрсетілімнен кейінгі кезең. Көрсетілімнің әр кезеңінде зейінді шоғырландыруды талап ететін тапсырмалар беріледі.

Бейнежазбаларды көрсету тәсілдеріне бейне мен дыбысты қосып көрсету, фильмді дыбыссыз көрсету, дыбысты бейнесіз қосу, үзбей көрсету, стоп-кадр, субтитрмен көрсету, субтитрсіз көрсету, ал бейнематериалмен жұмыс істеу тәсілдеріне Stop-кадр, дыбыстау, дыбыссыз көрсету, оқиға желісімен..., кейіпкерді сипаттау, сансыз сұрақтар, т.б. жатқызуға болады. Олармен жұмыс жасауға арналған бағдарламаларға тоқтала кетсек: Windows Movie Maker, Adobe Creative Cloud (Adobe Premiere/ Adobe After Effect/ Adobe Media Encoder/ Adobe Photoshop), Sony Vegas Pro, Corel Video Studio, Pinnacle VideoSpin, Movavi Video Editor, JahShaka, Edius Pro, Format Factory) және т.б. атауға болады.

Қорытындылай келе, ақпараттық коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Жедел дамып отырған ғылыми –техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Еліміз болашағын жоғары технологиялармен тығыз байланыстырып отырған бүгінгі күні, мектептер алдындағы әсіресе мұғалімдер алдындағы басты міндет сол болашақтың иесі, қазіргі күні біздің алдымызда отырған оқушыны бәсекеге қабілетті біліммен қаруландыру болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>

2. Тиімді таныстырылымқұру пехнологиясы: үйдегіше«тәтті» таныстырылымның рецепті: оқу-әдіст. құрал. -Астана: «НЗМ» ДББҰ, ПШО, 2014. – 125 б.

3. Қақанов А.С., Тарасенко Е.В., Рамазанов Р.Г., Пірмаханбет Ж.М. Бейнероликтер дайындауға арналған әдістемелік ұсынымдар (тренерлер мен мұғалімдерге арналған) - Астана: ДББҰ «НЗМ» ПШО, 2015. – 50 б.

4. Білімді бағалау құралдары. 5 минутта сұрақ қойып, сауалнама жүргізу) /Журбенко А.П. – Астана: «НЗМ» ДББҰ, ПШО, 2014. -24 б.

5. Алданыш А. Оқытуда интернет ресурстарды қолдану: әдістемелік нұсқаулық /А. Алданыш. - Астана: «НЗМ» ДББҰ ПШО, 2017. -36 б.

6. Teachers' ICT and problem-solving skills: Competences and needs [Electronic resource] // Education Indicator in Focus ; OECD. – March, 2016. – № 40. – Model of access: <http://www.oecd->

7. Ногайбаева Г. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане (Әлемде және Қазақстанда STEM-білім берудің дамуы). «Білімді ел – Образованная страна» №20 (57) 25.10.2016. (<http://bilimdinews.kz/>, <http://iac.kz/kk/events/stem-bilim-berudin-lemde-zhne-kazakstanda-damuy>)

8. 3.4-үлестірме материал. Оқу үдерісінде АКТ қолдану

9. 3.5-үлестірме материал. STEM-білім беру

10. АзизовР. Образование нового поколения: 10 преимуществ STEM образования (Жаңа заман білімі: STEM-білім берудің 10 артықшылығы) (<https://ru.linkedin.com>)

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологий, учебный процесс, методика преподавания информатики

Key words: information and communication technologies, educational process, methods of teaching informatics

ТЖБ-НЫ АВТОМАТТАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ, ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАНЫҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

Ж.Т. Қабылхамит

*Информатика кафедрасының кафедра меңгерушісі м.а.,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.*

М.Е. Рахметов

*Информатика кафедрасының бМ011100-Информатика I курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.*

Қазақстан, Атырау қ.

*E-mail: Zhanargul.Kabylhamit@mail.ru,
maksot.raxmetov.96@mail.ru*

Түйіндеме

Мақалада жаңартылған бағдарламаның мазмұнына сәйкес автоматтандырылған электрондық ТЖБ құру әдісі талқыланып, жаңартылған бағдарламаның ақпараттық аспектілерін анықтайды.

Кілттік сөздер: iSpring QuizMaker, Жаңартылған бағдарлама, ТЖБ, БЖБ

Тәуелсіз еліміздің негізгі тірегі – білімді ұрпақ, білікті маман. Қазіргі таңда білім мен ғылым аса жоғары мәнге ие. Себебі, дамыған жетекші елдердің барлығы дерлік ғылым мен техниканың, білімнің ықпалында үлкен нәтижеге жетіп отыр. Демек, мемлекетіміздің даму деңгейі ғылым мен білім саласының дамуымен тіркелей байланысты. Бұл орайда мемлекетімізде «Жаңартылған білім мазмұны» жаңаша білім берудің негізгі құралы болып табылады. Жаңартылған білім бағдарламасы – озық инновациялық технологиялардың қыр - сырын білуге жетелейді. Сонымен қатар оқушылардың коммуникативтік дағдыларын


дамытуға, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігіне кең ықпал туындатады. Демек, білім берудің басым бағыты АКТ-мен бірқатар көрініс бере алады. Десек те, ТЖБ, БЖБ және қалыптастырушы бағалау тиімділігі жағынан тиімсіздігі басым өзекті мәселеге айналууда. Бұл мектеп мұғалімін қағазбастылықтан қағазбастылыққа жетелеуде. Осыған орай, ТЖБ және БЖБ-ды автоматтандыру қазіргі заман талабы ғана болып қоймай, оқушылардың компьютерді кең қолданысқа енгізу арқылы ақпараттық білімдерін де дамыта алады. Сонымен қатар бағдарламаның автоматты жұмыс істеуі алдымен уақытты үнемдеуге және қағазбастылықты бәсеңдетуге мүмкіндік беретіні айқын көрінеді. Педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдана алатын мұғалім ғана қоғамдағы өзгерістерге бейім оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда түйінді тұлға болып табылады. Бүгінгі таңда білім берудегі басты міндеті әртүрлі әдіс – тәсілдерді, жаңа технологияларды қолдана отырып оқушының пәнге деген қызығуларын арттыру және білім сапасын жақсарту мақсатында да тиімді. Әр мұғалім қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануға тиіс. Осы орайда автоматтандырылған жиынтық бағалауды ұйымдастыруда «iSpring QuizMaker» бағдарламасының мүмкіндіктері көмекке келе алады.

Ендеше, «iSpring QuizMaker» бағдарламасын қолдана отырып жасақталған ТЖБ-ның негізгі модулімен таныс болайық.




1-сурет.Бағдарламаның алғашқы интерфейсі.

ТЖБ-ны бастау үшін «Начать тест» батырмасын басып келесі бетке өтеміз. Келесі бетшеде оқушы туралы мәліметтерді енгізу арқылы тесттер қоймасына өтеміз.




2 – сурет. Бос орындарды толықтыру тапсырмасы.

Оқушылар тапсырманы орындау барысында ережеге сәйкес бос орындарға керекті кілттік сөздерді енгізеді. Нәтижесін экраннан көре алады.




3 – сурет. Сәйкестікті тап.

Оқушылар экранда көрсетілген бейнелерді бір-бірімен байланыстыру арқылы сәйкестендіреді.



4 – сурет. Дұрыс емес.

Егер нәтиже қате болған жағдайда «Дұрыс емес» деп мәлімдейді.




5 – сурет. Орналастыр

Оқушыларға бірнеше мәнде жауаптар беріледі. Сол жауаптардың ішінен тиісінше дұрыс нұсқасын арнайы орынға орналастырады.




6 – сурет. Рет тапсырмасы.

Экранда көрсетілген мәліметтерді рет-ретімен орналастырып гүлдің салыну алгоритмін жүйелейді.




7 – сурет. Таңда

Тапсырманы орындау барысында фон түсін және негізгі түсті таңдайды.




8- сурет. Нәтижені көру

Нәтижені көру және E-mail почтасына жіберу үшін «Просмотр результатов» батырмасын басады.



9 – сурет. Сынақ нәтижесі.



10 – сурет. E-mail почтасына келген нәтижелер

Пайдаланған әдебиеттер

1. <https://martebe.kz/zhanartylgan-bilim-beru-mazmuny-bojynsha-okhytudagy-zhana-adistasilder/>
2. Smk.kz
3. <http://rooaksai.kz/index.php/kz/158-zha-artyl-an-bilim-beru-ba-darlamasy-ayasynda-ba-alau-kriteriini-na-tyly-y-ta-urybynda-seminar-tkizildi>

Резюме

В статье рассматривается методика создания автоматизированного электронного СОЧ в соответствии с содержанием обновленной программы, определены информационные аспекты обновленной программы.

Ключевые слова: iSpring QuizMaker, Обновленной программы, СОЧ, СОР

Summary

The article discusses the method of creating an automated electronic SOCH in accordance with the content of the updated program, identifies the information aspects of the updated program.

Keywords: iSpring QuizMaker, Updated program, SOCH, SOR

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ БЕЙІНДІК ЖӘНЕ ТАНДАУ КУРСЫНЫҢ РОЛІ

Ш.Ж. Сырбаева

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Ф.Зинетулина

бМ060400-Физика мамандығының магистранті

Физика және техникалық пәндер кафедрасы

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: Syrbaeva.bk.ru

E-mail: fako@mail.ru

Кілттік сөздер: физикалық заңдар, бейіндік, таңдау, зерттеушілік қабілетін дамыту, политехникалық білім.

Білім беру жүйесіндегі басты артышылық – баланың тек қана білім алып қана қоймай, бейімі мен икемділігіне, таңдайтын мамандығына қарай алғашқы кәсіби бағдар алып шығуы. Жеке тұлғаны бейіндеп оқыту – бүгінгі күн талабы. Бұл бейіндік оқыту оқушыларға жалпы және кәсіби білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету. Сонымен қатар оқушылардың өздерінің танымдық қызығушылықтарына, қабілеттілігіне, оқудағы жеткен жетістіктеріне және кәсіби ниеттеріне байланысты олардың оқыту бағдарын еркінше таңдап алуға негізделген білім. Бүгінгі күні білім алушылар өз мүмкіндіктерін толық көрсете білуі ақпаратты өз бетінше таба, талдай қолдана білуі және ерте кәсіби айқындалуы маңызды болып отыр. Ол тек қана мектептің жоғарғы сатысында жүзеге асады. Ендеше бүгінгі таңда ұстаздың алдында тұрған міндет: табысты және тиімді әрекетке дайын, өзінің іс әрекетімен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге, қоғамдағы әлеуметтік ролін сезінетін тұлғаны қалыптастыру. Осы бағытта жаратылыстану – математика бағытындағы 10 сынып оқушыларына арналған «Физика тұрмыста» атты» бейіндік курсының бағдарламасын ұсынамын. Бағдарламаның негізгі мазмұнын қоршаған ортаның жалпы сипаттамасы, заттардың құрылымы туралы мәліметтер табиғаттың түрлі құбылыстары (механикалық, жылулық, электр, жарық) физикалық заңдардың практикада қолданылу мысалдары адам өміріндегі күнделіктегі тұрмыстағы орындары жайлы мәліметтер құрайды. Бағдарлама оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуға, байқаулар жүргізу мен шығармашылық тапсырмалар орындау біліктерін қалыптастыруға бағытталған. Бағдарламада материалдық оқыту сабақтастық биология, химия, техника, медицина, астрономия пәнаралық байланыстар ескерілген. Осының нетижесінде оқушылардың политехникалық білімдерінің негізі қаланады.

Курс мақсаты: Физика ғылымының қазіргі қоғам өміріндегі және адамзат мәдениет дамытудағы ролі мен мәнін, өміршеңдігін көрсете отырып, оқушыларды болашақ кәсіпті таңдап алуға дайындау немесе кәсіптікке бағдарлау.

Курс міндеті: Физикалық заңдар мен теориялардың күнделікті өмірде басқа да ғылым салаларын (биология, астрономия, медицина, химия) дамытуда кеңінен қолданыс тапқанына оқушының көзін жеткізу. Оқушылардың шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту, білім алуға ынталандыру, ғылыми көзқарастарын қалыптастыру; Әр түрлі ғылым салаларындағы ашылып өндірісте, өмірде қолданыс тауып жатқан жаңа технологиялардың физика заңдарына негізделіп жұмыс жасайтынын түсіндіру.

Курс мазмұны: Курс бойынша орта мектеп оқушылардың физика заңдарының өндірісте, тұрмыста ғылымның түрлі салаларында мамандық таңдауына бағыт – бағдар береді. Курс сабақ кестесіне енгізілген, уақыт қоры 34 сағатқа құрылған. Курсқа келесе тақырыптар енгізілген: *Кіріспе. I. Физикалық шамалар (3 сағ.), II. Механиканың физикалық негіздері (6 сағ.), III. Сұйықтар мен газдардың бір – біріне айналуы (9 сағ.), IV. Физика мен медицина (15 сағ.), Қорытынды (1 сағ.).*

Физика тұрмыста атты бейіндік курсының бағдарламасы (34 сағ.)

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өтетін уақыты
	I. Кіріспе	1	
	I. Физикалық шамалар		
1	Физикалық шама. Шамаларды өлшеу (тікелей және жанама) ықшамдап (стандартты) жазу.	1	
2	Физикалық құралдар (термометр, секундомер, таразы, танометр т.б.) өлшеу дәлдігі, қателігін есептеу	1	
	II. Механиканың физикалық негіздері.		
1	Күштер. Бұлшық ет пен сүйекке әсер ететін күштер.	1	
2	Ньютон заңдарының қолданылуы	1	
3	Ньютон заңдарына есептер шығару	1	
4	Архимед күшінің тұрмыста қолданысы	1	
5	Есептер шығару	1	
6	Жай механизмдер. Рычагтардың қолданылуы	1	
	III. Сұйықтар мен газдардың бір – біріне айналуы		

1	Булану. Сублимация, десублимация	1	
2	Эксперимент « Мектеп кітапхана бөлмесінің ауа ылғалдылығын анықтау »	1	
3	Табиғаттағы, тұрмыстағы булану және конденсация процестері	1	
4	Эксперимент «Сұйықтың меншікті булану жылуын анықтау»	1	
5	Капиллярлық құбылыстар. Олардың табиғаттағы маңызы		
5	Қан қысымын өлшеу	1	
6	Практикалық жұмыс: Қан қысымын өлшеу әдістері	1	
7	Энергетиканың дамуындағы жылу қозғалтқыштарының ролі	1	
8	Жылу машиналары және табиғатты қорғау. Жылу машиналарының ПӘК-ін есептеу.	1	
9		1	
	IV. Физика мен медицина		
1	XXI ғасырдағы медицина жетістіктері	1	
2	Лазерлік сәуленің қолданылуы	1	
3	Механикалық тербелістердің адам ағзасына әсері	1	
4	Ренген сәулесі	1	
5	Инфракызыл, ультракүлгін сәуленің медицинадағы ролі	1	
6	Радиоактивті сәулелердің тірі ағзаға әсері	1	
7	Организмді сәулеленуден сақтау	1	
8	Магнит өрісін емдеуге қолдану	1	
9	Көз –оптикалық жүйе	1	
10	Томография	1	
11	Медицинадағы изотоптар	1	
12	Адам тіршілігі және табиғи орта	1	
13	Емханаға саяхат	1	
14	Практикалық сабақ (пікір талас, дөңгелек үстел) ұйымдастыру	1	
15	Қорытынды сынақ	1	
16	Қорытынды	1	
		34	

Осы курста оқушылардың өз бетімен жұмысы, шығармашылық жұмыс, эксперимент есептер шығарылады. Осы бағытта лазерлік сәуленің қолданылуы сабағын айтуыма болады. Ол дәріс сабағы түрінде өтті. Лазердің құрлысы, түрлері, олардың қолданылуы қарастырылды. Бұл сабақты дәріс түрінде өткізудегі мақсатым лазерлік сәулелердің қолданысы туралы білімдерін жетілдіре отырып, шығармашылық қабілеттерін шыңдау. Жалпы оқушылар лазердің медицина саласында қолданысын заман талабына қарай көріп, білгенімен олар жөнінде толық мағлұматтар білмейді. Компьютер тышқандарында (қызыл және жасыл сәуле шығаратын) DVD - CD ойнатқыштарын және дисктерінде Газды лазердің өзі гелий – неондық, аргондық, азоттық түрлері бар. Олардың қолданылуыда әртүрлі: гелий – неондық: Интерферометрия, голография, спектроскопия, штрих – кодты оқуда, оптикалық құбылыстардың демонстрациясында. Аргондық: Көздің торлы қабығын емдеуде, литографияда, басқа лазерді толтыру жүйесінде. Азоттық: Атмосфераның ластануын зерттеуде; металды кесу, жапсыру, дәнекерлеуде; медицинада- хирургия жөнінде айтылып, оқушылар лазер туралы пікірлерін ортаға салып, өз ойларын жүйелей білді. Лазердің қолданысының кең салада, өмірде тұрмыста қолданысын айтты. Сонымен қатар Радиоактивті сәулелердің тірі ағзаға әсері тақырыбы семинар сабағы түрінде өтілді. Оқушыларға тапсырмалар берілді. Бұнда оқушылар 9 сыныпта алған мағлұматтарын білімдерін биология пәнімен байланыстыра отырып ізденеді. Бұдан оқушының өз бетімен ізденіс жұмысының нәтижесін көруге болады. Бұл курстан күтілетін нәтижелер Оқушылардың өмірлік ұстанымдары нақтыланады, білім сапасы артады. Курс бағдарламасы бойынша алған білімдері олардың өзіндік ізденушіліктерін оята отырып, жобаны қорғай білуге бағыттайды. Оқушылар жеке ғылымды меңгеруге бағдарланады.

Тұлғаны өмірге даярлай отырып, даралай оқытудың маңыздылығын арттыруға қол жеткізіледі. Қорыта айтқанда, - Физика пәнінен меңгерген білім, іскерлік дағдыларын басқа пәндерден алған білімдерімен ұштастыра біледі; Білімді жетілтірудің жеке траекториясы бойынша мақсатты оқытуға баулу жүйеленеді;-Физикалық құбылыстар мен заңдылықтардың медицинада қолдана білуін түсіндіре алады; -Мамандық таңдау мүмкіншілігін арттырады; -Жоғарғы оқу орындарына сапалы даярлау мүмкіндігі туындайды. Сондықтан бейіндік және таңдау курстарының болашақтағы ролі зор деп есептейміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. В.Радионон «Жаратылстану және техника» Знание баспасы, 1989ж.
3. Юная техническая энциклопедия, «Педагогика» баспасы, 1989ж.
4. Анциферов Л.И. Физический практикум; Факультативный курс. - М.: Просвещение, 2002.
5. Орехов В.П, Усова А.В, Каменецкий С.Е и др."Методика преподавания физики в 9 - 11 классах средней школы". Ч.2/2011.
6. Бақынов Ж.О. Физикадан деңгейлік тапсырмалар, Алматы, 2008., 7-8.

Резюме

В статье раскрывается о роли выбора курса в определении направленности изучения физики

Ключевые слова: физические законы, направленность, выбор, развитие исследовательских способностей, политехническое образование.

Key words: physical laws, orientation, choice, development of research abilities, polytechnic education.

КҮРДЕЛІ ИРРАЦИОНАЛ ТЕНДЕУДІ ШЕШУ ТӘСІЛДЕРІ

Б.Т.Урбисина

Ғылыми жетекші.,

Е.М.Оңгарбаев

студент

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг

университеті

Қазақстан, Ақтау қ.

E-mail: batihan_urbisnova@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада күрделі иррационалды теңдеулерді шешудің әдістері қарастырылған, бір есепті шешудің әртүрлі әдістері ұсынылған.

Кілттік сөздер: иррационал теңдеу, жаңа айнымалыны енгізу, «түйіндестер» әдісі

Математиканың арнаулы курстарында кездесетін иррационалды теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу тақырыбы оқушыларға, студенттерге біршама талдаулар мен зерттеулерді керек ең қиын тақырыптардың бірі.

Жалпы теңдеулер мен теңдеулер жүйелерін терең түсініп меңгеру математикалық білімдерді одан әрі дамытуға, қоршаған ортадағы сан алуан құбылыстарға терең мағыналы модельдер жасауға үйретеді.

Анықтама. $f(x) = g(x)$ теңдеуі, егер мұндағы $f(x)$ немесе $g(x)$ функцияларының кем дегенде біреуі түбір астында тұратын немесе бөлшектік дәрежеге алынып тұрған айнымалыдан тұрса, онда иррационал теңдеу деп аталады

Егер теңдеу шешудің барынша ұтымды тәсілдерін қолдансақ, соншалықты ұзақ, тауқыметті түрлендіруге бармай-ақ бұл теңдеулерді шешуге болады. Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктерді шешкенде, қандай да бір түрлендірулер арқылы оларды рационал теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесіне алмастырамыз. Мұндай қолданылатын түрлендірулерге айнымалыларды алмастыру мен көбейткіштерге жіктеуден өзге, теңдеу немесе теңсіздіктің екі жағында бірдей дәрежеге шығару жатады. Осы түрлендірулер барысында шешімдерді жоғалтып алмас үшін, мүмкіндігінше теңдеу немесе теңсіздіктердің анықталу аймағын тауып алған жөн.

Мысал. $\sqrt{x-3} - \sqrt{x+9} = \sqrt{x-2}$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі. Теңдеуді шешкенде, теңдеудің сол жағында түбірлердің айырмасы тұрғаны ескеріледі, яғни x -тің әрбір мәні үшін $x-3 < x+9$ болады, ал $x-3 < x+9$, десек бұл айырма әрқашан теріс болады, сондықтан $\sqrt{x-2}$ түбірінің теріс емес мәніне тең болуы мүмкін емес. Яғни бұл теңдеудің шешімі болмайды.

Мысал. $\sqrt{x-2} - \sqrt{5-x} = x-6$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі. Теңдеуді шешкенде алдымен анықталу аймағын табамыз. Ол аймақ $x-2 \geq 0$ және $5-x \geq 0$ шарттары арқылы анықталады.

Сонымен, $2 \leq x \leq 5$ (1)

Теңдеудің сол жағы екі квадрат түбірдің қосындысы болғандықтан, әрқашан теріс емес сан болады, сондықтан теңдеудің барлық мүмкінмәндері $x-6 \geq 0$ шартын қанағаттандыруы қажет. Бірақ бұл шарт (1) шартқа қайшы келеді, сондықтан бұл теңдеудің мүмкін мәндер аймағы бос болады, демек теңдеудің шешімдері болмайды.

Мысал. Иррационал теңдеуді шешіңіз. $x^2 + 2\sqrt{x^2 - 3x + 11} = 3x + 4$

Шешуі. $x^2 - 3x + 11 - 11 + 2\sqrt{x^2 - 3x + 11} - 4 = 0$

$\sqrt{x^2 - 3x + 11} = y$

$$y^2 + 2y - 15 = 0$$

$$D = 64, y_1 = 3, y_2 = -5$$

$$y > 0 \text{ болғандықтан } y = 3$$

$$x^2 - 3x + 11 - 9 = 0$$

$$x^2 - 3x + 2 = 0$$

$$D = 1, x_1 = 2, x_2 = 1$$

Жауабы: 2; 1

Мысал. $2x^2 + 3x - 5\sqrt{2x^2 + 3x + 9} + 3 = 0$ теңдеуді шешу керек.

Шешуі. Теңдеуді жаңа айнымалыны енгізу арқылы түрлендіреміз.

$$y = \sqrt{2x^2 + 3x + 9}, y > 0$$

$$y^2 = 2x^2 + 3x + 9$$

$$2x^2 + 3x + 9 - 9 - 5\sqrt{2x^2 + 3x + 9} + 3 = y^2 - 5y - 6 = 0$$

$$D = 49, y_1 = -1, y_2 = 6$$

$$y > 0 \text{ болғандықтан } y = 6$$

$$2x^2 + 3x + 9 = 36$$

$$2x^2 + 3x - 27 = 0$$

$$D = 225, x_1 = 3, x_2 = -4,5$$

Жауабы: 3; - 4,5

Мысал. $\sqrt{x^2 - 3x + 5} + x^2 = 3x + 7$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі. Берілген теңдеудімына түрде жазайық: $\sqrt{x^2 - 3x + 5} = -(x^2 - 3x + 5) + 12$

$\sqrt{x^2 - 3x - 5} = t$ деп белгілейік ($t \geq 0$). Онда берілген теңдеу мына түрге келеді:

$t^2 + t - 12 = 0$, бұдан $t_1 = 3$, $t_2 = -4$ ($t_2 = -4$ қанағаттандырмайды), олай болса,

$\sqrt{x^2 - 3x + 5} = 3$. Екі жағын да квадрат дәрежеге шығарамыз, сонда $x^2 - 3x - 4 = 0$

Жауабы: $x_1 = 4$, $x_2 = -1$

Жалпы алгебралық есептерді шешуде алмастыру - тригонометриялық алмастыруды қолдану кейбір алгебралық есептерді таза алгебралық жолмен шешуде кездесетін қиындықтар мен шатасулардан сақтайды. Сонымен қатар, алгебралық есептерді тригонометриялық алмастырулар көмегімен шешу - уақыт үнемдеу үшін де өте қолайлы.

Иррационал теңдеуді шешуде тригонометриялық алмастыруды қалай қолданылатынын қарастырайық.

1. $\sqrt{x^2 + 1} - x = \frac{5}{2\sqrt{x^2 + 1}}$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі. Теңдеудегі x -тің мүмкін мәндерінің жиыны - $R = (-\infty, +\infty)$.

Сондықтан бұл жерде $x = tg\varphi$, $\varphi = \left(-\frac{\pi}{2}; \frac{\pi}{2}\right)$ алмастыруын жасаймыз. Сонда теңдеу мына

түрге келеді: $\frac{1}{\cos\varphi} - tg\varphi = \frac{5}{2} \cos\varphi$

Бұл теңдеу $\left(-\frac{\pi}{2}; \frac{\pi}{2}\right)$ аралығында келесі теңдеуге мәндес болады:

$$\sin \varphi = 5(1 - \sin^2 \varphi) \Leftrightarrow \begin{cases} \sin \varphi = 1 \\ \sin \varphi = -\frac{3}{5} \end{cases} \text{ теңдеулердің ішіндегі тек } \varphi = \arcsin\left(-\frac{3}{5}\right) \text{ түбірі ғана}$$

$\left(-\frac{\pi}{2}; \frac{\pi}{2}\right)$ аралығында жатады, яғни $\arcsin\left(-\frac{3}{5}\right) \in \left(-\frac{\pi}{2}; \frac{\pi}{2}\right)$. Олай болса, берілген теңдеудің жалғыз ғана түбірі бар және ол мынаған тең:

$$x = \operatorname{tg}\left[\arcsin\left(-\frac{3}{5}\right)\right] = \frac{\sin\left[\arcsin\left(-\frac{3}{5}\right)\right]}{\cos\left[\arcsin\left(-\frac{3}{5}\right)\right]} = \frac{-\frac{3}{5}}{\sqrt{1-\frac{9}{25}}} = -\frac{3}{4}$$

$$\text{Жауабы: } x = -\frac{3}{4}.$$

2. $\sqrt{1-x^2} \cos x + x \sin x = 1$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі. теңдеудегі x -тің мүмкін мәндер жиыны $[-1; 1]$ кесіндісі.

Сондықтан $x = \cos \varphi, \varphi \in [0, \pi]$ алмастыруын жасаймыз, сонда берілген теңдеу түрге келеді:

$$\sin \varphi \cos x + \cos \varphi \sin x = 1 \Leftrightarrow \sin(x + \varphi) = 1 \Rightarrow x + \varphi = \frac{\pi}{2} + 2\pi_n, n \in \mathbb{Z}.$$

Бірақ $x = \cos \varphi$ сондықтан $x = \cos\left(\frac{\pi}{2} + 2\pi_n - x\right) \Leftrightarrow x = \sin x$ бұдан $x = 0$ болатындығы келіп шығады.

3. $\sqrt{1+x+x^2} + \sqrt{1-x+x^2} = 4$ теңдеуді “түйіндестер” әдісімен шешейік.

$$\begin{cases} \sqrt{1+x+x^2} + \sqrt{1-x+x^2} = 4 \\ \sqrt{1+x+x^2} - \sqrt{1-x+x^2} = y \end{cases} \Rightarrow (1+x+x^2) - (1-x+x^2) = 4y \Rightarrow y = \frac{x}{2}$$

$$2\sqrt{1+x+x^2} = 4 + \frac{x}{2} \Rightarrow x^2 = \frac{48}{15} \Rightarrow x = \pm \frac{4}{\sqrt{5}} = \pm \frac{4\sqrt{5}}{5}$$

4. $\sqrt[3]{x+34} + \sqrt[3]{x-3} = 1$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі. Теңдеу тақ дәрежелі болғандықтан, оның анықталу аймағы барлық R нақты сандар жиыны деп айтуға болады.

Бұл теңдеуді шешудің үш тәсілін қарастырамыз.

1-тәсіл. Теңдеудің екі бөлігін де үшінші дәрежеге шығарамыз:

$$\left(\sqrt[3]{x+34}\right)^3 - 3\left(\sqrt[3]{x+34}\right)^2 \sqrt[3]{x-3} + 3\sqrt[3]{x+34}\left(\sqrt[3]{x-3}\right)^2 - \left(\sqrt[3]{x-3}\right)^3 = 1$$

немесе

$$(x+34) - 3\left(\sqrt[3]{x+34} \cdot \sqrt[3]{x-3}\right) \cdot \left(\sqrt[3]{x+34} - \sqrt[3]{x-3}\right) - (x-3) = 1$$

Ұқсас мүшелерді топтап, айырымы $\sqrt[3]{x+34} - \sqrt[3]{x-3}$ шарт бойынша 1 тең екенін ескеріп, шығарамыз: $37 - 3\sqrt[3]{(x+34)(x-3)} = 1$

Осыдан $\sqrt[3]{x^2 + 31x - 102} = 12$. Соңғы теңдеудің екі бөлігін де үшінші дәрежеге шығарғанда $x^2 + 31x - 102 = 1728$ немесе $x^2 + 31x - 1830 = 0$ болады.

Квадраттық теңдеудің шешімдерін тапқанда $x_1 = 30$ және $x_2 = -61$ болады. Тексеру нәтижесінде айнымалының табылған екі мәні де теңдеуді қанағаттандыратынын көреміз.

2-тәсіл. $x + 34 = y^3$, $x - 3 = z^3$ жаңа айнымалыларын енгізейік.

$$\text{Сонда } \begin{cases} x + 34 = y^3 \\ x - 3 = z^3 \\ y - z = 1 \end{cases} \text{ жүйесіне көше аламыз.}$$

Бірінші теңдеуден екіншіні шегеріп, айырымды түрлендіреміз:

$$37 = y^3 - z^3 = (y - z)((y - z)^2 + 3yz).$$

$y - z$ орнына үшінші теңдеудегі оның мәнін қойсақ: $37 = 1 + 3yz$ болады, осыдан $yz = 12$. Демек, көбейтіндісі 12, айырымы 1 тең болатын екі санды табу керек.

Олар: $y = 4$, $z = 3$ немесе $y = -3$, $z = -4$.

Табылған z мәндерін $x - 3 = z^3$ теңдеуіне қойсақ

$$x_1 = 3 + 3^3 = 30 \text{ және } x_2 = 3 + (-4)^3 = -61$$

болады. Сонымен бірінші тәсілдегідей жауаптар алынды.

3-тәсіл. $\sqrt[3]{x + 34} = 1 + \sqrt[3]{x - 3}$, $x + 34 = 1 + 3\sqrt[3]{x - 3} + 3(\sqrt[3]{x - 3})^2 + x - 3$.

Егер $\sqrt[3]{x - 3} = y$ болса, онда

$$3y^2 + 3y - 36 = 0, \quad y^2 + y - 12 = 0; \quad y_2 = -4.$$

Осыдан $x_1 = 30$ және $x_2 = -61$ шығады.

Теңдеулерді ұтымды тәсілдер арқылы шешу оқушыларды іскерлікке, тапқырлыққа, өздігінен дұрыс қорытынды жасай білуге үйретеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Глазков Ю.А., Корешкова Т.А., Мирошин В.В. Шевелева Н.В. Математика. ЕГЭ.: методическое пособие для подготовки. – М.: Издательство «Экзамен», 2007.
2. Моденов П.С. Пособие по математике, Ч.1, М.:, 1977.
3. Ципкин А.Г., Пинский А.И. Справочное пособие по методам решения задач по математике для средней школы. М., Наука, 1983.

Резюме

В статье рассматриваются методы решения сложных иррациональных уравнений, предложены различные методы решения одной задачи.

Ключевые слова: иррациональные уравнения, решение иррациональных уравнений, введение новой переменной, метод «сопряженных»

Summary

The article discusses methods for solving complex irrational equations, proposes various methods for solving one problem.

Key words: irrational equations, solution of irrational equations, introduction of a new variable, the method of "conjugate"

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Г.А.Ергалиева

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,

А.Мугалимова

*бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі магистранты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мелекеттік университеті
Қазақстан, Орал қ.*

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [1, 4 б.]. Қоғамдық өмірдегі өзгерістер оқытудың жаңа технологияларын қолдануды, жеке тұлғаның жан-жақты шығармашылық тұрғыдан дамуына жол ашуды көздеп отыр.

Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Келешекте жалпы білім алумен кез-келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауышта қаланбақ. Сондықтан оның сипаты мен мазмұны, оқытудың одістері мен формалары қазіргі жағдайда жан-жақты талданып отыр. Өйткені баланың жеке бас қасиеттері, оның адамгершілігінің, белсенділігінің қалыптасуы мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныптарда жүзеге аспақ. Оқушының рухани күш-қуаты мен ерік-жігерінің, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылар кезі. Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады. Бұл тұрғыда білім беруді ақпараттық құралдармен қамтамасыз ету оқу және өмірлік жағдаяттарда алған білімдерін шығармашылықпен қолдануына, ақпараттық құралдар көмегімен өзін-өзі дамытуына, қоршаған шынайылықты түйсінуге, өзінің даралығын сезінуге, негізгі оқу және шығармашылық дағдыларын игеруге, өзінің оқу іс-әрекетін жаңа тәсілдер арқылы өз бетімен көрсетуге мүмкіндік алуды көздейді.

Білім беруді жаңа ақпараттық құралдармен қамтамасыз етудегі ерекшеліктерді сипаттайтын ғылыми еңбектерде Р.Вильям, К.Маклин, Г.М.Клейман, Ж.П.Арно, М.Рокли, Б.Сендов, Т.Хифайед және басқалар, ресейлік Б.С.Гершунский, Е.И.Машбиц, В.М.Монахов, И.В.Роберт, В.В.Рубцов, И.Е.Вострокнутов, И.И.Трубина, И.Г.Белавина, В.А.Захарова, П.В.Беспалов, М.М.Букеев, Н.А.Власенко, В.В.Колос, С.П.Кудрявцева [2, 108 б.]. және отандық ғалымдардың [Г.Қ.Нұрғалиева, Б.Б.Баймұханов, Е.Ы.Бидайбеков, С.С.Үсенов [3, 108 б.]. және басқалар ақпараттық технологияны білім беру үдерісінде қолдану ерекшеліктері сипатталады:

- 1) жалпы білім беретін мектептерде оқушылар мен мұғалімдердің бірлескен жұмысында үйлесімділік табылып, жан-жақты дамуға негіз болады;
- 2) балалардың даму деңгейі мен жылдамдығын үйлестіру;
- 3) ақпараттық-қатынастық технологиялар көмегімен жалпы білім беретін мектептердегі өзара пәндердің сабақтастығын жүзеге асыру пәнаралық моделі;
- 4) Жаңа заманға сай жас ұрпақты жан-жақты жетілдіру үшін оқушылар мен мұғалімдердің АҚТ-ны қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- 5) «білім беру траекториясын» таңдауды қамтамасыз ету.

Сонымен бірге бұл еңбектерде педагогикалық қызметті ақпараттандырудың негізгі бағыттары, мұғалімдерді ақпаратпен қамтамасыз етудің оперативті жүйесі, ақпаратты қорды құрудың, сақтаудың және пайдаланудың, теориялық аспектілері сипатталған. Ақпараттық технологияны пайдалана отырып мұғалім қол жеткізетін мүмкіндіктерге: сабақ үлгерімі нашар және орташа оқушыларға көмек көрсету, жақсы оқитын оқушыларға әрқашан

қиынырақ тапсырма беруге көңіл бөлу, әлемдік ақпараттық-білім беру кеңістігіне ереін ену, бағалау және талдау тәсілдерін меңгеруде жүйелеу, сараптау, ресурстарын пайдалануға қол жеткізеді.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың көмегімен оқу үрдісін икемді басқара отырып, оқушылардың іс-әрекетін бақылауды сапалық жағынан өзгертуге болады. Барлық жауаптарды тексеруге, көп жағдайда жіберілген қателіктерді есепке алып қана қоймай, сипатын анықтап, дер кезінде оның пайда болуына себепші болған себептерді жоюға көмектеседі.

Ақпараттық технология оқушыларда өз іс-әрекеттерінің рефлексиясын қалыптастырып, іс-әрекет нәтижесін көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік жасайды.

Бастауыш мектеп жасындағы балаларға тән сипат – бұл қызығушылық, белсенділік, жаңа жағдайға, жаңа талаптарға тез үйрену жылдамдығы мен икемділігі. Олар оқушы тұлғасының көпжақты дамуының алғы шарттары болса, қазіргі ақпараттық құралдар осы шарттарды жүзеге асырудың бүгінгі таңдағы негізгі құралы болып табылады. ақпараттық технологиялар ұжымдық іс-әрекетке құрылған оқыту да, жеке оқыту түрін ұйымдастыру негізінде өзара тәжірибе алмасу, мақсат қоя білу, оны жоспарлау, жетудің тиімді жолдарын таба білу, өз-өзін тәрбиелеу мүмкіндігі туындайды. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді[4, 277 б.]. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет. Сабақты сәтті ұйымдастырудағы басты мақсат – оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беру. Сабақтың сәтті өтуі біріншіден, мұғалімнің біліміне, іскерлігіне, тәжірибесіне байланысты болса, екіншіден, сабақ материалына, ал үшіншіден, сынып типіне, төртіншіден мұғалім мен оқушының көңіл – күйіне де байланысты. Сабақты тартымды әрі сәтті өткізе білу мұғалімдер қауымынан көп ізденуді, білімділікті, қабілеттілікті және тапқырлықты қажет етеді.

Біздің ойымызша, сабақты сәтті ұйымдастырудың бірнеше алғышарттары бар. Олар:

- Сабақтың тақырыбына сай сабақ жоспарын жасау. Сабақ жоспары нақтылы жүзеге асатындай етіп жасалынуы қажет. Дұрыс құрылмаған сабақ жоспары жақсы нәтиже бермейді.

- Тақырыпқа сай сабақ түрін, оның әдіс-тәсілдерін түрлендіріп отыру.

- Қосымша материалдарды тақырыпқа сай шығармашылықпен іріктеп ала білу.

- Дидактикалық, техникалық құралдарды, электрондық оқулықтарды мақсатқа сай, оқушы сезіміне әсер ететіндей тұрғыда пайдалану.

- Сабақта алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану. Бұл орайда инновациялық технологияларды пән бойынша қандай тарауға, қай тақырыпқа пайдалану тиімді болатынына зерттеу, салыстырып жүргізіп отыру қажет деп ойлаймыз. Сонымен бірге оқушының бастапқы білім деңгейін, жаңа технологияны пайдалану барысында қаншалықты білім алып шыққанын, не үйренгенін айқындап, диагностикалап отыру да артық болмайды. Өйткені мұғалім тарапынан білімі мен іскерлігі тексерілмеген оқушылар біртіндеп үлгермеушілер қатарына қосылады. Бұл өз кезегінде сабақтың сәтті өтуіне зиянын тигізбей қоймайды.

Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Өзім жұмыс жасайтын мектепте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Тақтаны қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болады. Сабақта интерактивті тақтаның элементтерін пайдалану, дайындалған арнайы тапсырмаларды тындап қана қоймай, көздерімен көріп, оны жетік түсінуге, дағдыланады. Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі – ол электрондық оқулық. Электрондық оқулық - бұл дидактикалық әдіс – тәсілдер мен ақпараттық

технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту оқытушының оқушымен жеке жұмыс істегендей болады. Электрондық оқулық тек қана оқушы үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады.

Мультимедиялық технологиялар көбіне компьютерлік сыныптарда қолданылады. Қазіргі уақытта сабақ материалына байланысты көптеген компакт-дискілер бар. Жаңа материалды түсіндіруде интерактивті компьютерлік графиканы пайдалануды көздейтін аппараттық-бағдарламалық құралдарды пайдалануға болады[5, 256 б.]. Компьютерлік графикалық материал презентациялық монитор көмегімен көрсетіледі. Келесі бір маңызды жағдай уақытты үнемдеу. Аз уақыттың ішінде бағдарламаның көптеген киін сұрақтарын формулалар мен эксперименттер көрсету арқылы түсіндіріліп, бекітіледі. Сабақ барысында оқушыларды біліммен қаруландырып қоймай оларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін оқушылардың шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, ойлауға икемділігін, өмірге көзқарасын дамытуға, эстетикалық талғамдарын көтеруге қол жеткізеді[6, 144 б.]. Жалпы оқушылардың ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы:

1. Оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады.
2. Шығармашылық қабілеттері артады.
3. Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады.
4. Оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды.

Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді [7, 108 б.]. Сондықтан, ХХІ ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді.

Оқу икемділікті дамыту үшін ақпараттық технологияны қолданудың педагогикалық жолдары арқылы мұғалім мен оқушының іс-әрекеттерін анықтау - оқу үрдісін жетілдіру мақсатындағы басты міндеттердің бірі. Мұнда басты назар ақпараттық технология мүмкіндіктеріне ауады:


- мұғалім – инновациялық ақпараттық технология - оқушы арасындағы өзара әсер,
- инновациялық ақпараттық технология мен оқушы арасындағы кері байланыс,
- оқу ақпаратын компьютердің мүмкіндіктерін пайдаланып көрнекі түрде беру,
- есте сақтау, оқу, ойлау, салыстыру, пайдалану іс-әрекеттерін компьютердің көмегімен ұйымдастыру,
- ақпараттың үлкен көлемін кішірейтіп сақтау,
- ақпараттық іздеу әрекетін автоматтандыру,
- оқу экспериментінің нәтижелерін автоматты түрде өңдеу,
- оқу іс-әрекетін басқаруды, бақылауды автоматтандыру.

Кесте 1 –Зерттеу жұмысының бірінші кезеңінің нәтижелері

Деңгейі Топтар	Жұмыс кезеңі	жоғары	орта	төмен
		%	%	%
Бақылау тобы	басы	11,4	42,3	46,3
	соңы	12,3	43,6	44,1

Тәжірибелік топ	басы	11,7	43,1	45,2
	соңы	19,8	47,5	32,7

Оқушылардың биологиялық білімдерін арттыру процесі көбінесе сыныптан тыс сабақтарда жүзеге асырылды. Бұл кезеңге тән қасиет оқушылардың және тұлғасының субъективтік көзқарасын дамыту, яғни оларды жаңа ортаға бейімдеу, ал оның негізгі іс-әрекетінің түрі-танымдық болып саналады. Субъективтік көзқарасты көкейкестілендіру болашақ азамат тұлғалық жетістіктерін белсендендіру арқылы және оларды диагностикалық – жобалық тапсырмалардың шешіміне қатыстыру арқылы жүзеге асты.



- 1- эксперимент басындағы тәжірибелік топ көрсеткіші
- 2- эксперимент басындағы бақылау тобының көрсеткіші
- 3- эксперимент аяғындағы тәжірибелік топ көрсеткіші
- 4- эксперимент аяғындағы бақылау тобының көрсеткіші

Сызба 1. Оқушылардың эксперимент басы мен аяғындағы пәндік білім деңгейінің ақпараттық технология мүмкіндіктерін пайдалана отырып оқытудағы жоғары деңгей көрсеткіші (%)

Когнитивтік мақсаттар – сабақтарда мотивациялық – практикалық, эмоционалдық – еріктік өздігімен дербес жұмыс процесінде басымырақ болды. Сызбада бейнеленгендей оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып жоғары деңгейдегі пәндік оқу сапасының көрсеткіші артты. Бұл кезеңде ақпараттық технология сабақта әдістемелік құралы ретінде пайдаланылды. Бұл кезеңде білімдегі мақсатқа жетуде (білім жүйесін қалыптастыру, тапсырмаларды шешуде функционалдық мүмкіндіктерін көрсету) жетекші рөлді оқушы атқарды. Осының бәрін ескере отырып қалыптастыру экспериментінің екінші кезеңінде ұсынылған педагогикалық шарттардың жүзеге асырылуы тексерілді.

Мұнда оқушылардың пәндік білімдер жүйесі артып, ақпараттық технологияға деген құлшыныстары бойынша оқу іс-әрекеттері үйлесімді қалыптасқандығы анықталды.

Кешенді тапсырмалар соның ішінде сабақта пән мазмұнын меңгеруде теориялық білімінің мазмұнын оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым іс-әрекеттерін ақпараттық технологияны ұтымды пайдалана отырып жүргізу оқытуда жетістікке жеткізетіндігі анықталды.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы бастауыш сынып оқушыларының пәндік білімін ақпараттық оқыту технологиялары арқылы жетілдіру мәселесіне арналды. Зерттеу проблемасына байланысты философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді, іргелі ғылыми зерттеу жұмыстарын талдау ізденіс жұмысының бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді және ақпараттық технологияның оқушының жетілуіндегі алатын орны мен практикалық маңызы анықталды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2007, Егеменді Қазақстан, 4 б.
2. Аганина К.Ж. Формирование умения у учащихся в процессе использования инновационных технологии по школьным дисциплинам, Дисс.к.п.н., Алматы., 1996. 108 б.
3. Барсай Б.Т. Мектеп математикасын және жаратылыс тану пәндерін оқытуда қазіргі инновациялық технологияларды қолдануға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру, Алматы, 2000, 152б.
4. Беркімбаева Ш.К. Жалпы білім беретін қазақ мектебіндегі оқу- тәрбие үрдісінің дамуы (1980-2000жж.), Алматы 2003.
5. Гальперин П.Я. Психология мышления и учения о поэтапном формировании умственных действий (Исследования мышления в советской психологии), М.: -Наука, 1966, 277с.
6. Гершунский Б.С. Компьютеризация в сфере образования: Проблемы и перспективы. – М.: Педагогика, 1987., с.256
7. Даумов Н.Ғ. Оқытуды ақпараттандыру процесінде оқушылардың зерттеу қызметін дамыту,– Алматы, 2003. 144 б.

МЕКТЕП ПЕН ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ АНАЛИЗДІ ОҚЫТУДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ ШАРТЫ РЕТІНДЕГІ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ ГРАФИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Т.Н.Ахмурзина

жаратылыс ғылымдарының магистрі, аға оқытушы;

М.А.Айзабыл

жаратылыс ғылымдарының магистрі, аға оқытушы;

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Атырау қ.*

Резюме

В данной статье рассматривается графическая интерпретация математических данных как условие преимущества в обучении математического анализа в школе и в ВУЗе. Рассмотрена теоретическая часть, приведен и разобран пример.

Ключевые слова: математический анализ, геометрическая иллюстрация, предел функции, производная, интуитивный уровень, графическая интерпретация, преимущество в обучении.

Болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарында жетекші рөл атқаратын арнаулы пәннің бірі – математикалық анализ курсы. Математикалық анализ – бұл сандық функциялардың дифференциалдық және интегралдық, есептеумен оқытылатын математиканың бөлімі. Математика мұғалімдерінің кәсіби дайындықтары үшін математикалық анализдің әдістері, идеялары мен түсініктерінің рөлі ерекше. Өйткені, біріншіден, математикалық анализдің бастамалары мектепте оқытылады; екіншіден, математикалық анализ математика ғылымының тамырын тереңге жайған, көне замандардан

бастау алатын, аясы кең, қомақты бөлімі. Математикалық анализдің негіздерін, оның теориялық және практикалық маңыздылығын білу тек болашақ мұғалімдер үшін емес, сонымен қатар кез келген жоғары білімді маман үшін де өте қажет.

Анализ бастамаларын оқытуда оқушылар математикалық анализдің өзінің маңызынан, оның ұғымдар мен әдістері ерекшеліктерінен шығатын логикалық сипаттағы қиыншылықтармен кезігеді. Курстың жеке сұрақтары мен барлық курсты толықтай оқыту әдістемесін жасауда осы қиыншылықтарды ескеру, оған жеткілікті көңіл бөлмей, барлық оқушылар курсты толыққанды меңгереді деп есептеуге болмайды.

Мектеп курсындағы анализ бастамаларын шартты түрде үш бөлімге бөлуге болады: шектер теориясы, дифференциалдық есептеу және интегралдық есептеу. Математикалық анализ бастамаларын оқытуда әдетте тек жеке оның элементтерімен шектеледі. Математиканың бұл тарауымен алғашқы таныстық функцияның тек қана анықталу облыстарында ғана емес, сонымен қатар нақты бір нүктенің аймағындағы беталысын зерттеумен байланысты. Мұндай анализ әрқашан шектер теориясының негізгі ұғымы – функцияның шегі ұғымымен байланысты. Содан соң дифференциалдық есептеуді оқытудың объектісі болып табылатын, ерекше математикалық модель – туынды оқытылады, оны тұрғызу шек ұғымына негізделген және тек содан кейін ғана интегралдық есептеуге көшеді.

Жалпыға бірдей білім берудің мемлекеттік стандарты бойынша, математикалық анализ бастамалары тарауында, оқушыларда тізбектің шегі ұғымы сияқты, функцияның үзіліссіздігі, функцияның туындысы, анықталған интеграл сияқты ұғымдар қалыптасу қажет деп баяндалған. Оқушылар туындының физикалық, геометриялық мағынасы; элементар функциялар туындысын, Ньютон-Лейбниц формуласын, шектеусіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысын есептей білу; функция графигіне жанама теңдеуін жазуды; қосындының, айырманың, көбейтіндінің, бөліндінің, күрделі функцияның туындыларын табуды; туындыны функцияны зерттеу мен график тұрғызуға қолдануды; функцияның алғашқы функциясын табуды білуі қажет. Оқушылар қолданбалы есептердің шешімін табуда туынды мен интегралды пайдалану мысалдарымен таныстырылуы керек.

Берілген материалдың мазмұны бай, бірақ оны оқыту мәселесі материалды оқыту күрделілігінде емес, сонымен қатар уақыттың жетіспеуінде. Сондықтан мұғалімнің алдында материалды оқытудың қатал таңдауы тұрады.

Ресей педагогы А.Г.Мардкович мектеп курсында математикалық анализ бастамаларын оқытудың төрт деңгейін ерекше көрсетеді:

1) сенімге (мысалы оқушыларға тұжырымдалған теорема математикада дәлелденгенін, бірақ біз оны дәлелдеусіз қабылдайтынымыз хабарлану керек, өйткені ол оқушыларға объективті дәлел бойынша оқушыларға күрделі болады.

2) көрнекі – интуитивті деңгей – дәлелдеуді геометриялық иллюстрация мен немесе талдаумен алмастыру.

3) ақиқатқа ұқсас талдау (мысалы, дәлелдеудің орнына нақты мысал пайдалану, формальды дәлелдеу идеясы ашылады).

4) формальды қатаң дәлелдеме.

Мектепте мұғалімдер математикалық анализ теориясын қатаң жеткізе алмайды, өйткені математиканың берілген тарауындағы фактілер дәлелдемесі оқушылардың қабылдауына күрделі, және материалды жеткізу қатаңдығы 1-ші және 2-ші деңгейді таңдайды. Жоғары оқу орны оқытушылары оқытудың академиялық стилін пайдаланады: ұғымның анықтамасын береді, оның қасиеттерін дәлелдейді де, оның графикалық интерпретациясын сирек көрсетеді. Нәтижесінде оқушылар оқып отырған материалдың мектеп пен жоғарғы оқу орны арасындағы байланысты жояды. Бұдан оқытып отырған материалдың сабақтастығын сақтау талап етіледі. Курстың сабақтастығын қамтамасыз ету үшін жоғарғы оқу орны оқытушыларына ұғымды енгізуді бастау қажет және мектептегі сияқты графикалық интерпретация туралы қажетті фактілерді алу және содан кейін ғана қатаң дәлелдеуге көшу.

Оқу барысында оқушыларда ойлаудың түрлері абстрактілі-теориялық сияқты көрнекі-әрекетті және көрнекі - бейнелі түрлері тығыз өзара әрекетте дамиды. Н.А. Менчинская көрсеткендей, көрнекі және абстрактілі ойлаудың бұл өзара әрекеті сөздік мәтін негізінде, сөзбен сипаттаудан басталады. Көрнекі және абстрактілі ойлаудың өзара әрекеті оқыту үдерісінде дамиды және қалыптасады.

Адамның ойлауының бұл ерекшеліктері Я.А.Каменский кезінен бастап, оқытудың негізгі принциптерінің бірі – көрнекілік принципінде ескеріледі. Оқытудағы көрнекілік мәселесін зерттеуде А.Н. Леонтьев оқыту үдерісінде көрнекі материалдың орны мен рөлі оқушылардың көрнекі материалмен іс-әрекетінің оқыту үдерісінің мәнін құрайтын қызметіне қатынасымен анықталады деп жалпы қорытындыға келеді. Бұл яғни сол немесе өзге көрнекі құралдарды пайдаланудағы мақсаттылық осы көрнекілікті игеруге бағытталған қызметке мүмкіндік туғыза ма, соған байланысты. Сондықтан мектеп курсындағы математикалық анализді оқытуда деректерді көрсетуде графикалық интерпретация басым.


Анализ бастамалары курсы оқытуда жоғарғы оқу орны мен мектеп сабақтастығын қамтамасыз ету үшін жоғарғы оқу орны оқытушысы пайда болатын геометриялық бейнелерге арқа сүйеу керек. Жаңа ұғымдарды оқыту бойынша жұмысты анализ бастамасында бұрын оқылған деректер бейнесін түзетуден бастау керек, мектеп курсынан белгілі ұғымдарды еске түсіру үшін берілген деректердің барлық мүмкін жағдайларын қамтитын сызбалар мен графикалық интерпретациялар көптеп қажет болады.

Жоғарғы оқу орнында математикалық анализдің негізгі ұғымдарын оқыту сатылап жүргізілуі керек: көрнекі-графикалық бейнеден анализдің ұғымдарын, теоремалары мен өзге де деректерін алуға ауысу және бұдан соң қатаң дәлелдеу жүргізу. Математикалық анализдің негізгі ұғымдарын қарастыру (үзіліссіздік, монотондылық, туынды және т.б.) табысты өтеді, егер ол ұғымдармен танысу сатысында оқушылардың зейінін үстірттіктен, логикалық қатаң және ұғымның дәл анықтамасынан осы ұғым туралы көрнекі, интуитивті елеске ауысса. Мұндай функция графигі сияқты көрнекі бейнені сол немесе өзге де ұғымдар мен әдістер туралы білімді бекіту мақсатында ғана пайдалану емес, сонымен қатар пропедевтикалық мақсатта пайдалану. Мұнда осы ұғым туралы ескерту бірінші кезекте сәйкес көрнекі-графикалық бейнемен байланысты болуы қажет. Мұндай меңгеру деңгейі, тұжырымды графикпен суреттеуге болатын жағдайда көпшілік оқушыларға қолжетімді болады. Көрнекі-интуициялық ұсыныстан үстірт анықтамаға ауысу – бұл сол немесе өзге ұғымдар туралы орнықты ұсыныс қалыптасудағы екінші саты. Бұл ұсыныстар сондай тұрғыда болғандықтан көрнекі түрде негізделеді, оқушылар зерттеліп отырған функциялардың әр түрлі қасиеттерін барынша саналы, сенімді, және аз санды қателікпен сезінуі керек, зерттелген ұғымдарды есеп шығаруда қолдана алуы керек.

Математикалық анализ бастамаларынан графикалық интерпретацияда кейбір деректерді қарастырайық.

1. *Функцияның өсуінің жеткілікті белгісі.* Егер ашық X аралығының барлық нүктелерінде $f'(x) > 0$ теңсіздігі орындалса, онда $y = f(x)$ функциясы X аралығында өседі.

Берілген жағдай үшін өспелі функция тұрғызамыз және олар арқылы жанама өтетін бірнеше нүкте таңдап аламыз (Сурет 2.1).




Сурет 2.1

Ең алдымен туындының геометриялық мағынасы бойынша білімді жаңарту қажет, содан соң осы теореманың геометриялық интерпретациясына көшу керек. Бұл оқушылардың жанаманың бұрыштық коэффициентінің таңбасын байқауы үшін қажетті. Оларға өз бетімен тағы да бірнеше нүктені алып, жанама жүргізуге тапсырма беруге болады, бұл өспелі функцияда жанаманың бұрыштық коэффициентінің оң болатынына көзін жеткізуге мүмкіндік береді.

2. *Функцияның кемуінің жеткілікті белгісі.* Егер ашық X аралығының барлық нүктелерінде $f'(x) < 0$ теңсіздігі орындалса, онда $y = f(x)$ функциясы X аралығында кемиді.


Мұнда да ең алдымен туындының геометриялық мағынасы бойынша білімді жаңарту қажет, содан соң осы теореманың геометриялық интерпретациясына көшу керек. Бұл оқушылардың жанаманың бұрыштық коэффициентінің таңбасын байқауы үшін қажетті (Сурет 2.2). Оның алдыңғыдан айырмашылығы, таңбасы теріс болып табылады. Тағыда оларға өз бетімен бірнеше нүктені алып, жанама жүргізуге тапсырма беруге болады, бұл кемімелі функцияда жанаманың бұрыштық коэффициентінің теріс болатынына көзін жеткізуге мүмкіндік береді.



Сурет 2.2

3. *Экстремумның қажетті шарты (Фалес теоремасы).* Егер $y = f(x)$ функциясының $x = x_0$ нүктесінде экстремумы бар болса, онда осы нүктеде функцияның туындысы нөлге тең болады немесе туындысы болмайды.

Бұл теорема үшін де туындының геометриялық мағынасы бойынша білімді жаңарту қажет. Бірнеше экстремумдары бар болатын және ең болмағанда бір нүктеде функция туындысы жоқ, бірақ экстремумы бар болатын функция бейнеленген сызбаны қарастыру керек (Сурет 2.3).



Сурет 2.3


Оқушыларға барлық экстремум нүктелерінде графикке жанама жүргізуді және оның бұрыштық коэффициенттерінің мәнін атауды ұсынуға болады. Графиктен көрініп тұрғандай, функция өсуден кемуге ауысқанда немесе кему өсумен ауысқанда, жанама абсцисса осіне параллель болады, ал бұл берілген нүктедегі жанамалардың бұрыштық коэффициенттерінің нөлге тең екенін көрсетеді.

Функцияның «кенеттен» өсуді кемуге ауыстыратын нүктесіне (немесе керісінше) ерекше көңіл аудару қажет, ол графикте найза сияқты болып көрінеді. Берілген нүктеде жанаманың теңдеуі $x = a$ болады, ол анықтама бойынша функция болып табылмайды, яғни функцияның туындысы жоқ. Бұл мысал оқушыларға үзіліссіз функцияның нүктеде туындысының болмауы да мүмкін екенін көрнекі түрде көрсетеді, жоғарғы сыныптар үшін оқулықтарда негізінен көрсетілген қасиеттерге ие $y = |x|$ функциясы беріледі.

4. *Вейерштрасс теоремасы.* Егер функция кесіндіде үзіліссіз болса, онда ол сол кесіндіде өзінің ең үлкен және ең кіші мәніне жетеді.


Берілген теорема үшін төрт жағдайды қарастыру қажет, егер функция:

- 1) $y = a$ теңдеуімен берілсе (Сурет 2.4);
- 2) қарастырылып отырған кесіндіде кемімелі болып табылатын (Сурет 2.5);
- 3) қарастырылып отырған кесіндіде өспелі болып табылатын (Сурет 2.6);
- 4) берілген кесіндіде өсу және кему аралықтары бар болатын (Сурет 2.7). Барлық функцияларды $[a, b]$ кесіндісінде қарастырамыз.




Сурет 2.4

Оқушылар 2.4 - суретте бейнеленген сызбамен жұмыс жасап, берілген кесіндінің кез-келген нүктесінде функцияның мәні бірдей болатынын, демек, берілген кесіндіде функцияның ең үлкен және ең кіші мәнінің бар болатынын және олардың тең екенін байқауы мүмкін, мысалға $f(a)$.



Сурет 2.5

2.5 - суретте бейнеленген сызбамен жұмыс жасап, берілген кесіндіде нүкте оңға қарай орналасқан сайын, берілген нүктедегі функцияның мәні соншалықты кіші болады, соныменен үлкен мән $f(a)$ –ға, ал ең кіші мән $f(b)$ тең болады.



Сурет 2.6

Енді 2.6 - суретпен жұмысқа көшеміз. Алдыңғы пікірлерге ұқсас: берілген кесіндіде нүкте оңға қарай орналасса, берілген нүктедегі функцияның мәні соншалықты үлкен болады, соныменен үлкен мән $f(b)$ –ға, ал ең кіші мән $f(a)$ тең болады.

Алдыңғы мысалдарда кесіндінің ұштары қарастырылды, және бірден ең үлкен және ең кіші мәндер туралы қорытынды жасалды. Бұл жағдайда да функцияның ең үлкен мәні бар болады, бірақ ол функцияның максимум нүктесімен дәл келеді, ал функцияның ең кіші мәні – берілген кесіндідегі функцияның минимумымен дәл келеді. Басқаша айтқанда, бұл жағдай тағы да Вейерштрасс теоремасының орындалуын және берілген кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табу алгоритмінің көрнектілігін көрнекі түрде көрсетеді. Бұл мысалда ең кіші және ең үлкен мәндер функцияның экстремумдарымен дәл келетіндігі, тағы да функцияның кейбір қасиеттерін сипаттауда туындының қолданылатындығын көрсетеді.

Егер математикалық анализ курсының мектепте болсын, жоғарғы оқу орнында болсын әрбір енгізілген жаңа ұғымы, сол ұғымның немесе деректің геометриялық интерпретациясымен басталса, онда бұл туралы оқушылардың түсінігі болады және қойылған есепті шешуде бірден білімін қолдана алады. Осылайша, негізгі математикалық деректердің графикалық интерпретациясын пайдалану математикалық анализді оқытудың мектеп пен жоғарғы оқу орны арасындағы сабақтастығын қамтамасыз етудің шарттарының бірі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Алгебра мен анализ бастамалары курсының есептерін шешудегі сабақтастық // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы, №5-6 (59), 2012.-100-103б. (Б.Е. Тұрбаевпен авторлық бірлестікте).
2. Қ. Қанибайқызы, Б.Е. Тұрбаев Алгебра мен анализ бастамалары курсының есептерін шешудегі сабақтастық // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы, №5-6 (59), 2012.-100-103б. (Б.Е. Тұрбаевпен авторлық бірлестікте).
3. Цукерман В.В. Математический анализ и общее среднее образование /
4. Ованесов Н.Г. Основные понятия математического анализа и методика их изучения в средней школе и педагогическом институте / Н.Г. Ованесов. – Астрахань, 1969. – 157 с.

Summary

This article discusses the graphical interpretation of mathematical data as a condition for continuity in the teaching of mathematical analysis in schools and in universities. The theoretical part is considered, an example is given and analyzed.

Key words: mathematical analysis, geometric illustration, limit of a function, derivative, intuitive level, graphical interpretation, continuity in learning.

АЛГЕБРАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДЕ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ АЛМАСТЫРУДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Т.Н.Ахмурзина

жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,

М.А.Айғабыл

жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Атырау қ.*

Резюме

В данной статье рассматривается *геометрические подстановки* при решении алгебраических задач. Рассмотрена теоретическая часть, приведен и разобран пример.

Ключевые слова: геометрическая подстановка, интерпретация, геометрический смысл, геометрическое изображение.

Кейбір алгебралық теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері ықшамдалады, егер оған енген өрнектердегі ұғымды геометриялық мағынасымен алмастырса.

Мұны әр түрлі тәсілмен жасауға болады, мысалы:

- теңдеуге немесе белгісізге сәйкесті қисықты немесе облысты декарттық координаталар жүйесінде бейнелеп және олардың өзара орналасуын қарастыру керек;

- геометриялық теоремаларды пайдаланып (синустар теоремасы, косинустар теоремасы және т.б.), теңдеулер мен теңсіздіктерді қандайда бір геометриялық фигуралардың (үшбұрыш, параллелограмм және т.б.) қабырғаларының ұзындықтары мен бұрыштары арасындағы қатыс ретінде түсіндіру;


- координаталық формада векторларға қолданылатын амалдардың (векторларды қосу, азайту, скалярлық көбейтінді және т.б.) жазылуын пайдаланып, теңдеуді немесе теңсіздікті векторлар арасындағы қатыс түрінде интерпретациялау.

Енді алгебралық өрнектерді дәлелдеуде берілген өрнектегі ұғымды геометриялық мағынасымен алмастыруды пайдаланып, шығарылатын есептерді қарастыралық.

1-есеп. Кез келген a, b, c нақты сандары үшін теңсіздікті дәлелде:

$$\sqrt{(a+c)^2 + b^2} + \sqrt{(a-c)^2 + b^2} \geq 2\sqrt{a^2 + b^2}.$$

Шешуі. xOy тікбұрышты координаталар жүйесінде $O(0;0), A(a+c; b), B(2a; 2b)$ нүктелерін қарастыралық (1.1 – Сурет).



1.1– Сурет

Сонда

$$OB = \sqrt{4a^2 + 4b^2} = 2\sqrt{a^2 + b^2};$$

$$OA = \sqrt{(a+c)^2 + b^2}, AB = \sqrt{(a-c)^2 + b^2}.$$


Енді $OB \leq OA + AB$ үшбұрыш теңсіздігінен мынаны аламыз:

$$2\sqrt{a^2 + b^2} \leq \sqrt{(a + c)^2 + b^2} + \sqrt{(a - c)^2 + b^2}.$$

2-есеп. Теңдікті дәлелде. $\cos \frac{\pi}{5} - \cos \frac{2\pi}{5} = \frac{1}{2}$

Шешуі. Бұрыштары $\frac{\pi}{5}, \frac{2\pi}{5}, \frac{2\pi}{5}$ болатын тең бүйірлі ABC үшбұрышын қарастыралық (1.2–Сурет). BD биссектрисасын жүргізелік. Сонда $BC = BD = AD$. Ыңғайлы болуы үшін $BC = 1$ деп алалық. ABD және BCD үшбұрыштарынан мыналарды аламыз: $AB = 2 \cos \frac{\pi}{5}$, $CD = 2 \cos \frac{2\pi}{5}$ және $AD = AC - CD = AB - CD$. Соңғы теңдіктен дәлелдеуге қажетті теңдікті аламыз, яғни

$$2 \cos \frac{\pi}{5} - 2 \cos \frac{2\pi}{5} = 1 \Leftrightarrow \cos \frac{\pi}{5} - \cos \frac{2\pi}{5} = \frac{1}{2}.$$



1.2–Сурет

3-есеп. Кез-келген үшбұрыш үшін мына теңдіктің орындалатындығын дәлелдендер:


$$\operatorname{tg} \frac{A}{2} \cdot \operatorname{tg} \frac{B}{2} + \operatorname{tg} \frac{B}{2} \cdot \operatorname{tg} \frac{C}{2} + \operatorname{tg} \frac{C}{2} \cdot \operatorname{tg} \frac{A}{2} = 1.$$

Шешуі. Бұл есепті геометриялық алмастыруды пайдаланып шығаралық. a, b, c - қабырғалары, r - іштей сызылған шеңбердің радиусы, ал p - жарты периметр болатын ABC үшбұрышын қарастыралық. Сонда $r = (p - a) \operatorname{tg} \frac{A}{2}$ теңдігін пайдаланып, өрнекті түрлендірелік:

$$\begin{aligned} & \operatorname{tg} \frac{A}{2} \cdot \operatorname{tg} \frac{B}{2} + \operatorname{tg} \frac{B}{2} \cdot \operatorname{tg} \frac{C}{2} + \operatorname{tg} \frac{C}{2} \cdot \operatorname{tg} \frac{A}{2} = \\ & = r^2 \left(\frac{1}{p - a} \cdot \frac{1}{p - b} + \frac{1}{p - b} \cdot \frac{1}{p - c} + \frac{1}{p - c} \cdot \frac{1}{p - a} \right) = \\ & = \frac{r^2 p}{(p - a)(p - b)(p - c)} = \frac{(rp)^2}{p(p - a)(p - b)(p - c)} = \frac{S^2}{S^2} = 1. \end{aligned}$$

4-есеп. $\operatorname{ctg} 30^\circ + \operatorname{ctg} 75^\circ = 2$ теңдігін дәлелде.

Шешуі. $\angle A = 30^\circ$ және $AB = AC$ болатын тең бүйірлі ABC үшбұрышын қарастыралық (1.3–Сурет).



1.3– Сурет


BD биіктігін жүргізіп, $BD = 1$ деп алсақ, онда $AB = AC = 2$, $AD = \text{ctg } 30^\circ$, $CD = \text{ctg } 75^\circ$. $AD + DC = AC$ теңдігінен дәлелдеу керектігі шығады.

5-есеп. $(0; 1)$ аралығына тиісті x, y, z, t сандары үшін

$$\sqrt{x^2 + (1 - t)^2} + \sqrt{y^2 + (1 - x)^2} + \sqrt{z^2 + (1 - y)^2} + \sqrt{t^2 + (1 - z)^2} < 4$$

теңсіздігінің орындалатындығын дәлелде.

Шешуі. Бірлік $ABCD$ квадратының қабырғаларына $AK = x$, $BN = y$, $CM = z$, $DL = t$ болатындай K, N, M, L нүктелерін салалық (1.4 - Сурет).



1.4 – Сурет

Сонда

$$KL = \sqrt{x^2 + (1 - t)^2} < 1,$$

$$KN = \sqrt{y^2 + (1 - x)^2} < 1,$$

$$MN = \sqrt{z^2 + (1 - y)^2} < 1,$$

$$ML = \sqrt{t^2 + (1 - z)^2} < 1.$$


Бұдан,

$$\begin{aligned} \sqrt{x^2 + (1 - t)^2} + \sqrt{y^2 + (1 - x)^2} + \sqrt{z^2 + (1 - y)^2} + \sqrt{t^2 + (1 - z)^2} < \\ < 1 + 1 + 1 + 1 = 4 \end{aligned}$$

болатындығы шығады.

6-есеп. Каттері a, b және гипотенузасы c болатын тікбұрышты үшбұрыш үшін $ab + ac + bc < 2c^2$ теңсіздігінің орындалатындығын дәлелдендер.

Шешуі. Тікбұрышты ABC үшбұрышын қарастыралық (1.5 – Сурет). Енді $\angle A = \varphi$ алмастыруын енгіzelік. Сонда $a = c \sin \varphi$, $b = c \cos \varphi$. Демек,



1.5 – Сурет

$$\begin{aligned}
 ab + ac + bc &= c \sin \varphi \cdot c \cos \varphi + c \sin \varphi \cdot c + c \cos \varphi \cdot c = \\
 &= c^2(\sin \varphi \cdot \cos \varphi + \sin \varphi + \cos \varphi) = c^2 \left(\frac{1}{2} \sin 2\varphi + \sqrt{2} \sin \left(\varphi + \frac{\pi}{4} \right) \right) \leq \\
 &\leq c^2 \left(\frac{1}{2} + \sqrt{2} \right) < 2c^2.
 \end{aligned}$$

7-есеп. Кез келген x, y, z үшін теңсіздікті дәлелде:

$$|\sin x \cdot \sin y \cdot \sin z + \cos x \cdot \cos y \cdot \cos z| \leq 1.$$

Дәлелдеуі. $\vec{a} = (\sin x \cdot \sin y; \cos x \cdot \cos y)$ және $\vec{b} = (\sin z; \cos z)$ векторларын қарастыралық. Сонда

$$\begin{aligned}
 |\sin x \cdot \sin y \cdot \sin z + \cos x \cdot \cos y \cdot \cos z| &= |\vec{a} \cdot \vec{b}| = \\
 &= |\vec{a}| \cdot |\vec{b}| \cos \varphi \leq |\vec{a}| \cdot |\vec{b}| \leq 1.
 \end{aligned}$$

Бұл есеп облыстық математикалық олимпиадада берілген есеп.

Сонымен, қорытындылап айтсақ, геометриялық алмастыру әдісін қолдануға тиімді болатын жағдайлар:

- теңдік (теңсіздік) есеп шартында қарапайым геометриялық бейнені берсе, яғни координаталық жазықтықтағы түзуді (жартыжазықтықтарды), шеңберлерді (дөңгелек немесе олардың сыртқы түрін), параболаларды, гиперболаларды және т.б. берсе;

- есеп шартын өрнектейтін қатыс құрылымы жағынан геометриялық теоремалардың алгебралық жазылуын еске түсірсе (косинустар теоремасы, синустар теоремасы, кесіндінің ұзындығының формуласы және т.б.);

- алгебралық өрнектер қандай да бір шамалардың көбейтінділерінің қосындысын берсе, онда оларды векторлардың скаляр көбейтіндісі ретінде қарастыруға болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Абиров А.Қ., Абирова К.Қ., Жұмағалиева М.Н. Теңсіздіктерді алмастыру әдісімен шешу/ «Жаратылыстану, физика-математикалық ғылымдар, экология мен ақпараттық технологиялардың өзекті проблемалары» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. Атырау. 2010.101-103 беттер.

2. Абиров А.Қ., Абирова К.Қ., Жұмағалиева М.Н. Олимпиадалық есептердегі алмастыру әдісінің орны / «Жаратылыстану, физика-математикалық ғылымдар, экология мен ақпараттық технологиялардың өзекті проблемалары» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. Атырау. 2010.103-105 беттер.

3. Олехник С. Н. Нестандартные методы решения уравнений и неравенств: Справочник / С. Н. Олехник, М. К. Потапов, П. И. Пасиченко. – М.: Изд-во МГУ, 1991. – С. 143.

Summary

This article discusses geometric substitutions when solving algebraic problems. The theoretical part is considered, an example is given and analyzed.

Key words: geometric substitution, interpretation, geometric meaning, geometric image.

БІР ӨЛШЕМДІ ЖЫЛУ АЛМАСУДЫ ЕСЕПТЕУ ҮШІН АЛГОРИТМ ҚҰРУ

Г.М. Джанканова., Г.Г. Галиева

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
математика және математиканы оқытудың әдістемесі
кафедрасының аға оқытушысы
Қазақстан, Атырау қ.*

E-mail:d.guldana85@mail.ru

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
ІУ курс студенті*

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail:gulmaral.galieva@mail.ru

Түйіндеме

Жұмыста жылу тасымалдау үрдістерінің теориялық негіздері, бір өлшемді дифференциалдық теңдеудің көмегімен жылу тасымалдау үрдістерін модельдеу әдістері, модельдеудің сандық әдістерін – Томас (қуалау) әдісі, алгоритмді құру және жасау және осы алгоритмнің негізінде C++ бағдарламалау тілінде бағдарламалық коды қарастырылды.

Кілттік сөздер. Жылу алмасу, жылу тасымалдау процесі, дифференциалдық теңдеу, айырымдық сұлбалар.

Геофизиканың маңызды бағыты геотермия болып табылады. Сондай – ақ, температуралық өрістің шығу тегі мен параметрлері, жыныстардың термиялық қасиеттері мен жердің жылу ағыны туралы ғылым. Тау массивінің температурасын анықтау геотермияның негізгі міндеттері болып табылады. Массив температураларының өрісі жылу ағынының тығыздығының профилін құру, тереңдік бойынша оның вариациялық талдау, тереңдік жылу ағынын анықтау және кенжар тереңдігіндегі тау массивінің температурасын болжау үшін пайдаланылады. Сондай – ақ, ұңғымадағы және ұңғыма маңындағы кеңістіктегі температуралық өріс туралы ақпарат ұңғымалардың техникалық жай – күйін бағалаумен байланысты қолданбалы геофизика міндеттерін шешу үшін қажет: 1) ұңғыма маңындағы кеңістіктегі термо серпімді кернеулерді есептеу және ұңғыма оқпанының тұрақтылығын бағалау; 2) бұрғылау ерітіндісін сіңіру аймақтарын бөлу; 3) қатып қалған жыныстарды бұрғылау кезінде тереңдігін анықтау; 4) цемент ерітіндісін және шегендеу бағанасын цементтеу режимін таңдау.

Бұрғылау кезінде ұңғыманың айналасындағы температуралық өріс айтарлықтай бұрмаланады, ал оны қалпына келтіру процесі бастапқы жағдайда бірнеше апта, ал терең ұңғымалар үшін тіпті бірнеше ай бойы жалғасуы мүмкін. Әдетте, ұңғымаларда геофизикалық зерттеу термо бұрғылау аяқталғаннан кейін бірден жүргізіледі, сондықтан қалып қойылмаған ұңғымада өлшенген температура тау массивінің температурасынан айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Әртүрлі шөгінділер кезінде температураны өлшеу

нәтижелерін және тау массивінің қойылмаған температурасын болжаудың есептік әдістерінде Хорнер әдісін қолданады. Болжаудың барлық белгілі әдістері бұрғылау кезінде тау массивінің жылу қозуының қарапайым үлгілеріне негізделген және бұрғылау аяқталғаннан кейін бірнеше күн ішінде термокаротаждың бірқатар циклдарын жүргізуді талап етеді. Қалып қойылмаған ұңғымалардағы термокаротаждың нәтижелері бойынша массивтің температурасын болжау сапасын жақсарту және ұңғыманы жүргізу алдында шөгудің қажетті уақытын азайту, ұңғыманы бұрғылаумен және шөгуден байланысты жылу процестерінің егжей – тегжейлі математикалық моделін жасау жолымен қамтамасыз етілуі мүмкін. Қазіргі уақытта бұрғылау ерітіндісінің айналымы кезінде ұңғымадағы температураны есептеу үшін көптеген аналитикалық және сандық модельдер бар. Бірқатар жұмыстар ұңғымаларды (кұрлықтық және теңіздік) бұрғылаумен, қатып қалған жыныстарды бұрғылаумен, бұрғылау кезінде бұрғылау ерітіндісін жоғалту мен оқпаның тұрақтылығына термо кернеулердің әсерімен байланысты жылу процестерін математикалық тұрғыда сипаттауға арналған. Осыған байланысты ұңғымадағы және тау алқабы массивіндегі температураға әсер ететін аса маңызды факторларды ескеретін және тау алқабы массивіндегі температураны өлшеу нәтижелері бойынша тау алқабы массивінің қойылмаған температурасын анықтауға, ұңғыманы бұрғылаумен және цементтеумен байланысты жұмыстарды оңтайландыруға мүмкіндік беретін математикалық модельді әзірлеу қажет болды.

Жұмыстың мақсаты жылу тасымалдау процесін сипаттайтын дифференциалдық теңдеуді шешу үшін алгоритм жасау болып табылады. Осы мақсатқа сәйкес жұмыста келесі міндеттер шешіледі:

1. Бір өлшемді дифференциалдық теңдеудің көмегімен жылуды тасымалдау процесін сипаттау;
2. Теңдеуді шешу үшін сандық шешім әдістерін сипаттау;
3. Теңдеуді қуалау әдісімен шешу. Айқын және айқын емес схемалардың нәтижелерін салыстыру;
4. Алынған нәтижелерге визуализация жүргізу.

Есептің қойылымы


Бірінші ретті қарапайым дифференциалдық теңдеуді келесі жалпы түрде қарастырайық:

$$\frac{du}{dt} = (u, t) \quad (1)$$

Теңдеуді (1) бастапқы шартпен толықтыру қажет:

$$u(t = 0) = u^0$$

Мысалы ретінде жылу өткізгіштіктің бір өлшемді теңдеуі негізінде жиектік есепті қарастырайық. Жылу беру жалпақ шексіз пластина немесе оқшауланған өзек арқылы талданады (суретте көрсетілгендей). Пластинаның бір шекарасында тұрақты T_1 температурасы, басқа шекарада T_n температурасы сақталады. Бастапқы температура T_0 тең болса, пластина ішінде жылу бөлу болмайды.




Берілген жағдайда температура тек пластина шекарасына перпендикуляр бағытта ғана өзгереді. Егер Ох осі суреттегідей бағытталса, онда Оу және Оz бағытындағы температура тұрақты болып саналады. Сонымен қатар, жылу физикалық сипаттамалар температураға тәуелді болмайды. Осыған байланысты дифференциалдық теңдеулер (2) түрге айналады:

$$\rho c \frac{\partial T}{\partial t} = \lambda \frac{\partial^2 T}{\partial x^2}, 0 < x < L \quad (2)$$

Бастапқы және шекаралық шарттар келесі түрде жазылады:

$$\begin{aligned} t = 0; T = T_0, 0 \leq x \leq L; \\ x = 0; T = T_1, t = 0; \\ x = L; T = T_n, t > 0. \end{aligned} \quad (3)$$

Қарастырылып отырған есептің толық математикалық сипаттамасын беру үшін, тағы бір мәнді физикалық шарттарды қою қажет. Егер пластина болаттан жасалған болса, онда $\lambda = 46 \text{ Вт/м}^\circ\text{С}$, $\rho = 7800 \text{ кг/м}^3$, $c = 460 \text{ Дж/кг} \cdot ^\circ\text{С}$. Бұл тапсырманы толық математикалық қойылымды біркелкі әдісімен шешеміз. Бұл үшін N-1 тең аралықтағы қалыңдығы бойынша пластинаны бөлеміз, яғни, айырымдық торын құрамыз.



Айырымдық торы

x_2, x_3, \dots, x_{N-1} – ішкі түйіндердің координаттары,

x_1, x_N – шекаралық түйіндердің координаттары.


$t = t_n = n \cdot \tau$ ретінде $T(x_i, t_n) = T_i^n$ кездейсоқ уақытта i -ші температура мәнін анықтаймыз. Мұнда t – уақыт координаттарындағы интегралдық қадам, n – уақыт кезеңінің саны. Одан кейін (4) дифференциалдық операторларды олардық соңғы айырымдық аналогтарымен ауыстырамыз. Біз айқын емес схеманы қолданамыз.

$$\begin{aligned} \frac{\partial T}{\partial t} &= \frac{T_i^{n+1} - T_i^n}{\tau} \\ \frac{\partial^2 T}{\partial x^2} &= \frac{T_{i+1}^{n+1} - 2T_i^{n+1} + T_{i-1}^{n+1}}{h^2} \end{aligned} \quad (4)$$

Нәтижесінде сәйкесінше туындылардан кейін соңғы айырмашылықтар арқылы сызықтық алгебралық теңдеулердің келесі жүйені аламыз.

$$\rho c \frac{T_i^{n+1} - T_i^n}{\tau} = \lambda \left(\frac{T_{i+1}^{n+1} - 2T_i^{n+1} + T_{i-1}^{n+1}}{h^2} \right), i=2, \dots, N-1, n \geq 0 \quad (5)$$

Таңдап алынған жуықтау схеманы графикалық түрде келесідегідей көрсетеміз:



Айқын емес төрт нүктелі айырымдық сұлбаның үлгісі
Алынған жүйені ең кең таралған формаға дейін қысқартуға болады:

$$\begin{aligned} A_i \cdot T_{i+1}^{n+1} - B_i \cdot T_i^{n+1} + C_i \cdot T_{i-1}^{n+1} &= F_i \\ A_i = C_i = \frac{\lambda}{h^2}, B_i = \frac{2\lambda}{h^2} + \frac{\rho c}{F_i} &= -\frac{\rho c}{\tau} T_i^n \end{aligned} \quad (6)$$

Мысалы, α_i және β_i ($i=1, N-1$) сандарының жиынтығы бар болса, онда:

$$T_i^{n+1} = \alpha_i T_{i+1}^{n+1} + \beta_i \quad (7)$$

Үшінші ретті, екінші реттік теңдеу екі нүктелі бірінші реттік теңдеуге айналады. Индекстерінің азаюына байланысты алған теңдеуімізді $T_{i-1}^{n+1} = \alpha_{i-1} T_i^{n+1} + \beta_{i-1}$ бастапқы теңдеуімізге қоямыз.

$$A_i \cdot T_{i+1}^{n+1} - B_i \cdot T_i^{n+1} + C_i \cdot \alpha_{i-1} T_i^{n+1} + C_i \beta_{i-1} = F_i$$

бұдан

$$T_i^{n+1} = \frac{A_i}{B_i - C_i \cdot \alpha_{i-1}} T_{i+1}^{n+1} + \frac{C_i \cdot \beta_{i-1} - F_i}{B_i - C_i \cdot \alpha_{i-1}}$$

мынадай теңдікті аламыз.

$$\alpha_i = \frac{A_i}{B_i - C_i \cdot \alpha_{i-1}}, \beta_i = \frac{C_i \cdot \beta_{i-1} - F_i}{B_i - C_i \cdot \alpha_{i-1}} \quad (8)$$

теңдеулерінің дұрыс тұрақтылығы үшін жеткілікті шарттар ұсынылған теорема дәлелденді:

$$|B_i| > |A_i| + |C_i| \quad \forall i = 2, \dots, N-1 \quad \text{және} \quad |\alpha_1| < 1 \rightarrow |\alpha_i| < 1$$

Сондай-ақ, көптеген әдістерде автоматты түрде орындалады. Алынған жүйеге оралсақ, қуалау коэффициенттерін анықтаймыз және алынған жүйені шешудің толық алгоритмін келтіреміз.

$$T_1^{n+1} = \alpha_1 T_2^{n+1} + \beta_1 = T_l$$

$$\alpha_1 = 0, \quad \beta_1 = T_l$$

және

$$\begin{aligned} x = L \quad T = T_n \\ T_N^{n+1} = T_n \end{aligned} \quad (9)$$

Қуалау коэффициенттері формуласы бойынша есептеледі. Осылайша дифференциалдық есепті жуықтайтын айырымдық қатынастар келесі түрге ие:


$$\rho c \frac{T_i^{n+1} - T_i^n}{\tau} = \lambda \left(\frac{T_{i+1}^{n+1} - 2T_i^{n+1} + T_{i-1}^{n+1}}{h^2} \right), \quad i = 2, \dots, N-1, n \geq 0. \quad (10)$$

$$T_i^0 = T_0; \quad T = T_0, \quad i = 2, \dots, N-1;$$


$$T_1^n = T_l, \quad n > 0; \quad (11)$$

$$T_N^n = T_n, \quad n > 0.$$

Нәтижесі суретте көрсетілген:



Көрсетілген бағдарламаға сәйкес: $L = 0,1\text{м}$, $\lambda = 46\text{Вт/м}\cdot\text{°C}$, $\rho = 7800\text{кг/м}^3$, $c = 460\text{ Дж/(кг}\cdot\text{°C)}$, $T_0 = 20\text{°C}$, $T_{\text{л}} = 300\text{°C}$, $T_{\text{п}} = 100\text{°C}$. 60 секундтан кейінгі қызуы суретте көрсетілген.



Қорытынды

Жұмыста қойылған мақсаттарымызға қол жеткіздік. Сонымен қатар, қарапайым бірінші ретті дифференциалдық теңдеуді шешу алгоритмі қарастырылды. Барлық модульдер жөнделген, құрастырылған және бірыңғай ортаға енгізілген. Құрылған бағдарламалық өнім ғылыми болып табылады және одан әрі дамыту және жақсарту жоспарлануда.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Самарский А.А. Введение в теорию разностных схем.
2. Ортега Дж., Пул У. Введение в численные методы решения дифференциальных уравнений.
3. Годунов С.К., Рябенкий В.С. Разностные схемы.
4. Дьяченко В.Ф. Основные понятия вычислительной математики. – М.: Наука, 1977. – 126 с.
5. Самарский А.А., Гулин А.В. Численные методы.

Summary

The paper deals with the theoretical foundations of heat transfer processes, methods of modeling heat transfer processes using a one-dimensional differential equation, numerical simulation methods-Thomas method (catch up), construction and development of the algorithm and code in the C++ programming language based on this algorithm.

Key words: Heat transfer, coolant process, differential equation, difference schemes.

ӘОЖ 512.643.8

БИКОМПЛЕКСТІ МАТРИЦАЛАР ҚҰРЫЛЫМЫ

А.Бағытов

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан, Атырау қ*

Резюме

В работе рассмотрены бикомплексные аналоги некоторых известных свойств матрицы

Ключевые слова: бикомплексные числа, бикомплексные матрицы

Бикомплексті сан ұғымы және оның алгебралы құрылымы [1] мақала қарастырылды. Бикомплексті сандар жиынын \mathbb{BC} арқылы, ал қалыптасқан дәстүр бойынша [2], элементтері бикомплекс сан болатын $m \times n$ өлшемді матрицалардың жиынын $\mathbb{BC}^{m \times n}$ арқылы белгілілелік.

Сонда, A матрицасының декарттық, әрі идемпотентті жіктелуі келесі түрде жабылады: $A = A_{1,i}e + A_{2,i}e^\dagger = A_{1,j}e + A_{2,j}e^\dagger$, мұнда $A_{1,i}, A_{2,i} \in \mathbb{C}^{m \times n}(i)$; $A_{1,j}, A_{2,j} \in \mathbb{C}^{m \times n}(j)$ және $i^2 = -1; j^2 = -1$.

Әрине, $\mathbb{BC}^{m \times n}$ жиыны көптеген \mathbb{BC} құрылымдарымен сипатталады. Сондықтан

$$\mathbb{BC}^{m \times n} = \mathbb{C}^{m \times n}(i) \cdot e + \mathbb{C}^{m \times n}(i) \cdot e^\dagger = \mathbb{C}^{m \times n}(j) \cdot e + \mathbb{C}^{m \times n}(j) \cdot e^\dagger,$$

мұнда $\mathbb{BC} - \mathbb{BC}^{m \times n}$ -ның ішкі модулдері. Атап айтқанда, $B \in \mathbb{C}^{m \times n}(i)$ болса, онда $B \cdot e \in \mathbb{C}^{m \times n}(i) \cdot e$ және $e^\dagger \cdot (B \cdot e) = 0_{m \times n}$.

Скалярлық жағдай сияқты, идемпотентті ыдыраудағы матрицаларға қолданылатын операциялар (бұнда матрицалық көбейтудің коммутативтілігін ескере отырып) компонентті түрде іске асырылуы мүмкін.

1 ұйғарым. A өлшемі $n \times n$ бикомплексті матрица болсын:

$$A = A_{1,i}e + A_{2,i}e^\dagger = A_{1,j}e + A_{2,j}e^\dagger.$$

Сонда оның анықтаушы мынадай болады

$$\det A = \det A_{1,i}e + \det A_{2,i}e^\dagger = \det A_{1,j}e + \det A_{2,j}e^\dagger.$$

Дәлелдеуі. Дәлелдеу индукция арқылы жүргізіледі. $N = 2$ жағдайында бұл оңай есептеу арқылы дереу көрсетіледі:

$$\begin{aligned} \det A &= \det \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} \\ a_{21} & a_{22} \end{pmatrix} = a_{11}a_{22} - a_{12}a_{21} = \\ &= (a'_{11}e + a''_{11}e^\dagger)(a'_{22}e + a''_{22}e^\dagger) - (a'_{12}e + a''_{12}e^\dagger)(a'_{21}e + a''_{21}e^\dagger) = \\ &= (a'_{11}a'_{22} - a'_{12}a'_{21})e + (a''_{11}a''_{22} - a''_{12}a''_{21})e^\dagger = \det A_1e + \det A_2e^\dagger. \end{aligned}$$

Бұнда идемпотентті ыдырау $\mathbb{C}(i)$ немесе $\mathbb{C}(j)$ коэффициенттерінен алыналы.

Жалпы жағдайда дәлелдеу Лаплас теоремасын қолдану арқылы жүргізіледі. Лаплас теоремасы $n \times n$ өлшемді матрицаның анықтаушысын есептеуді $(n - 1) \times (n - 1)$ өлшемді матрицаның анықтаушытары арқылы есептеуге әкеледі.

Бұл ұйғарымның екі өлшемді жағдайдағы салдары Бине теоремасы.

2 ұйғарым. A және B екі квадраттық бикомплекстік матрица болса, онда $\det(AB) = \det A \cdot \det B$.

Дәлелдеуі. 1 ұйғарымды пайдаланып аламыз:

$$\begin{aligned} \det(AB) &= \det\left((A_{1,i}e + A_{2,i}e^\dagger)(B_{1,i}e + B_{2,i}e^\dagger)\right) = \\ &= \det(A_{1,i}B_{1,i}e + A_{2,i}B_{2,i}e^\dagger) = \\ &= \det(A_{1,i}B_{1,i})e + \det(A_{2,i}B_{2,i})e^\dagger = \\ &= \det A_{1,i} \cdot \det B_{1,i}e + \det A_{2,i} \cdot \det B_{2,i}e^\dagger = \\ &= (\det A_{1,i}e + \det A_{2,i}e^\dagger)(\det B_{1,i}e + \det B_{2,i}e^\dagger) = \det A \cdot \det B \end{aligned}$$

мұнда $\mathbb{C}(i)$ -дің орнына $\mathcal{A}_{1,j}, \mathcal{A}_{2,j}, \mathcal{B}_{1,j}, \mathcal{B}_{2,j}$ алынды.

Осы жолмен, оның қайталануын анықтау үшін бикомплекс матрицасының идемпотенталық көрінісін пайдалануға болады.

3 ұйғарым. $A = A_{1,i}e + A_{2,i}e^\dagger = A_{1,j}e + A_{2,j}e^\dagger \in \mathbb{W}\mathbb{C}^{n \times n}$ матрицасы берілсін, мұнда $A_{1,i}; A_{2,i} \in \mathbb{C}^{m \times n}(i)$, $A_{1,j}; A_{2,j} \in \mathbb{C}^{m \times n}(j)$ комплекс матрица. Сонда A матрицасына кері матрица бар болады, егер $A_{1,i}, A_{2,i}$ матрицалары $\mathbb{C}^{m \times n}(i)$ -де, ал $A_{1,j}, A_{2,j}$ матрицалары $\mathbb{C}^{m \times n}(j)$ -де қайтымды болса.

Дәлелдеуі. A матрицасына кері матрица тбылады, егер $AB = BA = I$ болатындай $B = B_{1,i}e + B_{2,i}e^\dagger \in \mathbb{W}\mathbb{C}^{n \times n}$ табылса. Бұл мынаған мәнделес болады

$$I_{\mathbb{C}^{n \times n}(i)}e + I_{\mathbb{C}^{n \times n}(i)}e^\dagger = I_{\mathbb{W}\mathbb{C}^{n \times n}} = A_{1,i}B_{1,i}e + A_{2,i}B_{2,i}e^\dagger = B_{1,i}A_{1,i}e + B_{2,i}A_{2,i}B_{2,i}e^\dagger,$$

мұнда $A_{1,i}B_{1,i} = I_{\mathbb{C}^{n \times n}(i)}$ және $A_{2,i}B_{2,i}e^\dagger = I_{\mathbb{C}^{n \times n}(i)}$.

Сонымен қатар бұл шарттар, $A_{1,j}$ және $A_{2,j}$ үшін орындалады.

Осы нәтижелерден дереу келесіні аламыз.

4 ұйғарым. $\det A \neq 0$ болғанда ғана $A \in \mathbb{W}\mathbb{C}^{n \times n}$ матрицасына кері матрица бар болады.

Әбір $A = (a_{\ell j}) \in \mathbb{W}\mathbb{C}^{n \times n}$ бикомплекстік матрицасына келесі үш матрицаны сәйкес қойаламыз: $A^\dagger := (a_{\ell j}^\dagger)$, $\bar{A} := (\bar{a}_{\ell j})$, $A^* := (a_{\ell j}^*)$.

Бұл келісімдердің барлығы мультипликативті түйіндестік операциялары, яғни олардың әрқайсысы екі матрицаның көбейтіндісінің түйіндесін, олардың түйіндестерінің көбейтіндісі болатынын көрсетелік.

Әдеттегідей, A^t транспонерленген матрицаны білдіреді:

$$A^t = (a_{\ell j}), \quad a_{\ell j} = a_{j\ell} \quad 1 \leq j \leq n, \quad 1 \leq \ell \leq m,$$

Сонда келісімдегі үш матрицалар жұбы үшін тиісінше келесіні аламыз:

$$A^{t\dagger} := (A^t)^\dagger = (A^\dagger)^t = (a_{j\ell}^\dagger);$$

$$A^{t \text{ bar}} := \overline{(A^t)} = (\bar{A})^t = (\bar{a}_{\ell j});$$

$$A^{t*} := (A^t)^* = (A^*)^t = (a_{j\ell}^*).$$

Кез келген екі үйлесімді матрица үшін $(AB)^t = B^t A^t$, онда $(AB)^{t\dagger} = B^{t\dagger} A^{t\dagger}$, $(AB)^{t \text{ bar}} = B^{t \text{ bar}} A^{t \text{ bar}}$, $(AB)^{t*} = B^{t*} A^{t*}$.

Идемпотенттік көріністер $A = \mathcal{A}_{1,i}e + \mathcal{A}_{2,i}e^\dagger = \mathcal{A}_{1,j}e + \mathcal{A}_{2,j}e^\dagger$ осыны береді:

$$A^\dagger = \mathcal{A}_{2,i}e + \mathcal{A}_{1,i}e^\dagger = \mathcal{A}_{2,j}e + \mathcal{A}_{1,j}e^\dagger,$$

$$\bar{A} = \overline{\mathcal{A}_{2,i}e + \mathcal{A}_{1,i}e^\dagger} = \overline{\mathcal{A}_{2,j}e + \mathcal{A}_{1,j}e^\dagger},$$

$$A^* = \overline{\mathcal{A}_{1,i}e + \mathcal{A}_{2,i}e^\dagger} = \overline{\mathcal{A}_{1,j}e + \mathcal{A}_{2,j}e^\dagger},$$

$$A^t = \mathcal{A}_{1,i}^t e + \mathcal{A}_{2,i}^t e^\dagger = \mathcal{A}_{1,j}^t e + \mathcal{A}_{2,j}^t e^\dagger,$$

және, демек,

$$A^{t\dagger} = \mathcal{A}_{2,i}^t e + \mathcal{A}_{1,i}^t e^\dagger = \mathcal{A}_{2,j}^t e + \mathcal{A}_{1,j}^t e^\dagger,$$

$$A^{t \text{ bar}} = \overline{\mathcal{A}_{2,i}^t e + \mathcal{A}_{1,i}^t e^\dagger} = \overline{\mathcal{A}_{2,j}^t e + \mathcal{A}_{1,j}^t e^\dagger},$$

$$A^{t*} = \overline{\mathcal{A}_{1,i}^t e + \mathcal{A}_{2,i}^t e^\dagger} = \overline{\mathcal{A}_{1,j}^t e + \mathcal{A}_{2,j}^t e^\dagger}.$$

Сол сияқты, жоғарыда келтірілген ұғымдардың әрқайсысына қатысты өзіндік матрицаның ұғымын анықтай аламыз; атап айтқанда, A матрицасы өзіндік болып табылады, егер, тиісінше, ол келесі теңдіктің бірін қанағаттандырады:

$$A = A^{t\dagger}, \quad A = A^{t \text{ bar}}, \quad A = A^{t*}.$$

Біз бұл анықтамаларды идепотентті компоненттердің терминдерінде көрсете аламыз:

(a) A матрицасы - өздігінен қосылатын немесе \square - Эрмит, егер болса ғана $\mathcal{A}_{1,i} = \mathcal{A}_{2,i}^t$, егер болса және тек $\mathcal{A}_{1,j} = \mathcal{A}_{2,j}^{t*}$, егер бұл дұрыс болса ғана $A = A^\dagger$;

Осылайша, барлық \square -дербес-қосынды матрицалар формаға жатады

$$A = \mathcal{A}_{1,i}e + \mathcal{A}_{1,i}^t e^\dagger = \mathcal{A}_{1,j}e + \mathcal{A}_{1,j}^{t*} e^\dagger,$$

$\mathcal{A}_{1,i} \in C^{n \times n}(i)$ және $\mathcal{A}_{1,j}$ кез келген матрица $C^{n \times n}(j)$ кез келген матрицасы бар. Айта кетейік, $\mathcal{A}_{1,j}^{t*}$ әдеттегі $C(j)$ қосылыстары $\mathcal{A}_{1,i}$.

(b) A матрицасы bar -өздігінен араласқан немесе b -Эрмит болса $\mathcal{A}_{1,i} = \overline{\mathcal{A}_{2,i}}^t$, егер болса және тек $\mathcal{A}_{1,j} = \mathcal{A}_{2,j}^t$, егер бұл дұрыс болса ғана $A^t = \overline{A}$;

Осылайша, барлық b -дербес-қосынды матрицалар формаға жатады

$$A = \mathcal{A}_{1,i}e + \overline{\mathcal{A}_{1,i}}^t e^\dagger = \mathcal{A}_{1,j}e + \mathcal{A}_{1,j}^t e^\dagger,$$

$\mathcal{A}_{1,i} \in C^{n \times n}(i)$ және $\mathcal{A}_{1,j}$ кез келген матрица $C^{n \times n}(j)$ кез келген матрицасы бар. Айта кетейік, $\overline{\mathcal{A}_{1,j}}^t$ әдеттегі $C(i)$ қосылыстары $\mathcal{A}_{1,i}$.

(c) A матрицасы $*$ -өздігінен араласқан немесе $*$ - Эрмит, егер болса ғана $\mathcal{A}_{1,i} = \overline{\mathcal{A}_{1,i}}^t$, $\mathcal{A}_{2,i} = \overline{\mathcal{A}_{2,i}}^t$, егер болса және тек $\mathcal{A}_{1,j} = \mathcal{A}_{1,j}^{t*}$, $\mathcal{A}_{2,j} = \mathcal{A}_{2,j}^{t*}$; яғни $\mathcal{A}_{1,i}$ және $\mathcal{A}_{2,i}$ әдеттегі $C(i)$ өзін-өзі қосатын матрицалар болып табылады, және $\mathcal{A}_{1,j}$, $\mathcal{A}_{2,j}$ сияқты әдеттегі $C(j)$ матрицалары болып табылады.

Осыдан кейін біз өзімізді біріктіруге мүдделіміз, өйткені бұл қасиет екі жақты матрицаның гиперболалық «оңдығының» формасын білдіретіндіктен, біз өте пайдалы боламыз.

Анықтама. A^* - өздігінен араласқан матрицасы $A \in BC^{n \times n}$ әр бағанға $c \in BC^n$ болса, гиперболалық оң деп аталады, $c^{*t} \cdot A \in D^+$.

Бұл жағдайда $A \succ 0$ жазамыз. A, B екі бикомплекстік матрицаны қарастырсақ, $A \succ B$ және егер тек $A - B \succ 0$ болса.

5 ұйғарым. $A = A_1 + jA_2 = \mathcal{A}_1 e + \mathcal{A}_2 e^\dagger$ матрицасы $\mathbb{W}C^n$ элементі болсын, A_1, A_2, \mathcal{A}_1 және $\mathcal{A}_2 \in C^{n \times n}(i)$. Сода, бұл мынаған баламалы:

(a) $A \succ 0$

(b) \mathcal{A}_1 және \mathcal{A}_2 сияқты күрделі оң матрицалар.

(c) $A_1 \geq 0$, A_2 матрицасы өзін-өзі біріктіреді, яғни $A_2 + \overline{A_2}^t = 0$, $-A_1 \leq iA_2 \leq A_1$.

Дәлелдеуі.

(a). Ұсыныстарымен баған $c \in BC^n$ алыңыз $c = c_1 + jc_2 = \xi_1 e + \xi_2 e^\dagger$, онда түрлі бағандар $C^n(i)$. Содан кейін, $c^{*t} A c = \overline{\xi_1}^t \mathcal{A}_1 \xi_1 e + \overline{\xi_2}^t \mathcal{A}_2 \xi_2 e^\dagger$,

Осылайша, $A \succ 0$ анықтамасы бойынша \mathcal{A}_1 және \mathcal{A}_2 екеуі де $C(i)$ оң және (b) ұстайды.

(b). Өйткені $\mathcal{A}_1 = A_1 - iA_2$ және $\mathcal{A}_2 = A_1 + iA_2$, содан кейін $A_1 = \frac{1}{2}(\mathcal{A}_1 + \mathcal{A}_2) \geq 0$;

Сонымен қатар, $iA_2 = A_1 - \mathcal{A}_1$ өзіндік болып табылады, сондықтан A_2 өзін-өзі біріктіреді. Сонымен қатар, (b), $A_1 - iA_2 \geq 0$ және $A_1 + iA_2 \geq 0$, сондықтан біз (c) аламыз. Ақыр соңында, (c) кезде, \mathcal{A}_1 және \mathcal{A}_2 матрицалары да оң болып табылады, және соңғыны аламыз.

Осылайша келесі ұйғарымдарды аламыз.

б ұйғарым. $A \in BC^{n \times n}$ болсын. Келесі баламалы:

(1) A - гиперболалық позитив.

(2) $A = B^{*t} \cdot B$, кейбір $B \in BC^{m \times n}$ үшін кейбір $m \in N$.

(3) $A = C^2$, онда C матрицасы гиперболалық оң болады.

7 ұйғарым. $A \in BC^{n \times n}$ матрицасы гиперболалық позитив болып табылады және тек егер

1. A бұл * – Эрмитан;

2. егер $\lambda = \lambda_1 + j\lambda_2$ A үшін өз маңызы болса, онда $\lambda_1 > 0$, $i\lambda_2 \in R$ және $-\lambda_1 < i\lambda_2 < \lambda_1$;

Себебі $\lambda = \lambda_1 + j\lambda_2 = \gamma_1 e + \gamma_2 e^\dagger$ бар $\gamma_1 = \lambda_1 - i\lambda_2$ және $\gamma_2 = \lambda_1 + i\lambda_2$.

$U = U_1 + jU_2 = U_1 e + U_2 e^\dagger \dagger \in BC^{n \times n}$ болсын. Сонда U унитарлық болып табылады, егер оның идемпотентные компоненттері күрделі унитарлық матрица болып табылады, немесе оның баламасы,

$$U_1 \bar{U}_1^t + U_2 \bar{U}_2^t = \bar{U}_1^t U_1 + \bar{U}_2^t U_2 = I_n \quad \text{және} \quad U_2 \bar{U}_1^t = U_1 \bar{U}_2^t, \quad \bar{U}_1^t U_2 = \bar{U}_2^t U_1.$$

Пайдалауған әдебиеттер:

1. Абиров А., Бағытов А. Бикомплекс сандар алгебрасының құрылымы. // Актуальные научные исследования в современном мире. Вып. 11(43) Ч2. Переяслав-Хмельницкий. 2018. 75 – 80 бет.

2. Гантмахер Ф. Р. Теория матриц. – [М.](#): Физматлит. 2010. 558 с.

Summary

In the paper bicomplex analogs of some well-known properties of the matrix are considered.

Key words: bicomplex numbers, bicomplex matrices

ЧТЕНИЕ АНАЛОГОВЫХ ДАННЫХ С ПОМОЩЬЮ АРДУИНО

Н.Б. Байтемирова., К.К. Ашигалиев

*Старший преподаватель кафедры «Программная инженерия»,
Студент II курса специальности «Вычислительная техника и
программное обеспечение»*

*Атырауский государственный университет им.Х.Досмухамедова
Казахстан, г.Атырау*

E-mail: bnb-84@mail.ru, kairali.vhs@gmail.com


Резюме

В данной статье написано об использовании аналоговых выводов на Ардуино с помощью простого потенциометра и на ArduinoUNO аналоговые выводы могут быть использованы для аналоговых измерений напряжения.

Ключевые слова: светодиод, резистор, потенциометр, цепь, напряжения, аналоговый вывод.

На этом статье будем не просто «говорить» в цепь. Научимся использованию аналоговых выводов на Ардуино с помощью простого потенциометра. На ArduinoUNO аналоговые выводы пронумерованы с А0 до А5. Эти выводы могут быть использованы для аналоговых измерений напряжения.

Цепь, которую будем использовать – это простой делитель напряжения с помощью потенциометра. Соберем схему, представленную ниже.



Красным проводом соединяем 5В вывод на Ардуино с макетной платой, создаем 5В линию на макетной плате. Один из выводов на этой линии соединяем с левой ножкой потенциометра. Собираемся считывать напряжение на центральной ножке потенциометра. Её соединяем с аналоговым выводом А0. Правую ножку потенциометра соединяем с линией «земля» на макетной плате.

Вращая ручку потенциометра, можем получать разные значения напряжения. Поворачивая до конца налево, получаем 0 вольт. Поворачивая направо, постепенно увеличиваем напряжение и доходим до 5 вольт.

Аналогично тому, как цифровые выводы имели шкалу от 0 до 255 при аналоговом выводе, аналоговые выводы также имеют шкалу. Только шкала имеет границы от 0 до 1023. И при работе с аналоговыми выводами также нужно будет выполнять расчеты. Если напряжение будет равно 5 вольт, то значение на аналоговом выводе будет 1023. Если напряжение будет 0 вольт, то аналоговый вывод будет показывать соответственно значение 0.

В самом начале объявляем переменную potPen и назначаем ей номер вывода А0. Также объявляем переменную readValue. В первый раз используем режим ввода для вывода командой pinMode(potPen, INPUT). Следующую команду readValue = analogRead(potPen) мы можем представить таким образом: с помощью analogRead извлекаем данные из potPen и кладем их в readValue. Это команда присваивания. Также выводим данные и ставим обязательно задержку, т.к. иначе данные будут выходить слишком быстро.


```
int potPen=A0; //Assigning potPen to A0
int readValue; //Declaring our readValue Variable

void setup() {
  pinMode(potPen,INPUT); // Declare potPen an input
  Serial.begin(9600); // Start your Serial Port
}

void loop() {

  readValue = analogRead(potPen); //Read 'potPen' and put value in readValue
  Serial.println(readValue); //Print results to serial monitor
  delay(250); //delay 250 milliseconds
}
```

Когда включаем видим, что выходят значения 0, при повороте ручки направо значения постепенно увеличиваются. На что это похоже? Больше на контроль громкости.



Точка 0В соответствует значению 0, точка 5В соответствует значению 1023. Так как известны две точки на графике линейного уравнения, мы можем вычислить коэффициент $K = (5-0)/(1023 - 0) = 5/1023$

Зная коэффициент, мы можем всегда найти значение напряжения, реального напряжения.

(Напряжение) = $5/1023 \times$ (Значение на выводе)

Изменим программу следующим образом:

```
int potPen=A0; //Assigning potPen to A0
int readValue; //Declaring our readValue Variable
float Voltage; //Declare our Voltage Variable.

void setup() {
  pinMode(potPen,INPUT); // Declare potPen an input
  Serial.begin(9600); // Start your Serial Port
}


void loop() {

  readValue = analogRead(potPen); //Read 'potPen' and put value in readValue
  Voltage = (5./1023.)*readValue; //calculating the real world voltage
  Serial.println(Voltage); //Print out the real world voltage
  delay(250); //delay 250 milliseconds
```

Так как значение напряжения будет изменяться маленькими порциями, которые намного меньше единицы, тип переменной Voltage будет float, вещественное число. При вычислении значения $5/1023$ программа будет думать, что это целые числа поэтому результат этого выражения вычислит как 0. Чтобы этого не происходило, мы пишем $5./1023.$, что будет сигнализировать программе о вещественном результате выражения[1].

Запускаем программу и постепенно пробуем, увеличиваем значение от 0В до 5В.


Яркость светодиода будет настраиваться в зависимости от положения ручки потенциометра. Потенциометр будет использоваться как разделитель напряжения. Светодиод будет подключен к одному из выводов с аналоговым выводом. Будет использоваться приведенная ниже схема:



Каждый раз, когда располагаем светодиод в цепь, нужно помнить, что длинная ножка должна находиться на положительном напряжении. В данном случае длинная ножка подключена к резистору, а короткая – к земле. Используется резистор 330 Ом для ограничения тока через светодиода.

Будем практиковать то, что считывать значение с потенциометра, затем отправлять соответствующее напряжение на светодиод.

Кез келген кезде »helpwin немесе »helpdesk командаларын беріп MATLAB бойынша көмек алуға, ал »demo командасын беріп MATLAB бойынша демонстрацияны көруге болады. Ал MATLAB-тан шығу үшін »quit немесе »exit командалары беріледі.[2]

Көп жағдайда есептеу нәтижелерін сарапаттама жасау үшін оның графигін сызу қажет болады. Бұл үшін MATLAB-та үлкен мүмкіндіктер бар және график сызу үшін бір функцияны қолдану жеткілікті [2-5]. MATLAB графикалық терезе ашып, онда абцисса және ордината осьтерін сызады. Сонымен бірге ол аргумент пен функция мәндерін қойып, суреттің салады және график сызады. Әрине бір терезеге бірнеше графикті әртүрлі түсте, түрлі сызықтармен сызуға, ол суретті өзгертуге, рәсімдеуге және сақтап қоюға болады. Мысалы: y=sin(x) функциясының графигін сызу керек болсын. Оны төмендегіше орындауға болады:

```
» x = 0 : 0.01 : 2;
» y = sin (x);
» plot (x,y)
```

Мұндағы plot(x,y) – x-тің мәндеріне сәйкес y-тің графигін сызу функциясы.



Бұл мысалда 1-суретте көрсетілгендей график алынады.

Сурет 1. $y = \sin(x)$ функциясының графигі.

Ал егер бір терезеде екі немесе бірнеше график сызу керек болса, екінші графикті сызудан алдын

» hold on командасы беріледі. Мысалы, жоғарыдағы графикке $y = \cos(x)$ графигін қосу үшін енді төмендегі командаларды беруге болады:

» $x = 0 : 0.01 : 2;$

» $z = \cos(x);$

» `plot(x, z)`

Бірақ бұл екі графикті былайшада оңайырақ сызуға болады:


» $x = 0 : 0.1 : 2;$

» $y = \sin(x);$

» $z = \cos(x);$

» `plot(x, y, x, z)`

Мұнда екі график автоматы түрде екі түсте сызылады:



Сурет 2. subplot функциясын пайдалану.

Қорыта келе, физика есептерін компьютердің көмегімен шығару әдістері – мектеп пәндерін оқыту әдістемесіндегі жаңа, болашағы үлкен бағыт екендігін атап өткен дұрыс. Қазіргі кезеңде осы саладағы практикалық іс-әрекет тиісті теориялық ережелерге негізделіп, жүйелі арнаға түсуі қажет.[2]

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Инновациялар мен оқу – білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына», 27 мамыр 2006ж.

2. Матюшкин И.В. Моделирование и визуализация средствами MATLAB физики наноструктур, 2017

3. «Физика» Республикалық ғылыми – әдістемелік журнал №4 2011ж

4. Буров В.А. и др. Фронтальные лабораторные занятия по физике в средней школе. М., «Просвещение», 1971.

Резюме

Были сделаны отчеты о фрактальных структурах и вычислениях, связанных с отдельными производными от наиболее важных и популярных форм моделирования: семинар рассчитан на ограниченное время. Удобно основываться на простейших программах, включенных в MPP (Моделирование физических явлений), специально разработанных для этой детали во время каждого задания, и вам не нужно объединять программы, выполняющие различные задачи, в одну большую программу.

Ключевые слова: Пакет программ, физический процесс, компьютерное моделирование, физическое моделирование, физические пакеты, программный процесс.

Summary

There are reports on fractal structures and calculations, related to the production of major and most popular models of modeling: the seminar is limited to a limited time. It's a great way to get started with the most common programs included in the MPP (Modeling Physics Approaches), specifically designed for every detail of the software, and the need to apply the software, the most distinctive tasks, and the larger program.

Key words: Package software, physical process, computer modeling, physical modeling, physical packages, software.

МӘЛІМЕТТЕР ҚОРЫН ЖОБАЛАУДАҒЫ МОДЕЛЬДЕР

Р.Н.Молдашева

Бағдарламалық инженерия кафедрасының аға оқытушысы

А.И.Отарбаева., Т.Р.Хамбарова

5B070300 – Ақпараттық жүйелер мамандығы студенттері

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,

Қазақстан, Атырау қ.


E-mail: raushan85_07@mail.ru;

aruzhan_ay@mail.ru; khambarova@inbox.ru


Кілттік сөздер: ақпараттық жүйе, мәліметтер қоры, мәліметтер модельдері

Бұрында ақпарат шешім қабылдауда шектеулі құрал ретінде саналды. Бүгінде ақпаратты қоғам дамуының негізгі ресурсы түрінде қарастырады, ал ақпараттық жүйелер және технологиялар – адамдар қызметінің тиімді қызметі мен жұмыс өнімділігін арттыру құралына айналды. Ақпараттық жүйелер мен технологиялар банк қызметі, желілік байланыс, теміржол қатынасы тағы да басқа үлкенді – кішілі салалардың өндірістік, басқарушылық және қаржылық қызметтері үшін кеңінен қолданылуда.

ANSI/SPARC моделі. 1975 жылы АҚШ-тың Ұлттық стандарттау институтының (American National Standard Institute) SPARC (Standards Planning and Requirements Committee) стандарттар және нормаларды жобалау комитеті мәліметтер қорының терминологиясы мен сәулетін ұсынған болатын. Ол ANSI/SPARC үш деңгейлі сәулеті деп аталады (сұлбасы 1-суретте бейнеленген).



Мәліметтер моделінің деңгейлері. Мәліметтерді физикалық деңгейде сақтау қарастырылғаннан кейін, олармен логикалық деңгейде жұмыс істеу қағидаларын үйрену керек. Логикалық деңгей мәліметтер моделі арқылы құрылады. Мәліметтер моделі мәліметтер қорын құру концепциясындағы негізгі түсініктердің бірі.




2 – Мәліметтер модельдерінің топтастырылуы

Мәліметтер модельдері жаңадан жасақталған технологияларға байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған. Дескрипторлық модельдердің орнына, иерархиялық, желілік модельдер келсе, бұдан кейін олардың орнын реляциялық модель басты. Бүгінде бұл модельде жетілдіріліп нысанға-бағытталған, нысанды-реляциялық, көп өлшемді модельдер қолданылуда.

Инфологикалық модель. Инфологикалық модель пәндік аумақ концепциясын сақтау ортасының параметрлеріне тәуелсіз, адамдарға түсінікті тілде бейнелейді. Инфологикалық модель ақпараттық нысандар мен олардың құрылымдық байланысын сақтауға арналған. Мұндай модель құрудың көптеген бағыттары бар. Солардың ішіндегі танымалы «мән-байланыс» (ER – сущность-связь) моделі.

«Мән-байланыс» моделінің негізін 1976 ж. Питер Чен енгізген. Ол пәндік аумақты әртүрлі компоненттерді қамтитын графикалық диаграмма түрінде құруды ұсынды. «Мән-байланыс» моделіндегі негізгі түсініктерге «мән», «байланыс» және «атрибут» ұғымдары кіреді. «Мән-байланыс» моделі көптеген

CASE-инструменттер құрамына кіріп, оның дамуына ықпал етті. Бүгінде «мән-байланыс» моделі үшін ортақ стандарт жоқ, алайда оның көптеген нұсқаларына негіз болатын жалпы құрылымдар жиынтығы бар. «Мән-байланыс» моделін көрсетуге қолданылатын символдар әртүрлі болып келеді. «Мән-байланыс» моделінің терминдері. Мән (entity-сущность)-ақпарат сақталатын және қолжетімді болатын нақты нысан. ER модель диаграммаларында мән-мән атауларынан тұратын тіктөртбұрыш түрінде бейнеленеді. Ол өрістер (атрибулттар) атауы мен олардың қарапайым типтерінен құралған күрделі құрылымды мәліметтер түрінде болады. Байланыс (relationships-связи) – мәндердің өзара қатынасы. Байланысқа бірнеше пәндік қатысуы мүмкін. Ол байланыс дәрежесі (relationship degree) деп аталады. Келесі 3-суретте әртүрлі байланыс дәрежелері көрсетілген.



Сурет 3 – Байланыстар типі


Даталогикалық модельдер. Даталогикалық модельдер бүгінде кеңінен қолданылуда. Оның құжаттық және фактографикалық түрлеріне тоқталайық.

Құжаттық модельдер. Құжаттық модельдер - ақпараттың құрылымы төмен қарапайым тілде жазылған еркін форматтағы мәтіндерге бағытталады. Бұл құжат форматына бағытталған модель стандартты XML тілімен байланысты.

Фактографикалық модельдер. Фактографикалық модельдер құжаттық модельдермен салыстырғанда ақпараттың құрылымдануымен ерекшеленеді. Оларға теориялы-графты, териялы – жиынды, нысанға-бағытталған модельдер кіреді.

Теориялы – графтық модельдер. Теориялы – графтық модельдер мәліметтер модельдерінің алғашқылары болып табылады. Олар XX ғ.70-жылдары қолданылған.

Иерархиялық модель. Иерархиялық модель қамтитын логикалық құрылымның негізгі типі – иерархия (деңгей) не болмаса бұтақ түріндегі құрылым.



Сурет 4 – Иерархиялық модельдегі байланыс

Иерархиялық модель құрылымын бағдарламалау тілінде жазу үшін «бұтақ» мәліметтер типі қолданылады. Бұл «бұтақ» типі Си тіліндегі «құрылым» Паскаль тіліндегі «жазба» типіне ұқсас. Мұнда белгілі-бір деңгейде құрамдастырылған типтер қолданылады.

Иерархиялық құрылым әрқашанда келесі талаптарға жауап беру керек:


- иерархия әр кезде тамырлық түйіннен басталу керек;
- әр түйін бірнеше осы түйіндегі нысанды сипаттайтын атрибуттарды қамту керек;
- тәуелді түйіндер бұтаққа қай жерінен болсын қосыла береді;
- әр екінші деңгейдегі түйін бірінші деңгейдегі тек бір ғана түйінмен жалғануы керек;
- бастапқы түйін өзіне тәуелді бірнеше туындалған түйіндерді қамти алады;
- егер түйін бірде-бір тәуелді түйінді қамтымаса ол бастапқы болып саналмайды;
- әр түйінге ену тек бастапқы түйін арқылы жүргізіледі.

Желілік модель. Желілік модель стандартын ең алғаш 1975 жылы CODASYL (Conference of Data System Languages) ассоциациясы анықтады. Бұл ұйым осы модельдің базалық ұғымдарын және сипаттаудың формальды тілін анықтаған.

Модельдің базалық терминологиясына келесі ұғымдар жатады:

- мәліметтер элементі;
- жазба;
- мәліметтер жиынтығы.


Желілік модель мәліметтер элементтерінің әртүрлі өзара байланысынан ерікті түрде граф құрады. Бұл иерархиялық модельдің жиынтығы немесе жақсартылған түрі деуге де болады (сурет 2).



Сурет 5 – Желілік модельдегі байланыс

Желілік мәліметтер қорының сұлбасын сипаттау үшін екі типтер тобы: «жазба» және «байланыс» қолданылады. «Байланыс» типі «жазбаның» ата және ұрпақ типтері үшін қолданылады. Ал, «байланыс» типінің айнымалылары байланыс экземплярлары болып табылады.

Желілік модель жазбалар жиыны мен сәйкес байланыстар жиынтығынан тұрады. Байланыс құру кезінде айрықша шектеулер қойылмайды. Егер иерархиялық құрылымда ұрпақ – жазбасы тек бір ата – жазбаға ғана ие болатын болса, бұл модельде ұрпақ – жазбасы қалаған түрде ата – жазбаларға ие бола алады. Қарапайым желілік мәліметтер қоры байланысының мысалы 3-суретте бейнеленген.



Сурет 6 – Желілік мәліметтер қоры сұлбасының мысалы

Әртүрлі желілік типке негізделген МКБЖ-ларда бірдей ұғымдарға әртүрлі терминдер қолданылатын жерлер де кездеседі. Мысалы, элементтер және мәліметтер агрегаты, жазбалар, жиынтық, аумақ т.б.

Желілік модельде қолданылатын типтік операциялар: жазбаны табу, жазбаны ағымдағы етіп белгілеу, оны қолданбалы бағдарлама буферіне өңдеу мақсатымен енгізу, жазбадағы өңделген элементтер мәндерін бұрынғы элементтермен ауыстыру, өңделген жазбаны қайтадан мәліметтер базасының жадына сақтау т.б.

Жетістігі ретінде жадыны шығындау және жеделділік көрсеткіштерін нәтижелі жүзеге асыру. Иерархиялық модельге қарағанда бұл модель ерікті байланыс құру мүмкіндігі жағынан көптеген артықшылықтарға ие.

Желілік модельдің *кемшілігі* ретінде МҚ сұлбасының күрделілігі мен қатаңдығы, сонымен бірге қарапайым қолданушы үшін мәліметтерді өңдеу кезінде түсінуге қиын. Бұған қоса, құрылған байланыстар тұтастығын бақылау төмен. Желілік модельге негізделген жүйелер практикада кең қолданысқа ие болмаған.

Теориялы-жиындық модельдер. Теориялы-жиындық модельдердің шығуына 1970 ж.ИВМ фирмасының қызметкері Эдгар Кодтың жариялаған еңбегі негіз болды. Э.Кодтың еңбектері мәліметтер қорына математика мен логиканың көмегімен еруге жол ашып берді.

Бұл еңбегі үшін Э.Ф.Кодд Тьюринг сыйлығына ие болды. Реляциялық мәліметтер моделі тәжірибеде ең көп қолданылатын модельге айналды.

Реляциялық модель. Реляциялық модель қатынас (relation) ұғымына негізделеді. *Қатынас* кортеж деп аталатын элементтер жиынын білдіреді. Реляциялық мәліметтер моделінің теориялық негіздері туралы келесі бөлімде толығырақ тоқталатын боламыз. Қатынас - қарапайым түрде сипатталғанда екі өлшемді кесте. Кесте жолдар (жазбалар) мен бағандардан (өрістерден) тұрады.

Артықшылықтары ретінде ЭЕМ-де физикалық жүзеге асырудың қарапайым, түсінікті және ыңғайлылығын айтуға болады.

Негізгі *кемшілік* ретінде жеке жазбаларды идентификациялаудың стандартты құралдарының болмауы және иерархиялық, желілік байланыстарды сипаттаудың күрделілігі.

ЭЕМ-ге арналған МҚБЖ-ларға dBase IV (Ashton-Tate), DB2 (IBM), FoxPro және FoxBase (Fox Software), Paradox және dBase for Windows (Borland), Visual FoxPro және Access (Microsoft), Ingres (ASK Computer Systems), Oracle (Oracle) сияқты шетелдік бағдарламалар тобы жатады.

Айта кетсек, реляциялық МҚБЖ-лардың соңғы нұсқалары нысанға – бағытталған бағдарламалаудың кейбір қасиеттеріне ие. Мұндай МҚБЖ-ларды көбінесе нысанды-реляциялық деп атайды.

Постреляциялық модель. Классикалық реляциялық модель кесте өрістеріндегі жазбалардың, яғни мәліметтердің бөлінбеуін көздейді. Бұл кестедегі ақпарат бірінші қалыпты формада тұруы қажет деген ережеден шығады (қалыптандыру формасы тақырыбын қараңыз). Бұл шектеу қосымшаларды нәтижелі іске асыруға кедергі болатын жағдайлар да кездеседі.

Нысанға – бағытталған модель. Бұл модель мәліметтер қорының жаңа кезеңі ретінде айтылады. Ол үш қағида негізінде сипатталады: реляциялық модель, нысандарды сипаттауға арналған стандарттар және нысанға - бағытталған бағдарламалау қағидалары.

Стандартталған нысанға – бағытталған модель ODMG – 93 (Object Database Management Group нысанға – бағытталған мәліметтер қорын басқару тобы) стандартының мінездемесінде сипатталған.

Реляциялық және нысанға-бағытталған модельдердің нақты айырмашылықтары қандай деген сұраққа, Versant МҚБЖ-сының негізін салушы Мэри Лумис нақты анықтама берген болатын. М.Лумис: «Мәліметтер модельдері нақты өмір қызметіне өте ұқсас болып келеді. Нысандарды қолдану мен сақтау жұмысын кестелерге орналастырмай-ақ қолдана аласыз. Мәліметтер типін бағдарлама құрушы өзі анықтайды, яғни, алдын-ала анықталған типтерге бағынышты болмайды». Нысанды МҚБЖ-да нысан туралы мәліметтер мен оған қолданылатын әдістер мәліметтер сақтаушысына біртұтас нәрсе түрінде енгізіледі. Қарапайым тілмен айтқанда нысанды МҚБЖ-да нысандарды мәліметтер қорына «сол күйінде» енгізуге мүмкіндік береді деген тұжырым қабылданды.

Қорыта айтқанда, қазіргі заманғы ақпараттық жүйе - жеке компьютерді ақпаратты өңдеудің негізгі техникалық құралы ретінде пайдалануды білдіреді. Ірі ұйымдарда жеке компьютермен қатар ақпарат жүйенің техникалық базасына мэйнфрейм немесе супер ЭЕМ-дер кіруі мүмкін. Ақпараттық жүйе техникалық жетік болғанымен алынатын ақпарат адамдар үшін болғандықтан олардың адам рөлінсіз маңызы болмайды.

Ақпараттық жүйені құру немесе жіктеу кезінде шешілетін есепті формальды – математикалық және алгоритмдік сипаттауда қиындықтар кездеседі. Көбінесе жүйелердің тиімді қызмет етуі мен автоматтандырылу деңгейі, олардың дұрыс рәсімделуіне байланысты. Есептің математикалық сипаттамасы дәл болған сайын мәліметтерді компьютерлік өңдеу ауқымы кеңейіп, есепті шешу үрдісіне адамның қатысы аз болады. Бұның өзі, есептің автоматтандырылу деңгейін анықтайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Зрюмов Е.А, Зрюмова А.Г. Базы данных для инженеров. Барнаул:Изд.АлтГТУ, 2010.

2. Кузин А.В., Левонисова В.С. Базы данных. 5-издание исправленное. - М.: Академия, 2012.
3. Салтанова Г.А., Мухамбетова М.Ж. Мәліметтер қоры теориясы. - Атырау, Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ баспасы, 2008
4. Хомоненко А.Д., Цыганков В.М., Мальцев М.Г. Базы данных. Учебник для высших учебных заведений. Под редакцией проф. А.Д. Хомоненко. 6-изд. дополненное – СПб: КОРОНА век, 2009

Резюме

Проектирование базы данных (БД) представляет собой сложный трудоемкий процесс отображения предметной области во внутреннюю модель данных. В процессе проектирования разрабатывается модели разных уровней архитектуры БД, проверяется возможность отображения объектов одной модели объектами другой модели.

Ключевые слова: информационная система, база данных, модели данных.

Key words: Information system, database, data models

ВЬЕТНАМ ТІЛІНДЕГІ САЯСИ ЖУРНАЛИСТИКА

Н.Н.Нұрланова

*«Журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, магистр
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.*

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail:k.n.n.a.a@mail.ru

Ә.Маратова

*«Журналистика» мамандығының 4 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.*

Қазақстан, Атырау қ.

Ключевые слова: Политическая журналистика, журналистика Вьетнама, Нгуен Ким Дин, газета «Аннам», газета «Время Индокитай».

Keywords: Political journalism, Vietnamese journalism, Nguyen Kim Ding, Annam newspaper, Time Indochina newspaper.

Резюме

В этой статье говорится о политической журналистике Вьетнама. Об истории прессы и нынешнем положении дел страны. А также вклад французских граждан в публикацию изданий. И как газеты «Время индокитай», «Новый день», «Народный голос» вывели вьетнамский народ на первое место и способствовали развитию революционной прессы.

Жасампаз елдер қатарындағы Вьетнам саяси журналистикасы өткен ғасырдың 20-жылдарының қалыптасу кезеңіндегі отаршылдыққа қарсы күрес және феодализммен тікелей байланысты. Бір қызығы - Вьетнам үшін, бір-біріне бағытталған мерзімдік баспасөздер мен билікке қатысты басылымдар ел аумағында үкімет атқарған ұлттық ұмтылыстар мен оппозициялық мүдделерді бір мезгілде жүзеге асыруға тырысты. Вьетнамдағы аймақтық құқық орталықтары мен вьетнам тіліндегі саяси баспасөзінің даму процесі екі түрлі кезеңді айқындайды. Оңтүстік Вьетнамның аумағында отарлық әкімшіліктің тікелей бақылауымен 29 шілдеде 1881 жылы танымал баспалар мен сөз бостандығына кепіл етілген Тонкина және Аннама аймақтарында жұмыс істеді.

Осылайша, Кохингиналық журналистер Орталық және Солтүстік Вьетнамдықтарға карағанда әлдеқайда көп еркіндікке ие болып, жергілікті халықпен өте тез араласты. Сонымен қатар үкімет билігінде де саяси белсенділік таныта алды. Алайда, Оңтүстік Вьетнамның журналистерінің бостандығы әрдайым цензура заңдарымен шектеліп қалды.

Генерал-губернатор П.Думер қаулысымен 30 қараша 1898 жылы декрет қабылдады. Онда француз тілінде шыққан газеттер "шетелдік" басылымдар деп ұйғарылса, қытай және вьетнам тілдерінде шығарылған газеттер тіркелу үшін арнайы күрделі комиссиядан өтуге тура келген. Осылайша, газет санының кезекті нөмірлері шығар алдында бір күн бұрын бас редактор вьетнам немесе қытай тілдеріндегі мақалаларды арнайы тексерістен өткізіп «міндетті» немесе «керек» деген материалдарды қалдырып, түпкілікті шешім қабылдайды.

Газет тіркеу комиссиясынаан өте алмаған жағдайда шығарылымнан бас тартқан. Сонымен қатар заңға сәйкес француз азаматары ғана меншік иесі болуға құқылы болды [1]. Яғни, газет шығару орындары мен баспаханалар француздықтарға тиесілі. Осылайша, француз тілінің баспасөзі 1881 жылғы заңмен қорғалып, Кохинхина халқының әлдеқайда көп болуына барынша шектеу қойған. Дегенмен, 20-шы жылдары Сайгон вьетнам тілінің саяси баспасөзінің даму орталығына айналды. Онда елінің саяси мақсаттағы мүддесін жүзеге асыру үшін талантты журналистер мен жазушылар өз еркіндігі мен өмірін құрбан етті. Алғашқы саяси мерзімді басылымдардың бірі- «Время Индокитай» (Dong Phap Thoi Bao) газеті. Отарлық биліктің арнайы рұқсатымен 4 сәуірдің 1923 жылы құрылып, бас редакторы Нгуен Ким Дин болды. Нгуен Ким Дин болды француз азаматы. Сондай-ақ газет шығару үшін арнайы рұқсат қағаз алған тұңғыш француз болды. Нгуен Ким Дин оңтүстік Вьетнамның Зядинь провинциясында кедей отбасында дүниеге келген. Кейін Сайгонға келіп бірнеше жыл қатарынан ұсақ азаматтық қызметтер атқарған. 1913 жылы ол өзін журналистика саласында жұмыс атқарып көруге бел буып, көп ұзамай ол басты мақсатына айналады. Нгуен Ким Дин ұзақ уақыт бойы "Народная трибуна» және «Эхо Аннама» газеттерімен бірігіп жұмыс атқарады. Бұл тәжірибесі 1920 жылдардағы вьетнам журналистикасына өзіндік ықпалын тигізді. Оған қаржылық демеу көрсеткен кәсіпкер жұбайы Тхань Тхи мау болды. Тхань Тхи Мауға «Индокитай» газетін баспа мөрі тиесілі болатын.

Газеттің бірінші басылымында 3000 дана шығарылыммен: аптасына 3 рет үлкен форматтағы төрт беттен тұратын басылым беті жарыққа шықты. Газеттің әрбір санында үлкен редакциялық және журналистік ұжым барлық желі саласында, ақпаратты жинауда Кохинхинаның түкпір-түкпірінен «өңірлік корреспондент» жұмыс атқарды. Бір қызығы, журналистер арасындағы әйелдер қауымының көпшілігі өз мақалаларын лақап атпен жариялаған. Газет беттері негізгі бірнеше айдарлардан тұрды. Газеттің басты бетінде екі бас мақала жарияланды. Екінші және үшінші беттерінде көркем әдебиет шығармалары орналастырылды. Романдар мен өлеңдерге де орын берілді. Сонымен қатар тұрақты әйелдер айдары да болды. Алғашқы вьетнам тіліндегі саяси баспасөз басылымы болғанына қарамастан газет мазмұны саяси тұрғыдан өте қызықты әрі мәнді. Сондай-ақ кей басылымдарда үкімет тарапына наразылық білдірген мақалалар да жарияланды. Алайда Нгуен Ким Дин де өзінің қулығының арқасында екі бірдей айласын жүзеге асырған [2].

Бір жағынан, ол өзінің әріптестеріне таңдау құқығы мен сөз бостандығына мүмкіндік беріп, саяси мәселелерде ашық түрде қарсылық білдіруге немесе сынауға да рұқсат етті. Екінші жағынан, үкімет тарапындағы қажеттіліктерден қашу жолында саяси оппозициялық комиссия кезінде қылмыстарды жасырын түрде қалдырған.

"Время Индокитай" газеті оқырмандар арасында аса қызығушылық танытып оқи бастаған кезі қаңтарынан 1925 жылдың қаңтары мен 1926 жылдың шілде айлары болды. Ол кезде газет редакторы Тонкина Чан Хуи Лиеу. Соның нәтижесінде «Индокитай» газеті Вьетнам саяси журналистикасында бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейге жеткізді.

Чан Хуи Лиеу редакторлық тәжірибесі бойынша вьетнам тіліндегі газеттер де сапалы бола алатынын дәлелдеді. 1925 жылы мамырда социолог П. Адал генерал-губернатор болып қайта сайланған кезінде газет саяси жетістіктерге жетіп, П.Адалды құттықтау мәртебесіне ие болды [3].

Жас белсенділерді жинаған Чан Хуи Лиеудің редакторлық ұжымы өткізілген шаралар туралы «Время Индокитай» арқылы әр түрлі топтар мен халықтарға ақпарат беріп, халық назарын аудартуға тырысты. Чан Хуи Лиеу Намдинь провинциясында ғалым отбасында

дүниеге келген. Жасөспірім кезінен жазуға деген махаббатынан жазушылық қабілеті байқалды. 1924 жылы Сайгонға келіп журналистикамен айналып, жазушылыққа ден қойды. Осы кезде ақ армандарын жетелеген бозбаланы байқаған Нгуен Ким Дин оны бас редакторлық қызметке газетке шақырған болатын.

Чан Хуи Лиену бір уақытта әр түрлі тақырыпта табысты әрі өтімді мақалалар жаза алды. Ол ұлттық қытай әдебиетіне басты назар аударып, еуропаның терең біліміне бойлай отырып кең көлемде ойлай алды. Ол өзінің бір мақаласында Рено Геноның «Западный модернизм и бездуховность» деген мақаласын үлкен сынға алды. Чан Хуи Лиену және Нгуен Ан Нин журналистиканы дамытуда өз ерекшеліктерімен толықтырды. Олар вьетнам журналистерінің жаңа бейнесін сомдады. Әрбір оқырманға сенім ұялата алатын мықты публицист пен өз жеке қасиеттерін бағалай білетін халықпен тікелей байланысты тәжірибелі журналисті бейнеледі.

Саяси баспасөздің дамуына «Жаңа күн» (Tan the sky) газеті де өз үлесін қосты. Ол вьетнам тіліндегі алғашқы тәуелсіз басылымдардың бірі болды. Құны бірнеше мың пиастор болған бір ғана баспа станоктары болғанына қарамастан 6000 дана таралыммен шықты. Сонымен қатар осындай үлкен санмен шығып таңдайқақтырған газет дау тудырған қаржы мәселелерін де шешті [3].

"Жаңа күн" газетінің бас редакторы бірнеше танымал романдардың авторы, сайгон опера жанрын қалаушылардың бірі- Ле Чон Онда. Сонымен қатар, ол шынайы вьетнам дінін ХХ ғасырдың басында белең алған каодизмді жақтаушылардың қатарында болды. Каодаизм-вьетнам-қытай дәстүрлі наным-сенімдерін, сондай-ақ басқа да діндердің біріккен бірыңғай діни философиялық жиынтығы. Каодизмді қолдаушылар саяси діни нышанның әсерінен көптеген ізбасарларды өздеріне тарта бастады. Бұл Оңтүстік Вьетнамда көптеген діни секталар мен ұйымдардың пайда бола бастаған кезеңі еді [4]. 1926 жылы 7 қазанда 28 каодаист Кохинхинаның генерал-губернаторы Ле Фолюге ресми түрде каодизмді жеке дін ретінде заңдастыруға ұжымдық өтініш білдіріп, каодизм ресми түрде жеке дін ретінде расталды. 1927 жылы жаңа дінді ұстанушылар саны 100 мыңға жетті. Дінді ұстанушылар жазушылар мен журналистерге қаржылай демеушілік жасап отырды. Олардың ішінде Буй Куанг Тиеу, Нгуен Ан Нинь сондай-ақ «Жаңа күн» негізін қалаушы "газетінің Ле Чон Онда да болды. Бір қызығы "Жаңа күн" газеті каодисттердің ең алғашқы инвестициялық жобалары болды. Сонымен қатар газет мұқабасында рухтандыратын каодисттердің ұраны-"Әділдік және гуманизм" деп жазылды. Аймақтардағы саяси журналистиканың дамуына ерекше орын алған Аннам газеті- «Халық даусы». Шын мәнінде цензураның қатаң заңдарымен сақталған бірінші вьетнам тілді Аннам газеті болып табылады.

«Халық даусы» газеті аптасына екі реттен сәрсенбі және сенбіде шықты. Негізін қалаушы вьетнам жазушысы және саясаткер Хуинь Тхук Кханг 1936 жылдың 1 ақпанынан және 1939 жылдың 30 желтоқсанына дейін аптасына 3 саннан шығарып тұрды. Басқа да басылымдар сияқты газет төрт беттен тұрды. Газеттің басты бетінде елде болған ең өзекті оқиғалар мен саяси мәселелері де қозғалды. Ал екінші бетте- жарнама мен көркем әдебиеттен үзінділер берілді. Үшінші бетте- мәдениет жаңалықтары мен ғылыми мақалалар жарияланды. Соңғы бетте жаңалықтар мен ақпараттар орын алды. Ең қызығы, газетті жылына екі рет алты беттен шығарып тұрды [5]. Бұл Вьетнамның жаңа жылымен тікелей байланысты болды.

Қорыта келе қарасақ, жоғарыда аталған вьетнам тіліндегі саяси мерзімдік басылымдар Вьетнам журналистикасында және де Вьетнамда тек француздар ғана сапалы газеттер мен журналдар шығара алады деген стереотиптерді бұзып, вьетнамдықтардың да баспасөз бен журналистика саласында қабілетті екенін айқын дәлелдей алды. «Время Индокитай», «Жаңа күн», «Халық даусы» газеттері Вьетнам халқын жаңашылдыққа әкеліп, революциялық баспасөздің де дамуына өзіндік үлесін қосты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Беспалова А.Г., Корнилов Е.А. История мировой журналистики. - М.; Ростов-на Дону: Издательский центр «МарТ», 2004. - 331 с.
2. Мхитарян С.А. Новая история Вьетнама - М.: Наука, 1980. - 522 с.
3. Семанов В.И. Вьетнамский писатель-революционер Фан Бой Тяу и его дальневосточные современники//Традиционное и новое в литературах Юго-Восточной Азии. - М.: Наука, 1982. - С.154-174
4. Прутцков Г.В. Введение в мировую журналистику. - М.: Омега-Л.,2003. - 432 с.
5. Чьонг Тхи Ньы Куинь. Формирование системы средств массовой информации Социалистической Республики Вьетнам: опыт периодизации. - М., 2005. - 145 с.

ГИПЕРБОЛАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ БІР ҚОЛДАНЫЛУЫ

Әлдігүл А.Ж.

5B060100-Математика, 4 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазақстан, Атырау қ.

E-mail: aaldigulova@mail.ru

Аннотация: В статье рассматривается использование гиперболических функций при решении некоторых дифференциальных уравнений.

Ключевые слова: гиперболическое число, гиперболическая функция, дифференциальное уравнение

Abstract: The article discusses the use of hyperbolic functions when solving some differential equations.

Keywords: hyperbolic number, hyperbolic function, differential equation

Гиперболаалық сан ұғымы мен оның алгебрасының құрылымы [1] мақалада қарастырылды. Мақалада гиперболаалық функцияларды кейбір дифференциалдық теңдеулерді шешуде қолдану мәселесі қарастырылады [2]. Кейбір дифференциалдық теңдеулерді интегралдау кезінде гиперболаалық функциялармен алмастыру оңай есептеуге әкелетіні байқалды, сондықтан осындай жағдайлардың кейбір түрлерін қарастырамыз.

Көптеген дифференциалдық теңдеулердің, соның ішінде сызықтық теңдеулердің шешімдерін гиперболаалық функциялар арқылы өрнектеген ыңғайлы. Бұл ретте есептеулер едәуір қысқарып, шешімдердің өзі барынша ықшам болып шығады. Бұдан бөлек, гиперболаалық есептеулер кейде дифференциалдық теңдеулерді оларды оңай интегралданатын түрлерге келтіре отырып, оңайлатуға мүмкіндік береді.

Мысалдар қарастырайық.

$$1) y'' - a^2 y = 0.$$

Бұл тұрақты коэффициенттері бар 2-ші ретті біртекті сызықтық теңдеу. Оның $r^2 - a^2 = 0$ сипаттамалық теңдеудің түбірлері $r_1 = a$ және $r_2 = -a$ болады. Сондықтан дербес шешімдер болып e^{ax} және e^{-ax} көрсеткіштік функциялар, сондай-ақ олардың сызықтық комбинациялары табылады. Дербес шешім $y_1 = (e^{ax} + e^{-ax})/2 = chax$, $y_2 = (e^{ax} - e^{-ax})/2 = shax$. Осы дербес шешімдердің сызықтық тәуелсіздігіне көз жеткізу оңай. Ол үшін Вронский анықтауышын құрып, есептеп шығарамыз

$$W[y] = \begin{vmatrix} y_1 y_2 \\ y_1' y_2' \end{vmatrix} = \begin{vmatrix} chax shax \\ ashax achax \end{vmatrix} = a(ch^2 ax - sh^2 ax) = a \neq 0.$$

$W[y] \neq 0$ болғандықтан, дербес шешімдер іргелі жүйені түзеді және жалпы шешім:;
 $y_1 = C_1 chax + C_2 shax$ $y(0) = 1; y'(0) = 0$ болса, онда $y = chax$ дербес шешімін, ал
 $y(0) = 0; y'(0) = 1$ кезінде $y = shax$ дербес шешімін аламыз.

$$2) y^{IV} - a^4 y = 0.$$

Бұл тұрақты коэффициенттері бар 4-ші ретті біртекті сызықтық теңдеу. Оның
 $z^4 - a^4 = 0$ сипаттамалық теңдеуінің түбірлері $r_{1,2} = \pm a; r_{3,4} = \pm ia, i^2 = -1$. Жалпы шешім
 $y = C_1^* e^{ax} + C_2^* e^{-ax} + C_3 \cos ax + C_4 \sin ax$. Егер e^{ax} -ты $chax + shax$ арқылы, ал e^{-ax} -ты
 $chax - shax$ арқылы ауыстырсақ, онда жалпы шешім келесі түрде болады:

$$y = C_1 chax + C_2 shax + C_3 \cos ax + C_4 \sin ax,$$

мұнда $C_1^* + C_2^* = C_1$ және $C_1^* - C_2^* = C_2$.

$$3) ay' = \sqrt{1 + y^2}.$$

Бұл айнымалылары бөлшектелетін теңдеу. Айнымалыларды бөлгеннен кейін
 $(ady) / \sqrt{1 + y^2} = dx$ аламыз, бұдан

$$\int \frac{ady}{\sqrt{1 + y^2}} = \int dx \Rightarrow Arshy = x + C.$$

Жалпы шешім

$$y = sh \frac{x + C}{a}.$$

Сонымен бірге, $y(0) = 0$ кезінде $C = 0, y = sh(x/a)$, шешімін аламыз.

$$4) yy' = 1 + (y')^2.$$

Бұл 2-ші ретті сызықтық емес теңдеу, ол $y' = p, y'' = p \cdot dp/dy$ ауыстыруының
көмегімен 1-ші ретті $yp \cdot dp/dy + p^2$ теңдеуге $yp \cdot dp/dy + p^2$ келтіріледі, мұнда

$$\frac{p dp}{1 + p^2} = \frac{dy}{y}.$$

Интегралдап болғаннан кейін

$$\frac{1}{2} \ln(1 + p^2) = \ln y - \ln C_1 \Rightarrow \sqrt{1 + p^2} = \frac{y}{C_1}$$

немесе

$$\frac{dy}{(y/C_1)^2} = \pm dx.$$

Сонда

$$\int \frac{dy}{(y/C_1)^2} = \pm \int dx \Rightarrow C_1 Arch\left(\frac{y}{C_1}\right) = \pm(x + C_2),$$

мұндағы $y = C_1 \cdot ch((x + C_2)/C_1)$ («-» белгісі $y = chx$ функциясының жұптығы есебінен түсірілген.

$$5) y = a\sqrt{1+(y')^2}.$$

$y' = shz$ болса, онда теңдеу $y = achz$ түріне түрленеді, мұндағы $y' = az' \cdot shz$, немесе y' -ты shz арқылы ауыстыра отырып түрленеді, $shz = az'shz$, $z' = 1/a$, мұндағы $z = (x+C)/a$, яғни

$$y = a \cdot ch \frac{x+C}{a}.$$

$$6) y' = \frac{y}{x} + a\sqrt{x^2 + y^2}.$$

$y = xshz$ болса, онда, $y' = x \cdot z'chz + shz$, немесе $xz'chz + shz = shz + axchz$. Бұдан $z' = a$, $z = ax + C$ шығады, сәйкесінше, $y = x \cdot sh(ax + c)$.

$$7) ay'' = \sqrt{1+(y')^2}.$$

$y' = shz$ деп алайық, сонда $y'' = z'chz$, және теңдеу $az' = 1$ түріне түрленеді, мұндағы $z = (x+C_1)/a$. Сондықтан, $y' = sh((x+C_1)/a)$, және соңында


$$y = ach \frac{x+C_1}{a} + C_2.$$

Енді гиперболалық функцияның жіптің салбырауы туралы есепті шеуде қолданылуын қарастыралық.

Екі нүктеде шеттерімен бекітілген (1 – сурет) ауыр иілгіш біртекті созылмайтын жіп өз салмағының әсерімен салбырап тұрады. Жіптің салбырау сызығының теңдеуін табуды қарастыралық.

Шешімі. $M(x, y)$ нүктесінен $N(x+dx, y+dy)$ нүктесіне дейін жіптің шексіз кіші элементін $\cup MN$ бөліп алып, оған қандай күштер әсер ететінін анықтаймыз.

M нүктесінде жіпке жанамадан қисыққа қарай бағытталған керіліс \bar{T} әсер етеді. Оның координата өстері бойынша құраушылары \bar{H} және \bar{V} . Сәйкесінше N нүктесінде құраушылары $\bar{H} + d\bar{H}$ және $\bar{V} + d\bar{V}$, N нүктесінде жанама бойынша бағытталған керіліс $T + dT$ бар. Бұдан бөлек, \overline{MN} элементіне тік төмен қарай бағытталған ауырлық күші $W = q \cdot ds$ әсер етеді, мұндағы ds – жіп доғасы ұзындығының дифференциалы, ал q – жіп ұзындығы бірлігінің салмағы.



1 – сурет

Статикадан белгілі болғандай, егер күштер жүйесі тепе-теңдікте тұрса, онда оған әсер ететін барлық күштердің кез келген осіне проекциялар жиынтығы нөлге тең.

Ox осіне проекциялай отырып,

$$-H + (H + dH) = 0 \text{ немесе } dH = 0$$

болатынын аламыз аламыз. Мұндағы, $H = const$, яғни барлық нүктелердегі керілістің көлденең құраушысы бірдей.

Oy осіне проекциялай отырып

$$-V - q \cdot ds + (v + dv) = 0 \text{ немесе } dv = q \cdot ds$$

болатынын аламыз.

Егер Ox осімен қисықтың M нүктесінде жанамамен түзілген α бұрышы арқылы белгілесек, онда

$$\frac{dy}{dx} = \operatorname{tg} \alpha = \frac{V}{H}$$

немесе

$$\left(\frac{dy}{dx}\right)' = \left(\frac{V}{H}\right)' \Rightarrow \frac{d^2y}{dx^2} = \frac{1}{H} \cdot \frac{dv}{dx}$$

болатынын аламыз.

Бірақ $dv = q \cdot ds$ болғандықтан

$$\frac{d^2y}{dx^2} = \frac{q}{H} \cdot \frac{ds}{dx}$$

$ds/dx = \sqrt{1 + (y')^2}$ формуласын қолдана отырып аламыз:

$$ay'' = \sqrt{1 + (y')^2}$$

Мұндағы $a = H/q$.

Бұл теңдеудің жалпы шешімі

$$y = ach \frac{x + C_1}{a} + C_2$$

қисықтардың кейбір үйірін білдіреді.

$y = a \cdot ch(x/a)$ гиперболалық функциясының графигі *тізбекті сызық* деп аталады. Бұл атау екі шетінен еркін ілінген тізбектің осы қисықтың пішінін қабылдайтынымен байланысты.

Егер соңғы теңдеуінің $y(x_1) = y_1, y(x_2) = y_2$ шекті жағдайлары қанағаттанатындай кез келген тұрақтыны C_1 және C_2 таңдап алатын болсақ, ізделіп отырған салбырау сызығы анықталады, ол координата өстерімен жылжыған тізбекті сызық болып табылады.

Қорытындылай келе, айта кететініміз, гиперболалық функциялар механикадағы, жылу техникасындағы, электр техникасындағы және т.б. әртүрлі салалардағы есептерді шешу кезінде кездеседі. Олардың кейбірін атап өтейік: ауада дененің түсуі; материалдық нүктенің қозғалысы; тізбектің жылжуы; айналмалы түтікшедегі кішкене шардың қозғалысы; электр

қозғалтқыш күштің контурға қосылуы; білікте температураның орнығып таралуы; газдың иондануы; химиялық реакциямен қатар жүретін диффузия, бактериялардың көбеюі және т.с.с.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абиров А., Алдигулова А. Гиперболалық сандар алгебрасының құрылымы // Актуальные научные исследования в современном мире. Вып. 11(43) Ч2. Переяслав–Хмельницкий. 2018. 81–85 бет

2. Көлекеев К. Д., Назарова К. Ж. Дифференциалдық теңдеулер. – Алматы: ЖШС РПБК “Дәуір”, 2012. – 216 бет.

МАЗМҰНЫ

Содержание

3 СЕКЦИЯ

Б.Т.БАРСАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

ВКЛАД В МЕТОДИКУ ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ И ПОДГОТОВКУ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В НАУЧНЫХ ТРУДАХ И ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОФЕССОРА Б.Т.БАРСАЙ

Таубаева Ш.Т. Жоғары мектеп оқытушысының инновациялық мәдениеті: стратегиялар, парадигмалар, құзыреттер.....	3
Барсай Б.Т. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: ғылыми - зерттеу жұмыстарының рөлі	17
Аганина Қ.Ж. Жоғары білім жүйесіндегі менеджментті жетілдіру	24
Редько З.Б. Подготовка будущих учителей математики к проектированию проблемных ситуаций	28
Барсай Б.Т. Болашақ мұғалімдерді математика пәнін құзыреттілік тұрғыдан оқытуға дайындау	32
Қаражігітова Р.Қ., Жұбанғалиева Г.Ғ Жаңа технологияларды қолдану арқылы мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру	38
Рахымбек Д. Мұғалімдерге оқу-әдістемелік әдебиеттер керек	40
Ғалымжанова М.А. Білім беруде педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру жолдары	44
Аманғалиева Р.К. Концептуальные подходы на уроках русского языка в начальной школе	47
Ашимова М.Е. К вопросу о возможностях информационных технологий в развитии познавательной самостоятельности студентов	51
Ергалиева Г.А., Жанғалиева П. Бастауыш мектеп оқушыларының бойында рухани құндылықтарды қалыптастыру мәселесін зерттеу	54
Утепқалиев С.У., Байеділ А.С. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері	58
Габдрахманова Ш.Т., Нурғалиева А.Ж. Балабақшада театралдық қызметті ұйымдастыру мен басқарудың қазіргі заман әдістері	62
Аслялиева С.Г. Проектная деятельность детей Младшего школьного возраста	66
Утепқалиев С.У., Байеділ А.С. Формирование математической компетенций на уроках математики	69
Таймурзина Л.С. Исследовательская деятельность младших школьников по программе обновлённого образования	74
Тұржігітова Ғ.Ж. Бірлескен топтық жұмыстың тиімділігі туралы	78
Жұмашева Н.С., Шамұратова Ж.Қ. Я.А.Коменскийдің педагогикалық мұраларындағы негізгі идеялар	80
Барсай Б.Т., Басарова А.Б. Математика пәнінен кіріктірілген сабақтарды жобалау, жоспарлау және жүзеге асыру	83
Нағымұлы Ш. Хұснижамал Зұлқарнайқызы Нұралыханованың ағартушылық қызметі	88
Қалимұқашева Б.Д., Нұржау Д. С.Қазыбаевтың әдістемелік еңбектеріндегі «сөйлемдерді» оқыту мәселесі	90
Қалимұқашева Б.Д., Нұржау Д. С.Қазыбаевтың дидактикалық ұстанымы бойынша проблемалық оқытуды ұйымдастыру	92
Туленова У.Т. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік мәдениетін	

тәрбиелеу	94
Сибатова А., Жұмашева Н.С. Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын дамытудың теориялық негіздері.....	98
Қарабаева А.С. Колледж студенттерінің дайындық сапасын арттыруда инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерінің рөлі	101
Ереманова Г.Ж. «География сабағында оқушыларды диалогтік оқу тәсілімен оқытудың тиімділігі»	105
Koblanova S. Learning how to learn	109

4 СЕКЦИЯ

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК

Кенжегулов Б.З., Мухтарғалиева Ж.Д., Гапуова Т.Б. Серіппенің температура әсерінен ұзаруын математикалық моделдеу	116
Мухамбетжанов С.Т., Жолдаспаева Ж.Г. О применении метода квазиконформных отображений для решения задач теории фильтрации	120
Имашев Г., Исатаева Ж. Б., Мурынов Б. А. Модернизация современного политехнического образования в курсе физики	123
Имашев Г., Ғайниева А.Қ., Қасимова Ә.Ә. Физикалық білім берудегі политехникалық бағыт	129
Имашев Г., Жеткинов Э. Ж., Байбалиева А. М. Использование свойств электромагнитных волн	133
Бажиков К.Т., Толегенов С.А. Беспроводная система передачи для определения лекарственных препаратов в сточных водах	137
Абиров А.Қ., Қарипова І. Е. Гиперболалық сандар геометриясының құрылымы	142
Uteulieva K.N., Khairullina Z.A. About one application of the minkowski theorem	146
Шаждекеева Н.К., Латипов Л.Е. Параметрі бар есептерді шешудің графиктік әдісі.....	150
Сариев А.Д., Сайлаубаева А.С., Куспан А., Елеусинбаева О. Решение обратных задачи определения пары $\{U, \sigma_s\}$ в двузонной области	156
Мырзашева А.Н., Құлымжанова А.Ж. Фигуралық сандар және олардың кейбір қасиеттері	159
Мырзашева А.Н., Сағынғалиқызы Т. Коммивояжер есебінің оңтайлы шешімдерін табудың кейбір әдістері	164
Абиров А.Қ., Абирова К.Қ. Коши теңсіздігінің кейбір қолданулары	169
Абиров А.Қ., Серғали Н. Қосындылар алгебрасы мен геометриясы	173
Абиров А.Қ., Еркінова А.М. Дуалды сандарымен байланысты топтар	176
Билялова Ж.Т., Ахмурзина Т.Н., Сүйенішбек Ұ. 3-ші және 4-ші дәрежелі алгебралық теңдеулерді шешуде комплекс сандарды қолдану	180
Тұржігітова Ғ.Ж., Дүзелбаев М.С. Ықтималдықтар теориясының олимпиадалық есептерін шешу әдістері	186
Баймахан А.Р., Ескендір П.С., Төлеген Ж., Даулетханқызы Ф. Оценка точности конечно элементной модели системы «грунт-тоннель»	189
Әбдирахметова З.М., Хабиболлаева М. Цифрлық технологияларды қолданбалы есептерге қолдану туралы	192
Майлыбаева А.Д., Ғылымғалиева А.Н., Байміш М.Б. Оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың оқыту үдерісіндегі тиімділігі жайында	196
Қабылхамит Ж.Т., Рахметов М.Е. ТЖБ-ны автоматтандырудың тиімді әдісі, жаңартылған бағдарламаның басты талабы	199
Сырбаева Ш.Ж., Зинетуллиева Ф. Физика пәнін оқытудағы бейіндік және тандау	

курсының ролі	204
Урбисинова Б.Т., Онгарбаев Е.М. Күрделі иррационал теңдеуді шешу тәсілдері	208
Ергалиева Г.А., Мугалимова А. Бастауыш сыныптарда ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіндіктері	212
Ахмурзина Т.Н., Айғабыл М.А. Мектеп пен жоғарғы оқу орнында математикалық анализді оқытудағы сабақтастық шарты ретіндегі математикалық деректердің графикалық интерпретациясы	216
Ахмурзина Т.Н., Айғабыл М.А. Алгебралық есептерді шешуде геометриялық алмастырудың қолданылуы	222
Джанканова Г.М., Галиева Г.Г. Бір өлшемді жылу алмасуды есептеу үшін алгоритм құру	226
Бағытов А. Бикомплексті матрицалар құрылымы	231
Байтемирова Н.Б., Ашиғалиев К.К. Чтение аналоговых данных с помощью ардуино	234
Молдашева Ж.Ж., Габдулова А.Е., Сладкова М.Ю. Жасанды нейрондық желіні жіктеу және бейне тану есептерін тиімді шешу үшін қолдану мәселелері	238
Сапарова А.С. Анықталмаған теңдеулерді шешудің тиімді жолдары	245
Сладкова М.Ю. Алгоритмдік тіл	248
Ғайнеденов Н.А. Программалық пакеттерді пайдаланып физикалық процестерді компьютерлік модельдеуде қолдану	253
Молдашева Р.Н., Отарбаева А.И., Хамбарова Т.Р. Мәліметтер қорын жобалаудағы модельдер	258
Нұрланова Н.Н. Вьетнам тіліндегі саяси журналистика	263
Әлдіғұл А.Ж. Гиперболалық функциялардың бір қолданылуы	266

Ардагер ұстаз, ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **БАРСАЙ БАҚЫТ
ТЕЛЖАНҚЫЗЫНЫҢ**
мерейлі 70 жасқа толуына арналған
**«БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢА RTУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ
КӘСІБИ ДАЯРЛАУ: ҚҰЗЫРЕТТІЛІК, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ»** атты
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ
12 сәуір 2019 ж.

МАТЕРИАЛЫ
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
**«ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПОДГОТОВКА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В УСЛОВИЯХ
ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ: КОМПЕТЕНТНОСТЬ, ТЕХНОЛОГИЯ
И ИННОВАЦИЯ»**, посвященной 70 летию педагога, ученого, доктора педагогических наук,
профессора
БАРСАЙ БАҚЫТ ТЕЛЖАНОВНЫ
12 апреля 2019 г.

II ТОМ

**“SvetoCopy” қағазы. Пішімі А4. 33,75 б.т.
Таралымы 100 дана**



**Техникалық редакторы: Батыргалиева Салтанат
Мұхабасын жасағандар: Тулин Павел, Байбалиев Мұратбек**